



Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ



Құрастырғандар: Байсақова З.М., Мұхамедсадықова А.Т.

Алматы, 2013 жыл

Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ

«Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ» әдістемелік құралы

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездіктің алдын алу жөніндегі педогогикалық қызметкерлердің, оның ішінде психологтардың, әлеуметтік қызметкерлердің біліктілігін көтеру жөніндегі білім беру ұйымның БКИ және әдістемелік қызмет қызметкерлеріне арналған жыныстық зорлық-зомбылық және қатыгездікке ұшыраған балалармен жұмыс жасаудың ең үздік тәжірибелерін жинақтайды.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1 бөлім. Балаларға зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсетудің анықтамасы, түрлері және нысандары	6
2 бөлім. Зорлық-зомбылық және қатыгездікті сәйкестендіру әдістері	13
3 бөлім. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалармен жұмыс жасау жөніндегі жалпы тұжырымдама және ұсыныс	26
4 бөлім. Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қорғау жөніндегі жұмыс стандарттары	45
5 бөлім. Зорлық-зомбылықтан балалар құқығын қорғау әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту бойынша халықаралық тәжірибе	79
6 бөлім. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды қалпына келтіру, оңалту және әлеуметтік қайта қалпына келтіру	90
7 бөлім. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың әр-түрлі нысандарымен күресу және алдын алу бойынша бағдарламалар мен саясаттардың, заң шығармашылық, ұлттық әрекеттер жоспарларының талдамасы	111
Қосымша 1. Анықтамалар	128
Қосымша 2. Жыныстық қатынас сипатындағы тәрбие беру және оқу-ағарту	142
Қосымша 3. «Әлеуметтік қонақ-үй» әлеуметтік жетімдіктің алдыналу бойынша әлеуметтік қызметтің минималдық стандарты»	150
Қосымша 4. 12 сабақтың, тренингтердің және іскелік ойындардың сценарии	167
Қосымша 5. «Адам құқығы» семинарының курсы	208
Пайдаланған әдебиеттер	238

Кіріспе

Қазіргі кезде бүкіл әлемде ата - аналардың және өзге де ересектердің балаларға зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсетуі, оларды ауызша агрессияға тартуы, кәмелетке толмағандарға жыныстық, эмоционалды және физиологиялық зорлық-зомбылық көрсетулері проблемаға айналып отыр. Қазақстанда бұл жағдай ауыр, өйткені балалар мен жастар тәрбиесі үнемі реформалау талаптарымен жүзеге асып отыр, яғни білім беру мекемелерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, жастар және балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметтері және жас буынның барлық әлеуметтік өмірі өзгеріп отырады. Бір жағынан, бұрын ата-аналардың ақылға сәйкес қаталдығы деп қабылданып келген әрекеттері қоғамның жалпы ізгіліктерінен зорлық-зомбылық деп есептелуде. Екінші жағынан, қоғамның әлеуметтік жіктелуі, өмір деңгейінің төмендеуі, халықтың құқықтық, моральды, экономикалық қорғалмауы адамдар арасындағы қақтығыстарды күшейтті, әсіресе ерлі-зайыптылар, ата-аналар және балалар арасында, әсіресе жас буынға әсер ететін көптеген отбасылар өміріндегі тұрақсыздықты тудырды.

Балалар мен жасөспірімдерді зорлық-зомбылықтан және қатыгездіктен қорғау, оларға қарсы қылмыстың алдын алу шешімі тәртіпаралық сипатты иеленетін маңызды, әлеуметтік мәні бар және өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Зорлық- зомбылықты бұлтартпау қызметіне құқық қорғау, қамқоршылық және қорғаншылық қызметкерлері, әлеуметтік және педагогикалық аймақ өкілдері, медициналық және психологиялық қызмет өкілдері жұмылдыруы тиіс. Бірақ, балаларға қатысты зорлық- зомбылықтың алдын алу және бұлтартпаудың тиімді жүйесін құру және қатыгездіктен зардап шеккен құрбандарына көмек көрсету жөніндегі күш кездестірілетін кедергілерге байланысты жүзеге аспайды:

- ведомствалық шектеу және ведомствоаралық бытыраңғылық;
- серіктестік үшін мемлекеттік емес ұйымды таңдаудағы субъективтілік;
- жас буын және отбасымен алдын алу шараларын ұйымдастырудағы бірыңғай әдістемелік және жүйелі тәсілдің болмауы;
- өмірлік қиын жағдайдағы отбасы мен балаларға көмек көрсететін әлеуметтік стандарттардың болмауы;
- қорғау және оңалту жөніндегі құқық қолданушылық тәжірибедегі және заңнама нормаларындағы кемшілік, осының нәтижесіндегі құқықтық сауатсыздық және білікті заң көмегіне жүгіндірмеуі, халықтың төмен материалды табыстары, құқық қорғау органдарына жәбір көрушілердің сенімсіздіктерін ұлғайтады;
- педагогтардың, полицейлердің, әлеуметтік, медицина қызметкерлердің зардап шеккендермен қарым-қатынас машықтарының, білімдерінің кәсіби деңгейлерінің төмендігі кінәлі тұлғаның жазасын алуға және жәбірленушінің сауықтырылуына ересектер мүдделі болмаса, зорлық-зомбылық фактілерінің қысқартылуына және жабулы күйінде қалуына алып келеді;
- тиімді әрекет етуші және ұйымдастырылған оңтайландыру жүйесінің болмауынан көптеген оңтайландыру мекемелері шындығында өмірлік қиын жағдайдағы балалардың топырлап жиналатын орны болып табылады;
- және көптеген басқалары.

Зорлық-зомбылықтан жапа шеккендердің басым бөлігі тағдыры көп ешкімді қызықтырмайтын тұрмысы төмен топтан шыққандардың немесе «көше» балаларының болуы проблеманы қиындатады. Кейбір кездері, үлкендердің өздерінің жеке өмірін орналастыруға талпынуынан және ата-аналардың өз айтқанының дұрыстығын дәлелдеуі қажеттігінен балалар жапа шегеді, тіпті өмірімен қоштасады, жиі мас әкенің және үнемі ашулы ананың тұтқыны бола бастайды.

Кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты зорлық көрсету мәселесін педагогтар, ата – аналар мен жалпы балаларға қатысы бар үлкендердің бірігуі арқасында ғана шешуге болады.

Зорлық-зомбылықтың салдарын жою жөніндегі жұмыс ата – аналарды ауыстыру немесе оларды шеттеуге емес, өз балалары үшін ата – аналық жауапкершіліктің қалыптасуына және қайта қалпына келуіне негізделуі керек.

Осылайша, қорғансыздықтың, материалды тәуелділіктің, кәмелетке толмағандардың психикалық жас ерекшелігіндегі өзгерістердің (жетілмеушілік, үлкендердің беделіне жүгіну, сенімділік, өмірлік тәжірибесінің аздығы, дамудың тежелуі және болған жағдайды сыни бағалау және қисынды нәтижеге болжам жасау) нәтижесінде қоғамдағы зорлық–зомбылықтың өсу жағдайында қатыгездіктің жәбірленушісі ретінде балалар табылады.

Балаларға қатысты зорлық–зомбылық түрлерінің тізімі қазіргі кезде экономикалық зорлық–зомбылықты бала саудасы және т.б. толықтырылып отыр. Дегенмен, балалық шақта бойға жинаған жүріс-тұрыс үлгісі басқа да әлеуметтік институттарда өсіп өнеді: мектепте, әскерде, тұтасымен мемлекетте. Сондықтанда зорлық–зомбылықты тоқтату мүмкін, ол үшін тек қорғансыз балаларға деген қарым– қатынастағы қатыгездікті жеңуі керек.

Бала құқығының бұзылуына, соның ішінде зорлау, ата – аналар, қамқоршылар немесе басқа да тұлғалар адамгершілік жауапкершілікті ғана емес, сонымен қатар заңды тәртіпті, әкімшілік, қылмыстық, отбасылық және азаматтық құқықты мойындарына алуы тиіс.

2008 жылдан бастап Қазақстанда балалар мен жастар үшін №150 Ұлттық телефон желісі қызмет жасайды, ол балаларға қатысты қатыгездік көрсетуді жою жүйесіндегі алғашқы және маңызды буындардың бірі болып табылады. Сенім телефоны барлық телефон шалушыларға тәулік бойы анонимді психологиялық және заңды көмектер көрсетеді.

Әдістемелік құрал балалар мен жасөспірімдерге қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездік түрлерінің; қатыгездіктен жапа шеккендерді анықтаудың әдістері мен көрсеткіштерінің; зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларға көмек көрсету жөніндегі жұмыс технологиясын сипаттаудың; балалар қатыгездігінің алдын алу бойынша кешенді жүйесін ұйымдастырудың ұсыныстарын қарастырады.

1 бөлім.

Балаларға зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсетудің анықтамасы, түрлері және нысандары

Дүниежүзіндегі сияқты Қазақстанда балалар, үйде, мектепте және басқа да қоғамдық мекемелерде күнделікті қатыгездікпен және зорлық-зомбылықпен ұшырасып отырады, алайда осы кезге дейін қоғам бұл проблемаға зейін қойып көрген жоқ. Балалар, ересектер сияқты негіз қалаушы құқықтарға, яғни: сыйлау, қол тигізбеу және адамзаттың абройын сақтау құқықтарына ие, сондай-ақ, Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясында мен Азаматтық және саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактілерде, Қазақстан Республикасы Конституциясында және өзге де заңдарында көзделген заң тұрғысынан қатаң қорғалуына құқылы.

Шабуыл нысанына (жанды және жансыз) зиян келтіруші, адамдарға физиологиялық залал келтіретін немесе психологиялық жайсыздық тудыратын қоғамда адам өмір сүруінің нормалары мен ережелеріне қарсы бүлдіргіш жүріс тұрыс ретінде агрессияны анықтауға болады¹. «Зорлық-зомбылық пен қатыгездік» түсінігі тар мағынада «агрессия» түсінігіне кіреді. **Қатыгездік** – адамның қайғысына енжарлық танытудан тұратын немесе оларға қайғы әкелуге ұмтылатын тұлға қасиеті². **Зорлық – зомбылық** бұл бөтеннің жүріс тұрысын бұзу.

Балаға қатысты зорлық – зомбылықты және оған әсер ететін тиісті үдерісті анықтау және тану қабілеттілігі бала құқығын қорғау және зорлық – зомбылықтың жергілікті және мемлекеттік анықтамасына тәуелді болып табылады.

Зорлық – зомбылықты анықтау. Балаларға қатысты зорлық – зомбылыққа әлемдік феномен ретінде анықтама беру балалардың кең мәдени, діни, әлеуметтік саяси, заңды және экономикалық өмірлерінің әртүрлі болуынан қиын болып табылады. Өйткені, бір мемлекетте зорлық – зомбылық болып табылатын әрекеттер, екінші елде рұқсат етілген болуы мүмкін. Зорлық – зомбылық – бір адамның екінші адамға билік пен бақылау орнатуы және сақтауы мақсатында бір адамның әртүрлі нысандарды қолдану арқылы ықпал етуге негізделген жүріс тұрыс жүйесі. Бірақ, ұйымның баланы қорғаудың мәні үшін «балаға қатысты зорлық – зомбылық анықтамасы» не екендігі және олардың саясаты мен рәсімдері қандай жағдайда қолданылатыны жөнінде жалпы түсінікке қол жеткізуі өте маңызды болып табылады.

«Балаларға қатысты зорлық-зомбылық және бақылаусыздық кейде қатыгездік ретінде барлық физиологиялық және/немесе эмоционалды қатыгездік, жыныстық зорлық-зомбылық немесе ата-аналық жауапкершілігінен бас тарту, жауапкершілік, сенімділік немесе билік пен қатынас мәнмәтіндегі бала денсаулығына, өмір сүруіне, дамуына немесе ар-намысына әлеуеттік залал келтіретін коммерциялық немесе өзге де пайдалану нысандары ретінде анықталатын балаларға қатысты қатыгездік ретінде белгілейді»³.

«**Балаларға қатысты зорлық-зомбылық**» ұғымын әдетте ата-аналар/қорғаншылар немесе ұйымдар/қауымдастықтар тараптарының қорғаудың қажетті стандарттарымен

¹ Балалар және агрессия психологиясы С.Н. Ениколопов ("Школа здоровья" журналының №3 саны, 1995 ж.)

² Зорлық-зомбылық, агрессия, қатыгездік. Криминалды-психологиялық зерттеу. (ВНИИ зерттеу проблемалары (М. 1990)

³ ВОЗ, 1999 және 2002

қамтамасыз ету міндеттерін орындамауы және қасақана залал келтіру нәтижесінде балаға келтірілген залалды сипаттауы үшін пайдаланады.

Кең мағынада «**Баланы қорғау**» ұғымы балалардың өмір сүретін жағдайындағы залал келтіру тәуекелінен балаларды қорғау жөніндегі бағдарламаларынан немесе нақты қауымдастықтың, қоршаған ортаның жүргізіп отырған қатыгездік (зорлық-зомбылық) және пайдалану актілерінен балаларды қорғау жөніндегі тұлғалардың, ұйымдардың, елдердің және қауымдастықтардың қабылдаған әрекеттерін сипаттау үшін пайдаланылады. Балаларды қорғау мәселелері әдетте, балалар отбасынан ажыраған және аластатылған немесе отбасылары қатал өмірлік шұғыл жағдайларда туындайды. Сондықтанда, айрықша жағдайларда дене, жыныстық, эмоционалды немесе ата-аналық міндеттерді орындамау нәтижесінде туындаған қатыгездіктен (зорлық-зомбылық) қорғауды қажет ететін балалар арасындағы айырмашылықты тану маңызды. Балаларға қатысты қатыгездік кең мағынада бес тұрпатты бөліп көрсетеді:

- дене зорлық-зомбылығы;
- жыныстық зорлық-зомбылық;
- баланың қажеттіліктері мен мүдделерін елемеу (қадағалаусыздық, ата-аналық міндеттерден жалтару, экономикалық зорлық-зомбылық);
- эмоционалды/психологиялық зорлық-зомбылық;
- жыныстық және коммерциялық пайдалану.

1. Дене зорлық-зомбылығы

0 ден 18 дейінгі жаста балаға келтірілген кез-келген кездейсоқ емес зақым келтіру. Дене зорлық-зомбылығына басын айналдыратын медициналық препараттарды немесе улайтын заттарды, ішімдікті, наркотикті қолдануға баланы тарту да кіреді (мысалы, дәрігердің рұқсатынсыз ұйықтататын).

- бұл, ата-аналық немесе жауапты тұлғалар, өкілетті, сенімді тұлғалар тарапынан бақылау шеңберінде қолайлы әрекет немесе әрекетсіздік нәтижесіндегі әлеуеттік және осы сәттегі залал дара және қайталамалы болуы мүмкін. (ДДҰ, 1999).

2. Жыныстық зорлық-зомбылық

- ересектердің немесе басқа балалардың жыныстық қажеттілігін қанағаттандыру немесе пайда табу үшін баланы пайдалану. Жыныстық зорлық-зомбылыққа жыныстық қатынастан (коитус), оральдық және анальды секс (инцестті қосқанда), өзара мастурбация, өзге де жыныстық органдармен және басқа де дене мүшелерімен қатынаста болуы жатады. Жыныстық азғындыққа баланы жезөкшелікке тарту, балаға жалаңаш денені, емшекті немесе бөксені көрсету және оларды сипау, парнографиялық материалдар көрсету қарастырылады.

- бала даму деңгейіне сәйкес ақпараттандырылған келісім бере алмайтын, толығымен түсінбейтін, егер заң немесе қоғамның әлеуметтік тиымы бұзылса келісім бере алмайтын жыныстық қызметке баланы тарту. Балаға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық жасына және дамуына байланысты балалар мен ересектер немесе басқа балалар арасындағы басқа тұлғаның қажеттілігін қандыру немесе қанағаттандыруға бағытталған жауапкершілік,

сенім білдіру немесе билік ету қатынастарын білдіреді. Жыныстық зорлық-зомбылық - кез-келген заңды жыныстық қатынасқа түсуге баланы мәжбүрлеуден немесе үгіттеуден тұруы мүмкін, бірақ шектелмейді; баланы жезөкшелікке немесе басқа заңды жыныстық тәжірибеге эксплуатациялық пайдалану; балаларды интернетте порнография көрсетуге, суреттер мен материалдарға эксплуатациялық пайдалану (ДДҰ, 1999).

Ересектердің интернет тәрізді заманауи технологияларды пайдалануы арқылы балаларды кездесуге және виртуалды жыныстық қарым – қатынасқа қатысуға шақыруы да зорлық-зомбылық болып табылады.

Жыныстық зорлық-зомбылық түрлері:

- инцест;
- жыныстық азғырушылық;
- жыныстық шабуыл;
- зорлау;
- балаларды порнография және жезөкшелік үшін пайдалану;
- жыныстық қанағаттану үшін жанасуға шақыру немесе көтермелеу.

Жыныстық зорлық-зомбылық жыныстық сипаттағы бірнеше әрекетті қарастырады:

- вагинальды немесе анальды қатынас;
- жыныстық қолсұғушылық;
- мастурбация;
- оральды секс;
- бала жезөкшелігіне балаларды пайдалану.

Жыныстық зорлық-зомбылық көпшілігі – бұл жоспарланған және қасақана жүріс тұрыс.

Инцест (лат. *incestus* - қылмысты, күнәлі) - қандас туыстар арасындағы жыныстық қатынас, қанараласу (ата-ана және балалар, ағалар және әпкелер). Инцест дегеніміз немере ағайындардан әрі емес отбасы және туысқандар арасындағы жыныстық қатынас. Ата-аналар мен жас балалар арасындағы қанараластық қатынасқа заманауи әлемде көп елдерде тиым салады. Біраз елдердің заңнамасы ата-аналар мен балалар арасындағы жыныстық қатынас үшін жаза тағайындаған. Алайда, мұндай үлгідегі инцест жағдайы орын алып отыр.

3. Балалар мүддесі мен қажеттіліктерін ескермеу

- ата-аналар және оларды алмастыратын тұлғалар тарапынан объективті себептермен (кедейлік, психикалық ауруы, тәжірибенің жоқтығы) немесе онсыз баланы тамақтандыру, киіммен және үймен қамтамасыз ету, тәрбие және білім беру бағыттарындағы негізгі қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын тиісті қамтамасыз ете алмауы. Балалардың қажеттілігін ескермеудің қарапайым мысалына оларды қараусыз қалдырып, нәтижесінде жазатайым оқиғаға ұшырап, улану сияқты бала өмірі мен денсаулығына қандай да бір қауіп әкелуі жатады.

- қорғаншылықты жүзеге асыратын тұлғалар тарапынан баланың дамуын қамтамасыз етуге көңіл аудармау немесе қателіктер жіберу: отбасының немесе қамқоршыларының ақылға қонымды мөлшерде физиологиялық денсаулығының, білім берудегі, тамақтанудағы, үймен және қауіпсіз жағдайда өмір сүруіндегі қолжетімді ресурстарының мәнмәтінінде баланың денсаулығына немесе физиологиялық, ментальдық, рухани, моральды немесе әлеуметтік дамуына залал келтіреді немесе залал келтіретін тәуекелдікке ие болады. Сонымен қатар, бұл қаншалықты мүмкін болғанша баланы залалдан қорғау және қажетті бақылау жасамаудан тұрады (ДДҰ, 1999 ж.)

4. Эмоционалдық/психологиялық зорлық-зомбылық

Аталған зорлық-зомбылықтың түрі бәрінен бұрын қиындықпен анықталады, өйткені ол басқа нысандармен үйлесім тауып та, оқшауланып та пайда болады. Балаға қатысты эмоционалдық/психологиялық зорлық-зомбылық – баланың жас мөлшерінің дамуындағы эмоционалдық өміріне қауіп төндіретін эмоционалдық жабырқаулық жағдайына алып келетін кез-келген әрекет;

- ата-аналарының, тәрбиешілерінің, оқытушыларының және қамқоршыларының тарапынан ауызша немесе күш көрсету арқылы оның абыройын түсіру, намысына тию, жақтырмау, үнемі сынға алу, ата-аналарының және күтіп бағатын тұлғалардың баланы қажетті қолдауға, көңіл бөлуге және құштарлығына сәйкесті қабілеттілігінің болмауы. Сонымен қатар, зорлық-зомбылықтың бұл түріне үнемі алдау және өтірік айту нәтижесінен баланың үлкендерге деген сенімінің жоғалуы, оның жасына және мүмкіншілігіне сәйкес келмейтін талаптар қоюы жатады;

- бала өмір сүріп отырған қоғамда өзінің толық әлеуетіне қол жеткізу мүмкіндігін пайдалануда бірінші жақын адамының, қоршаған ортаның баланы дамуына сәйкесті қолдаумен қамтамасыз ету қабілетсіздігі;

- баланың денсаулығына немесе физиологиялық, ментальдық, рухани, моральды немесе әлеуметтік дамуына зиян келтіретін тәуекелдің жоғары деңгейін иеленетін немесе зиян келтіретін әрекеттер. Бұл сенімділік, билік немесе жауапкершілік қатынасын иеленетін ата-аналар немесе тұлғалар шеңберінде ақылға қонымды әрекеттерді айтуға болады. Әрекеттер қозғалысты шектеуге, кемсітуге, қорлауға, баланы кінәлі және соңғы қылуға, қорқытуға, үркітуге, мазақ қылуға, дискриминацияға ұшыратуға бағытталған немесе физиологиялық емес қастық немесе басқа тебетін қатынастар нысаны болып табылады (ДДҰ, 1999).

Психологиялық қатыгездік - жүріс-тұрыстың созылмалы патерндері, яғни, баланы кемсіту, қорлау, балағаттау, тәлкек ету және әжуалау⁴.

Бала даму үдерісінде басқа баланың немесе ересек адамның қорқу, кемсіту, тынышсыздану, жабығу және т.б. сияқты бейтәнік эмоционалды реакциясынан бірнеше мәрте шиеленіске түседі. Жалғаспалы эмоционалды шиеленіс жасына сәйкес өз ойын дұрыс білдіруді тежейді, сондықтанда баланың эмоционалды дамуы қауіп қатерде болады. Мұндай жағдайда, эмоция біржақты дамиды, өзіндік эмоция түсінігі қалай бұрмаланса, оның сыртқы пайда болуы да сондай болады. Нәтижесінде бала эмоциясының

⁴ Балаларға қатысты зорлық зомбылықтың алдын алу жөніндегі нұсқаулық Н.К. Асанова редакциялауы басшылығымен (М. 1997)

біржақтылығының арқасында ол басқа адамның сезімін түсінбейді және оған тәнік әсер ете алмайды.

Бала табысына ата-анасының дұрыс реакциясы - мақтау, мақтан тұту және қуаныш. Бірақ, кейде ата-аналар қарама-қайшы сезімді көрсетеді. Алғашқыда, мұндай жағдайда бала аралас жағдайға тап болады. Әрі қарай бала өзінің жағымды жүріс тұрысы және сезіміне жауап ретінде ата-аналарының бейтәнік реакциясына бірнеше мәрте ұшырауға тап келгендіктен, ол өз жетістігі үшін мақтаныш сезімін және мотивациясын тез жоғалтады. Ол өз жетістігіне қуануын және осымен байланысты бақыт сезімін тіпті қауіпті және дұрыс емес деген шешімге келеді.

Ата - аналар тарапынан баламалы не тікелей қатынаста бала эмоционалды депривация жағдайында тәрбиеленіп, тек қана ішімдік ішетін және асоциалды отбасыларына ғана тән емес эмоционалды зорлық-зомбылықтың құрбаны болып табылады.

Отбасыларындағы ұрыс-керістен, зорлық-зомбылықтан, агрессиядан, қақтығыстан туындайтын теріс эмоцияларды тұрақты түрде күйзелу, сонымен қатар, өз қайғысын (өйткені, ол отбасы құпиясы болып табылады) кімге болса да айтудың және өз жанын аз да болса жеңілдету мүмкін еместігі бала сезімін қалай да тежейді. Осыдан келіп жанының ауырғанын басатын қандай да бір эмоционалды топастық туындайды. Сезімге «тиым салу» отбасында өз көңіл-күйінді білдіру мүлде қалыптаспаған. Бала кішкентай кезінен мына сөздерді естіп өседі: «Жылама!», «Ашуланба!», «Мына жерде не күлесің? Ал, тыныштық сақта!», «Маған кедергі келтірмей жөніңе тұр!», «Аяққа оратылма». Ата-ана тарапынан осындай қатынасқа үйреніп қалған бала қайғы мен қуанышта, табыста, бақылауда ортақтасу қажеттілігін сезінуді қояды, сонымен қатар тіпті қарапайым еркелеуден, ең жақын адамдарының аялы алақанынан, мейірімділігінен қағылып қалады. Күйзелу, жағымды сезім және қуанышты бейнелеу – бұл зорлық-зомбылықтан жәбір көрген балалар үшін мағыналы проблема, өйткені олар басқа балалардың неліктен қуанатынынан, қуаныш себебін жиі таба алмайды. Оларда эмпатияға қабілеттік өте нашар дамыған, олар басқа адамдардың сезімін түсініп, олармен бірге бөлісуге қабілетсіз. Олар есейген кезде, өзінің күйзелісін көрсете алмайтындығымен қатар, тіпті олардан бас тартып, қорқады және сезімін қозғайтын жағдайлардан тез кетуге ұмтылады.

Баланы коммерциялық және өзге де пайдалану

- басқа тұлғаларды пайдалану арқылы ақшалай, әлеуметтік немесе саяси табыс табуды қоса алғанда, жыныстық мақсат үшін сенім білдіруді немесе дифференцияланған билік, әлсіз жағдайларындағы зорлық-зомбылықты білдіреді. Жыныстық зорлық-зомбылық және оларды пайдалану үшін бала жезөкшелігі мен бала саудасы бұған бір мысал болып табылады.

- басқа тұлға пайдасы үшін бала еңбегімен шектелмегенді қоса алғанда, баланы жұмысқа немесе басқа қызметке пайдалануды білдіреді. Бұл жұмыс баланың физиологиялық немесе менталды денсаулығына, біліміне, моральды немесе әлеуметтік – эмоционалды дамуына зиян келтіреді. (ДДСҰ, 1999). Соғыс әрекеттеріне қатысу үшін армияға алынған балалар осы санатқа жатады.

Мүмкіндігі шектеулі балалар және зорлық-зомбылық

Мүмкіндігі шектеулі балалар зорлық-зомбылық жасау тәуекеліне анағұрлым ұшырағыш. Зорлық-зомбылық өлшемдері балаға және жасөспірімге не болатындығы туралы маңызды белгі береді және оны бала өмірінен және күйзелісінен бөлек қарауға болмайды.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты зорлық-зомбылық жасау өлшемдері олардың белгілі бір шектеулеріменен бүркемеленуі және шатасуы мүмкін. Адамдар былай деп айтуы мүмкін:

- баланың өзі зақым келтірді;
- мұндай жүріс тұрыс симптомдық шектелуіне байланысты (ауру);
- мүмкіндігі шектеулі балалардың айтқаны жалған, өйткені олар, өздерінің не айтқанын түсінбейді;
- олардың пайдасы үшін осылай жасауға тура келеді, мысалы, байлап тастауға талпыну, тамақ бермеу, қамап тастау, киім кигізбеу және т.б.

Сондықтанда, мүмкіндігі шектеулі балаларды зорлық-зомбылыққа және зиян келтіруге душар болғанын тану маңызды, өйткені зорлық-зомбылық нәтижесі аса қауіпті болуы мүмкін. Мысалы, өздігінен тамақ жей алмайтын баланы тамақтандырмаса, ақыр соңында оның өліміне алып келеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды қорғау, егер қоғам мұндай балаларды мойындамаған жағдайда, ерекше назар аударуды және қосымша ойлануды қажет етуі мүмкін.

Зорлық-зомбылықтың екі түрі болуы мүмкін: айқын және жабық (жанама). Уақыты бойынша зорлық-зомбылық осы сәтте болған және бұрын орын алған болып бөлінеді. Зорлық-зомбылық болған жері және қоршауы бойынша: үйде – туысқандары тарапынан, мектепте – педогогтар немесе балалар тарапынан, көшеде – балалар немесе бейтаныс ересектер тарапынан болып бөлінеді. Сонымен қатар, мектептегі зорлық–зомбылық былайша бөлінеді: балалар арасындағы немесе оқытушылардың оқушыларға қатынасы немесе оқушылардың оқытушыларға қатынастары арасындағы күш қолдану, қазіргі уақытта белең алып отыр. Оның құрбаны болып кез–келген бала табылуы мүмкін, бірақ әдетте әлсіз немесе басқадан ерекшеленіп тұратын балаларды таңдайды. Мектептегі зорлық–зомбылықтың жиі құрбаны болып мына ерекшеліктері бар балалар табылады:

- физиологиялық кемшіліктері – көзілдірік тағатындар, дұрыс естімейтіндер және қозғалуда кемшілігі барлар (мысалы, БЦП), яғни, өзін–өзі қорғай алмайтындар;
- жүріс тұрысындағы ерекшеліктері – томаға тұйық балалар немесе қызба жүріс тұрысты балалар;
- сыртқы келбетіндегі ерекшеліктер – жирен шашты, секпілді, қалқан құлақ, аяғы қисық (маймақ) , басының ерекше пішіні, дене салмағы (толық немесе арық) және т.б.;
- әлеуметтік машығы дамымаған;
- мектептен қорқатындар;
- ұжымдық өмір тәжірибесінің болмауы (үй балалары);
- ауру - эпилепсия, тик және гиперкинезия, тұтығу, энурез, сөйлеу кемістігі;
- төмен интеллектісі және оқуға қатысты қиындықтары бар.

Ереже бойынша, жәбірленуші бала біруақытта зорлық-зомбылықтың бірнеше нысанымен азап шегеді, яғни зорлық-зомбылықтың бірден бірнеше нысанын бастан өткереді. Сонымен, инцесттен жапа жеккен бала отбасы қатынасын бұзуға әсер етуді және қулықпен отбасының сеніміне кіруді, физиологиялық зорлық-зомбылықты (ұрып соғу), эмоционалды зорлық-зомбылықты (өлтірем немесе зақымдаймын деп қорқыту), психологиялық зорлық-зомбылықты (ата-ана-зорлаушы тарапынан қорқыту) бастан кешіреді.

Осылайша, балаларға қатысты қатыгездік белгілерін тану икемділігі және ата-ана міндетін ескермеу кәмелетке толмағандардың құқығын бұзудың және қадағалаусыздықтың алдын алу жүйесі мекемелерінің және орган қызметкерлерінің міндеттері болып табылады. Бұл белгілер әрқашанда айқын емес және балалармен және ата-аналармен жан-жақты жиі қарым-қатынас нәтижесінде ғана балаларға көрсетілетін қатыгездік байқалуы мүмкін.

Бақылау сұрақтары:

- 1. «Балаға қатысты зорлық-зомбылық» ұғымына не кіреді ?*
- 2. «Баланы қорғау» ұғымы немен негізделеді ?*
- 3. Қатыгездік түрлерін атаңыздар және оларға сипаттама беріңіздер.*
- 4. Тәуекел тобына кіретін балалар санатын атап өтіңіз.*

2 бөлім.

Зорлық-зомбылық және қатыгездікті сәйкестендіру әдістері

Зорлық-зомбылықтың тұйықтығына, жасырын болуына байланысты балалардың жүріс тұрысы және жағдайы тұрақты түрде назарда болатын нысан болуы керек, кей уақытта мамандар үшін дабыл белгісі болуы қажет. Балалармен жұмыс жасайтын мамандар зорлық-зомбылық фактілерін диагностикалау және теңдестіре білуі қажет. Ақпаратты жинақтау кезінде бірнеше белгілер қатарына, оның ішінде баланың сыртқы келбеті, балалардың өздерінің және ата-аналарының жүріс тұрыс ерекшеліктеріне көңіл аударылуы қажет⁵.

Балаларға қатысты қатыгездік белгілерін тану және ата-ана міндетін ескермеу кәметке толмағандардың құқығын бұзудың және қадағалаусыздықтың алдын алу жүйесі мекемелерінің және орган қызметкерлерінің міндеттері болып табылады. Бұл белгілер әрқашанда айқын емес және балалармен және ата-аналармен жиі жіті қарым-қатынас нәтижесінде ғана балаларға көрсетілетін қатыгездік байқалуы мүмкін.

Құқық қорғау органдарын шұғыл түрде хабарлауды талап ететін айқын белгілер бар:

- ұрып-соғу, қорлау, басқа да физиологиялық әсер ету іздері;
- жыныстық зорлау іздері;
- балалардың қараусыз жағдайы (педикулез, дистрофия және т.б.);
- баланың өмір сүруіне дұрыс жағдайдың жоқтығы: үйдің лас болуы, қарапайым гигиена ережелерінің сақталмауы, үйде ұйықтайтын және төсек орындарының, киімнің, тамақтың және баланың жас мөлшеріне сай және оны күтіп ұстауға арналған қажетті өзге де заттардың болмауы;
- ата-аналардың үнемі мас болуы, баласының көзінше төбелесуі, оны ұйқысынан айыруы, баланы үйден қуып шығуы және т.б.

Физиологиялық зорлық-зомбылық

Жүріс тұрыс және психологиялық көрсеткіштер

Жүріс тұрыс көрсеткіштері: дамудың тежелуі, аз қозғалу; балалар агрессивті, мазасыз болуы мүмкін; әдеттен тыс ұялшақ, қызыққұмар емес болуы мүмкін, құрдастарынан қашқақтау, ересектерден қорқу және құрдастарыменен емес, тек кішкентай балалармен ойнау; физиологиялық байланыстан үрку, үйге баруға қорқу; басқа балалар жылап жатқанда дабыл қағу, жүйке тартуы, саусақ сору, теңселу.

Психологиялық көрсеткіштері: жәбір көрсетушінің жүріс тұрысының созылмалы паттерн қатарына: кемсітуі, қорлауы, балағаттауы, тәлкек етуі және әжуалауы, баланың

⁵ «Сенім» жобасы, Мартынова О.С. (М.2008)

арыздануы жатады⁶. Баланың түрі жабырқаған, жүріс тұрысы томаға тұйық, жатырқайтын, үрейлі, ашуланшақ, өзін өзі кемсітуі және өзге де зорлық- зомбылықтары бар.

Балаға қатысты физиологиялық зорлық-зомбылық белгілері:

- мүшесін кесу, сүйегіне немесе жұмсақ тіндеріне зақым келтіру, бас сүйегінде субдуралды қанының ұйюы немесе сынықсыз, абдоминалды зақымданудан бауыры мен талағының жыртылуы, тістеудің, радиологиялық белгілердің (тамырлардың не басқалардың орнынан жылжуы) іздері;
- туындаған уақытына бойынша әр түрлілері;
- дененің әртүрлі бөлігіне (мысалы, көз қарашығының қансырауы, дененің, жамбастың немесе бастың, денемен және кеудесен бірге соғып алуы);
- шығу тегі түсініксіз;
- пәннің ерекше нысанына ие болады (мысалы, алақанның, байламаның, белдіктің айылбасы ізінің пішіні);
- күйіп қалудың белгілі бір түрлері (шылыммен күйдіргенде анық дөңгелек сызылған шеңбер болады, жарасы жазылған кезде әлсіз пигментация және ортасы аздаған тыртық болып қалады, көбіне олар табанда, омырауда, басында, қол буынында орналасады);
- тістеу: адам тісінің ізі, элип тәрізді пішінді иеленетін тіс аркасының сұлбасы қалған жараны сипаттайды; тікбұрышты нысандағы жоғарғы және төменгі тістердің ізі, қанталау.

Физиологиялық зорлық-зомбылықты ата-аналары, оларды алмастыратын тұлғалар немесе басқа да ересектер жүзеге асыруы мүмкін. Бәрінен бұрын мына отбасыларда кездеседі:

- физиологиялық жазалау баланы тәрбиелеу әдісі деп сенсе;
- ата-аналары (немесе олардың бірі) ішкіш, наркоман, токсикоман болса;
- ата-аналары (немесе олардың бірі) жүйке ауруымен ауырса;
- эмоционалды-психологиялық климат бұзылса (жиі дауласуы, ұрыс-керіс, бірі-біріне сыйластықтың болмауы);
- ата-аналары жақындарының қайтыс болуынан, жұмыстың жоқтығынан, экономикалық дағдарыстан және т.б. есеңгіреу жағдайында болса;
- ата-аналары балалардың жасына және даму деңгейіне сәйкес келмейтін шектен тыс талаптар қойса;
- балалардың қандай да бір жетіспеушілігі болса: анамнезаны көтере алмаса, соматикалық немесе жүйке ауруымен ауырса, олар аса қозғалғыш, орынсыз болса.

Балаға қатысты физиологиялық зорлық-зомбылықтан секем алуға болады, егер:

- ата – аналар медициналық көмекке кеш жүгінсе немесе жүгіну индикаторы болып басқа адамдар табылса;
- әртүрлі уақыттағы зақым іздері болса;
- ата-аналар болған оқиғаға байланысты қарама-қайшы, шатастыратын түсініктер берсе және оны анықтауға аса құлқы болмаса;

⁶ Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі нұсқаулық Н.К. Асанова редакциялауы басшылығымен (М. 1997)

- баланы өзіне-өзі зақым келтірген деп айыптаса;
- дәрігерлік тексерілу кезінде балаға қолдау көрсетпесе;
- бала денсаулығына мән бермесе немесе керсінше, аса қамқорлық көрсетіп отырғанын көрсетсе (жалған жақсы көрсе);
- әртүрлі сипаттағы жарақаттармен ауруханаға қайта орналастырса;
- жете мән бермесе, баланы еркелетпесе және эмоционалдық қолдау көрсетпесе;
- бала денсаулығына қатысы жоқ жеке басының проблемаларына мазасызданса;
- балалық шағында қалай жазаланғаны жөнінде әңгіме айтылса;
- жүріс тұрысында психикалық жетіспеушілік белгілері немесе мінезінде патологиялық белгілері туындаса (агрессивтілік, қозуы және т.б.).

Балаға әсер ету

Физиологиялық зорлық-зомбылық болғанынан сезіктену жағдайындағы баланың жасына тәуелді оның жүріс тұрысы және жүйке жағдайының ерекшеліктері:

0 - 6 айлық жас мөлшерінде: - аз қозғалады;

- қоршаған әлемге бейжайлылық;
- сыртқы түрткілерге әлсіз реакциясы немесе болмауы;
- 3 - 6 айлық мерзімде аз езу тартуы.

6 айлық - 1, 5 жас мөлшерінде:

- ата-анасының қорқақтығы;
- ересектермен физиологиялық байланыс кезіндегі қорқақтық;
- тұрақты түрдегі себепсіз сақтық;
- жылауық, тұрақты түрдегі қыңқылдау, тұйықтық, қайғыру;
- ересектер қолға алуға ұмтылған кездегі қорқуы немесе жатырқауы.

1, 5 - 3 жас мөлшерінде:

- ересектерден қорқуы;
- сирек қуану, жылауық;
- басқа балалардың жылағанынан қорқу реакциясы;
- жүріс тұрыс шегі – шектен тыс агрессивтік енжарлыққа дейін.

3 – 6 жас мөлшерінде :

- болған оқиғамен келісуі, қарсылық көрсетпеуі;
- ауыру кезінде бәсең реакциясының болуы;
- ескертулер мен сындарға күйзелуі;
- жағымпаздық жүріс тұрысы, жол берушілік;
- жалған ересекше жүріс тұрысы (ересектердің жүріс тұрысын сыртынан қайталауы);
- жағымсыздық, агрессивтілік;
- өтірік айту, ұрлық жасау;
- жануарларға қатыгездік көрсету;

- өртеуге құмарлық;
- физиологиялық дамуының, сөйлеу және бойы өсуінің тежелуі.

Кіші мектеп жасы:

- зақым алу және зиян келу себептерін жасыруға ұмтылысы;
- жалғыздық, достарының болмауы;
- мектептен кейін үйге бару қорқынышы;
- бүртүрлі тамақтарға құштарлық: сылақ, боқ, жапырақ, қоңыз, ұлу және т.б.

Жасөспірім шағы:

- үйден қашу;
- суицидалды ұмтылыс;
- делинквентті жүріс тұрыс;
- дағдарыс, қайғы, үмітсіздік, шарасыздық, тежеушілік.

Балаға қатысты физиологиялық зорлық-зомбылықтың қолданылғаны туралы болжамдарға негізделген отбасына байланысты факторлар:

- Баланың физиологиялық зақымдануы жағдайында ата-аналардың дәрігер көмегіне жүгінбеуі немесе дәлелсіз кейінге қалдыру;
- Қайталамалы күмәнді зақым келтіру тарихының болуы;
- Зақым келтіргені үшін жауапкершіліктен ата-аналар бас тартады немесе басқа тұлғаға аударады;
- Ата-аналар бала өзіне-өзі зақым келтірді деп түсіндіреді;
- Келтірілген зақымды емдеу үшін бала бірнеше рет емделу мекемелерінде орналасқан.
- Келтірілген зақым үшін бала ата-анасын немесе қамқоршысын кінәлайды;
- Ата-анасының балалық шағында зақым келтіретін оқиға тарихы бар⁷;
- Осы отбасы балаларының немесе нақты баланың бұрын физиологиялық зорлық-зомбылыққа ұшырағаны аян;
- Ата-анасының баласын себепсіз жек көруі, менсінбеуі;
- Ата-анасы баланы тәртіпке шақыру үшін қатал әдістерді қолдануы (жұдырықпен, шапалақпен соғу, аяқпен тебу, заттармен соғу: белбеу, қамшы және т. б.);
- Ата-ананың балаға дене жарақатын саламын деп қорқытуы («Сен қалай жұмыс жасайтының ...») немесе оған зорлық-зомбылық әрекетін еске түруі («Сен менен сол кездегідей ... таяқ жейсің»);
- Алынған зақым сипатыменен ата-аналардың болған оқиғаны суреттеуі сәйкес келмейді (мысалы, ата-аналар өзінің он алты жасар баласын әткеншектен басымен құлап қалды деп ес-түссіз күйінде алып келеді, бірақ баланың денесінде бұрыннан ұйыған қанның, соққан белбеу және байланғаннан қалған іздер бар);

⁷ Меньшикова Е. Балаларға қатыгездік көрсету және оның болар болмас салдарының болуы// Психологиялық журнал,1993.

- Ата-анасы баласына қалай зақым келгенін түсіндіре алмайды, қарама-қайшы түсініктемелер береді.

Физиологиялық зорлық-зомбылық құрбандары өздерін танымал емес, бақытсыз, тындамайтын адам ретінде санайды, басқалары олардан күшті екеніне сенеді.

Физиологиялық зорлық-зомбылық құрбандары өздерін танымал емес, бақытсыз, тындамайтын адам ретінде санайды, басқалары олардан күшті екеніне сенеді. Егер бала дұрыс жағдайда тәрбиеленсе, ішкі және сыртқы жазалауларға қарсылық көрсетсе, онда, зорлық-зомбылыққа ұшыраған бала жазалауды әділетті деп санайды.

Сүйенуге болатын дұрыс тәжірибенің болмауынан төмен және тұрақсыз өзін-өзі бағалауының қалыптасуына әсер етеді, нәтижесінде ол кішкене сәтсіз жағдайларда күшейе түседі.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың негізгі зардабы болып өзінің қозғалғыштығына бақылау жасай алмауы, өзін-өзі таныту қабілетінің төмендігі, адамға деген сенімділіктің болмауы табылады. Зақым алғаннан кейін өте қатты қорқыныш жағдайында болады, мерзімі ұзартылған зардабына қанышерлікке бейімділіктің пайда болу мүмкіндігі жатады.

Эмоционалды/психикалық зорлық-зомбылық

Зорлық-зомбылық түрлері:

- Баланы кінәлау (айқайлау, балағаттау);
- Оның жетістігін төмендету, ар-ожданын қорлау;
- Баланы шеттету;
- Ұзақ уақыт бойы ата-аналар тарапынан баланы сезімге, махаббатқа, қамқорлыққа бөлемей және қауіпсіздігін қамтамасыз етпеу;
- Баланың көзінше жұбайына немесе басқа балаларға қатысты зорлық-зомбылық көрсету;
- Балаларды қорқыту мақсатында үй жануарларына қысым көрсету;
- Оқшаулау, яғни балаларды дұрыс әлеуметтік қарым-қатыстан айыру;
- Қабағына қар жауып жүру, проблемаларды талқылаудан бас тарту;
- «Тиым салумен сауда» (мысалы, егер бала белгілі бір уақытта сабағын оқымаса немесе төсегін жинамаса, осыған байланысты белгілі бір уақытқа серуендеуге жібермеу не теледидар көрсетпеу);
- Баланы жәбірлеу;
- Террор жасау, яғни бірнеше мәрте баланы сөзбен жәбірлеу және тұрақты қорқыныш сезімін қалыптастыру;
- Үнемі қорқытуда ұстау, қысым көрсету, үрейлендіру;
- Жазалаймын деп қорқыту («тағы бір екі алсаң немесе мектептегі кезекті қылығы үшін белбеуді қолданамын»);

- Моральды азғындаушылық (сыбайластық), қоғамдық нормаларға қайшы келетін әрекетке баланы тарту және мәжбүрлеу балаға зақым алып келеді (ұрлық жасауға, ішімдік пен наркотик пайдалануға мәжбүрлеу немесе тарту).

Балаға қатысты психологиялық зорлық-зомбылықтың қолдануын болжауға негіз болатын отбасына байланысты факторлар, егер ата-ана тұрақты түрде:

- Балаға орындай алмайтын жоғары талаптар қояды, нәтижесінде өзін-өзі төмен бағалайды және фрустрациялы уайымдауға алып келеді;
- Баланы қатаң жазалайды;
- Балаға қатысты шамадан тыс сынау, оны кінәлау;
- Ашуланады және өзін қорқынышты қылады;
- Баланы қажет болғанда жұбатпайды;
- Кінәлайды немесе көпшілікте баланы кемсітеді;
- Жек көретін немесе нашар туысқанына баланы теңестіру;
- Өз сәтсіздігінің жауапкершілігін оған аудару;
- Жек көретінін және жақсы көрмейтінін балаға ашық айту⁸.

Эмоционалды зорлық-зомбылықтың бар екенін баланың бірнеше физиологиялық және жүріс тұрысынан көрсетілгендер негізінде болжам жасауға болады, мысалы, егер ол:

- Эмоционалды топас, немқұрайлы болса;
- Қайғылы, субдепрессиялы немесе онда анық депрессияда болса;
- Саусағын сорса, монотонды теңселсе (аутоэротикалық әрекет);
- Тұйық, ойлы немесе керсінше, агрессивті;
- Назар аударушылық пен жылулықты іздеуде кез-келген ересек адамға «жабысып алса»;
- Қорқыныштың түнгі ұстамасын сезінсе, нашар ұйқтаса;
- Ойынға құлқы жоқ болса.

Баланың физиологиялық реактивтігі эмоционалды зорлық-зомбылық құрбаны болып табылатындығын қуәландыруы мүмкін. Оған келесілер жатады:

- Түнгі және/немесе күндзгі энурез (кіші дәретін ұстай алмауы);
- Психосоматикалық арыздар: бас ауруы, іш және жүрек аймағының ауруы, баланың өзін нашар сезінуі жөніндегі хабарламасы және т. б.;
- Баланың жалпы және физиологиялық дамуының тежелуі.

Баланы эмоционалды және физиологиялық зорлық-зомбылықта тәрбиелеу тұлғалық өзгеруіне алып келеді. Ашулы, мейірімсіз жағдай ата-аналары мен осыған қатысты мәні

⁸ Оқу құралы М.: ВНИИ Зерттеу проблемасы, 1990

бар ересек тұлғаға қатысты негізделген өзін-өзі төмен бағалауды қалыптастырады. Шеттетілген, қорқытқан, жазалаған, физиологиялық зорлық-зомбылықты басынан кешірген кішкентай бала өзін керексіз және ұнамсыз сезіне бастайды да, өзіне өзі өшпенділікпен және жек көрушілікпен қарайды. Өзін өзі керексіз деп санау баланың өзін көп кінәлі және өмір сүруіне ұялатын жағдайды сезінуге алып келеді. Өзінің құнсыздығын сезіну баланы қорлайды, сондықтанда өмірде өзінің орны бар екенін дәлелдеу ниетімен олардың көбі өзіне жасалған зорлық-зомбылыққа қарсы шықпайды.

Осылайша, эмоционалды зорлық-зомбылық құрбаны болған бала өзін нашар және барлығына қабілетсізбін деген ұғыммен өседі. Әрі қарай ол өз өмірінде қалыптасқан жүріс тұрыстың паттерндерін, оның ішінде өз балаларымен қарым-қатынасында осыны елестетеді.

Балаларға қамқорлықтың болмауы (баланың негізгі қажеттіліктерін ескермеу, қараусыз қалу)

Мектепке дейінгі балалар ересек адамдар тарапынан үнемі қадағалауды қажет етеді. 16 жасқа дейінгі ағалары мен әпкелері мұндай әрекетке әлі кішкентай. Қадағалаусыз қалудың салдарынан бала денсаулығына айтарлықтай зиян келетін ауыр жарақаттарға немесе қазаға алып келетін жағдайларға ұшырауы мүмкін.

Көбіне қараусыз қалу ересектердің өздерінің абайсыздықтарынан немесе немқұрайлылығынан көрінеді: мысалы, бала лимонад құтысынан уксус, бензин ішіп қоюы, дәрілермен және химиялық реактивтермен улануы, өткір қайшыны ток розеткасына тығып, тоққа тартылуы мүмкін, сонымен қатар, ыстық су төгіп, терезеге шығып, одан құлап қалуы мүмкін және т. б.

Қараусыз немесе қадағалаусыз қалған балалардың белгілері баланың сыртқы келбетін, оның баптылығын, психосоматикалық жағдайын, ортасын, өмірлік жағдайын және т.б. көрсетеді.

Қараусыз қалған балалардың өзіндік белгілері:

- Стереотипті қозғалыс, мысалы, денені ырғақпен теңселту (жүйке госпиталы синдромы тәрізді);
- Берілген тамақты ашқарақтанып жеу;
- Үнемі аштық сезімінің болуы, бала өзге адамнан тамақты сұрайды немесе ұрлайды;
- Бала салмағында аздаған өсім бар, жасына сәйкес тамақтану, мысалы, ауруханада;
- Ерекше шаршаудың, енжарлықтың байқалуы, баланың ойнап отырып ұйықтап қалуы мүмкіндігі;
- Тұйықталуы, сөйлесу ниетінің болмауы, жалғыздыққа ұмтылуы;
- Әрбір ересектің назарын аударуға ұмтылуы;
- Басқа адаммен бірге жүру ниеті;
- Баланы жиі үйде жалғыз қалдыру немесе қамап қою;
- Киіліп қалған немесе лас киім;
- Сөйлеу және қозғалысының ақырын дамуы;
- Ата-аналарының емханаға баруға «уақытының жоқ болуы» себебінен қажетті екпелердің жасалмауы;

- Ата-аналардың айтуы бойынша, баланың жиі «кездейсоқ» жарақат алуы (қол арбадан құлау нәтижесінде бастан жарақат алуы, бала ыстық нәрсені ұстап алып, үстіне төгіп алуы және т.б.);
- Мектептен бірнеше мәрте кешігу немесе оқуға құлқының болмауы.

Баланы қараусыз қалдыру әсері:

- Өспейді, қажетті салмақты жинамайды немесе жоғалтады;
- Тастанды болуы, бала қараусыз қалдырылып, сәйкесті киімсіз, үйсіз қалады;
- Дәрігерлік екпе жасалмайды, тіс дәрігерінің қызметін қажет етеді, дене терісіне нашар гигиена, баланың салақтық жағдайы (педикулез, дистрофия);
- Мектепке бармайды, мектептен қашады, сабаққа тым ерте келеді және тым кеш кетеді;
- Шаршайды, самарқау, жүріс тұрысында ауытқушылық бар.

Зорлаушының суреті

Балаларды жыныстық зорлаушы – бұл, балаларға деген жыныстық мүддесі бар адамды бейнелейтін ортақ ұғым. Балаларды жыныстық зорлаушы балаларға жақын болуға ұмтылады және балалар қолжетімділігін жүзеге асыру және олардың сеніміне кіру үшін мақсатты ұйымдар мен агенттіктерге белсенді түрде іздеу салады.

Балаларды жыныстық зорлаушыға бірде бір стандартты түрдегі суреттеу жасалынбайды. Олардың кейбірі сезім кернеген коллекция жасайды, жан-жақты сипаттайтын күнделік жазады, балалардың суретін жинайды және өз қызметі мен қиялының тізімдемесін жасайды. Кейбір зорлаушылар балалардың белгілі бір жасына, түр-тұлғасына, жынысына артықшылықтар берсе, ал кейбірі кез-келген баланың соңынан қалмайды. Көптеген сотталған қылмыскерлердің балаларға деген жыныстық ықыласы кәмелетке толмаған кездерінде сезінгенін мойындаған.

Олар кез-келген әлеуметтік этникалық топтан, професиядан, қоғамның барлық деңгейлері өкілдерінен шыққан адамдар, кейде қауымдастықтағы құрметті және өкілетті билік, оның ішінде, тіпті діни бекеттерден орын алған. Әртүрлі нәсіл және дін өкілдері, некеде тұрғандарда кездеседі. Кейбірі өз отбасындағы туған немесе асырап алған балаларына зорлық-зомбылық көрсетеді. Үлкендермен гетеросексуалды, бисексуалды немес гомосексуалды жыныстық байланыста болуы мүмкін. Кейбір зорлаушылар жыныстық мақсат үшін басқа ересек адамдарға балаларды ұсынып немесе порнография арқылы пайда табу мақсатында балаларды жыныстық пайдаланумен айналысады.

Жыныстық зорлаушылар жалғыз өзі немесе жергілікті қауымдастық, ұйымдар, мемлекеттік немесе халықаралық кеңестік шеңберінде бірігіп әрекет етуі мүмкін. Олар балаларды интернеттің және балаларға қолжетімді өзге де технологияларды пайдалана отырып, балаларды ұрлап, оларды жыныстық қатынаста пайдалану мақсатымен тірі тауар тасымалы жөніндегі трансұлттық топтар құрады.

Балаларды зорлаушылар өте сыпайы көрінуі мүмкін. Оларды жалдаған, бірге жұмыс жасаған адамдар, олардың балаларға ауған назарының бейкүнә екеніне сенімді. Жыныстық зорлаушылар балаларға жақындау үшін көбіне жақсы ұйымдастырылған көп күш жігер жұмсайды. Сонымен қатар, адамдарды ақылмен басқарады және ұйымдарда, қауымдастықта және отбасыларында қалу үшін неше түрлі айла қолданады.

Олар қиындықта жүрген және қолдауды қажет ететін әлсіз балдарды анықтауда өте жақсы біледі. Олардың таңдауы мүмкіндігі шектеулі балаларға немесе зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларға, жалғыз және өзіне өзі сенімді емес, көп сенгіш немесе ересектерге жағынуды қалайтын балаларға түседі. Олар жиі қаржы экономикалық қиындықтары бар ата-аналары мен қамқоршылардың достары бола отырып, эмоционалды қолдау, ақшалай көмек және балаға қамқор болуды жүзеге асырады. Олар өзінің кәсіби жағадайын немесе өкілеттігін пайдаланып тұрмысы төмендерге азық-түлік беріп, ақшалай сыйлық жасап, орнына жыныстық ықыластылық алады. Ұйымдарда әлеуетті зорлаушылар таптырмайтын қызметкерге айналады, олар басқалары барғысы келмейтін жерлерге барады, көп уақыт жұмыс жасап, басқа әріптестерінің жұмысын бақылайды.

Балаларды жыныстық зорлаушылар, әдетте, өз құрбандарын ерікті түрде келісімге келуге көндіруді бағдарлайды, бұл аз уақыт аралығында немесе көпжылдар бойы жүзеге асады. Ерікті түрде келісімге келуге көндірудің екіжақты мақсаты бар, құрбандармен әріптестікті қамтамасыз етеді және сыртқы жайлы атмосфераны құру арқылы байқау және әшкерелеу тәуекелдерін азайту мақсатында кейде отбасыларымен де әріптестікке түседі.

Зорлаушылар келесілер көмегімен келісімге келуге көндіреді:

- Баламен және оның ата-анасымен немесе қамқоршысымен достық қарым-қатынас орнатады;
- Балаға және оның қызметіне қатты қызығушылық білдіреді;
- Балаларға сыйлық, ақша немесе көтермелеу түрлері: тамақ, конфет, киім, күндізгі қыдыру және мейрамдар ұсыну. Сонымен қатар, тиым салынған сыйлықтарды: ішімдік, темекі және наркотик ұсыну;
- Баланы жаман ештеңе болмайтынына сендіру;
- Балалардың өздерін және оның жақындарын қорқытып және үркітіп, баланың өз кінәсін сезінуге мәжбүрлейді немесе отбасынан кететіні жөнінде қоқытып басқа балаларға зорлық-зомбылық жасауға баланы мәжбүрлеу;
- Қамтамасыз ету және көмек беруден айыру;
- Кейбір балаларды зорлаушылар балаларды ерікті түрде келісімге келуін іздейді және көндіру үшін интернет чаттарды қолдану арқылы өзінің әдепсіз бейнелерін, жыныстық сипаттағы мәтіндерді жібереді немесе кездесуге көндіруге шақырады. (немесе ICQ/тез хабарлама жасау). Интернеттегі анонимдік ересек зорлаушыларды бала, көбіне жасөспірімдер ретінде көрсетіп, басқа кәметке толмағандармен байланысты жеңіл орнатады.

Агрессорға әсер ететін негізгі факторлар

Бастан кешкен бұрынғы зорлық-зомбылық	
Агрессия ата-аналар жүріс тұрысының моделі ретінде (зорлық-зомбылық жүріс тұрыстарға қатысты барлық мифтарға сенеді)	
Жоғалғандар бағасы (агрессор үшін қандай жоғалтулар бар – материалды, моральдық, физиологиялық)	

Жазалаусыз қалу (агрессорға қарсы заңнамалық және заңдық шаралар жүйесінің болмауы, қызметтік жағдайды пайдалану, олардың агрессиялық жүріс тұрысы салмақты зардап әкелуі мүмкін)	
Тұрғын үй проблемалары (агрессор өз туыстарына қарсы агрессивті әрекет жасауда проблема шешуді көздейді)	
Жұмысқа тұру немесе жалақы мөлшеріндегі, жұмыс талабының проблемалары	
Жөнге салынбаған тұрмыс (дұрыс тамақтанудың, жайлылықтың және т.б. жоқтығы)	
Отбасылық қатынасқа қанағаттанбау (ата-аналар ерлі-зайыптылар қатынасына әсер етеді)	
Әдет-ғұрып, салт дәстүр, қоғамда жалпыға бірдей қабылданған жүріс тұрмыс нормалары, ұлттық менталитет, отбасында және қоғамда ерлердің жетекші орны жөніндегі көзқарастың дәстүрлілігі, әйелді ұрып-соғуға шыдамды болуға тәрбиелеу, тәрбиелеудегі айырмашылық (Республикамыздың Оңтүстігі мен Солтүстігінде)	
Ішімдіктерді және наркотиктерді, психотропты заттарды қолдану	
Әйеліне, шаруашылық жүргізуіне көңіл толмауы (толысып кеткен, еріншек, шашпа, әкесіне балаларды қарсы қояды, жыныстық қанағаттанбау, мінездерінің сәйкес келмеуі)	
Екінші отбасының, көңілдесінің бар болуы	
Материалдық тәуелділік (агрессордың толық қамтамасыз етуінде және асырауында болуы)	
Қызғаншақтық (патологиялық қызғаншақтық, екіжүзділікті қарастырады)	
Кешенділіктің болуы (өзінің бағасын көтеру мақсатында жыныстық қатынаста агрессияны жиі пайдаланады)	

Секс-туризм – Ересек адамдардың балалармен жыныстық қатынасқа түсу мақсатында сапар шегуі. Кейбір қылмыскерлер балаларға зорлық-зомбылық жасау үшін арнайы сапарлар жасайды. Біреулері құрбандығын өзімен бірге алып жүрсе, ал екіншісі әдетте интернет көмегімен құрбандарға қолжетімділікті ұйымдастырады, бірақ көпшілігі бала жезөкшелігін қоса отырып, еркін қолжетімділік жүзеге асатын орын іздейді. Олардың бұлай жасауына туған елдерінде ұсталып қалудан қашу мақсаты бар.

Қылмыстық мақсатына қызметтік жағдайын қолданатын қызметкерлер. Кәсіби қылмыскерлер зорлық-зомбылықты жүзеге асыру мақсатында кәсіби жұмысында балаларға қолжетімділігі бар адамдар. Қызметкерлерді қылмыс жасауға не итермелейтіндігі туралы сұрақ туындайды:

- олар әуел бастан бұл еңбек қызметін балаларға қатысты зорлық-зомбылықты жүзеге асыру мүмкіндігін иелену немесе аталған жағдаймен және билікпен азғындауды артық көрді.
- әрекет етуші ұйымда зорлық-зомбылық көрсетудің тек бір нысаны балаларды жыныстық пайдалану болып табылады ма?

Балалар мекемелеріндегі зорлық-зомбылықты тергеу нәтижесі зорлаушылар өз қоршаған ортасын зорлық-зомбылық жасауды жеңілдету және оның салдарын жою үшін пайдаланатынын көрсетті.

Жыныстық зорлық-зомбылық себептері:

- Адам ойының құндылықтарын қайта бағалауға алып келетін қоғамда болып жатықан өзгерістер, оның ішінде жыныстық жүріс тұрыстың ережелері мен нормалары;
- Теледидарда, бейнекөрністе және баспасөзде зорлық-зомбылықты көрсету инцесттің басталуына нақты серпін болып табылады;
- Анасы мен қызының визуалды ұқсастығы;
- Билік пен қатыгездіктің туындауы;
- Ішімдік пен наркотикті пайдалану;
- Некеде қанағаттану сезімінің болмауы;
- Отбасының ажырасуы;
- Ерте жоғалту.

Отбасындағы балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылықтың таралу себептері:

- Ересектердің аномалиялы жүріс тұрысы жөніндегі жеткіліксіз хабардар болуы;
- Өз құқығын білмеуі;
- Боған оқиға жөнінде айтатын жақын туысқандары мен достарының болмауы;
- Болған жағдайдан сенімсіздік қорқынышы мен күйзеліс сезімі.

Инцестке ұшырайтын балалардың жүріс тұрысының сипатты ерекшелігі, өзіндік әлсіз тұжырымдамасы және назар аударту және қамқорлыққа зәрулігі бар, ата-анасы арасындағы даудың кепілгері.

Инцестке қызының келісім беру себептері: қорқыныш сезімі; ересек беделіне бағыну; өз әкесіне сүйіспеншілігі және құрметі; әкесі ұсынып отырған ойынға қызығушылық таныту; назар аудару қажеттілігі; осындай бағытта отбасының басқа мүшесін қорғау (кіші сіңлісін немесе інісін); физиологиялық және эмоционалдық жазадан қорқу; отбасы тұтастығын сақтап қалу; әуестік және мәжбүрлік⁹.

Жыныстық зорлық-зомбылық құрбанының физиологиялық және психологиялық сипаттағы әртүрлі белгілері: үнемі бас ауыруымен ауырады; тамағы, іші, асқазаны және ішек бұзылуларының созылмалы ауру түрі; дене жарақаты бар: көгеру, тыртықтар, тіліктер және ауыздағы тілік, дақтар; жыныстық органдарының жарақаты және жыртылуы; венерологиялық және инфекциялды аурулар, сифилис; терісінің бөртуі; тамаққа тәбетінің жоқтығы; ұйқысыздық; энурез; депрессия; жүйкесінің әлсіздігі; жыныстық қатынасқа жоғары ынта; ересектер жанасуынан қорқу; жүріс тұрысында әлсіздіктің, апатияның, мазасыздықтың туындауы; басқа адамдардың көзінше шешінуден бас тарту; құрдастарынан шеттетілген сезімінің болуы.

Инцесттің аталған белгілерін оның бастапқы кезеңінде тауып, оның дамуына жол бермеу және балаға медициналық, психологтық-педагогикалық және әлеуметтік көмек пен қолдау

⁹ Justice B., Justice R. The abusing family. New York: Human Science Press, 1976; *Idem*. The Broken Taboo: Sex in the Family. New York: Human Services Press, 1983. In Tower C.C. (1993). Understanding Child Abuse and Neglect. New York, 1993. P. 167.

көрсету үшін дәрігерлер, мұғалімдер, тәрбиешілер әлеуметтік қызметкерлер, мектеп және бала-бақша психологтар көп көңіл аударуы қажет.

Жыныстық зорлық-зомбылықтың диагностикалық өлшемдері

Физиологиялық көрнісі: жыныстық органдарының әртүрлі зақымдануы, жарақаттар, айналшықтың кеңеюі, жауыр болуы, ерте екіқабат болуы, жыныстық жолмен берілетін инфекциялық ауру, қайталамалы физиологиялық бұзылуы байқалатын тамақ қабылдаудағы проблема, іштің, тамақтың ауруы, себепсізден себепсіз құсу.

Жүріс тұрыстағы көрнісі (жасына сәйкес):

3-4 жас мөлшерінде

- шамадан тыс мастурбация, гениталияны жиі көрсету.
- жабысу сипатындағы жыныстық ойындар – кіші қарындасына немесе інісіне қандай да болсын бірдеңе жасау.
- баланың қылмысуы, қырындауы.
- мезгіл-мезгіл түнгі бастырылуы.
- энкопрез және энурез.
- ұйқының бұзылуы.
- ересектермен, ағасымен, әпкесімен бірге жалғыз қалудан немесе бала-бақшаға барудан қорқу.
- регрессивті жүріс тұрыс.

4-6 жас мөлшерінде

- шамадан тыс мастурбация, гениталияны жиі көрсету.
- жабысу сипатындағы жыныстық ойындар – кіші қарындасына немесе інісіне қандай да болсын бірдеңе жасау.
- балалармен агрессивті жыныстық жүріс тұрыс.
- жалған ересектік жүріс тұрыс.
- өсу кезінде кейбір кемітін агрессивті жүріс тұрыс және өшпенділік.
- тексеріс кезінде бала ешнәрсеге шағымданбайды (бала қорқады).
- ұйқысының бұзылуы.
- ересектермен және құрдастарымен бірге жалғыз қалудан немесе бала-бақшаға барудан қорқу.
- өртеу.
- регрессивті жүріс тұрыс.
- соматикалық шағым.

6-8 жас мөлшерінде

- құрдастарымен бірге жабысу сипатындағы жыныстық ойындар.
- құрдастарына қатысты күшейтілген агрессия.
- мектепке ретсіз баруы немесе ерте келіп, кеш қайтуы.

- кенеттен сабақ үлгерімінің төмендеуі.
- дос таба алмауы.
- ешкімге сенбеуі.
- назарын жинақтай алмауы.

8-10 жас мөлшерінде

- жабысу сипатындағы жыныстық ойындар.
- құрдастарына қатысты күшейтілген агрессия.
- мектепке ретсіз баруы.

10-12 жас мөлшерінде

- әлеуметтік күтім.
- құрдастарына қатысты агрессия.
- мектепке ретсіз баруы және мезгілсіз келуі мен кетуі.
- кенеттен сабақ үлгерімінің төмендеуі.
- ешкімге сенбеуі.
- назарын жинақтай алмауы.
- мектептен жиі қашуы.
- мектепке ерте келіп, кеш қайтуы.
- клиникалық депрессияның бастапқы белгілері.

12-18 жас мөлшерінде

- клиникалық депрессияның белгілері.
- ұйқысының бұзылуы.
- суицидтік бейімділік.
- қоршаған ортадан оқшаулану.
- үйден қашу.
- промискуитет.
- асоциалды үріс тұрыс.
- мектеп шараларына қатыспау.
- аддитивті жүріс тұрыс (никотин, ішімдік, наркотика).
- қылмыс жасау.

Бала біртүрлі нәрселерді көреді (елесті), аса қиын немесе әдеттегіден тыс жыныстық таным немесе әрекет:

- балаларға, жасөспірімдерге, ересектерге жынысты мағынада жабысу;
- гениталий аймағының ауруына, қабынуына, қышынуына шағымдануы мүмкін;
- физиологиялық ауруына шағымдануы мүмкін;
- қыз екіқабат болуы мүмкін;
- бала жыныстық жолмен берілетін аурумен ауруы мүмкін;

- жәбірлеуші тарапынан қорқыту, сонымен қатар, көмекке зәрулігінен және дағдылануынан өз құпиясын жасыруы (ересектермен немесе құрдастарымен жыныстық қатынасын).

Бақылау сұрақтары:

1. Балаларға қатысты қатаң қарым-қатынасқа сипаттама беріңдер.
2. Зорлық-зомбылықтың қандай түрлері ажыратылады?
3. Зорлық-зомбылықтың әрбір түрінің белгілерін және сипаттамалық ерекшелігін атаңдар.
4. Зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын суреттеңдер.

3 бөлім.

Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалармен жұмыс жасау жөніндегі жалпы тұжырымдама және ұсыныс

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездік аймағында жұмыс жасап жүрген мамандар зорлық-зомбылықтың оның ішінде жыныстық зорлық-зомбылықтың динамикасын түсіну маңызды, сонда ғана жұмыс нәтижелі болып табылады. Баланы қорғауға байланысты жұмыстың негізгі қағидасы бұл әрқашанда бірінші орында тұратын баланың қауіпсіздігі мен амандығы. Ешқашанда жүзеге асырылатын әрекет әрі қарай баланы тәуекелділікке жеткізбеуі керек.

Егер жасөспірім біреудің қандай да бір қатынасына қамқөңілдігін хабардардар емсе немесе тікелей айыптаса, сіз мына көрсетілген әрекеттерді жасауға тиіссіз:

- шыдамдылық көрсетуге, байсалды болуға;
- оған сізге айтқаны дұрыс болғанын айтып жұбату, бірақ оны құпияда ұстамайтыныңызға уәде бермеңіз және «барлығы жақсы болады» деп айтудың қажеті жоқ, өйткені зорлық-зомбылық туралы еске түсіру, сот отырыстарының болуы балаға жағымды болмауы мүмкін;
- Әңгіме тіпті Сіз сенетін адам туралы айтылып жатса да, айтылғандарды байыпты түрде қабылдау;
- Баланың айтылып жүрген сөз мағынасын баламен бірге талқылау және керсінше; әртүрлі жастағы балаларға қолайлы ұғымдарды пайдалана білу (үй, пәтер, уақыт, аралық), кішкентай балаларға ойын үйрету және бірге ойнау, сосын біраздан кейін отбасы, достары және т.б. туралы жалпы сұрақтар қою;
- Әңгімелесу кезінде сөз таңдағанда абай болған жөн, балаға өз пікіріңді таңбау, жетелеуші сұрақтар қоймау керек, мысалы, «Соның артынан не болды?». Тұйық сұрақтар қоймауға тырысу керек, мысалы, «Ол сенің аяғыңа ұрынды ма?», өйткені бұлар арқылы сіз олардың әртүрлі жасын және даму деңгейін есепке ала отырып, куәлік етуіне кедергі жасауыңыз мүмкін (назары, түсінігі, жады, жинақталуы);

- Жанасудан және басқа мәселе бойынша әңгіме жасау және зерттеуде байланыс орнату үшін жақсы әсер қалдыру мақсатында сипау, құшақтау, шышынан сипау сияқты дене байланысы нысандарынан қашу. Жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған бала мұндай әрекеттен қорқуы мүмкін;
- Баланың және жасөспірімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Егер оған жедел медициналық көмек керек болса, бұл арада дәрігер және қызметкер сөз баланы қорғау туралы айтылып отырғандығына көз жеткізу керек;
- баланы қорғау туралы ұйымның тағайындалған қызметкерлері, менеджерлері немесе сыртқы агенттіктері берген кеңестері мен нұсқауларынан кейін баланың ата-аналары мен қамқоршыларымен байланысу;
- Кейбір жағдайда, баламен кім сөйлесу қажет екендігін алдын ала анықтау керек: ер немесе әйел адам, ол зорлаушының кім болғанына байланысты болып табылады. Егер маман зорлаушыны қандай да болсын еске түсірсе, онда әңгімелесу айтарлықтай қиындыққа түседі, сондықтанда баламен әртүрлі сұрақтарды/әңгімелерді сенімді бір тұлға жүргізуі тиіс.

Ересек адамның сөйлеуі, дауыс ырғағы жеңіл және іскерлік болуы тиіс. Бала көзіне үздіксіз және табанды қарап отыру оны қорқытып жіберуі мүмкін. Сонымен қатар, бала үшін онымен ересек адам арасындағы қолайлы аралық дұрыс таңдалып алынғаны маңызды.

Ақпаратты жазып алу

Стандартты есептік нысанды пайдалану – іске қатысты барлық маңызды ақпараттарды жинаудың ақылға қонымды әдісі.

Кез-келген сұрақтар, айыптаулар немесе әшкерелеу сәттер мүмкіндінше жазылып отыруы тиіс. Жазбаларда жазылу күні көрсетіліп, қол қойылуы тиіс. Зорлық-зомбылық туралы жеткізген балаға, ересек адамды әшкерелеген ересектерге немесе өз жүріс тұрысы туралы хабарлағандарға, жеткізілген мәліметтерді құпия ұстайтындығы жөнінде уәде бермеуі керек. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсету аймағында жұмыс жасайтын мамандар жеткізілген ақпараттарды пайдалану нәтижесінде мүмкін болатын салдарын және рәсімдерін басшылыққа алуға міндетті екенін түсіну қажет.

Жазба жан-жақты және нақты болуы керек. Онда Сіздің және басқа адамдардың не айтылғандығы, Сіздің бақылауыңыз, кімдердің қатыстырылғандары және не істелгендігі топталуы тиіс. Сіздің болжамдарыңыз және ой қортындыларыңыз есепте анық жазылып, көрсетілуі тиіс. Кез-келген күмәндар, әшкерелеулер немесе айып тағулар осы кезеңде ұсынылып, тіркелуі қажет.

Мұндай жазбалар құпия сипатқа ие болады. Оны тек осы жұмысқа рұқсаты бар адамдарға беруге болады. Ал олардың әрбіріне ақпараттың құпиялылығын сақтауға жауапкершілік жүктеледі.

Балалардың жағдайын бағалау - физиологиялық зорлық-зомбылық мыналарды қарастыру керек: анамнез; физиологиялық тесерістен өту; рентген зерттеуінің хаттамасы; қанның қоюлану жүйесін зерттеу; түрлі түсті фотографиялар; ағалары мен әпкелерін зерттеу мәліметтері; ресми медициналық қортынды; жәбірленушінің жүріс тұрысына мінездеме; баланың даму бағасы.

Әңгімелесуге/жауап алуға дайындық:

- Алдын ала нақты ақпарат жинау.

- Қарапайым киіну (полицей киімімен емес).
- Жеткілікті уақытпен қамданып алу.
- Ешкім мазаламайтын ғимарат табу.
- Балаға ыңғайлы уақытты белгілеу.
- Баланы жауап алуға дайындау (оқиға тақырыбына жатпайтын ойын).
- Ғимараттағы бар адамдарды таныстыру.
- Балаға отыратын орын таңдауға мүмкіндік беру.
- Баладан сөйлесуге рұқсат беретіндігін сұрау.
- Балаға Сіздің атыңызбен атауға мүмкіндік беру.
- Балаға әңгімелесу себебін, жасалып отырған әрекетті не үшін жасалып отырғанын түсіндіру.
- Балаға әңгімелесу/жауап алу шамамен қанша уақытқа созылатынын айту.
- Баламен қандай ұғымдарды қолданатыныңызды келісіп алу.
- Мүмкіндігінше әңгімеге психологты, сәйкесті дайындықтан өткен ҮЕҰ қызметкерін тарту.
- Болған оқиғаға баланың кінәсіздігін түсіндіру.
- Баланың ненің шындық және ненің шындық емес екенін түсінетіндігін анықтау.
- Балаға болған оқиға туралы шындықты айту керек екендігін түсіндіру.
- Мамандарды тарту мүмкіндігі туралы отбасын хабардар ету.

Сұхпат кезеңдері:

- Сенімділік атмосферасын құру.
- Еркін хабарды еске түсіру.
- Сұрақтар қою (ашық сұрақтар).
- Сұхпатты аяқтау (жағымды көңіл күй). Егер қандай да бір себептермен баладан оқиға туралы жауап алу мүмкін болмаса да, қортынды кезеңін жасауы қажет.
- Баланың тырысқанын көтермелеу.

Баламен әңгіме жүргізу/баладан жауап алу:

- Сот отырысындағы жауап алуда баланы қорғап қалу үшін мүмкіндігінше жауап алуды бейнетаспаға жазып алу (бала келісімімен);
- Бөгде істерге алаңдамау;
- Бала еркін хабарлап отырған кезде, оны сұрақпен бөлмеу керек, сұрақты соңына қарай қоюға болады (әңгіме сұрақтың әсерінен еркін және өзгермелі);
- Балаға кейбір нәрселерді анық білмеседе айта беруге болатынын түсіндіру;
- Әңгіме айту кезінде баланы асықтырмау;
- Егер балаға бірнәрсе туралы айту қиын болса, онда қағазға жазуға немесе суретін салуға мүмкіндік беру;

- Балаға сұрақ қоя алатындығы жөнінде айту;
- Адал жауап беру;
- Қажет кезінде үзіліс жасау;
- Зорлық-зомбылық және қатыгездік көрген жәбірленушілерге көмек беру жөнінде қызмет көрсететін мекемелердің мамандардың, психологтардың қатысу мүмкіндігі туралы хабарлау.

Балалар туралы кейбір фактілер:

- Тіпті екі – үш жасар балалар болған оқиғаны еске түсіреді және айтып (суреттей) бере алады;
- Үш жасар балалар сотта сәйкес куәлік еткен;
- Кез келген жастағы балалар сәйкес нысандағы дұрыс сұрақтар қоя білсе, олар білетіндерін айта алады.

Балалар мен жасөспірімдер болған оқиға туралы айтуды қаламайды, егер:

- Оны еске түсіру ауыр болса;
- Болған оқиғаны айтуға сөз жетпесе;
- Өз кінәсін сезінсе немесе оған қандай да бір қатысы болса;
- Ересектерге түсініксіз болып қалудан қорықса;
- Болған оқиғаға бақылау жасауды жоғалтамын деп қорықса;
- Сенімділік жағдайын құру үшін қосымша уақытты қажет етсе;
- Бірдеңе айту қажеттігін сезінбесе немесе жеткілікті айтылды деп есептесе;
- Оқиға туралы айтатын басқа адамы болса.

Көңіл аударыңыз, егер бала:

- Таңертең ұйқысын аша алмаса;
- Дене шынықтыру сабағына барғысы келмесе;
- Бетінде немесе денесінде қанталаған жерлер не өзге де жарақаттар болса;
- Бастауыш сыныптардан бастап зорлануға икемдігі болса;
- Жауыздық жөнінде суреттер салса;
- Жасына сәйкес емес ойындар ойнаса;
- Артық жыныстық қызығушылық көрсетсе.

Физиологиялық зорлық-зомбылық салдары:

- Бала сөйлесуден бас тартса;
- Бала үйіне баруға қорықса;
- Бала басқаларға қатысты агрессивті болса;
- Біреудің, бірнәрсенің алдында балада себепсіз қорқыныш пайда болса (әкесі, ағасы, қараңғылық және т.б.);

- Бала жеке басының тазалығына мүдделі емес;
- Бала шаршайтынына шағымдануы;
- Баланың үйден қашуы;
- Жалпы оқу жөнінде міндеттерді орындамауы (мектепке өзі бармайды немесе ата-аналары рұқсат етпейді);
- Бала өзін өзі төмен санайды.

Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларға ата-аналарының сенбеу себебі:

- Өз отбасы проблемаларын үйден шығаруды және жария қылуды қаламайды;
- Болған оқиғаның рас екендігін қабылдай алатын жағдайдың болмауы («күйеуім мені жақсы көреді емес пе»);
- Баламен болған жағдайды сәйкес түрде бағаламауы;
- Болған жайтқа аса мән бермеуі (ойын);
- Тікелей дәлелдемелері болмағандықтан сенбейді;
- Ешқайда қашып құтылмайды;
- Өмірлік серігіне жиі тәуелді материалды проблемалар;
- Күйеуіне моральды тәуелділік, анасының жиі жүріс тұрыс үлгісі.

11-12 ден 15-16 жасқа дейінгі балалардың даму кезеңін жасөспірім кезеңі деп есептеу ескерілген. Бұл кезең баланың әлеуметтік белсенділігінің қайта құрылуымен және екпінді психофизиологиялық дамумен еске қалады. Бұл кезеңде жүріс тұрыстың тұрақты нысаны, мінез ерекшелігі, эмоционалдық елеу тәсілдері қалыптасып, бойға сіңеді. Бұл жетістіктерге жетудің, білімді, икемділікті арттырудың, жеке «Мен» қалыптасуының, жаңа әлеуметтік ұстанымды иеленудің кезеңі. Осылармен қоса, мазасыздануды сезіну және психофизиологиялық жайсыздық туындайды.

Жас мөлшерінің негізгі мінездемесі:

- Жыныстық жетілу, жыныстық идентификация;
- Тұрақсыз эмоционалды аймақ, жоғары жүйке қызметінің ерекшелігі, оқиғалық мазасызданудың жоғары деңгейі – психофизиологиялық жайсыздық себептері;
- Үлгерімінің төмендігі, өзінің сәйкестігін көрсетуі;
- Шындық құбылыстар арасындағы өзара байланыстың аса жан-жақты және тереңдетілген орын бейнесін түсінікті ойлаудың дамуы;
- Өзіндік сананың дамуы («Мен», сонымен қатар физиологиялық «Мен» өзін-өзі тұрақты бағалаудың және бейнелеудің туындауы,);
- Қоршаған ортаның жаман бағалауынан қорқуы, өзін-өзі құрметтеудің және өзін-өзі бағалаудың төмендеуі. Сыртқы кейпіндегі жетіспеушілігінің (нақты немесе жалған) өзін толық қабылдамауға, олқылық сезіміге дейін күйзеле бастан кешу;
- Референтті топтар маңыздылығының артуы;
- Жеке дара болуға ұмтылуы, жасөспірімдердің өздерінің мұраттарымен өмір сүруге ұмтылу салдарынан ата-аналарымен болатын қақтығыстар;

- Қарсыласу, негативтілік, ашуланшақтық, агрессивтілік – өзіне-өзі сенбеушілігінен туындайтын типтік эмоциональды реакция;
- Акцентуалды мінездің туындау мүмкіндігі;
- Нұсқамалық жүріс тұрыс реакциясы:
- Эмансипация реакциясы – жүріс тұрыс үлгісінің көмегімен жасөспірімдердің ересектер қамқорлығынан шығуға ұмтылады. Мұндайды көрсетудің ең ақырғы деңгейі - қаңғыбастық;
- Құрдастарымен топтасу реакциясы. Құрдастарымен араласуға аса жоғары қызығушылық таныту, жеке субмәдениетінің қалыптасуын, құндылықтарын, нормалар топтамасын құрастыруға бейімделу;
- Сән бағытын, жасөспірімнің мүддесі мен икемділігін қалыптастыруды бейнелейтін әуесқойлық (хобби) реакциясы;
- «Жағымсыз» ұқсастықпен, достықтағы, махаббаттағы көңілі қалушылықпен немесе адамның ар-намысын қорлаумен байланысты күйзелумен, ролдік шырмалумен негізделген жасөспірімнің дағдарыстық жағдайы.

№ 150 сенім телефонына соққан жасөспірімдердің шағымдану проблемалары:

1. Құрдастарымен қатынасудың қиындығы,
2. Отбасындағы өзара қатынас (ұрпақтардың қақтығысы),
3. Бұзақылық (тіл тигізіп қорлау, физиологиялық зорлық-зомбылықпен қауіп төндіру, үркіту, бопсалау),
4. Физиологиялық зорлық-зомбылық,
5. Өзі жақсы көретін адамдарға байланысты қауіп төндіруден немесе дабыл соғудан күйзелу,
6. Жыныстық зорлық-зомбылық,
7. Екіқабаттылық,
8. Күнделікті өмір фактлері, оның ішінде бос уақыт, «әзіл» туралы әңгіме,
9. Өзінің сыртқы келбеті, жеке құндылығы жөнінде мазалануы.

«Балаларға қатыгездік көрсетуді жою оқиғасымен» жұмыс және отбасы сәтсіздігін ерте бастан анықтау технологиясы

- I. Қатыгездік фактісін анықтау.
- II. Қатыгездік фактісін тіркеу.
- III. Қауіпсіздік және тәуекел бағасы.
- IV. Мемлекеттік қорғауды қажет ететін баланың мойындауы.
- V. Оқиға ашылуы. ЗПР жоспарын дайындау.

- VI. Оқиғаны Өкілетті органға беру. Оңалту жоспарын дайындау.
- VII. ЗПР жоспарын орындау.
- VIII. Оңалту жоспарын орындауды бақылау.
- IX. Мониторинг нәтижесін бекіту.
- X. Оқиғаны жабу.

I. Қатыгездік фактісін анықтау

Балаларға қатыгездік көрсету фактісін анықтау және табу үшін отбасы және балалармен жұмыс жасайтын мамандарды қатыгездікті ерте бастан тану машығына және бала құқығын бұзу салдарына оқытады, нәтижесінде оларда мұндай жағдайларды анықтауға саналы түрде қатысу дайындығы қалыптасады.

Қызметті ұйымдастыру үшін міндетті:

1. тіркеудің және ақпаратты берудің бірыңғай тәртібін белгілеу қамтамасыз етуге, тіркеу журналы және хабарламаның бірыңғай нысанын бекітуге, жүргізілген жұмыс үшін жауапкершілікті бекітуге.

2. қызмет көрсету стандарттары бекітуге.

Бала құқығын бұзу мүмкіндігі туралы куәландыратын фактілер отбасымен және балалармен жұмыс жасайтын әртүрлі ведомство мекемелерінің және ұйымының мамандарына мәлім болуы мүмкін. Ақпаратты қабылдап алғаннан кейін оның шұғылдығын алдын ала бағалайды, өйткені ол түскен хабарламаға алғашқы сұрыптауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді және мүмкіндігінше мамандар арасындағы жүктемені теңдей қылып бөледі.

Бала құқығының бұзу мүмкіндігі туралы ақпаратты қабылдауды ұйымдастыру бала құқығын мүлтіксіз сақтау қажеттілігіне қатысты қалыптасқан құндылықты қоғамда белгілеуге байланысты белгілі бір қиындықтармен ұшырастырады. Осы жағдайда мамандарға көңіл аударуды және елеуді қажет ететін қатыгездіктің жеке белгілерін тану, анықталған фактілерге кәсіби қатынасты қалыптастыру қиын. Қамқоршылық және қорғаншылық органдарына хабарлау мезгілсіз шара ретінде қабылданады. Нәтижесі болып маманның жеке өзі жүйелі емес көмегін ұсыну немесе оқиға желісін бәсең бақылау ұмтылысы табылады. Осыған байланысты баланың бұзылған құқығын ертерек анықтауды тиімді ұйымдастыру мақсатында азаматтармен бірлесіп жүйелі түрде білім және ақпараттық жұмыс жүргізу, балаларға қатысты қатыгездік белгілерін оларға түсіндіру. Мұндай белгілер кездескен жағдайда әрекет ету тәртібі қажет.

Сонымен қатар, мамандардың ақпараттық-әдістемелік сүйемелдеуін, қатыгездіктің ең феноменін (оның түрі, сыртқы және жүріс тұрыс белгілері, себептері, тәуекел фактілері) жариялауын және қатыгездіктің дара жағдайларында ғана бала үшін салдар мүмкіндігін ұйымдастыру қажет. Мамандар түскен және тексерілген ақпараттар бойынша жүргізілген шараларды қабылдау туралы хабарлауға тиісті, өйткені ол фактінің өзіне жаңа қатынасты қалыптастыруға ықпал етеді, яғни бала құқығын бұзу мүмкіндігінің белгісі туралы мемлекеттік қызметті хабардар етеді, жазалаушыдан қолдаушыға дейінгі бала құқығын қорғау жөніндегі шараларды қабылдауға өкілетті органдардың бет-бейнесін өзгертеді.

II. Қатыгездік фактісін тіркеу

Қатыгездік фактісін тіркеу бала құқығын бұзу оқиғасы туралы отбасы және балалармен жұмыс жасайтын мамандармен бірлесіп, халықтардан ақпаратты жинау үдерісін орталықтандыру үшін жүргізіледі. Белгіленген тәртіпте түскен және тіркелген ақпарат бала құқығын қорғау жөніндегі шараларды қабылдауға өкілетті органдар үшін ресми белгі беру болып табылады.

Қызметті ұйымдастыру үшін міндетті:

1. «Бір терезе» қағидасы бойынша ақпараттарды тіркеу және қабылдау тәртібі, жалғыз нысаны, жұмыстың біртұтас бағдаржолымен қоса нормативпен бекітіледі: түскен ақпарат белгіленген тәртіпте тіркеледі, шұғыл елең бағаланады, органға түскен белгі туралы хабарланады, бала құқығы мен мүддесін қорғау туралы шараларды өкілетті тұлғалар қолданады, ақпарат жіберген мекемеге қабылдаған шара туралы хабарлайды;
2. Бала құқығын бұзу белгілерін анықтау туралы хабарды бала құқығы мен заңды мүддесін қорғау туралы шараларды қабылдайтын өкілетті органдарға міндетті түрде органдар мен мекемелер тізімі бекітіледі;
3. Қызмет көрсету стандарты бекітіледі.

III. Қауіпсіздік және тәуекел бағасы

Қауіпсіздік және тәуекел бағасы үшін отбасы туралы ақпаратты жинау және психологиялық диагностиканы ұйымдастырудағы белгіні бағалау жүргізіледі. Бағалау рәсімін бала құқығы мен заңды мүддесін қорғау туралы шараларды қабылдайтын өкілетті органдар мамандары немесе оның тапсырмасы бойынша өкілетті ұйым мамандары жүргізеді. Бағалау нәтижесі бала құқығы мен заңды мүддесін мемлекеттік қорғау қажеттілігі туралы шешім қабылдауға негіз болып табылады.

Қызметті ұйымдастыру үшін міндетті:

1. Белгі беру бағасының рәсімін жүзеге асыру тәртібі және мерзімі нормативті бекітіледі; белгі беру бағасының рәсімін жүзеге асыру үшін диагностикалық құралды пайдалану құжаты және тәртібі, оның ішінде «Балаға қатыгездікпен қарау тәуекелін бағалау және қауіпсіздікті бағалау нысаны» және «Балаға қатыгездікпен қарау тәуекелін бағалауды және қауіпсіздікті бағалауды жүзеге асыру үшін нұсқау»;
2. Қызмет көрсету стандарты бекітіледі.

Алғашқы ақпаратты алғаннан кейін мына мақсатты көздейтін тексеруді жүргізу қажет:

- а) бала құқығын бұзу орын алғандығы,
- б) қазіргі сәтте баланы отбасында қалдыру қауіпсіздігі,
- в) балаға қатыгездікпен қарау тәуекелінің деңгейі.

Мұндай тексеруді қорғаншылық және қамқоршылық орган мамандарымен қатар, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының жеке өкілеттіктерін жүзеге асыратын ұйым мамандары жүргізуі мүмкін. Бірақ, соңғы айтылған орган мамандары соңғы шешім шығаруы үшін қорғаншылық және қамқоршылық органға тексеру нәтижесі жөніндегі соңғы есепті міндетті түрде ұсынуы тиіс.

Бала құқығын бұзу фактісін анықтау және оның қауіпсіздігін бағалау балаға қатыгездік көрсету тәуекелін бағалауды талап етеді. Бағалау жасаған кезде субъективті фактордың артық әсер етуден және формализмнен арылу үшін балаға қатыгездік көрсету және оның болашақта қайталану мүмкіндігінің анықталған фактісінің себебін анықтауға мүмкіндік беретін арнайы нысандарды және әдістемелік жабдықтарды енгізу және пайдалану қажет. Бұл жабдық келесі міндеттерді шешеді:

- 1) отбасында балаға қатыгездік көрсету тәуекелін бағалау үдерісін объективтілеу;
- 2) соңғы шешім қабылдауда және бағалау жасау үдерісінде маманның жеке құндылықтардағы мен нұсқаудағы ролін ең төменге азайту;
- 3) бала үшін туған отбасының құндылығын және клиенттің жеке басына құрметті сақтап қалудан тұратын маман ұстанымының және қатынасының серіктестік сипатын көрсету, отбасымен маманның сенімгершілік қатынасын қалыптастыруға және сақтауға ықпал жасау;
- 4) отбасы және бала тағдырына байланысты шешім қабылдайтын маманға эмоционалды жүктемені азайту;
- 5) оңтайландыру шараларын әрі қарай объективті түрде бағалау (тәуекел факторын алғаш зерттеу кезінде анықталған өзгеріс деңгейі бойынша).

Тәуекелдің әрбір факторы шкала (жоғары, орта, төмен) бойынша анықталу көмегімен тәуекелді бағалау нысанын пайдалану болжанады, одан кейін интегралды баға беріледі.

Тәуекелдің жоғары деңгейі, егер қамқоршылық және қорғаншылық органдары оқиғаға араласпай, бала отбасында қалдырылса, онда оған айтарлықтай зиян келтірудің зор мүмкіндігі бар екендігін болжайды (тіпті, мертігіп, қаза болуға дейін). Ата-аналар жүріс тұрысының құрылымдық сызбасы қалыптаспаған немесе оларды қолдануға отбасылық жағдай кедергі келтіреді.

Тәуекелдің орташа деңгейі егер бала отбасында қалдырылса, онда белгілі бір зиян келтіріледі деп болжанады. Мұндай жағдайда, қамқоршылық және қорғаншылық органдары бала құқығын қорғау жөніндегі шараларды қабылдау қажет. Бұл ретте балаға тікелей айтарлықтай физиологиялық жарақат немесе өлім қауіптерін көрсететін белгі болмайды. Бұл тәуекел факторының болуына қарамастан отбасында жүріс тұрыстың құрылымдық сызбасы қолданылатындығын және тәуекел деңгейін бақылаудың белгілі бір деңгейінде мүмкіндік беретін басқа да қауіпсіздік факторлары көрініп тұратындығын білдіреді.

Тәуекелдің төмен деңгейі балаға отбасында ештеңе қауіп төндірмейді және оны қорғау мақсатында араласу талап етілмейді. Бұл баланың дамуын және дұрыс тәрбиеге сәйкесті отбасы жүріс тұрысының құрылымдық сызбасын белсенді және дәйекті түрде қолданылатынын білдіреді.

Баланың отбасында болу қауіпсіздігін бағалау мақсаты бала өмірі мен денсаулығы үшін тікелей қауіп-қатерді анықтау болып табылады. Мұндай тікелей қауіпке қатерлі психикалық ауытқулары бар ата-аналардың ауруларының асқыну кезеңімен және үй зорлық-зомбылығының күшеюімен байланысты отбасындағы жағдайды жатқызуға болады.

Осылардан басқа, қауіпсіздік деңгейін бағалау мақсатында отбасы өміріне азғана араласуы арқылы айтарлықтай залал келтіру қауіпінен баланы жеткілікті қорғауды қамтамасыз ететін әрекеттерді жоспарлауға мүмкіндік беретін ақпараттарды алу жатады.

Маңызды жағдай болып технологияның баланы қорғауды қамтамасыз етудегі ата-аналарының күйзелісін ескерудегі жағдайының және қабылданған шешімнің отбасы тұтастығына әсер ету мүмкіндігі табылады.

Алынған ақпараттың негізінде баланың отбасында қалу мүмкіндігін қажеттіліктеріне байланысты сақтау және байқалған тікелей қауіп-қатерді жоюға әсер ететін бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары дайындалуы тиіс.

Қауіпсіздік жоспарының шаралары баланың әлеуметтік байланыс желісі ресурсындағы отбасында, мемлекеттік мекемелерде және құрылымдарда, қоғамдық ұйымдарда болуының қолайлы жағдайын қарастыру жұмыстарына белсенді тартуды қарастырады (жауапкершілігі бар ата-аналар, достар, көршілер).

Отбасындағы ресурстық мүмкіндіктерді зерттеу міндеті мамандардан әрекет ету құқықтарын басқа тұлғаға, ұйымдарға және оқиғаға жеке жауапкершілікті сақтай отырып ұсынуын талап етеді. Мысалы, отбасы кураторы – маман отбасын терең диагностика жасау үшін отбасы психологын тартады. Мұндай тәсіл бала үшін туған отбасын сақтау құндылығын анық түсіну және қабылдау жағдайында және ата-аналармен сенімгерлік қатынасты белгілеуге байланысты қажеттілік кезінде жүзеге асады. Бұл әдістемелік және кәсіби қолдау және мамандардың супервизорлық сүйемелдеу есебінен қамтамасыз етіледі.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жоспар:

- бала қауіпсіздігі үшін қауіп-қатерді анық анықтауға,
- анық қарастырылған әрекет ету мерзімін иеленуге,
- реалист болуға (отбасының талапты орындау мүмкіндігінің болуы),
- тәптіштеуге,
- баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін олардың ролін, тартылу талаптарын және жауапкершілік деңгейін көрсететін тұлғаларды анықтап қоюға,
- жоспарды орындау мониторингін қарастыруға тиісті.

IV. Мемлекеттік қорғауға зәру баланы тану

Баланың құқықтары мен заңды мүддесін қорғау жөніндегі шараларды қабылдауға өкілетті орган мемлекеттік қорғауды қажет ететін баланы тану/танымау туралы шешім қабылдайды.

Кешім қабылдау негізі болып балаға қатысты қатыгездік тәуекелін бұрын бағалауы және бала құқығын бұзуға алып келетін себептер мен факторлар, сонымен қатар тәуекел деңгейін жүзеге асыру үдерісіндегі бала қауіпсіздігін бағалау табылады. Бұл ата-аналарға олардың отбасы өміріне араласуы нақты немен байланысты екендігін көрсетуге, оқиғаға мониторинг жасауға және жұмыстың міндетті бағытын анықтауға, ақпаратқа тексеру жүргізетін мамандарға жеке құндылықтардың және белгілеулердің әсер етуін төмендетуге мүмкіндік береді.

Қабылданған шешім баланың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды қабылдау міндеттерінен тұрады.

Қызметті ұйымдастыру үшін міндетті:

1. белгі беруді бағалау рәсімінің нәтижесін қарау мерзімін бекітуге;

2. белгі беруді бағалау рәсімінің нәтижесімен жұмыс ережесімен мамандарды оқыту ұйымдастыруға.

V. Оқиғаны ашу. БҚҚ жоспарын дайындау

Баланың құқықтары мен заңды мүддесін қорғау жөніндегі шараларды қабылдауға өкілетті орган мемлекеттік қорғауды қажет ететін баланы тани отырып, оқиғаны (істі) ашу жөнінде шешім қабылдайды, оның шеңберінде әрі қарай отбасында балаларды сақтауға бағытталған отбасымен және баламен барлық жұмыстар жүргізіледі.

Төменде көзделіп қарастырылған Бала құқығын қорғау жөніндегі жоспары (БҚҚ жоспары) дайындалады және қабылданады:

- Мемлекеттік қорғауды қажет ететін баланы тану туралы шешім негізі;
- Бала құқығын қорғау жөніндегі жоспарды орындауды ұйымдастыру үшін осы қызметті жүзеге асыруға өкілетті қызметке оқиғаны беру туралы шешімі;
- Өкілетті қызметке оқиға кураторын тағайындау, қауіпсіздік жоспарын (бар болған жағдайда) орындауын қамтамасыз ету және отбасын және баланы оңалту Жоспарын дайындауды қамтамасыз ету.

Қызметті ұйымдастыру үшін міндетті:

Мемлекеттік қорғауды қажет ететін баланы тану тәртібі және «Бала құқығын қорғау жөніндегі жоспар» нысанын, өкілетті органға жүргізу үшін оқиғаны беру мерзімі нормативпен бекітеді.

Бала құқығын қорғау жөніндегі жоспарды әрбір жағдай туралы қабылдаудың және жүзеге асырудың ұйымдық және кәсіби бақылау мүмкіндігімен қамтамасыз етеді, бала құқығын қамтамасыз ету жөніндегі тиімді қызмет үшін құрылады.

VI. Өкілетті органға оқиғаны беру

Әрбір ашық оқиға үшін куратор-жауапты маман тағайындалады. Оның негізгі міндеті - Бала құқығын қорғау жөніндегі жоспардың орындалуын ұйымдастыру. Куратор отбасындағы балалар құқығын бұзу себептеріне диагностика жасайды; отбасын және баланы оңалту жоспарын дайындайды (Оңалту жоспары); Оңалту жоспарының шараларын орындайтын мамандардың тәртіпаралық топтар қызметін үйлестіреді. Мамандар аумақтық тәртіпаралық консилиум (консилиум) отырысында дайындалған оңалту жоспарын ұсынады. Консилиумды бақылайды. Оңалту жоспарын дайындау сапасын бақылайды. Консилиум Баланың құқықтары мен заңды мүддесін қорғауға өкілетті органға Оңалту жоспарын бекітуге немесе қайта қарауға ұсыныс береді.

Оқиғаны тікелей жүргізу үшін анықталған ұйым өз қызметкерлері арасынан оқиға кураторын тағайындайды.

Куратордың функционалды міндеттеріне: отбасындағы сенімгерлік қатынасты құруы, оқиғаның ашылуына негіз болған проблемалар табиғатын зерттеу, отбасылардың барлығына немесе оның жеке мүшелеріне сәйкесті қажетті қызмет көрсетулерді пайдалану үшін отбасыларды тарту, отбасына көмек ұсыну үдерісін үйлестіру және мониторингті жүзеге асыру кіреді.

Оқиға кураторы дағдарысты отбасының психологиялық ерекшеліктерін білуі, арнайы дайындықтарды, мұндай отбасымен әлеуметтік жұмыс ережелері мен қағидаларын, дағдарысты жеңуге арналған бірлескен қызметке отбасын тарту және тиімді қатынасты иелену қажет. Оқиға кураторы отбасылық жағдайдың терең диагностикасы негізінде отбасын және/немесе баланы оңалту жоспарын дайындайды. Жоспарды дайындаудағы негізгі міндет отбасын дағдарыс жағдайын жеңу ғана емес әрі қарай дағдарыс жағдайын оның жеке жеңуі машықтарын қалыптастыру болып табылады. Қолданылатын тәсіл тәуелді жүріс тұрыстың және асыраушылық кейіптің қалыптасуына әсер ететін отбасы мүшелерінің материалдық тұтынушылығын қанағаттандыру нысанында тез жүзеге аспайды.

Оңалту шараларының тиімді жоспарын қалыптастыру куратордың келесі жұмыс кезеңдерін тікелей атқаруын талап етеді:

- 1) аталған оқиғаның ашылуының проблемасын-негізгі себебін анықтау;
- 2) отбасымен байланысты және сенімгерлік қатынасты орнату;
- 3) аталған проблема табиғатын белгілеу – ақырғы анықтама аталған отбасы мүмкіндіктері мен ресурстарын бағалау және проблемалардың пайда болу себебі болып табылды;
- 4) оңалту мақсатын және міндетін анықтау – оқиғаны бағалау негізделуі тиіс араласудың күтілетін нәтижесін анық суреттеу;
- 5) міндеттерді шешуге және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі нақты әрекетті дайындау, отбасы мүшелері мен мамандар арасындағы жауапкершілікті бөлу;
- 6) мониторингтың және алға қойылған әрекеттерді орындаудың нақты мерзімін белгілейді.

Оқиға кураторы оңалту жоспарын орындауға отбасын мәжбүрлемей, отбасының барлық мүшесін проблемалық оқиғаны жою жөніндегі бірлескен қызметке тартады, бірлескен жұмыс мақсаттары мен міндеттерін ортақтасып түсінуге қол жеткізеді және отбасы мүшелерімен талқылайды, нәтижелерге жауаптылықты бірлесіп бөліседі, отбасымен қабылданған түсінікті жоспар жасайды. Сонымен, куратор міндеті - ата-аналардың бастамасын ояту, оларға болған оқиғадан шығу үшін мүмкін болатын амалды өздеріне іздеуге көмектеседі.

Оңалту жұмысын жоспарлау кезінде куратор аталған аумақта отбасы және балалар үшін алдын ала қызмет көрсету қолжетімділігіне сүйенеді (отбасының үйдегі әлеуметтік-тұрмыстық патронажы, желілік терапия, ата-аналар құзіреттілігінің курстары, төмен шегі бар отбасылық клубтар, тәуекел тобының және басқа балалары үшін мектеп жанындағы оңалту демалысы және әлеуметтік қонақ үй және тағы басқалар). Куратор міндетіне баланың құқықтары мен заңды мүддесін сол отбасында және дәл сол уақытта бұзуға әсер ететін факторларды жоюға бағытталған қызмет көрсетулерді таңдау кіреді.

Оңалту жоспары қызметті үйлестіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және күш салудың немесе мамандардың жауапкершілігіне және ролдеріне қатысты өзара түсінбеушіліктің қайталанбауына көмектеседі. Отбасылық жағдайдың әртүрлі факторларын есепке алу, алдын алу жұмыстарының тиімділігін арттыру мақсатында дайындалған жоспар мамандардың тәртіпаралық топтарының қатысуымен кәсіби консилиумда қарау дұрыс (қорғаншылар мен қамқоршылар органы жанынан мамандардың аймақтық консилиумы құрылады). Отбасын және/немесе баланы оңалту жоспарын қамқоршылық және қорғаншылық органдары бекітеді.

VII. Балалардың құқығын қорғау жоспарының орындалуы

Балалардың құқығын қорғау жоспарының орындалуы ұйымдастырылады (БҚҚ Жоспары). Бекітілген БҚҚ жоспарын орындау жөніндегі бірлескен жұмыста отбасы мүшелерін тарта отырып, куратор:

- отбасына және балаға қызмет көрсететін мамандар қызметін ұйымдастырады және үйлестіреді;
- отбасына тікелей қызмет көрсетумен айналысады;
- отбасындағы дағдарыстың шиеленісу кезеңінде шұғыл көмек ұйымдастырады (баланы алып қоюға жол бермеу үшін);
- қызмет көрсету сапасына бақылау жүргізеді, бала құқығын қорғау жөніндегі шаралардың тиімділігіне мониторинг жасайды.

Қызмет ұйымдастыру үшін міндетті:

1. Қызмет көрсету стандарты бекітіледі;
2. Кураторлар отбасы және балалар үшін оналту және алдын алу қызмет көрсетулер бар екендігі жөніндегі ақпараттық материалдармен қамданады;
3. Супервизор мамандардың кәсіби қолдауын (супервизия) ұйымдастырады, олардың жұмыс сапасын тұрақты бақылауын жүзеге асырады. Оның негізгі мақсаты – кәсіби қиындықтардың табиғатын маманның түсінуіне және отбасымен жұмыстағы қателіктерді болдырмау, көру және түзеу жолдарын табуға көмектесу. Супервизия – кәсіби құлдыраудың алдын алу құралы.

Оқиға кураторы оналту жоспары негізінде келесі функцияларды атқару үшін отбасымен жұмысты үйлестіруді жүзеге асырады:

- 1) отбасыларға мақсат жоспарында көрсетілгендерге қол жеткізуге көмектесетін қызмет көрсетулерді анықтауға көмектеседі;
- 2) қызмет көрсетуді тікелей атқаруды жүзеге асыратын мамандармен отбасын таныстырады;
- 3) қызмет көрсетуді жүзеге асыратын мамандарға неліктен отбасы қызметті пайдалануға өтініш жасағаны және аталған оқиғамен жұмыс мақсаты туралы қажетті ақпараттар ұсынады;
- 4) қызмет көрсетуге қол жетімділікті алуда отбасына көмек көрсету (көлік, ата-аналары жоқ болған кезде балаға күтім жасауды ұйымдастыру, өзге де көмек);
- 5) қызмет көрсетудің пайдалану үдерісін бақылауды жүзеге асыру, отбасының объективті қажеттіліктер қызметін көрсетулерге сәйкестігінің және отбасының қанағаттануының деңгейін анықтай отырып бекітілген жоспарға сәйкес отбасының шын мәнінде өз міндеттерін атқара отырып қызмет көрсетулерді пайдалануын тексереді.

Оқиға кураторы өз міндеттерін жүзеге асыру үдерісінде оналту жоспарын орындау отбасына артық міндет жүктемейтініне және балалар қажетті қараусыз және қамқорлықсыз қалатын жағдайдың болмауына көз жеткізуі керек.

Оқиға куратордың отбасына келіп кеңес беруді жүзеге асырады, атап айтқанда отбасы мүшелерімен проблеманы және қажеттіліктерді талқылайды, олардың күшті жақтарын

белсендіреді, әрекет ету жоспарын нақтылайды және ықтимал шешімді анықтайды, қажет кезінде әртүрлі қызметтер мен мекемелердің алдында отбасылардың «адвокаттары» ролінде қатысады.

Куратор міндетіне қызмет көрсету сапасына мониторинг жасауды ұйымдастыру кіреді, өздерінің қызмет көрсетулері клиенттардың қажеттіліктеріне жауап бермесе, ол сәйкесті ұйымның басшылығын хабардар етеді. Куратор мамандардың аймақтық консилиумының өкілдерімен бірлесіп бала құқығын қорғау жөніндегі шаралардың тиімділігіне әсер ететін ведомствоаралық келісімге келе алмауды анықтайды және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдайды.

Куратор, отбасына қатысты кәсіби және серіктестік бағытын сақтай отырып, отбасымен жұмыс үдерісіндегі отбасында бұрын пайда болмаған күшті және әлсіз жақтарын орындамауға ұрындыратын тәуекел факторларын бақылау отбасы ресурсын дамыту және бекіту үшін оңалту жоспарын түзету сәйкестілігін жүргізумен жүзеге асырылады.

Жұмыстың қалыптасқан тәжірибесі бір куратордың 12-17 отбасымен толық жұмыс жасау талабы жағдайында балаға қатыгездік көрсету ерекшелігіне, отбасы дағдарысының ауырлығына және типологиясына тәуелді тиімді жұмыс жасау қабілетті көрсетеді. Бұл бағытта жұмыс ұйымдастыру үшін мамандарды алдын ала міндетті оқыту жүргізуге бастапқы шығындары бар. Технологияларды тиімді жүзеге асыруға қажетті талаптар болып мамандарды кәсіби сүйемелдеу (супервизорлық), қиын жағдайларды зерттеу, олардың кәсіби құзіреттіліктерін көтермелеу жөніндегі шаралар табылады.

VIII. Оңалту жоспарын орындауды бақылау

Куратор БҚҚ жоспарының орындалу барысы туралы ақпаратты жинау және талдау жасауы (әдетте 3 ай), отбасы жағдайын бағалауы, қауіпсіздікті және тәуекелдікті қайта бағалауы тиіс. Одан кейін куратор Консилиум отырысында жасалған жұмысы жөнінде баяндайды. Консилиум бала құқығын және заңды мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды өкілетті қабылдайтын, органда бекіту үшін белгіленген тәртіпте әрбір жағдай бойынша шешім қабылдайды. Жүргізілген оңалту шараларының қортындысы бойынша отбасы және бала жағдайына кәсіби мониторингті жүзеге асыруы тиіс. Мониторинг міндеті болып отбасындағы оңалту жұмыстарының жалғасын және болашағын, отбасы және балаларды оңалту жоспарын түзету қажеттілігін, алға қойылған оңалту шараларын шешу туралы ақпараттарды алу табылады.

Жұмыс технологиясының талаптарына сәйкес әрбір жағдай бойынша өзгеріс динамикасы тоқсанына бір реттен кем емес бағалануы тиіс. Сондықтанда аталған оқиғамен байланысты жұмыстың барлық қырларын қайта құру тәуекелділіктің алғашқы бағалауынан ұсынылған шаралардың сәйкестігін қарастырғаны дұрыс. Мониторингке дайындық факторды анықтау мақсатында осы кезеңде шараларды тиімді жүргізуге және тәуекел деңгейін сақтауға әсер ететін балаға қатыгездікпен қарау тәуекеліне қайта бағалау жүргізуді ұсынады. Сонымен қатар, жеке факторларды өзгерту динамикасын бағалау маңызды.

Оқиға бойынша соңғы және аралық мақсат оқиғаны ағымдағы зерттеу барысында анықталған проблемалар мен қажеттіліктерді шешуге, тәуекелді азайтуға әсер ететін қайта анықталған ресурстарды іске қосу үшін қайта қарауы немесе қайта құруы мүмкін.

Қайта қаралған соңғы және аралық мақсатқа жету үшін әрекет етудің жаңа жоспары дайындалуы және жұмысты аяқтау үшін уақытша жаңа шеңбер анықталуы мүмкін. Егер оқиғалы мақсатқа қол жетсе, қызмет көрсету талап етілмейді, оқиға аяқталады. Оқиға

бойынша динамиканың болмауы алдын ала жұмыстарды тоқтату және бала құқығы мен мүдделерін қорғауға бағытталған өзге де шараларды қабылдау туралы шешімді қабылдауға негіз болуы мүмкін.

Жұмыс жоспарын және тәуекел деңгейін өзгертудің ағымдағы бағасы жоспарлау үдерісінде отбасының тұрақты қатысуын қамтамасыз етуін отбасымен бірлесіп жүргізілуі тиіс. Оқиға жұмысын зерттеу отбасын тартудың қосымша факторы болуы немесе қол жеткізілген табысты көтермелеу жолымен немесе жоспар мақсаты қол жеткізілмеген проблемалы аймақты табу және талқылау жолымен болуы мүмкін. Егер басқа мамандар отбасылармен осылайша жұмыс жасаса, онда олар жоспар бойынша жұмысты зерттеуге де қатысуы тиіс.

IX. Мониторинг нәтижесін бекіту

Бала құқығы және заңды мүдделер жөніндегі шараларды қабылдауға өкілетті орган бала құқығын қорғау жөніндегі қабылданған шаралардың тиімділігіне мониторинг нәтижелерін бекіту туралы шешім қабылдайды. Шешім қабылдау үшін негіз болып консилиум ұсыныстары табылады. Қабылданған шешімге сәйкес оқиғамен әрі қарай жұмыс жүзеге асырылады.

Қызметті ұйымдастыру үшін міндетті:

1. қабылданған шешімді бекіту туралы құжаттың нысаны дайындалуға;
2. сәйкес шешім қабылдауға өкілетті лауазымды тұлға анықталуға.

X. Оқиғаны жабу

Бала құқығын және заңды мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды қабылдайтын өкілетті орган (Орган), бала құқығын қорғау жөнінде қызметті әрі қарай жүргізу/тоқтату туралы шешімді қабылдайды. Егер консилиум отбасындағы оқиғаның қалыпқа келуі және БҚК жоспарының барлық мақсаттарының қолжетімділігіне байланысты отбасымен әрі қарай жұмыс жасауды тоқтату ұсынса, Орган мониторинг нәтижесін қарастырады және жаңа БҚК жоспары бойынша шешім қабылдайды немесе оқиғаны жабады. Егер Консилиум баланың қауіпсіздігі қауіп-қатерінің болуына және отбасындағы жағымды динамиканың болмауына байланысты әрі қарай жұмысты тоқтатуды ұсынған жағдайда, Орган оқиғаны әрі қарай жұмысын жалғастыру үшін немесе оқиғаны жабуға жіберуі мүмкін. Әрі қарай заңнамамен қарастырылған негіз – ата-ана құқығын шектеген немесе одан айырған және орын басатын отбасында баланы орналастыру жөніндегі қызметке бастама көтерген жағдайда отбасына әкімшілік әсер ету шараларын қолдануы мүмкін.

Қызметті ұйымдастыру үшін міндетті:

1. қабылданған шешімді бекіту туралы құжаттың нысанын дайындауға;
2. сәйкес шешім қабылдауға өкілетті лауазымды тұлғаны анықтауға;
3. қабылданған шешімді Органның бекітуі.

№	Кезең	Құрылым, жауапты тұлға	Құжаттама
1.	Қатыгездікпен қарау фактісін анықтау (ҚК): -ҚК анықтау және тіркеу -белгіленген тәртіптегі дабыл		1.Серіктестік туралы келісім 2. Қызметтік жазба 3. Телефонограмма
2.	ҚК фактісі туралы дабылды қабылдау: - дабылды тіркеу - тәуекелдіктің бастапқы бағасы -тергеуді ұйымдастыру және жүзеге асыру -қауіпсіздік жоспарын құру немесе алып қою		1. ҚК фактісін тіркеу журналы 2. Қауіпсіздік жоспары 3. Тексеру актісі 4. Кәмелетке толмағандарды алып қою 5. Кәмелетке толмағандарды алып қою жөніндегі қаулы
3.	Оқиғаның ашылуы: - Оқиғаның ашылуы туралы шешім қабылдау -бала құқығын қорғау жоспарын құру (БҚК) -БҚК жоспарын бекіту -Өкілетті қызметке ақпарат беру (ӨК)		1. ҚК фактісін тіркеу журналы 2. БҚК Жоспары
4.	ӨК оқиғаны беру: -куратор тағайындау -оқиға бойынша құжаттар пакетін кураторға беру (БҚК жоспары, қызметтік хат, тексеру актісі)		1.Куратор тағайындау туралы бұйрық 2. Болған оқиғаны тіркеу журналы 3. Отбасының есеп жүргізу картасы
5.	Отбасын оңалту жоспарын дайындау (баланы): -отбасылық төмен жағдайдың себебіне диагностика жасау (отбасы туралы ақпаратты жинау, отбасымен байланыс орнату, отбасы ресурстарын зерделеу) – 7 күн - Отбасын оңалту жоспарын дайындау (қызмет көрсету түрлерінің, нысандары мен тәсілдерінің, көмек құралдарының негізгі шараларын анықтау) – 21-30 күн - оңалту жоспарын үйлестіру кеңесіне ұсынуға дайындық		1. Әлеуметтік патронаж туралы шарт 2. Тексеру актісі 3. Оңалту жоспары

6.	Оңалту жоспарын үйлестіру кеңесінде келісу және бекіту: - Оңалту жоспарына сараптама жасау (3 айда 1 рет).		1.Отырыс хаттамасы 2.Бұйрық 3. Жоспардың орындалуын бақылау журналы
7.	Оңалту жоспарын орындау.		1. Оңалту жоспары
8.	Оңалту жоспарының орындалуын бақылау: -Оңалту жоспарының орындалуы жөнінде қалалық және аудандық қызметтерден ақпарат жинау -баланың жағдайына және дамуына мониторинг жүргізу -отбасын оңалту үдерісіне мониторинг жасау		
9.	Мониторинг нәтижесін бекіту: - БҚҚ жоспарына сәйкес оңалту үдерісіндегі мониторинг нәтижесін қарау (айына 1 рет) - мониторинг нәтижесін түзету және бекіту -отбасын оңалтудың жаңа жоспарларын келісуі -отбасымен (баламен)әрі қарай жұмыс жасау туралы шешім қабылдау		1.Отырыс хаттамасы.
10.	Оқиғаны жабу: -оқиғамен жұмысты жалғастыру немесе оны жабу туралы шешімді қабылдау -оңалтудың жаңа жоспарын бекіту		1. оқиғаны жабу туралы шешім 2. оңалту жоспары

Қиын өмірлік жағдайда жүрген балаларға көрсетілетін шұғыл көмектің аудандық мобилді тобы

Отбасыларына және балаларға әлеуметтік көмек көрсету мекемелері қызметтерінің тиімділігін арттыру мақсатында қадағалаусыз, қаңғыбастық және әлеуметтік жетімдік бағыттарының алдын алу жөнінде шұғыл көмек көрсететін аудандық мобилді топ (ШКМТ) құру қажет. Отбасыларға және балаларға әлеуметтік көмек көрсету мекемелерінің басшысы мекемеге бекітілген аумақта шұғыл әлеуметтік қызмет көрсету және консультативті әлеуметтік көмек түріндегі ШКМТ қызметін қамтамасыз етуі тиіс.

Консультативті әлеуметтік көмек қиын өмірлік жағдайда жүрген кәмелетке толмаған балалары бар отбасына әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі мекеме қызметінің нысандардың бірі болып табылады.

ШКМТ құрамы келесі мамандардан құралады:

- Әлеуметті педагог;
- Педагог-психолог;
- Логопед оқытушы;
- Педиатр дәрігері;
- Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
- Заң кеңесшісі;
- және өзге де мамандар.

ШКМТ мақсаты төменде көрсетілген міндеттерді шешуге және қиын өмірлік жағдайда жүрген кәмелетке толмаған балалары бар отбасына кеңестік әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған:

- қиын өмірлік жағдайда жүрген кәмелетке толмаған балаларды анықтау және қамқоршылық және қорғаншылық органдарына балалардың айтылған санаты туралы хабарлау;

- қиын өмірлік жағдайда жүрген кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларына кеңестік әлеуметтік көмек және әлеуметтік тез тегін қызмет көрсету;

- тұрмысы төмен отбасының, зорлық-зомбылықтың, бала қаңғыбастығының, қадағалаусыздығының және кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының алдын алу;

- қиын өмірлік жағдайда жүрген кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларына бір реттік сипаты бар кезек күттірмейтін көмек ұсыну түріндегі тез әлеуметтік қызмет көрсету;

- қиын өмірлік жағдайда жүрген кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларына әлеуметтік тұрмыстық және тіршілік әрекетіне әлеуметтік медициналық қызмет көрсету, психология-педагогикалық көмек түріндегі әлеуметтік құқықтық қорғаудың кеңестік әлеуметтік көмек көрсетуі.

ШКМТ қиын өмірлік жағдайда жүрген кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларын әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі келесі функцияларға ие болады:

- әрекет етуші заңнамада қарастырылған жеңілдіктер мен төлемдерді алуға ықпал ету;

- материалдық көмек ұсынуға ықпал ету;

- құжаттарды рәсімдеуге ықпал ету;

- балалармен әрі қарай жұмыс жасау үшін сәйкесті мекемеге балаларды бағыттауға ықпал ету;

-балаларға сауықтыру және демалу жөніндегі қызмет ұсынуға ықпал ету;

- әлеуметтік медициналық мәселелер бойынша кеңес беру (отбасын жоспарлау, тұрғын үй және тамақтану гигиенасы, жағымсыз әдеттер, психожыныстық даму және т.б.);
- балалар және жасөспірімдердің жас ерекшеліктері және дамуы, бала мен ата-ананың қатынасы бағытындағы мәселелер бойынша кеңес беру;
- әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру;
- әлеуметтік құқықтық мәселелер бойынша кеңес беру (азаматтық, тұрғын үй, отбасылық, еңбек, зейнеткерлік, қылмыстық заңнама, бала, әйел, әке, мүгедектер құқығы және т.б.);
- бала тұлғасына психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық диагностика.

ШКМТ алдына қойған міндеттеріне және мақсаттарына қол жеткізу үшін ШКМТ меншік нысанына және ведомстволық қатыстылығына тәуелсіз ұйымдар және мекемелер өзара әрекеттеседі. Олар қиын өмірлік жағдайда жүрген кәмелетке толмаған балалары бар отбасылар туралы қажетті ақпаратты тиімді жұмыс үшін өз күзiреттiлiгi шеңберiнде сұрайды.

ШКМТ келесі жауапкершілікке ие:

- мақсатқа қол жеткізу және қойылған міндеттерді жүзеге асыру;
- әрекет етуші заңнамамен қарастырылған нормаларды сақтамау;
- қиын өмірлік жағдайда жүрген кәмелетке толмаған балалары бар отбасылары туралы алынған мәліметті құпия ұстайды;
- қиын өмірлік жағдайда жүрген кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларына кеңестік әлеуметтік көмек және тез әлеуметтік қызмет көрсетудегі қабылданған шешім үшін.

Бақылау сұрақтары:

1. *Зорлық-зомбылықты басынан өткерген балалармен жұмыс жасаудың қандай қағидалары бар?*
2. *Зорлық-зомбылық құрбандарымен жұмыс жасауда пайдаланатын әдістер мен тәсілдерді суреттеңіздер.*
3. *Тұрмысы төмен отбасын ерте анықтау технологиялары қалай жұмыс жасайды?*
4. *Зорлық-зомбылық/қатыгездік белгілерін анықтау нәтижелері бойынша қызметті қалай және кім жүзеге асырады?*

4 бөлім.

Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қорғау жөніндегі жұмыс стандарттары¹⁰

Бала қауіпсіздігінің қамтамасыз ету және қорғау негізін білдіреді?

Бала қауіпсіздігінің қамтамасыз ету және қорғау «баланы қауіптен қорғау, мысалы, зорлық-зомбылықтан немесе жазатайым оқиғадан, аурудан қорғауды» білдіреді. «Қазақстан Республикасы Бала құқығы туралы» ҚР заңынан ұлттық заңнамаларда және мемлекеттік құжаттарда «бала қауіпсіздігін қорғау» түсінігінің толық жазылған анықтамасы жоқ. Алайда, барлық тартылған құрылымдар тарапынан, оның ішінде барлық балалардың қауіпсіздігі жөніндегі ҰЕҰ-дың шараларды қабылдауының объективті қажеттілігі бар. Бұл балалармен, жастармен және отбасылармен жұмыс жасайтын барлық құрылымдар бала амандығына қатысты тәуекелдерді азайту шараларын жүзеге асыруы тиіс, егер балалар мен жастар амандығына қатысты уайым пайда болған жағдайда, барлық жұмылдырылған құрылымдар проблемалық мәселелерді жою жөніндегі сәйкесті іс әрекетті әрекет етуші ұлттық саясатқа сәйкес және басқада органдармен және ұйымдармен тығыз әріптестікпен рәсімдерімен жүзеге асырады.

Халықаралық заңнамада отбасы баланы қорғауды қамтамасыз ету функциясын жүзеге асыруға мүмкіндігі болмаса немесе жүзеге асырғысы келемесе, онда мемлекет толық жауапкершілікті өз мойнына алады (бала құқығы туралы БҰҰ Конвенциясы, 1989 ж.). Алайда, кейбір елдерде ҰЕҰ отбасын қорғауды жүзеге асыруда маңызды роль атқарады.

Бала құқығын қамтамасыз етуде стандарттар не үшін қажет?

Бала құқығын қамтамасыз ету арқылы әр баланы қорғаудың ең төменгі деңгейдегі ролдерін және міндеттерін, сонымен қатар кепілдіктерін стандарттар арқылы жүзеге асырады. Бірақ стандарттар таза күйінде әртүрлі құрылымдар арасындағы ынтымақтастық үшін талаптар жасамайды, оны берілген стандарттарды жүзеге асыруға байланысты олардың бірлескен шешімдері мен келісімдері жасайды!

Стандарттар тәжірибелік қызметте біріктірілмесе бала құқығын қамтамасыз ете алмайды. Кеңес беру кезінде инспектордың қызметтері мен оқыту бағдарламаларының жүргізілгеніне байланысты тиімді саяси шешімдер мен құжаттар мысалдарының бар екені көзге көрініп тұрды, бірақ оларды тәжірибеде іске асыру анық ұсынылмаған.

Баланы қорғау жүйесінде әрбір құрылым өз орнын алады, ал стандарттар көбіне көрсетілген қызметтің бірігіуін және жүйелілігін қамтамасыз ету үшін байланыстырушы буын ретінде болады. Тек балаларға ұсынатын қызмет көрсету кешенін құру арқылы қауіпті жағдайдың алдын алу үшін қажетті қызмет көрсетуді ұсына аламыз. Баланы қорғау тиімді жұмыс жасау мүмкіндігі бар жүйені ұсынуы тиіс. Көптеген факторлардың тәуекел деңгейі балаларға әсер етеді, сондықтан оны жоюға сәйкесті шараларды анықтауы және қолдануы керек. Шаралар үш деңгейде жүзеге асады:

- алдын алу (күшті қауіп тәуекеліндегі балалар мен әлсіз балаларды анықтау);

¹⁰ 2005 жылы «Қазақстанның дағдарыс орталығы одағы» ЗТБ дайындаған

- интервенция немесе араласу (күшті қауіп тәуекеліндегі немесе күшті қауіп тәуекелі болу мүмкін жағдайында баланы қорғау жөніндегі шараларды қолдану);
- оңалту (балаларда сенімділігін және өзінің ар намысын қолдау үшін күшті қауіп тәуекеліндегі балаларға оңалту көмегі немесе отбасын оңалту).

Бұл стандарттар кімге арналған?

Стандарттар балаларды қорғау жөніндегі дағдарыс орталығының жұмысына тікелей арналған, бірақ ол балалар мен жастар қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметін жетілдіру үшін негіз ретінде басқа ұйымдар қызметіне теңдей қолдануға арналған. Стандарттар тікелей тек балалар мен жастар жұмысына қатысты. Отбасының басқа мүшелерімен жұмыс үшін дағдарыс орталықтары ұқсас стандарттарды дайындауы тиіс.

Аталған стандарттар балалар мен жастар қажеттіліктеріне сәйкес болуы және баланы қорғау жөніндегі тікелей қызметке әсер етуі тиіс.

Алты негізгі нәтижелер

Стандарттар нәтижеге жұмыс жасауы тиіс. Осылайша балалар мен жастарды қорғау және оңалту жөніндегі қызмет көрсетудің аса жоғарғы сапасын қамтамасыз етуі тиіс, ал нәтижесінде өмірде болатын көп мүмкіндіктерге ие болады. Дағдарыс орталығы ассоциациясының мүшелерімен жүргізілген кеңес беру кезінде бірінші орынға жүргізілген қызмет арқылы жетістікке жетуге ұмтылатын алты негізгі нәтиже шықты.

Дағдарыс орталықтары балалар келесіге қол жету үшін мына жұмыстарды жасауы тиіс:

1. қорғалуы,
2. білім алуы және бос уақытын ұйымдастыруы,
3. ересек өмірге дайын болуы,
4. отбасында өсуі,
5. дені сау болуы,
6. экономикалық игіліктерге қол жеткізуі.

1 негізгі нәтиже қорғалуы

Дағдарыс орталығы жұмысының негізгі нәтижесі баланы қорғауды қамтамасыз ету ретінде анықталды. Бұл балалар мыналардан қорғалуы тиісі екендігін білдіреді:

- нашар және кемсітіп қарау, зорлық-зомбылық және жыныстық пайдалану;
- әлімжеттік көрсету және дискриминация;
- мектепте және одан тыс қылмыс жасау.

Барлық балалар қауіпсіздікте және тұрақтылықта болып және сәйкесті қамқорлықта болуы керек. Дағдарыс орталықтары отбасындағы қауіпсіздіктің туындауы және сақталуы, сонымен қатар отбасындағы тұрақтылықтың сақталуы үшін ата-аналарға, қамқоршыларға және отбасыларына қолдау көрсетеді.

2 негізгі нәтиже. Білім алуы және бос уақытын ұйымдастыруы

Бұл балалар мектепке баруға дайын болуы, мектеп жасындағы балалардың сабаққа баруы, балалар мен жастар білім алу стандарттарына қол жеткізуі, ал ата-аналар мен қамқоршылары балаларына оқуы және дамуы үшін жағдай жасауы, балалар мен жастар

жеке және әлеуметтік бағытта дамуы және ойын сауықтыру мүмкіндіктерін иеленуі керектігін білдіреді.

3 негізгі нәтиже. Ересек өмірге дайын болуы

Бұл балалар мен жастардың қауымдастық істерінде шешім қабылдауын және өз үлестерін қосатынын, заңға бағынатынын және мектепте не одан тыс жерлерде жақсы жүріс тұрысты иеленетіндігін, қорлауға және дискриминацияға қарсы таңдауды саналы түрде жасайтынын және тілектестік қарым-қатынасты білдіреді. Сонымен қатар, біз, ата-аналары мен қамқоршыларына және отбасыларына жағымды жүріс тұрысты қолдануларына көмек көрсеткіміз келеді.

4 негізгі нәтиже. Отбасында өсуі

Бұл балалардың өз отбасында тәрбеленуі құқығын, сонымен қатар отбасында сүйіспеншілікке, қамқорлыққа бөленуін және қорғауда болуын білдіреді. Егер балалар сүйіспеншілікке, қамқорлыққа бөленбесе және қорғауда болмаса онда осы функцияны орындау үшін қызмет көрсетілу және қолдау ұсынылуы керек. Тек, тіпті баланы қолдау қызметін көрсеткеніні өзінде баланың амандығын қамтамасыз ете алмаған жағдайда, бала отбасынан ажыратылады.

5 негізгі нәтиже. Дені сау болуы

Бұл сәбилердің, өмірлерінде салауатты өмір салтын ұстанып, тиым салынған наркотикалық құралдарды қолдануға қарсы саналы таңдау жасай алатын сәбилердің, балалардың және жасөспірімдердің жақсы физиологиялық, ақыл ой, психологиялық және жыныстық сау болуын білдіреді.

Сонымен қатар, біз, ата - аналары мен қамқоршыларына және отбасыларына салауатты өмір салтын ұстануын таңдауына көмек көрсеткіміз келеді.

6 негізгі нәтиже. Экономикалық игіліктерге қол жеткізуі

Бұл жас адамдардың білім алуды жалғастыруға, еңбекпен қамтылуға немесе мектепті аяқтағаны бойынша кәсіби білім алуға және еңбек қызметіне тұруға қол жеткізуді, сәбилер, балалар және жасөспірімдер өмір сүруге жеткілікті жағдай иеленуді, тұрақты қауымдастықта өмір сүруді, материалдық игіліктерді, көліктерді иеленуді, кедейлік шеңберінен тыс отбасыларында өмір сүруді білдіреді.

Сонымен қатар, біз, ата-аналарына, қамқоршыларына және отбасыларына экономикалық белсенді болуға көмек көрсеткіміз келеді.

Жоғарыда көрсетілген негізгі нәтижелер стандарттар үшін негізді құрайды және сол арқылы осы нәтижелердің табысты қолжеткізілуін қамтамасыз етеді.

Дағдарыс орталығы жұмыстарының стандарттары

1. Стандарттарды суреттеудің барлық кезеңінде дағдарыс орталықтарының қызметкерлері мен басшылары топтарынан тұратын «дағдарыс орталығы» түсінігі пайдаланатын болады. Бұл орталықтар көмекті қажет ететін балалармен жұмыста жауапкершілікті орындайтын ұйымдардан тәуелсіз жұмыс жасап, олармен міндетті түрде тығыз байланыс орнатады.

2. Көрсетілген стандарттар тізімі соңғы болып табылмайды, тек есептеу нүктесі ретінде қарастырады. Өз қызметтерінде стандарттарды ұстанатын ұйымдар оларған түзетулен енгізе алады.

3. Балалар және жас адамдар кеңес беру кезінде аталған стандарттарды дайындауға және келесі негізгі қағидаларды енгізуге:

- Қызметкерлер бірінші кезекте баланы үздік мүдделермен қамтамасыз ету;
- Қызметкерлер балалар мен жасөспірімдерді тұлға ретінде құрметтеп және бағалауы және заңсыз дискриминацияның қандай да бір нысанына жол бермеу;
- Қызметкерлер балалар мен жасөспірімдерге олардың жағдайы жөнінде олар өз пікірлерін айта алатындай, және мүмкіндігінше олардың мүддесін қозғайтын шешім қабылдайтын жағдайда таңдай білетіндей қылып түсіндіруі тиіс;
- Қызметкерлер балалар мен жасөспірімдер өздерін мазалайтын мәселелері мен проблемаларын көтеруіне жағдай тудыруы керек. Осы арқылы ресми және бейресми өтініштерді беру мүмкіндігі бар.

Баланы қорғау - құқықтық негіз

Стандарттар 1989ж.қабылданған бала құқығы туралы БҰҰ Конвенциясына негізделген. Конвенцияда баланың физиологиялық, ой өрістік, психологиялық, әлеуметтік және жүріс тұрысына әсер ету мен кепілдік жөніндегі шаралар кең түрде қарастырылған. Бір сөзбен айтқанда, Конвенция балалар тек ересектердің болашағын емес, оларға қолдау және көмек көрсететін әрекет етуші құрылымдардың қажет екендігін, сонымен қатар өз пікірлерін білдіретін, шешім қабылдау үдерісіне әсер ететін және қатысатын адамдардың да қажет екендігін көрсетеді.

1 Стандарт: Дағдарыс орталықтары балалар мен жас адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауы тиіс, ал олардың қызметі балалар мен жас адамдардың пікіріне және тілегіне негізделуі тиіс.

«...біз тіпті кішкентаймыз, және егер біз ұйымға өтінсек, бізді байыпты қабылдамайды» - Али, 15 жас, Талдықорған қ.

Неліктен бұл стандарт маңызды. Дағдарыс орталықтары басқа құрылымдарға қарағанда балалар мен жастардың ересектермен өзара әрекет ететін балаларға бірегей қызметтер ұсыну мүмкіндігі бар. Орталық мамандары балалар мен жас адамдардың пікірлерінің тыңдалуына және есепке алуына жағдай жасауы тиіс. Бұл балалар мен жастарды қорғау жүйесінің дәні болып табылады. Қазіргі кезеңде Қазақстанда балалар мен жас адамдар өз қажеттіліктері мен проблемаларына сәйкес жауап беретін шараларды қабылдап және олардың игілігі үшін қызмет жасайтын сәйкесті қызметтер аса жетіспейді деп есептейтіні көзге көрініп тұр. Балалар мен жас адамдар «олардың пікірлерімен санаспайтындығын» айтады және «жүйе бізді тыңдамайды және қорғамайды» деп есептейді, - Таня, 13 жас, Астана қ.

Аталған стандартты қалай қамтамасыз ету керек?

1.1 Балалар мен жас адамдар көмек және қолдаумен қамтамасыз ету жөнінде қалай өтініш білдірсе, сондай дәрежеде қамтамасыз етілуі тиіс. Әйтеуір, балалар мен жас адамдардың өздері, ересек адамдар біз үшін қашан жасайды деп күтпей өздері өтініш жасай алғаны маңызды.

1.2 Сәби және жас адам үдерісте тең серіктес болуы тиіс. Балалармен жұмыс жасайтын маман баладан/жас адамнан өз пікірін сұрауы тиіс, содан кейін олар бірігіп әрекет етеді және интервенция жоспарын дайындайды. Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары мен қажеттіліктеріне ерекше назар аударылуы тиіс.

1.3 Мамандар ешуақытта өз пікірін білдіретін балалар мен жас адамдардың қабілеті бағытында болжам жасамауы керек. Дағдарыс орталықтары қызметкерлерінің мақсаты – олардың пікірлері мен ойларын білу. Баламен және жас адаммен тығыз байланыс орнату үшін уақыт және белгілі бір күш жігер қажет болады. Тек бала және жас адам келісімімен ғана және жағдайға тәуелді ата-анасына, қорғаншысына, әжесі мен атасына, ағалары мен апаларына, сонымен қатар жақсы достарына пікірлесу мақсатында хабарласуға болады.

1.4 Дағдарыс орталықтары қызметкерлері бала және жас адамға барлық қажетті ақпараттарды ұсынуға және олар ақпаратқа сілтеме жасап шешім шығаруға мүмкіндік беретіндей ақпаратты меңгеруге және түсіндіріп беруге тиіс.

1.5 Дағдарыс орталықтары қызметкерлері балалар мен жас адамдарға өз пікірлерін еркін және тікелей айту үшін жағдай жасау. Бала немесе жас адам бұл үдеріске қалай қатысатындығын өзі анықтайды. Кейбіреуі өз ойын өзі айта алуы мүмкін, ал кейбірі өздері үшін қызметкердің жасағанын артық көреді. Қызметші өз ойын балаға және жас адамға жабыстырмай, олардың пікірлерін өздерінің тілімен айтады. Қызметкер басқа ересектер сондай қылып жасауға ықпал етеді.

1.6 Дағдарыс орталықтары «ашық» қызмет ұсынуы тиіс –оларда бар немесе олармен қабылданған ақпараттар балалар мен жастар үшін құпия болып қалмауын кепілдендіреді.

1.7 Қызметшілер балалар мен жас адамдардың пікірлері мен тілектердің естілуіне, түсінікті болуына және тікелей оларды қозғайтын шешім қабылдау кезінде есепке алуға жағдай туғызуы керек.

1.8 Шешім қабылдайтын тарап, балаға және жас адамға олардың мүдделерін қозғайтын қандай да бір шешімнің не себептен немесе не үшін қабылданғанын түсіндіруге міндетті (мысалы, отбасы істері жөніндегі сот). Дағдарыс орталықтарының қызметкерлері балаларға және жас адамдарға ақпараттарды жеткізуге тиісті, және олардың осы ақпаратты, оның ішінде ниеттеріне сәйкес келмейтін шешімдердің түсіндірілуін қамтамасыз етуі тиіс. Дағдарыс орталықтарының қызметкерлері түсіндірме шараларын есепке алуы тиіс, ал балалар мен жас адамдар осы жазбаға қолжеткізу құқығын иеленуі керек.

2 Стандарт: Дағдарыс орталықтары балалар мен жас адамдар құқықтары мен қажеттіліктерін қорғауы тиіс.

«...әрине, егер қалада осындай ұйым болса, көмек алу мақсатында рақаттанып өтініш жасар едім, ересектер көмегіңіз өз проблемаларыңды шешу өте жақсы болар еді» - Рустам, 16 жас, Талдықорған қ.

«...неліктен ересектерде ғана адвокаттар мен психологтар бар, қиын жағдайда бізде осындай мамандарға жүгінгіміз келеді!!!» - Юлия, 14 жас, г. Талдықорған.

Неліктен бұл стандарт маңызды?

Балалар қызметінің табысты жұмыс жасауының кілті болып әрбір жеке бала мен жас адамның құқықтарымен қамтамасыз ету табылады. Дағдарыс орталықтары балалар мен жас адамдардың құқықтарын жылжытуда өз тәжірибелері мен білімдеріне негізделіп, маңызды орын алады. Балалар мен жастар көп жағдайда өз құқықтарын білмейді, білген күннің өзінде бұл құқықтарды қалай жүзеге асыруы керектігін елестете алмайды.

Аталған стандартты қалай қамтамасыз етеді?

2.1 Орталықтарда, сонымен қатар, олардың қызметкерлерінде балалар мен жас адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және жылжытудың анық мақсаты бар. Дағдарыс орталықтарында бала құқықтарына байланысты заңнама және құжаттар бойынша материалдар болуы керек. Бала құқығы жөніндегі БҰҰ Конвенциясы туралы (1989ж.) ақпараттардан құралған қабырға құрылымы болуы тиіс, ал жас адамдар, олардың отбасылары және өзге де ұйымдар өздерінің түсінікті тілдерінде жазылған конвенция жөнінде көбейтілген материалдарға қолжетімділігі болуы тиіс.

2.2 Жағдайға байланысты балалар мен жас адамдарды заңгерлерге және өзге де мамандарға кеңес алуға жібереді. Дағдарыс орталықтары мұндай бағыттардың тізімін жасайды және сапалы қызмет ұсынатын заңгерлер мен өзге де сарапшыларды табу бойынша белсенді шараларды жүргізеді.

2.3 Дағдарыс орталықтары өңірлерді балаларға қызмет көрсететін қызметтер тізімдерін жүргізуі тиіс. Тізімде ұйым атауы, байланыс мәлеметтері және байланысатын тұлға, өтініш жасау рәсімі және аталған ұйымның балалармен және жас адамдармен жасаған қызметінің қысқаша сипаты, көрсетілген қызмет түрлері жазылуы тиіс. Балалар, жас адамдар, олардың отбасылары және басқа ұйымдар аталған реестр туралы ақпараттар алуға тиіс.

2.4 Орталықтар балалар мен жас адамдарды өз көзқарастары мен пікірлерін тікелей шешім қабылдайтын тұлға алдында айтуға үйрету керек. Бұл, мысалы, байланыс машықтарына оқыту, дем беру, сөйлеу дайындығына көмек беру. Балалардың өтініші бойынша бейресми тетікті пайдалануға, сонымен қатар құрдастары арқылы адвокати тәсіліне оқытуға болады.

2.6 Бар мүмкіндігінше Орталықтар балалар және жас адамдар өміріне жағымды әсер ететін өзгерістерге және жауапты тұлғаларға басқа бағытта жағымды өзгерістерге таралым жасауға үндеуге ықпал жасауы, сонымен қатар мұндай өзгерістер туралы кең жұртшылықты хабарландыруға тиіс. Орталықтар осындай шараларды жүргізуге балалар мен жас адамдарды тартуға тиіс.

2.7 Дағдарыс орталықтары балалар мен жас адамдар құқықтарын қорғауға қатысты олардың мақсаттарын бөлісетін өзге де тұлғалармен және ұйымдармен тығыз әріптестікте жұмыс жасауы тиіс. Дағдарыс орталықтары күн тәртібінде жас адамдардың қажеттіліктер және мұқтаждықтарын қорғау, сонымен қатар, әріптестік туралы бірлескен хаттама және келісімдер дайындау, және анықталған проблемаларды шешу үшін жағдай жасау қарастырылған баланы қорғау жөніндегі ведомстваралық топтарды ұйымдастыру.

2.8 Дағдарыс орталықтары консультациялар жүргізеді және жас адамдардың қажеттіліктеріндегі және проблемаларындағы өзгерістерді есептеу үшін жас адамдармен үнемі байланыста болады.

2.9 Дағдарыс орталықтары балалар мен жас адамдарды қорғауда құқықтар мен қажеттіліктер тақырыбы бойынша семинарлар мен тренингтер өткізеді.

3 Стандарт: Барлық дағдарыс орталықтары барлық балалардың теңдігін белгілеуге, және мүмкіндіктерінің шектелуіне, жасына, ұлтына, жынысына, нәсіліне, мәдениетіне, дініне, тіліне, жыныстық белгісіне немесе қандай да бір мемлекетке жататындығы негізінде балаларды бейдискриминациялау пәніне ұсынылған қызметтерге мониторинг жасауы анық өңделген қағидаларға негізделіп жұмыс жасайды.

Бұл стандарт неліктен маңызды?

Барлық бала және жас адамдар жеке дара, сондықтанда олармен жұмыс жасаудың анық бір әдісі жоқ, бұл жерде «барлығына бір өлшем» қағидасы жұмыс жасамайды. Әрбір баламен және жас адаммен жұмыс жасау әділеттілік, теңдік және құрметтеу қағидаларына негізделуі тиіс.

Аталған стандартты қалай қамтамасыз ету керек?

3.1. Көрсетілетін қызмет туралы ақпарат қол жетімді және түсінікті әдіспен балалар және жас адамдар жиі болатын орындарда таралуы тиіс. Кейбір жағдайда, балалардың ана тіліне (қазақ, қырғыз және т.б.), Брэль тіліне, аудио және бейне тасымалдарына жазуға (қатынас каналдары сөздерінен тамаша пайдаланатын балалар және жас адамдар үшін пайдалы болуы мүмкін), өте кішкентай балалар үшін суреттері бар кітаптарды шығаруға, Макатон немес Блисс әдістерін пайдалануға және т.б. ақпараттық және басқа материалдарды аударуға тура келеді.

3.2. Мүмкіндігі шектеулі балалармен, сонымен қатар аз ұлттан, әсіресе ерекше оқшауланған және аса осал тобынан шыққан балалармен және жас адамдармен байланыс орнату жөніндегі белсенді шаралар қабылданады.

3.3. Барлық балалар және жас адамдар физиологиялық және ойлау қабілетіне, жасына, ұлтына, жынысына, нәсіліне, мәдениетіне, дініне, тіліне, жыныстық белгісіне немесе қандай да бір мемлекетке жататындығына тәуелсіз дағдарыс орталығына еркін бару және оның қызметіне қатысу мүмкіндігі бар. Бұл, мысалы, егер балалар және жас адамдар дағдарыс орталығына келе алмаса, онда орталық қызметкерлері олардың көрсеткен жерінде жұмыс жасауға тиіс (бұл мектеп, жастар клубы, кафе және т.б.).

3.4. Балалар қандай да бір жағдайға сәйкесті сөзді және сөйлемді өздері таңдау мүмкіндігін иеленуі тиіс. Осылайша, бала сөйлеудің тиімділігін және тиесілі өкілеттілігін, құрметтелуін қамтамасыз етеді.

3.5. Мүмкіндігі шектеулі, оның ішінде жасына байланысты ең кіші, көптеген және ой жетіспеушілігі бар балалар мен жас адамдардың байланыс қажеттілігіне ерекше көңіл аударылуы керек. Кейбір балалар және жас адамдар ұтқыр да, тапқыр тәсілді, оның ішінде жаңа технологиялар мен мультимедиялық құралдарды, сонымен қатар жазбаша қатынасты таңдап алуы қажет. Кейбір балалармен сөйлесу үшін оқыған персонал керек, өйткені олардың не айтқанын түсінуі қажет.

3.6. Әрекетті қабылдау туралы ноталар және балалар мен жас адамдар жиналысының хаттамасы олардың белсенді қатысуын көрсетеді.

3.7. Қызметті жетілдіру бойынша балалар мен жас адамдардың пікірін анықтау кезінде қызметті пайдаланатындар арасында пікірдің репрезентативтілігін қамтамасыз ету қажет.

3.8. Қызметтерде сәйкес біліктілігі бар және көрсетілген қызметті пайдаланатын әртүрлі балалармен және жас адамдармен жұмыс өтілі бар кәсіби мамандар жұмыс жасайды. Мамандар әртүрлі жастағы, жыныстағы, ұлты бар, тілі және физиологиялық және ойлау мүмкіндігі бар балалармен жұмыс жасай алуы керек.

3.9. Сырттан келген немесе жергілікті тренерлармен дағдарыс орталығы қызметкерлері үшін ұйымдастырылатын оқыту тең мүмкіндіктер сияқты тақырыптарды, оның ішінде босқын және қайыршы балалардың саяси панасына саясаткерлердің әсері, мүмкіндігі шектеулі, ерекше осалдығы бар, ерекше қорғалуды қажет ететін балалар мен жас адамдарды (әсіресе ең кішкентай және толық байланысқа шыға алмайтындарды) қамтиды.

4 Стандарт: Дағдарыс орталықтарындағы ақпарат халықтың көп бөлігіне қолжетімді және түсінікті болуы тиіс.

Бұл стандарт неліктен маңызды?

Дағдарыс орталығы көмектесе алатын әрбір бала оның жүзеге асуы туралы білуі және оған еркін қолжетімді болуы керек. Жүргізілген консультациялар балаларға арналған көптеген қызмет көрсетулер осындай қызметті қажет ететін балаларға жетпейді. Көрсетілетін мысал, – Қазақстанда әрекет ететін шұғыл желілердың (телефон қызметтері) саны көп болғанымен, бірақ олардың көпшілігі қоңыраудың шектелген сандарын иеленеді. Балаларға сұрақ қойған кезде, көпшілігі олар туралы білмейтіндерін немесе олардың жұмыс жасайтынын білгеніменен, олардың қалай көмек беретіндері туралы білмейтіндігі жөнінде жауап берген. Көптеген балалар қызметі толық қуатта жұмыс жасамайды, тек ресурстары орынсыз жұмсалады, ал балаларда бұрынғыша көптеген проблемалар бар.

Аталған стандартты қалай қамтамасыз ету керек?

4.1 Балалар және жас адамдар аталған стандартты қалай қамтамасыз ету керек екенін бәрінен де жақсы біледі, сондықтан да дағдарыс орталықтары әртүрлі жастағы балалар мен жастар үшін жарнамалық-ақпараттық материалдардың тиімділігі мен қолжетімділігін және мүмкіндіктерін қамтамасыз етуде оларға пікірлер мен кеңестер алу үшін баруы тиіс.

4.2 Дағдарыс орталығының қызметі туралы ақпараттар, атап айтқанда қандай қызметтер көрсетілетіндігі, не көрсетілмейтіндігі, оның байланыс мәлеметтері кең түрде таралымды және қолжетімді болуы керек. Мысалы, сәйкесті шұғыл желілер мемлекеттік құрылымдар немесе басқа ұйымдар шеңберінде ұйымдастырылуы мүмкін, сондықтан да сіздің қызметіңіз жеке жұмыс жасайтындығы туралы анық көрсетілуі керек.

4.3 Мүмкіндігіне сәйкес дағдарыс орталықтарының қызметі қолайлы, қауіпсіз және жеңіл дағдарыс орталықтарының қызметкерлері өз жұмыстарын тиімді атқаруға болатын қолжетімді орындарда жасауы керек. Қорғалатын балалар және жас адамдардың өздері жүгіне алмайтын қандай да бір себептерге қатыссыз, қызметке қол жеткізу мүмкіндіктеріне ие болуы тиіс. Бұл полиция бөлімдерінің, мектептің, балалар үйлерінің негізінде көмек берілуі тиіс дегенді білдіреді. Қызметкерлер өздігінен келе алмайтын балаларға көмек қолын созуы тиіс. Консультация беру кезінде қызметкерлер жеке қауіпсіздік себебінен балалардың үйіне бару жөніндегі пікірге салқын қабақ танытты. Балалар өздері орталыққа жүгіне алмайтын жағдайда, балалармен жұмыс жасайтын жалғыз мүмкін болатын орын оның үйі болып табылады, сондықтан да, полициямен бірлескен тәжірибе, оның ішінде жұмыстың бірлескен хаттамасы дайындалуы тиіс. Егер дағдарыс орталығының қызметкері үшін тұспалданған тәуекел өте жоғары, ал бала өз

үйінде оқшауланса және оның проблемалары шешілмесе, ақпарат баланы қорғау жөніндегі мемлекеттік органға беріліп, көмек туралы жедел сұраным жасалады.

4.4 Қызмет балалар мен жас адамдар үшін аса қолайлы кесте жасалып, соған сәйкес жұмыс жасауы тиіс, әдетте бұл мектептен кейін және демалыс күндері болып табылады. Егер қызметте тәулік бойы қызмет жасайтын қызметкерлер саны жеткіліксіз болса, онда көмек үшін қайда жүгінуге болатыны, оның ішінде басқа тұлғалар/ұйымдар туралы ақпараттар, сонымен қатар, қандай мерзім ішінде олардан көмек алуға болатыны туралы ақпараттар орналастырылған автоматты түрдегі жауап беру болуы тиіс. Балаға берілетін жауап шараларының арнайы кестесі дайындалады, оны кейін қызметкермен талқылауы мүмкін.

4.5 Қызметкерлер балалар және жас адамдар жүгінетін барлық жұмылдырылған ересектер мен құрылымдарға - оқытушыларға, әлеуметтік жұмысшыларға, дәрігерлерге, жатақхана қызметкерлеріне, патронаттық тәрбиешіге, діни көшбасшыларға, консультациялық орталықтары жұмысшыларына және жастармен жұмыс жөніндегі мамандарға төмендегі шараларды орындауға мүмкіндік туғызады:

- балалар мен жастарды өз қызметтері мен қызмет көрсетулері туралы ақпараттандырады;
- осы қызметтерге барып жүруді ынталандырады;
- оларға өз қызметтерімен байланысуға көмек береді.

4.6 Мемлекеттік органдар және өзге де ұйымдар балалар мен жас адамдарды қорғау үдерісінің барлық кезеңдерінде дағдарыс орталықтарына қолжетімділікті қамтамасыз етуі тиіс. Бұл балалар мен жастар үшін қызмет көрсету кешенділігін қамтамасыз ететін ведомстваралық өзара әрекет рәсімін талап етеді.

Стандарт 5: Дағдарыс орталықтары балалар қажеттіліктеріне сәйкес болуы және көмек ұсынуы және жүгіну мерзімінен кейін аз уақытта кеңес беруге тиіс.

Бұл стандарт неліктен маңызды?

Ұйымның негізгі қағидаларының нәтижелі болуға ұмтылысын тиімділік пен уақыттылық деп атаймыз. Бұл, әсіресе балалардың дағдарыс жағдайындағы кезеңінде маңызды. Қандай да себептерге байланыссыз кешеуілдету және кідіріс жасау қызметке деген сенімді азайтады. Бұл, сонымен қатар, баланың амандығына да әсер етеді. Балаларда уақытқа деген көзқарасы өзгеше болғандықтан, ересектер мен қызметтер аз уақыт аралығында оған әсер етуі керек.

Аталған стандартты қалай қамтамасыз ету керек?

5.1 Көмекті қажет ететін кез келген балаға және жас адамға аз уақыт ішінде қызметтер ұсынуы керек. Дағдарыс орталығының балалары мен жас адамдары атынан қабылдаған әрбір әрекеті орындалудың нақты және анық кестесін иеленуі тиіс. Егер ол мерзімінде орындалмаса, балаға бұл туралы хабарлауы тиіс.

5.2 Дағдарыс орталығының қызметкері мен баланың әрбір кездесуі соңынан келесі іс әрекеттің жоспарын дайындауы керек. Баланы тұрақты түрде оны ұмыт қалдырғанын сезінбеу үшін істің мән жайы жөнінде айтып отырады.

5.3 Егер қандай да бір себептерге байланысты көмек көрсете алмаса, онда балаға немесе жас адамға тағы басқа жүгіне алатын жерлерді айтады.

5.4 Қызметке жүгінген барлық балалар мен жас адамдар оның құпиялылығы жөнінде жазбаша және ауызша хабардар етіледі.

6 Стандарт: дағдарыс орталықтары балалар мен жас адамдарға зорлық-зомбылықтың алдын алуға және менсінбеушілікке бағытталған қызмет көрсетудің тиімді және сапалы жиынтықтарын ұсынуы, дағдарыс жағдайындағы балалар мен жас адамдарды оңалтуды жүзеге асыруы және шешім қабылдау жөніндегі тиімді шараларды қабылдауы тиіс.

Бұл стандарт неліктен маңызды?

Консультация балалармен және жастармен жұмыс кезінде интервенцияның шектелген санын пайдаланатынын көрсетті. Атап айтқанда, кейде көмек берудің басқа тәсілдерін қолдану тиімді болатынын қарамастан, көбіне «жеке дара психологиялық» тәсіл жиі қолданады. Егер дағдарыс орталықтары балалар мен жас адамдарға көмектің нақты және инновациялық тәсілін ұсына алмаса, онда олар балалар үшін қызмет көрсетудің жоғары сапасымен және үздік мүмкіндіктерімен қамтамасыз ете алмайды.

Аталған стандартты қалай қамтамасыз ету керек?

6.1 Дағдарыс орталықтары кіммен жұмыс жасайтынын, олардың қандай мәселелер бойынша, қандай тәсіл көмегімен және қандай мерзім бойы клиенттарды тартатындығына қатысты анық белгілермен дайындауы керек.¹¹

6.2 Дағдарыс орталықтары басқа агенттіктермен бірлесіп, жүгіну жүйесін және әсер ету мерзімін бекітуді дайындауы тиіс (мектептер, ішкі істер департаментінің инспекторлары, ҰЕҰ, ата-аналар).

6.3 Дағдарыс орталықтары «зорлық-зомбылық» және «менсінбеушілік» ұғымдарының нақты анықтамасын беруі және баланың дағдарыста жүрген немесе бас тартқан жағдайында қабылдайтын шаралар үшін ведомствоаралық хаттамалар дайындауы тиіс. Дағдарыс орталықтары зорлық-зомбылық және менсінбеушілік жағдайын анықтау бағасының тетігін анықтауы тиіс.

6.4 Дағдарыс орталықтары нақты немесе әлеуетті қорғауды қажет ететін балалар мен жас адамдарды оңалтуға және көмек көрсетуге, алдын алуға бағытталған қызмет көрсету жиынтығымен қамтамасыз ету керек. Мұндай қызмет көрсетулер Хардикер бойынша тәуекелдердің қысқаруына, Моделиге негізделуі тиіс.

Қызметтер келесілерден тұрады:

Алдын алу шаралары

- Жалпы ақпаратпен тарату: жариялымдар, брошюралар, ақпараттық іс шаралар және жастар үшін мектептердегі семинарлар, радио сұқпаттар, газет мақалалары, жастар үшін шұғыл желі.

¹¹ Консультанттың кеңесі бойынша дағдарыс орталықтары он сегіз жасқа дейінгі балалармен жұмыс жасайды, балалардың отбасылармен, мектеппен, инспекторлармен, өзгеде ҰЕҰ бірге жүгінудің анық рәсімін дайындады. Олар балаларға қатысты зорлық-зомбылық және ескермеу мәселелері бойынша мамандануы тиіс. Дағдарыс орталықтарының жас адамдармен қысқа мерзімді (3-6 ай аралығы) негізде жұмыс жасағаны, дағдарыстық араласу әдісін қолданғаны және өз жұмысына басқа қызметті тартқаны жақсы болар еді.

- Жас адамдар кездесуін ұйымдастыру: жастар кафесі, дөңгелек үстел, семинарлар, конференциялар.

Көмек шаралары

- Жеке көмек бағдарламалары, оның ішінде психологиялық көмек, бірақ негізгі екпін проблеманы анықтауға, көмек шараларын және әрекет ету жоспарын дайындауға, үдерісті қолдауға және бақылауға түседі. Бұл жұмыс негізінен балалармен және жас адамдармен әңгімелесуден, оларға жағдайды түсіндіруден, отбасы мүшелерін, мектеп жұмысшыларын және басқа да агенттіктерді тарту арқылы көмектің сенімді стратегиясын дайындаудан тұрады.
- Ведомствоаралық көмек/бағалау бағдарламалары. Кейбір жағдайларда, дағдарыс орталықтары балалардың қажеттіліктерімен және олардың проблемаларын шешумен толық қамтамасыз ете алмайды. Ол үшін медициналық құрылымдармен, мектеппен, полициямен, ювеналды қызметтермен, наркотиктік және ішімдіктен тәуелділіктен емдеу жөніндегі қызметтермен айналысатын құрылымдардан әріптестікті қажет етеді. Осыған байланысты ведомствоаралық көмек бағдарламаларды және жоспарларды дайындауы керек. Дағдарыс орталықтары осындай әріптестік барысында басқа агенттіктер қол қойған әрекет ету бағдарламалары мен міндеттерін құжаттарға енгізіп, анық белгіленген қызметін орындауы тиіс.
- Балалармен жұмыс кезінде, мысалы, өздері зорлық – зомбылыққа ұшырағандармен немесе сондай көрністі көргендермен, тиімді құрал болып өзіне өзі сенімді болатын, оқиғаның ауыртпалығын көтеретін, жеке сәйкестендіру, дұшпандық сезім, өкпелеу және бақыт мәселелерін қарайтын бағдарламаларды дайындауға негіз болуы тиіс топтық жұмыс болып табылуы мүмкін. Топтық жұмыс жас адамдармен жұмыс жасау барысында тиімді болады, өйткені олар өз проблемаларымен жападан жалғыз қалмайтынын сезінеді. Бірақ топтық жұмысты құрылымдай отырып, әрбір жеке бала үшін қосымша тегіктері болуы тиіс.
- Отбасымен жұмыс отбасының барлық мүшелерін қатыстыруды жоспарлайды, өйткені ата-ана болудың қалай екендігі, отбасы ішіндегі қатынастар, рольдер, міндеттемелер, есеңгіреу, отбасын қолдау жоспарларын дайындау арқылы қызмет жасау арқылы отбасы барлық мүшелерінің қорғалуын көрсетеді.
- Балаларды қорғауды қамтамасыз етудің тиімді әдісі болып ата-аналарға арналған курстар мен семинарлар өтуі мүмкін. Баланы қорғау және көмек беру үшін кейде балалармен байланысы бар ересектермен жұмыс жасау қажет. Курс шеңберінде ата-аналар үшін «Жағымды жүріс тұрысты дамытамыз», «Еметін және кішкентай балалардың қажеттіліктерін қалай қамтамасыз ету керек», «Баланың даму қағидалары», «Зорлық-зомбылыққа ұшыраған баланы көмектесу» тақырыптары бойынша талқылауға болады. Сонымен қатар, курс бағдарламасына келесі тақырыптар бойынша семинарлар енгізу қажет «қатаң серіктеспен өмір дегеніміз не», «нарко және ішімдік тәуелділігінен арыламыз» және т.б. олар әрқашанда баланы қорғау элементтерін енгізуі және бала қажеттіліктерімен қамтамасыз етуі керек.

Оңалту шаралары

- Психологиялық көмек оңалту сатысында өте пайдалы болып табылады. Сосын балалар дағдарыс жағдайын енді сезбейді, олар жайшылықпен қолдауға арналған жаңа байланысты анықтауға бағытталады.
- Оңалту кезінде балалардың жалпы қызметке: ата-аналарды жұмысқа орналастыру және балаларын оқыту, жаңа немесе бар достық қатынастарды қайта орнатуды бекітуде балаға көмек беру, өзіне өзі сенуді дамыту бағытындағы қолжетімділікті иеленуі маңызды. Балаларға көп уақыт бойы көмек қажет болуы, ал Сіздің ауданда осындай

қызмет көрсететін жастар ҮЕҰ болуы мүмкін. Балалардың қолжетімділігін қамтамасыз етуде мұндай қызметтер табысты оңалтудың кілті болуы мүмкін.

- Басқа мамандарды оқыту оңалту үдерісінің негізгі міндеті болып табылуы мүмкін. Оқытушылармен, балалармен жұмыс жасайтын мамандармен, полициялар мен инспекторлармен тығыз жұмыс жасауда оларға дағдарыс жағдайының салдарын түсіндіре отырып, баланы тиімді қолдаумен қамтамасыз етуге болады және қажетті іс әрекеттерді және бала қажеттіліктерін басқа мамандарға түсіндірумен қамтамасыз етуге болады.

6.5 Балалармен бірлесіп және оның атынан жасалған барлық жұмыс оның жеке ісінде тіркелуі тиіс. Әр бала құпиялылығы қамтамасыз етілген жеке ісі жүргізілуі керек және балаға қатысты барша құжаттар мен хаттамалар осы папкаға тігілуі керек, осылайша, бала жөніндегі кез-келген қажетті ақпараттарды нақтылауға болады. Ол өзі қолданылған әрекеттер мен өрлеуді бақылау жасауы мүмкін. Тек, егер құпиялылық баланың үздік мүдделерін сақтамаған жағдайда қоспағанда жеке іске рұқсатты қызметкер мен бала ғана иеленеді (7 Стандартты қараңыз). Жеке іске мыналар тігілуі қажет:

- Басты беті – баланың аты-жөні, отбасы туралы мәлемет, жасы, туған күні, проблемалары, балалармен жұмыс жасайтын мамандардың байланыс телефондары. Олардан басқа, баланың ана тілі, ұлты, мүмкіндігінің шектеулілігі, коммуникациялық қажеттіліктері жеке ісінде көрсетілуі тиіс.
- Бағалау. Дағдарыс орталықтарымен жұмыс жасайтын барлық балалар нәтижесінде балалармен жұмыс жасайтын қызметті анықтау барысында қажеттіліктерді бағалаудан өтуі тиіс. Балалардың барлық проблемалары нақты сипатталуы керек, оларды жою ілгерлілігі тіркеліп, әрі қарай шаралар жүзеге асуы тиіс.
- Баламен жұмыс хаттамасы; талқыланған негізгі сұрақтар, балалармен айналысу құрылымы; суреттер, өлеңдер, балалардың туындыларының барлығы іске жалғанады. Балаға олармен өткен әрбір сессияға баға беруді өтініп, олардың айтқан пікірін жазып алу керек.
- Мамандардың байланыс телефондары. Егер баланың проблемалары жөнінде отбасы мүшелерімен немесе басқа мамандармен кездесу немесе пікірлесу болса, онда қабылданған шешімдер, шешім қабылданған күн және жауапты тұлға көрсетілген барлық хаттамалар іске тігілуі керек.
- Әрекет ету жоспары. Барлық әрекеттер/қабылданған шаралар, айтылған іс әрекет кестесі, жауапты тұлғалар. Осы тармақ бойынша бала өз ескертпесін айтуы маңызды.
- Балаға қатысты ведомство аралық жұмыс туралы келісім, жиналыс хаттамалары. Іске барлық кездесу хаттамалары мен келісімдері тігілуі тиіс.
- Балаға көрсетілетін қызметтің, оның ішінде бала пікірінің тиімділік бағасы.
- Балаға қатысты кез-келген барлық құжаттар/хаттамалар.

7 Стандарт: Дағдарыс орталықтары құпиялылық қағидасын қатаң ұстанады және балалар, жас адамдар және өзге де агенттіктердің олармен таныс болуын қамтамасыз етеді

Бұл стандарт неліктен маңызды?

Дағдарыс орталығы құпиялылықты анық белгілеуі тиіс, оны сақтамау «маңызды зиян» ретінде бағалануы тиіс және бұл стратегияның қалған барлық адамдар арасында түсіндірілуін қамтамасыз етеді. Осылайша, Сіз балалар үшін шекара белгілей аласыз, оның шегінде ол құпиялылыққа, сонымен қатар баланың және қызметкердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арқа сүйей алады. Осы арқылы егер баланы қорғау туралы ақпарат жеткізілген жағдайда Сіз балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен менсінбеушіліктің өрескелділігін және ересектер қабылданған шаралар үшін жауаптылықта болатынын айқын көрсете аласыз.

Аталған стандартты қалай қамтамасыз ету керек?

7.1 Дағдарыс орталығы «маңызды зиян» ұғымының шекарасын белгілейді және осы ұғымға негізделген құпиялылық қағидасын дайындайды. Бұл қағидалар баланы қорғау жөніндегі жергілікті комитет және полиция рәсімдерімен келісулері қажет. Үдеріске тартылған барлық тараптар аталған қағиданы анық түсінуі керек. Қызметке жүгінген балалардан басқа қызметтің қызметкерлері, олардың құрылтайшылары, жергілікті билік органдары жанындағы бала құқығы жөніндегі қызметтер, жергілікті агенттіктер және мектеп жұмысшылары және мамандары, жағдайға байланысты баланың ата-анасы немесе қорғаншылары жүзеге асырады.

7.2 Баламен құпиялылық қағидалары жөніндегі түсіндірме жұмыстары баланың қызметке жүгіну себептерін талқылауды бастағанға дейін жүргізіледі. Балалар өздеріне түсінікті тілмен жазылған құпиялылық қағидаларының жазбаша түйіндемесін алады. 7.3 Балаға құпиялылықтың үдерістің барлық кезеңінде сақталатындығын және егер балаға немесе басқа адамға аса қауіп төніп тұрған және сотпен жазылған ақпараттың құпиялылығын ашуды қоспағанда, оның келісімінсіз қызметтен ешқандай ақпарат жіберілмейтінін айту қажет. Сонымен қатар, ақпараттар ашылған жағдайда баланы ескерту қажет. Егер қызметкерлер мемлекеттік органдарға ақпарат беру қажет деп есептесе, бірақ оған бала рұқсат бермесе, қызметкер балаға ақпаратты қандай себеппен бергелі жатқанын түсіндіруі тиіс. Түсіндірме жазбаша түрде құжатқа енгізіліп, тіркелуі тиіс.

7.4 Бала ақпаратты ашу үдерісіне әсер ету мүмкіндігін иеленуі тиіс.

7.5 Бала мен қызметкердің келісілген құпиялылығын дағдарыс орталығының өзге де жұмысшылары сақтауы тиіс. Бұл бірде бір қызметкердің аталған ақпаратын дағдарыс орталығынан тыс шығармау керек дегенді білдіреді. Қызметкерлер ақпаратты проблемалық немесе даулы мәселелерді шешу үшін өзінің басшысына ғана құпия мәліметті ашуы мүмкін. Ол үшін маманға жүгінуге болады.

7.6 Қызметке жүгінген балаға немесе жас адамға байланысты ақпарат немесе жазбалар баланың рұқсатынсыз мәліметтерді жариялау талаптарымен жазылған жағдайларды қоспағанда бөгде адамға беруге болмайды немесе жариялануға жатпайды.

7.7 Дағдарыс орталықтарының қызметкерлері менеджерлер басшылығымен жұмыс жасайды, ақпараттарды және сәйкесті үдерістерді жарияламауға негізделген құпиялылық туралы тренингтер мен консультациялар жүргізеді.

Стандарт 8: Дағдарыс орталықтары өз қызметтерін жетілдіру үшін балалар мен жас адамдардың идеялары мен пікірлерін есепке алуы тиіс.

Бұл стандарт неліктен маңызды?

Бала құқығы туралы БҰҰ конвенциясының 12 бабында әрбір баланың өз пікірін білдіруге және оны есепке алдыруға құқықтары бекітілген. Қазіргі кезде, баланы саясаттар мен қызмет көрсетулерді дайындауға, қолдау мен тәрбиелеу шаралары туралы шешім қабылдау үдерісінде баланы тартудың жағымды жақтары кең таралған. Қызметтер балаларға қатысты аса мол сезімтал болып табылады және егер балалар шешім қабылдаудың барлық кезеңдерінде қатыстырылса, онда олардың мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін тиімдірек болып табылар еді.

Аталған стандартты қалай қамтамасыз ету керек?

8.1 Дағдарыс орталығы қызмет туралы пікірлерін білуі үшін балалар мен жас адамдарды қатыстыруға әсер етеді.

8.2 Қызметкерлер балалар мен жас адамдардың өздері келіп өз пікірлерін айтуына немесе қызметті жетілдіру туралы кеңес беруіне жағдай тудырады.

8.3 Қызмет жұмысына балалар мен жас адамдарды қатыстыру мыналар арқылы қамтамасыз етуге болады:

- Қызметкерлерді таңдау үдерісі, әсіресе балалармен тікелей жұмыс жасайтын барлық қойылған талаптарды қамтитын мамандарды;
- Қызметкерлер үшін кіріспе курсы, оқытуы және олардың жұмысына баға беруі;
- Қызмет басшысының құрылымы;
- дағдарыс орталығының кеңесшілері ролінде;
- қызмет туралы ақпараттық және жарнамалық материалдарды дайындау және тарату;
- жұмыс саясатын, этникалық қағидаларын және рәсімдерін дайындау бойынша кеңестік топтар;
- қызмет жұмысын бағалау және мониторинг жасау.

Орталық қызметі балалар мен жас адамдардың қатысуы үшін қаншалықты жағдай қарастыра алатындығын және тудыра алатындығын қарастыру керек. Балалардың пікірі мен ұсынысын қаншалықты есепке алатындығын да қарастыру керек.

8.4 Балалар мен жас адамдар үшін қызмет жұмысына қатысу мүмкіндігіне ие болуы үшін тренингтер өткізіліп, қолдау көрсетіледі. Балалармен және жас адамдармен тиімді жұмыс жасау мақсатында қызметкерлер мен еріктілер үшін тренингтер жүргізіледі.

8.5 Балалар мен жас адамдар, мүмкіншілігінше қызмет жұмысына қатысқандығы үшін қадірі артады (сертификаттар, бос уақыт өткізу орындарына тегін кіру және т.б.). Мүмкіндігі болған жағдайда мүмкіндігі шектеулі балалардың қатысуына байланысты қосымша шығын сияқты қызметтің жұмыстарында балалардың қатысуына байланысты іссапар шығындарын қызметтің өзі жабуы тиіс.

9 Стандарт: Дағдарыс орталығында арыз берудің тиімді және қарапайым жүйесі жұмыс жасайды.

Бұл стандарт неліктен маңызды?

Қызметтің дәйектілігін көтеру және оның балалар алдындағы есептілігін қамтамасыз ету үшін қызметте арыз берудің қолжетімді жүйесі жұмыс жасауы керек, ол туралы ақпарат

балаларға жеткізілуі тиіс. Арыздар бізге көрсетілетін қызметті жетілдіруге көмектеседі және балалар мен жастарға ұсынылатын қызмет көрсету деңгейіне байланысты, оларды қалай қамқорлайтынымызды және оларды жоғары сапалы етуді қалайтынымызды көрсетеді. Егер арыздар жеткіліксіз қаржыландыру себебінен қызмет көрсетудің жеткіліксіз екендігін негіздесе, онда бұл нақты қажеттіліктерге негізделген қосымша қызмет көрсетулерді құру үшін қызметтерге шешуші әсер етуі мүмкін.

Аталған стандартты қалай қамтамасыз ету керек?

9.1 Қызмет балаларға өз ескертпелері мен сындарын білдіру үшін жағдай туғызады және олар оны қалай жасайтыны жөнінде балаларға түсіндіреді.

9.2 Қызметте арыз берудің, оны қарастырудың белгіленген мерзімін сақтаудың және арыздың шешімі бойынша шаралар қабылдаудың анық, қарапайым рәсімдері бар. Рәсімде нақты анықталған адымдар, оның ішінде жергілікті және ресми тергеу болуы тиіс. Қызмет арыз беру рәсімінің жүзеге асуы туралы ақпаратты таратуы тиіс.

9.3 Ресми тергеу жүргізу үшін сәйкесті мамандар тартылады, мүмкіндігінше, арыздардың барлық қырларын тез арада тергейтін, арыз бойынша шешім қабылдайтын және арыздың шешімі бойынша жүргізілетін шаралар жөнінде ұсыныстар жасайтын тәуелсіз сарапшы (егер ол мүмкін болмаса, онда арызда тікелей көрсетілмеген аға қызметкер). Тергеуден кейін дағдарыс орталығы балаға немесе жас адамға ресми жауапты, оның ішінде келесі шараларды суреттеуді және оларды қабылдау мерзімін ұсынады. Дағдарыс орталығы балаға немесе жас адамға өзінің ресми жауабын түсіндіруі керек, және ол оған қанағаттанбаған жағдайда не жасай алатынын да түсіндіруі керек.

9.4 Қызмет шешім қабылдағаннан кейінгі белгіленген мерзімде арыз бойынша кезек күттірмейтін шешімді қамтамасыз етуі тиіс.

9.5 Қызмет барлық арызды тіркейді және ақпараттар, оның ішінде арыздар, олардың шешім мерзімдері және оны орындау, дағдарыс орталығына бұл шешімдердің әсері зерттелетін жылдық есеп жасайды. Зерттелген ақпараттар негізінде шешім шығарылады және шаралар қабылданады (қажеттілігіне байланысты).

10 Стандарт: Дағдарыс орталықтары басқарудың тиімді жүйесін иеленеді және қызмет сапасын қамтамасыз етеді.

«...онда бізді қорғайтын және кеңес беретін мамандар жұмыс жасауы тиіс ...»

«...онда жақсы мамандар жұмыс жасауы тиіс, бірақ ең бастысы мейірімді және сезімтал болуы керек....», - Талдықорған қ. жас адамдармен жүргізілген консультациядан.

Бұл стандарт неліктен маңызды?

Басқа кез-келген қызмет тәрізді дағдарыс орталықтары басқарудың тиімді жүйесін иеленуі қажет. Барлық қаржы құралдары балалар мен жастар үшін қызмет көрсетудің ең үздік сапасына бағытталуы тиіс, ал қызмет бұл үдерісті мысалы белгіленген тапсырмалар мен мұқият мониторинг жасау арқылы бақылап отыруы қажет. Қызметтің барлық қызметкерлерінде өз функциялары туралы анық түсінік болуы тиіс, яғни кімнің алдында жауап беретіндігі және кімге есеп беретіндігі жөнінде. Қызмет балалар мен жас адамдардан жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстар алу мақсатында үнемі сауалнама жүргізіп отыруы тиіс.

Аталған стандартты қалай қамтамасыз ету керек?

10.1 Қызметте өзінің ресми жарғысы, мақсаты мен міндеттері, басқару құрылымы мен міндеттері, оның ішінде бірінші басшыларының және құрметті өкілдіктерінің аттары, жұмыс мекен жайлары, көрсететін қызметтерінің сипаттамасы дайындалуы тиіс. Мұның бәрі жазбаша түрде тіркелуі қажет, ал бұл құжаттардың көшірмесі барлық клиенттарға ұсынылуы тиіс.

10.2 Дағдарыс орталықтары баланы ұзақ уақыт бойы қорғауды қамтамасыз етпейтін, аз мерзімінің ішінде қажетті қызмет көрсетуді жүзеге асыру шеңберінде тек қысқа мерзімді қаржыландырылған «жобаға» шоғырландырылмайтын бірнеше негізгі бағдарламаларды жүзеге асырады. Тек ұзақ мерзім негізінде жұмыс жасауға ұмтылысы баланы тиімді қорғауды қамтамасыз ете алады. Сондықтан да, дағдарыс орталықтары қызмет көрсету үшін жеткілікті қаражат тартуы тиіс және бұл қаражатты балаларды тәжірибелік қолдау үшін аса тиімді түрде жоспарлау керек. Қазіргі кезде балалар мен жас адамдармен тікелей жұмыс жасауға зиян келтіріп отырған дөңгелек үстелдер мен тренингтар өткізуге қаражаттарды ұтымсыз пайдалану үрдісі байқалып отыр. Бұл жағдайды өзгерту керек.

10.3 Қаржы құралдарын қызметтер ұтымды пайдалануы керек. Қызметте нақты қаржылық ережесі бар, заңнама талаптарына сәйкес аудит немесе басқа тәуелсіз бағалау жүргізіледі. Жылына бір рет қаржылық және қызметтегі өзге де көрсеткіштерге зерттеу жүргізілетін есеп жасалады.

10.4 Қызметте келесі тармақтар анық көрсетілуі тиіс (рәсімдерде және құжаттарда тіркелуі керек):

- мақсаттар мен міндеттер;
- тең мүмкіндіктер;
- құпиялылық;
- персоналдарды қабылдау;
- лауазымдық міндеттерді асыра пайдалану;
- кәсіби этика, бағыт, персонал қызметін дамыту және бағалау;
- тәртіптік шаралар;
- арыздарды беру рәсімі;
- көтермелеу шаралары;
- қауіпсіздік техникасы және денсаулық пен еңбекті қорғау.

10.5 Қызмет жұмысы жөніндегі мәлеметтер күнделікті жұмыс үдерісінде жинақталады және зерттеледі. Бұл мәлеметтерді бағалау кем дегенде жылына бір рет жүзеге асырылады, қызметті жетілдіру және сәйкесті тәжірибелер жасау үшін шешімдер шығарылады. Қызмет клиенттарының пікірлері, олардың арыздары зерттеуге кіргізілуі керек. Мониторинг жасау және бағалау үшін қызметтен адам бөлінеді немесе сыртқы сарапшы жалдайды.

10.6 Қызметте бейдискриминация қағидаларын сақтай отырып, персоналдарды таңдау және қабылдаудың анық ережесі жасалады.

10.7 Таңдалған үміткерлердің кәсіби жарамдылығы мұқият тексеруден өтеді.

10.8 Барлық қызметкерлер қызмет құрылымын, бағыныштылық желілерін, ұйым саясатын, өзінің қызметтері мен міндеттерін түсінеді және функцияларының анық шеңберін иеленеді.

10.9 Басқарушы және атқарушы буынның әрбір қызметкері, сонымен қатар, еріктілер өз міндеттемелерін сапалы орындау үшін сәйкесті біліктілікті иеленуі тиіс. Персоналдарды оқыту бағдарламасында мыналарды қарастыруға болады:

- дағдарыс орталығы қызметкерлерінің функциялары мен міндеттемелері;
- тиімді интервенциялар стратегиясы;
- балалар мен жас адамдардың қатысуы;
- өз қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын айту және білдіру үшін балалар мен жас адамдардың мүмкіндіктерін кеңейту тәсілдері;
- құпиялылық, баланы қорғау, баланың амандығы және қауіпсіздігі мәселелеріне әсер ету;
- балалар мен жас адамдар құқықтарының заңды мәртебесі;
- балалар мен жас адамдар үшін әкімшілік және маманданған жүйелері (оның ішінде балаларды тәрбиелеу жүйесі, денсаулық сақтау жүйесі тұтасымен және баланың психологиялық денсаулығын қорғау жүйесі болуы мүмкін);
- басып жаншымай және сезімталдықта бейдискриминация қағидасын сақтау (оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалар теңдігін қамтамасыз ету және балалармен және жас адамдармен, оның ішінде ақыл-ойы және өзге де жетіспеушілігі және сөйлеу кемістігі бар адамдармен қарым-қатынас жөніндегі тренинг).
- 10.4 көрсетілген тармақтар.

10.10 Персоналға кәсіби көмек ұсынады (оның ішінде сырттағы мамандарға кеңес береді, жергілікті және ұлттық кәсіби ұйымдарға қатысады), кемінде жылына бір рет жұмысын бағалайды және ұмтылысына талдау жасайды.

10.11 Барлық алынған ақпараттар қызметті жетілдіру мақсатына пайдаланады.

Мониторинг жасау және бағалау құралдары

Стандарттар өзінен өзі маңызды, әрі пайдалы, бірақ біз тек сапалы мониторинг жасау және бағалау арқылы бұл стандарттардың тиімділігін көре аламыз. Бұл бөлімде үш құралдың суреттемесі келтірілген - қажеттілік пен мұқтаждықты бағалау, іс әрекет жоспары және күтілетін нәтижелер, бұл жоспарды орындау туралы есеп. Бұл құралдар стандарттардың тиімді атқарылуын бақылау үшін пайдаланылады.

Мониторинг жасау және бағалау дегеніміз не?

Мониторинг жасау және бағалау Сіздің ұйымның табысқа жеткізер кілті болып табылады. Бұл құралдар Сізге мониторинг жасау тәсілін көрсетеді және көмектеседі:

- фактілердің жеке базасын дайындау,
- жүргізілген қызметтің және интервенцияның тиімділігін бағалау және сәйкесті өзгертулер енгізу,
- жергілікті серіктестер, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдар, ата-аналар және басқа агентіктер арасында жұмыстың құндылығын түсіндіру,
- донорлар алдында есептілік үшін фактілер жинау,
- жобаны жетілдіру және оны одан әрі тиімді жасау.

Мониторинг. Жақсы мониторинг жасау мақсаты – жобаны аса тиімді басқару үшін ақпараттар жинау.

Қысқамерзімді мониторинг жасау қарапайым және тиімді әдістермен проблемалардың туындауы себептерін анықтауға назар аудару. Мысалы, аумақтағы қанша жас адамдар тәуекелдікке тап болғандығына назар аудару.

Ұзақ мерзімді мониторинг көп уақыт бойғы беталысты анықтайды, мысалы, жас адамдар қаншалықты қызметке жүгінеді, қабылданған шаралардан кейін тәуекелдік деңгейі қаншалықты жоғары көтеріледі немесе төмен түседі?

Кез-келген мониторинг жасаудың негізгі міндеттері болып мыналар табылады:

- Нақты қажеттілік пен мұқтаждықты анықтау және оларды ақылға сәйкес тіркеу қажеттілігі.
- Базалық көрсеткіштерді құру үшін мониторинг басталғанда ақпараттар жинау.
- Біраз уақыт бойы сол форматта (егер мүмкін болса) соңынан салыстырып, бағалау жасау үшін ақпаратты жинау.

Бағалау. Бағалау екі негізгі өзара байланысты мақсатқа ие:

- Қызмет пен жобаның өзара әрекеті туралы мәселеге жауап табу, оның ішінде:
 - клиенттер үшін нақты нәтижелер,
 - адамдар мен ұйымдардың әртүрлі топтарына әсер ету,
 - қызметтер нәтижесі және қалай қойылған міндеттерге жетеді немесе жетпейді.
- Жобаны жүзеге асырудың және қызмет көрсетудің нәтижесінде алынған үдерістер, құрылымдар және өнімдер туралы сұрақтарға жауап табу, мысалы:
 - қандай қызметтер көрсетіледі, кімге және қалай,
 - қатысушылар мінездемесі,
 - қызметте немесе жобада қамтылған қандай топтар,
 - қандай кедергілер мен тосқауылдар бар,
 - модельді шешім және жүргізілген сабақтар.

Былай бағалау маңызды:

- Қызмет туралы базалық ақпараттар мен мәнмәтінді мәлеметтер жиынтығының құрылымы ретінде.
- Шешім және жетістіктің бағалауын қабылдайтын тұлғаларға арналған ақпараттардың қайнар көзі ретінде.
- Алынған нәтижелердің, оның ішінде күтпеген қайнар көзі ретінде.
- Жетілдіру тетігі, болашақтағы стратегия мен жоспарлауды анықтау ретінде.
- Қызметке натуралды немесе қаржылай түріндегі қолдау көрсету тетігі ретінде.
- Есептілік талабын орындау тетігі ретінде.

Белгілеу кезінде қызметтің қандай қырлары қандай нәтиже шығаратындығына байланысты қиындықтар туындауы мүмкін. Мысалы, жас адамға бұрын ата-анасы

тарапынан жеткілікті ықыласы болмаған. Қазір оған дұрыс тәрбие беріліп жатыр. ***Бұл жағдайға келесі факторлар алып келуі мүмкін:***

- Баланың даму мәселелері қарастырылған ата-аналарға арналған курсқа анасының қатысуы;
- Жеке өзін-өзі бағалауын және өзіндік «Менді» көтеру жөнінде қызметкер мен баланың жасаған жұмыс нәтижелері;
- Әкесін жұмысқа орналастыруда көрсетілген қолдау;
- Мектеп инспекторлары мен қызметкерлерінің жөнге салынған әріптестік байланысы.

Шын мәнінде, бәрінен бұрын мұндай нәтижеге бірнеше факторлар алып келеді. Бұл бағалауда көрніс табуы тиіс.

Кешенді бағдарламаларды бағалау кезінде екі факторды есепке алған жөн:

- біріншіден, нәтижені бағалауда сайлау амалы қажет, өйткені олардың кейбірін сандық кейіпте өлшеу қиын, сондықтан да нәтижелерінен тиімділікті бағалауға көмектесетін индикаторлар жиынтығын құру дұрыс болады;
- екіншіден, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қарастырылған өз мақсаттарымызды және іс-әрекеттерімізді және біздің әрекетіміз қойылған мақсаттарға қаншалықты жауап беретіндігін ашық және айқын анықтауымыз керек.

Бұл қажеттіліктерді қанағаттандыратын өзгерістер алуға бағытталған нақты әрекеттердің негіздері мен қажеттіліктерін сапалы бағалау үшін қалыптастыруды қамтамасыз етуді жоспарлау үдерісін бір уақытта бағалау үдерісімен бастауды көрсетеді. Одан кейін сапалы және реттеуді бағалауды қамтамасыз ету үшін мониторинг мәлеметтерді бекітілуі қажет.

Әрі қарай мониторинг және бағалау үшін жоба шеңберінде пайдаланылатын екі құралдарды сипаттау баяндалады. Сонымен қатар, пайдалануды қажет ететін жағдай келтіріледі.

Қажеттілік пен мұқтаждықты бағалау

Стандарттарды имплементациялауды бастау мақсатында дағдарыс орталықтары бәрінен бұрын, жас адамдарымен жұмыс бағытын және өз басымдылықтарын анықтау үшін қажеттіліктер мен мұқтаждықтарды бағалау жүргізуі керек. Қажеттілік пен мұқтаждықты бағалау қызмет көрсету жоспарын жүзеге асыру үшін тұрғындардың мақсатты топтарының қажеттіліктерінің мәні мен көлемін анықтау әдісі. Бұл жүзеге асқан қызмет көрсетулердің нәтиже, қажеттілік және бағалау деңгейлерінің бастапқы анықтамасы болып басымдылықтарды анықтауда және жоспарлау кезінде негізін қалаушы табылады.

Қажеттілік пен мұқтаждықты бағалау нәтижесіне жетуге қандай жағдайда әрекет етеді? Қажеттілікті бағалау Дағдарыс Орталығы Ассоциациясының анықтаған алты нәтижесіне артынан қол жеткізу мақсатында балалар, жастар және олардың отбасылары үшін қолжетімді болатын қызмет көрсетудің қажетті сапасы мен көлемін жоспарлау арқасында кепіл береді. Басқаша айтқанда, жоспарлау тәсілі қажеттілікті қанағаттандыру және нәтижелерді басқару әдісі. Балалар мен жастар үшін нәтижелерді жақсарту балаларға қызмет көрсету мәселелерінде орталық позицияны ұстап тұр. Бұл жерде, біз, қажеттілікті жоқ бірақ керек нәрсе ретінде қарастырып отырмыз, егер бар нәрсе арасындағы кемуге немесе мүлде жоқ болуға тиісті олқылық. Мысалы, егер балалар өз құқықтарын білмесе, онда ақпараттандыруды жоғарлату жөніндегі іс-шаралар, материалдарды жариялау, мамандар мен ата-аналарды өздерінің құқықтары мен балаларының құқықтары мәселелеріне оқыту қажеттіліктері туындап отыр. Әрқашанда, алдымен нәтиже туралы

ойлау қажет, сосын барып қандай қажеттіліктер және мұқтаждықтар жеткіліксіз қанағаттандырылмағандығы және жағдайды жақсарту жұмыстарын жасауы жөнінде ойлау қажет.

Негізгі қиындық жоспарлауда – бұл қажеттілікті қанағаттандыруға тырысу, мақсатқа қолжетімділіктің үздік әдісі болып табылады. Тек бір ғана мақсатқа қол жеткізіп шектелмеуі керек. Көптеген жас адамдардың үйлестірілетін әрекеттерді және қызмет көрсетудің бірнеше түрлерін қиыстыруды талап ететін көптеген қажеттіліктері бар. Бірде бір көрсетілетін қызмет нәтижеге қолжетімділікті жеке өзі қамтамасыз ете алмайды. Жергілікті басымдылыққа сәйкес мақсатты анықтаған кезде, нәтижеге толық қанды қол жеткізу үшін жергілікті жердегі әкімдіктер және олардың серіктестері факторлардың кең спектрына зерттеу жасауы тиіс. Мысалы, белгілі бір аумақта жастар үшін ғимарат құрлысында қауіпсіздік және көлік хабарламасы мәселелерінде қарастыру керек, сонымен қатар, жергілікті халықтың пікірімен санасуы керек. Дағдарыс орталықтары келесі сұрақтарға жауап бере отырып, толық өзіне-өзі талдау жасауы керек:

- Не табысты жұмыс жасайды? Басқасына қарағанда табысты болып табылатын қызмет көрсетудің кейбір тәсілдері болды ма? Тәжірибеде тексерілген жұмысқа ерекше мән беру керек.
- Дағдарыс орталықтарының әлеуеттік мүмкіндіктерін жетілдіру қаншалықты?
- Балалар мен жастарға қаншалықты сапалы консультация беріледі, олар қаншалықты қатыстырылды және жоспарланған шешім туралы хабарландырылды?
- Үкімет, дағдарыс орталықтары және еріктілер ұйымдары арасындағы әріптестіктің сапасы және деңгейі?
- Нәтижелері қандай? Мысалы, қызмет көрсетуге мүмкіндігі бар балалар санында.
- Сұраныс қандай? Мысалы, қызмет көрсетуге қанша адам жүгінді, шұғыл байланысқа қаншалықты телефон шалды, жастар кафесіне қанша адам барды.
- Қызметті тасымалдау аясында қандай жағдай? Мысалы, жастарға және т.б. қызмет көрсететін емханалардың саны немесе мектептерде жұмыс жасайтын әлеуметтік жұмысшылар немесе инспекторлардың белгіленген саны қанша?
- Қызметтің талап етілетін деңгейі. Дағдарыс орталықтарында жұмыс жасайтын қанша жас адамадар, жұмысшылар/еріктілер бар?

Қызметті пайдаланғандардың пікірін қалай білуге болады?

1. Қызметті пайдаланғандарды тарту мақсаты - болашақта адамдарды және қауымдастықты қызмет көрсету бағыты анықтамасына белсенді тарту және қатысу және қызмет көрсету сапасын жақсарту. Олардың пікірлері кез-келген бағалау негізінде болуы тиіс. Қандай да бір жағдайды қалай өзгертуге болады деген сұраққа жауапты адамдардан сұрағанда кәсіби мамандардың өздері мүлде ойланбаған шешімге алып келуі мүмкін. Балалармен, қамқоршылармен жүргізілген консультациялар дағдарыс орталығының стандарттар талабы табылады. Сонымен қатар, олардың дағдарыс орталығының жұмыс бағытын қалыптастыруға қатысуы маңызды. Қызметті пайдаланушылар консультациялар беру кезінде олармен жергілікті проблемалар туралы диалогқа ынталандыру әдісі ретінде күтілетін нәтижелерді және консультация туралы кері байланысты қамтамасыз етуді бөлу маңызды. Бұл алдымен нәтижеге, сосын қажеттілікке және шешімге бағытталған жұмыстың бастапқы кезеңі болып табылады.

2. Пайдаланушыларға кеңестік қызмет көрсетудің кейбір проблемалары:

- Ресурстың шектелуін еске ала отырып, қажеттілікке деген мүдделердің пайда болуы

және оны қанағаттандырудан кейін мүмкін болмайтын жағдайда күтуді артық көрсету тәуекелі. Бірақ мұны адамдардың неліктен олардың пікірін сұрайтыны және бұл ақпаратты қалай пайдаланатынын нақты түсіндіруі арқылы түзетуге болады. Барлық топтардың пікірлерін назарға алу маңыздылығы. Бір топтың әсерінде болып қалудан бас тартады.

- Аз қызмет көрсетудегі адамдар пікірлерінің жиынтығына кеткен уақыт және ресурстар. Бұл маңызды бөлігі болып табылады, өйткені неліктен адамдар қызмет көрсетуге жүгінбейді деген сұраққа осы қызмет көрсететіндердің қабілеттілігі және мүмкіндігі туралы мәселеге әкелуі мүмкін. Ерікті әлеуметтік сектор қызметіне қолжетімділік қиындықтары бар адамдар туралы ақпараттарды жинау кезінде маңызды рол атқарады.

3. Қажеттілікті бағалауда әрқашан халықтың мақсатты тобына негізгі назар аударылуы керек. Алайда болашақтағы және қазіргі қызмет және тәжірибе тасымалдаушылар ақпараттың қайнар көзі болып табылады, өйткені олар бәрінен бұрын қызмет пайдаланушыларға жақын орналасқан және қажеттілік пен тенденция туралы субъективті және нақты мәліметтер бар. Қызметтің барлық жиыны тасымалдаушыларынан оқиғаның жан-жақты талдау жасауы маңызды. Бұған үкімет, жеке сектор, еріктілер және қоғамдық ұйымдар кіреді. Тәжірибелі адамдардан сауалнама алу кезінде әртүрлі топтар арасындағы пікірлер қалыптастыру маңызды.

Кеңесшілер мен тәжірибешілер мақсаты болып алдымен қажеттіліктерді бағалау табылады. Бірақ, бұл, сонымен қатар, қызмет көрсетудің бар әдістерінің тиімділігін одан әрі талдауға және жаңа пайда болу қажеттілігіне серпін береді.

Қызмет көрсетуді тасымалдаушылар қызметін бағалау қажеттілікті бағалауды жеңілдетеді ме?

4. Қызмет көрсетуді жоспарлау мақсаты бар оқиға мен күтілетін нәтиже арасындағы олқылықты қысқарту және жоюы тиіс. Қандай да бір қызмет көрсету сапасын бағалау мақсатында мемлекеттік және мемлекеттік емес қызмет тасымалдаушыны суретін салу қажет. Аталған жәйтқа қажеттіліктер және оның әлеуеттер жұмыстарының құны мен тиімділігі бойынша оларды қанағаттандыру бағытындағы қызмет тасымалдаушы қабілеттілігін бағалау да кіреді.

Ақпараттарды бағалау жүргізген кезде неге топталу қажет?

4. Ақпараттарды бағалау негізгі нысана ретінде нәтижелердің құрылымына негізделген болуы керек. Бағалау:

- Қызмет көрсетудегі олқылықты анықтау тиіс.
- Өзіңіз анықтаған мақсатты топ қатынасы бойынша шешілмеген олқылық деңгейіндегі шешімдерге алып келеді.
- Үрдістерді олардың тарихи мәліметтеріне және олардың болашақтағы қажеттіліктердің алдын алу негізінде анықтау.
- Оқиғаны толық түсіну үшін ақпараттарды жан-жақты қарау. Оқиғаның қандай бағытта дамуы және оның санына және үрдісіне не әсер ететін анықтау.

5. Қажеттілікті қанағаттандыру мәні логика бойынша қажеттілік пен мұқтаждықты бағалау нәтижесінен шығуы тиіс. Бұл төмендегідей қарапайым мәселелер нысанында болуы мүмкін:

- Балалар мен жастардың қандай тобы қаралып жатыр?
- Балалар мен жастардың нәтижелерінің арақатынасы қандай жағдайда?

- Жинақталған ақпарат қандай да бір үрдіске әсер етеді ме?
- Қазіргі кезде қанағаттандырылған нәтиже бар ма және қосымша жұмыс қажет ететіндері бар ма?
- Қол жеткізілуге тиісті деңгейде қол жеткізілмеген нәтижелер бар ма?
- Қандай балалар мен жастар алға қойылған көрсеткіштерге жете алмайды?
- Бұл балалар мен жастардың негізгі мінездемесі қандай?
- Мұндай балалар мен жастардың осындай жағдайға алып келген қандай әрекет немесе әрекетсіздіктер екенін біз білеміз бе?
- Ұқсас қажеттіліктермен балалар мен жастарды топтарға бірігуге болады ма?
- Осындай топтарды олардың ортақ қажеттіліктері бойынша сипаттауға болады ма?
- Қажетті ресурстарды анықтау мақсатында бұл топтардың өлшемі анықтала ма?
- Мақсатқа қол жеткізу үшін қандай басымдылықтар болуы керек?
- Бұл балалар мен жас адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қандай адымдар жасауға болады. Мысалы, тәуекелді азайтуға және қорғау факторларын ұлғайту жөніндегі алдын алу шаралары?
- Белгілі бір қызмет көрсетулердің және елеудің оқиғаны жеңілдете алатын қандай дәлелдемелер бар?
- Қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қорланған тәжірибе мен қызмет көрсету ережелерінің қандай жиынтығы оңтайлы болуы тиіс?
- Қажеттілік көлемін азайтудың ерте сатысында қызмет көрсетудің жаңа немесе қосымша түрлерін енгізуге болады ма?
- Қазіргі бар қызметті жүргізуде және біз оны болашақта қалай көргіміз келетініне қандай өзгерістер қажет?

Жоғарыда көрсетілген біраз мәселелерден байыпты тақырыптарды көтеруге болады. Мысалы: балалар мен жастардың нәтижелерінің ара қатынасы белгілі бір міндеттер тынышсыздық тудырмайтынына куәлік етуі мүмкін. Дағдарыс орталықтары оқиғаны бақылауды сақтау кезінде басқа шеңберде күшті шоғырландыруы мүмкін.

Әрекеттер мен күтілетін нәтижелер жоспары

Дағдарыс орталығының осындай жоспар көмегімен олар жетуге ұмтылатын нәтижені, ол үшін қабылдайтын әрекетті және осы өнім нәтижесін анықтауы мүмкін. Сонымен қатар, жоспар ол үшін не қажет екендігін бағалауға және жас адамдарға, отбасыларға және қауымдастықтарға жүргізілген жұмыс қалай әсер ететіне көмектеседі.

Әрекеттер мен күтілетін нәтижелер жоспары бір кесте шеңберінде қарастыруға мүмкіндік беретін құралдардан тұрады:

- Қол жеткізілетін стандарттардан;
- Біздің пікіріміз бойынша алға қойылған нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетін әрекеттерден;

- Алынған өнімдер, мысалы, біздің жұмыстармен қамтылған мүмкіндігі шектеулі жас адамдар, оның ішінде жоспар бойынша ұсынылған қызмет көрсету қолжетімділігінен;
- Бұл өнімдер алынатын мерзімдер шегі;
- Қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ресурстар;
- Балаларға және жас адамдарға (біздің негізгі бенефициарлар) олардың ата-аналарына және өзге де ұйымдарға - серіктестерге біздің жұмыстың әсер етуі.

1 стандарт үшін әрекеттер мен күтілетін нәтижелер жоспары – мысалы ретінде тек бірінші 3 баған толтырылды. Дағдарыс орталығының жобаның келесі фазасы басталғанға дейін мақсаттары мен міндеттері көрсетілген өз жоспарын дайындауы маңызды болып табылады.

Әрекеттер мен күтілетін нәтижелер жоспарын орындау туралы есеп

Орындау туралы есеп есепті жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу мониторингі үшін пайдалануға болады.

Есептің басында қызметкер өз аты-жөнін, ұйымдағы атқаратын лауазымын, есептік кезенді және жасау және ұсыну мерзімін көрсетуі тиіс. Есептің төменгі жағында қызметкер бөліп көрсететін есептің мазмұнын жазуы керек:

Қызылмен: ерекше назар аударуды талап ететін жоба бойынша мәселелер (мысалы, мақсатқа қол жеткізу бойынша өрлеу жеткіліксіз, ресурстардың жетіспеуі, нәтижеге қол жеткізудегі кедергілер).

Сарымен: проблемалардың туындауына алып келетін факторлар, егер оларды шешпесе немесе қызметкердің көп уақытын және жұмысын талап ететін мәселелер нәтижесінде басқа мәселелер уақыт жетпейді.

Жасылмен: табыстардың тарихы. Мысалы, қандай нәтижелерге уақытынан бұрын қол жеткізілді немесе жастарға арналған зор жағымды табыстары бар? Жобада бәрінен бұрын не үздік болып табылады, қандай табысты тәжірибе қолданды?

Есеп кестесі келесі бейнеде құрастырылды:

Нәтижелер. Олар өрлеу өлшемі болып табылады. Нәтиже өрлеу үдерісін сипаттамайды, тек объективті түрде өлшейтін және дәлелдейтін нақты қолжетімдерге топталады (елеулі нәтижелер).

Орындау сатысы. Бұл бөлімде қаншалықты нәтижелерге қол жеткізілді - ішнәра немесе ешқандай. Егер нәтижеге қол жеткізілсе, онда қол жеткізілу күні көрсетілуі керек. Егер нәтижеге қол жеткізілмесе қол жеткізудің жоспарланған күнін қою қажет.

Өрлеу. Бұл бөлім нәтижеге қолжеткізген үдеріске бағытталған. Бұл бөлімде келесілерді көрсету маңызды:

- Нәтижеге қол жеткізілу қандай жағдайда сәтті болды (өткізілген іс шаралар, жас адамдардың қатысуы, үдеріс, серіктестерді тарту және т.б.)?
- Егер нәтижеге қол жеткізілмесе, неге?
- Белгіленген мерзімде нәтижеге қол жеткізілуі үшін не істеледі?

- Факторларға әсер ететін негізгі кедергілер және/немесе өзге де факторлар?

Әсер ету. Ерекше қажеттілігі және оның қабілеттілігі бар балалар үшін жобаның пайдасын бағалау жоспарында қауымдастықтағы тең құқылы жағдайына қол жеткізу – әсер ету болып мониторингтің аса маңызды элементі табылады. Бұл бөлімде әртүрлі іс-шаралар мен әрекеттерге тигізетін әсер етушілікті, сонымен қатар, жас адамдардың өмірінің, олардың отбасыларының, олармен жұмыс жасайтын ұйымдардың және олар өмір сүретін қауымдастықтардың нәтижелерін көрсетуі керек.

мониторингтің басқа да құралы көмегімен әсер етуді аса жан-жақты бағалауға болады.

Алайда, есепте жоба бенефициарына алынған нәтиженің (және ол үшін қабылданған әрекет) жалпы әсер етуін сипаттау маңызды. Аталған секцияда қызметкер негізгі әрекет етуді сипаттауы тиіс және осы әрекет етудің дәлелдемесін қалай бағалау керек екенін көрсету аса маңызды.

Мысалы:

Әсер ету: Балалар өз құрдастарымен аса терең достық қатынаста болады.

Дәлелдеу: Топтық сессиялардың хаттамалары, бос уақытын өткізу шараларының суреттері, жас адамдар және олардың отбасынан жазбаша дәлелдемелер, жастар кафесіне қатынасатын адамдар саны.

Әрекеттер мен күтілетін нәтижелер үлгі жоспары

Стандарт	Іс-шара/әрекет	Нәтиже	Мерзімдер/Жауапты тұлға	Не керек	Әрекет ету
1 Стандарт Дағдарыс орталықтары балалар мен жас адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауы тиіс, ал олардың қызметі балалар мен жастар пікірлері мен тілектеріне негізделуі тиіс.					
1.1. Балалар мен жас адамдар қандай қызмет керектігін айта алады	1.1.1 Қызметке балалардың өздері жүгіне алатын қарым-қатынас жүйесін дайындау	1.1.1 Ең кем дегенде балалар мен жас адамдардың 20% қызметке жүгінеді			
	1.1.2 Жүгінген балалар саны бойынша қандай көмек сұрайтындығы, қандай проблемалармен кездесетіндігі жөніндегі мәлеметтер базасын дайындау	1.1.2 Ең кем дегенде айына бір рет балалар мен жас адамдардың 20% қызметке жүгінеді			
1.2. Қызметкер мен баланың теңдік негізіндегі серіктестігі	1.2.1 Балалар пікірлері мен тілектерін есепке алып, олармен бірлесіп әрекет жоспарын дайындау	1.2.1 Балалар әрекет жоспарына қол қояды, ал олардың түсіндірмелері есепке алынады			

	1.2.2. Коммуникацияның жазбаша әдісін қолданбайтын әрекет жоспарымен таныстыру	1.2.2. Жоспар суреттермен, кассетада немесе өзге түрде дайындалады. Суреттер мен фотолар балалардың жеке ісіне тіркеледі			
1.3. Қызметкерлер болжамдар құрмайды, олар балалармен өзара қатынас орнатып, сол арқылы олардан ақпараттар алады	1.3.1 Балалар пікірі жазбаша түрде хаттамаланады және жоспарда көрсетіледі. Қызметкерлер балалармен жұмыстың арнайы нысанын дайындайды.	1.3.1 Келісу туралы келісім ақпараттармен бөлінеді			Жас адамдар дағдарыс орталықтарының қызметкерлерімен сенімгерлік қатынас құрады
		1.3.2. Барлық балалар қызметтің құпиялылығы туралы біледі және ақпаратты таратпау туралы жазбаша арызды иеленеді			
1.4 Дағдарыс орталықтары балаларға ақпарат береді, ал олар соның негізінде саналы шешім қабылдауы мүмкін	1.4.1 Қызметкерлер балалар проблемаларымен жақсы таныс	1.4.1 Ақпараттық материалдар кітапханасы жұмыс жасайды, оны қызметкерлер балалармен жұмыс жасауда пайдаланады			

	1.4.2. Қызметкерлер балалармен оларға қандай ақпарат керек екендігі жөнінде ақылдасады. Қызметкерлер балалармен бірге буклет және өзге де жарияланымдар бойынша жұмыс жасайды	1.4.2. Балалар проблемасы жөнінде жарияланған ақпараттар, буклеттер/роликтер/брошюралар саны	Қараша, 2006 ж Рустам (заңгер) және Тая (әлеуметтік қызметкер)	Материалдарды жариялау үшін қаржыландыру бар	Жас адамдар өз құқықтарын жақсы түсінеді Жас адамдар өз құрдастары арасынан қолдауға ие болады
1.5. Балаларға өз пікірлерін тіке айтуы үшін қолдау көрсетіледі	1.5.1 Дағдарыс орталығының қызметкерлері балалармен өзіне сену және аудитория алдында сөйлеу бойынша семинарлар өткізеді.	1.5.1. Жылына екі семинар (барлығы 30)			Жас адамдар сөйлесуге үйренеді, өзіне сенімділік пайда болады және өзінің қажеттілігі және мұқтаждықтары үшін тұра алды
	1.5.2. Дағдарыс орталығының қызметкерлері балаларды жиналыстарда және кездесулерде өздерінің қажеттіліктері мен мұқтаждықтары туралы ашық айта алуына қолдау көрсетеді.	1.5.2. Мектептегі, қауымдастықтағы және отбасындағы жауапты тұлғалар алдында өз проблемалары мен тілектері туралы айта алатын балалар саны			

1.6. Дағдарыс орталықтары «ашық» қызмет көрсетулерді ұсынуы тиіс	1.6.1 Жеке істегі барлық жазбаларды балалармен бірлесіп жасайды	1.6.1 Балалар әрекет жоспарына қол қояды, байланыс мәлеметтерін куәландырады, өз түсіндірмелерін жасайды және өз пікірін айтады			
	1.6.3. Балалар алғашқы талабы бойынша өз жеке ісін алуына болады.				
1.7. Қызметкерлер балалар мен жас адамдардың пікірлері мен тілектерінің тыңдалуы, түсінуі және оларды қозғайтын шешім шығаруда есепке алуы үшін үшін жағдай жасайды	1.7.1. Қызметкерлер балаларға не керек екенін нақты біледі және олардың оны айту мүмкіндігін қолдайды	1.7.1. Балалармен айқын жоспар жасайды			
	1.7.2 Қызметкерлер балаларға келесі қадамдарын жасай алатындай және/немесе олардың пікірінше тыңдалмаған немесе шара қолданбаған мәселелер бойынша арыздарды ресми рәсімдеуге көмек көрсетеді.	1.7.2. Балалар берген арыздар және сөз сөйлеу саны			
1.8. Балаларға қатысты қабылданған шешім бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу	1.8.1 Қызметкерлер балалармен жүргізілген жұмысты үнемі бағалайды, балаға ол жөнінде мәлімдейді.	1.8.1 Баланың жеке ісінде сақталатын балаға қатысты шешім құжатпен рәсімделеді. Балаға түсінікті тілмен жазылған көшірмесі беріледі, ұзақ түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.			

2 Стандарт Дағдарыс орталықтары балалар мен жас адамдар құқықтары мен қажеттіліктерін талап етуі тиіс					

Дағдарыс орталықтары не жасау керектігін және неге көңіл аударуы керектігі жөнінде бір жылға арналған өзінің жеке жоспарларының нәтижелерін жазуы керек. Бұл жұмыс соңынан өрлеуді бақылауға алу үшін ең басында орындауы тиіс.

Жоспар бойынша есеп үлгісі

Дағдарыс орталығы

Жоспарды орындау туралы есеп

Атауы: _____

Лауазымы: _____

Есептік кезең: _____

Есепті жасаған күні: _____

Қысқа есеп

Қолы: _____

Күні: _____

Жоспарда белгіленген әрбір нәтижеге қол жеткізу есеп арқылы үнемі (тоқсанына бір рет) бақылау жасауы тиіс. Бұл алға қойылған міндеттерді орындау және ерекше көңіл бөлуді қажет ететін мәселелерді анықтау барысын бақылауға көмектеседі.

Нәтиже (оның ішінде қамту)	Орындау кезеңі Қабылданған әрекет арқылы нәтижеге қол жеткізіледі ме? (иә немесе жоқ)	Есеп жасау кезіндегі қол жеткізілген нәтижелерді қысқаша суреттеу:	Әсер ету
1.4.2. Балалар проблемалары бойынша жарияланған ақпараттық буклеттердің/роликтердің/брошюралардың қандай да бір саны	Толығымен қол жеткізілді	Қазіргі кезде біз келесі мәселелер бойынша балаларға арналған 4 буклет басып шығардық: Сенің құқығың, наркотиктер және ішімдіктер, жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету, проблемалар бойынша жүгінетін орын	Жас адамдар топтық сессиялардың өте ұнайтындығын, сол жерден достар тапқандығын айтады (Қараңыз. Топтық сессияларды бағалау нысандары) Наркотиктер мен ішімдіктер туралы сессиядан кейін жас адамдар наркотиктер мен ішімдіктерді шектен тыс қолдану мәселелер жөнінде жұмыс жасайтын ҮЕҰ-ға жүгінген. 200 жас адам буклеттер алған, қызметке жүгіну саны артқан.

Топтық сабақтың хаттамалары

Дағдарыс орталықтары жанынан жас адамдар үшін топтық сессия, мектептердегі семинар немесе ата-аналар үшін тренингтерге қарамастан көрсетілген үлгі бойынша хаттама әрбір топтық сабақтан кейін толтырылуы тиіс. Бұл алға қойылған міндеттерді орындаған топ табысын анықтауға және үдерістің барысын бақылауға мүмкіндік беретін құрал болуы тиіс. Топ табысы/қолжетімділігі? Алға қойылған міндеттерді топ қалай атқарады? Негізгі кедергілер? Келесі топтық сессияда не болады? Ол үшін қандай ресурстар талап етіледі?

Әрбір сессияның бағалық үдерісінде жас адамдар және/немесе олардың ата-аналары қатысуы тиіс, өйткені ұмтылысты таңдау оқуға әсер етеді.

Топтық сабақтың хаттамалық үлгісі

Аты: _____

Атқаратын лауазымы: _____

Қандай топ _____

Топтық сессияның өткізілетін орны _____

Жазылған күні: _____

1. Сессияның негізгі мақсаты қандай?
2. Сессиядан соң топтың негізгі жетістігі (нәтижелер, тиімділік және әсер ету - жоспарды қараңыз)?
3. Сессияның қандай да бір жоспарланбаған немесе таңғаларлық нәтижесі болды ма?
4. Сіздің ойыңызша Сіздің жұмысыңыз қандай да бір адамға немесе адамдар тобына сәйкесті әсер етті ме? Сол адам немесе топ туралы айтыңыз.
5. Сессиядан өзіңізге не ұттыңыз?
6. Келесі сессияға қандай тақырып арналатын болды?
7. Келесі әрекеттерге қатысты қандай да бір тәуекелдіктер бар ма? Сіз жұмысыңызды осы тәуекелдікке сәйкес қандай да бір түзету жасайсыз ба?
8. Сіздің жұмысыңызға әсер ететін жергілікті сипаттағы қандай да бір факторлар бар ма? (ынталандыратын факторлар және кедергілер)

Баланың дамуы және бағалау

Бағалау жүргізу кезінде :

- Енгізуді және көрсетуді қажет ететін даму аймағын анықтау.
- Дамудағы өрлеуді анықтау жөніндегі жоспар құру.
- Баланың жасы және оның даму кезеңі назарға алуды қамтамасыз ету
- Келесі әрекеттерді жоспарлауға арналған негіз ретінде ақпаратты талдау.

Даму кезіндегі бала қажеттіліктерінің өлшемдері

Денсаулық сақтау

Өсу және дамуды қарастырады, сонымен қатар физиологиялық және ақыл ой әл-ауқаты. Генетикалық факторлардың әсері, сонымен қатар кез-келген физиологиялық жағдайдың төмендеуі назарға алынып отыру керек. Ауру кезінде сәйкесті медициналық көмек алуды ұйғару. Толық қанды тамақтану, физиологиялық салмақ, қажеттілік жағдайындағы иммунизация, даму үдерісінің мониторингі, тіс және көз қалыпын тексеру. Ересек балалар үшін зиянды заттарды асыра пайдалану және репродуктивті денсаулық жөнінде ақпараттар және кеңес берушілер.

Білім беру

Бала туылған сәттен бастап танымдық қызметінің барлық шеңберін қамтиды. Мүмкіндік беруді енгізеді: ойнау, басқа балалармен қатынасуы, ақпаратқа қол жетімділігі, машықтар мен ептіліктерді қалыптастыру, табысқа жету. Бала оқуының қажеттілігін және негізгі бағытын назарға алатын өрлеудің қолжетімділігі.

Эмоционалды және жүріс тұрыстың дамуы

Ата-аналарға немесе оларды алмастыратын тұлғаларға, баланың даму шаралары бойынша отбасының басқа да мүшелеріне қатысты қабылданған әрекеті мен баланың туындаған сезімінің сәйкестігі. Баланың ерте құштарлық мәні, оның темпераменті, өзгертілетін жағдайға бейімделуге икемділігі, есеңгіреу жағдайына әсер етуі және өзіне өзі бақылау жасау деңгейі енгізіледі.

Тұлға болып қалыптасу

Сезімнің дамуы өзін жеке, өзіне өзі жеткілікті және құрметті тұлға ретінде тануды білдіреді. Баланың өзін және өзінің қабілеттілігін, бет-бейнесін және өзін-өзі бағалауын, даралығын сезінуді қабылдауын енгізеді. Нәсілдік, діни, жыныстық, жасы тұлға болып қалыптасуға әсер етеді. Әртүрлі мәдени топтарды қосқанда қоғаммен, отбасымен, құрдастарымен баланың қабылдау және тиімділік сезімі.

Отбасылық және қоғамдық байланыстар

Өзін басқаның орына қою білу қабілеттілігі және ұнату сезімінің дамуы. Ата-аналарына немесе оларды алмастыратын тұлғаларға тұрақты және жылы қарым-қатынастан, әпкелерімен жақсы қарым-қатынастан, құрдастарымен, бала үшін мәнді адамдармен достықтың маңыздылығына мән беруден және отбасының балаға деген жауапты қарым-қатынасынан тұрады.

Қоғамның көрнісі

Оның сыртқы бейнесі ретінде өзін қоршағандардың жүріс тұрысын қабылдауының және олардың қандай әсері болатынын баланың түсінуін білдіреді. Жасына, жынысына, мәдениетіне, дініне киімінің сәйкестігін, тазалығын, ұқыптылығын және жеке гигиенасын, әртүрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігі жөнінде ата-анасының немесе оларды алмастыратын тұлғалардың кеңесі қарастырылады.

Өмірлік машық

Бала эмоциясын қалай білдіру және қалай сөйлесу машықтарын қалыптастыру, өзіндік дамуы үшін өзін қалай ұстау керектігін қарастырады. Сонымен қатар, бұған отбасынан тыс шараларды жеке қабылдау бойынша тәжірибелік машықтары және ересек балалардың өмірлік машықтары кіреді. Проблемаларды шешу жолын іздестіріп жүрген баланы көтермелеуде

кіреді. Баланың тұрмысы төмен халық тобына жатуының және өмірлік машықтарының дамуына қоғамның әсер етуіне ерекше назар аударылуы тиіс.

Жеке жоспарлау үдерісі

Мақсаты. Біз неге қол жеткізгіміз келеді?

Препятствия. Мақсатқа жетуге баланы не тоқтатады?

Әдіс. Біз мынаған қалай қол жеткіземіз? («ата-аналық машықтарды жетілдіру», «балалар бақшасымен жұмыс» және т.б. тренингтар)

Қызмет. Көмек беру арқылы қандай қызмет көрсетуге қол жеткізуге болады? Қандай іс-шараларды өткізу қажет?

Жиілік. Қандай жиілікте? Қандай уақыт мерзімінде?

Шолу. Шолу қашан жүзеге асады? Одан әрі не болады?

Бақылау сұрақтары:

- 1. Бала құқығындағы баланы қорғау және сақтау нені білдіреді?*
- 2. Қандай баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі стандарттарды білесіз?*
- 3. Баланы қорғауды қамтамасыз ету үшін стандарттар не үшін қажет?*
- 4. Дағдарыс орталықтары жұмыстарының ерекшеліктері туралы айтыңдар?*

5 бөлім.

Зорлық-зомбылықтан балалар құқығын қорғау әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту бойынша халықаралық тәжірибе

Эстонияда әлеуметтік қамтамасыз етуді ұйымдастыру

Мемлекеттік (уездік) деңгей

Әлеуметтік департамент, денсаулық сақтау департаменті, білім беру департаменті, мәдениет бөлімдері.

Полиция префектуралары.

Өзін-өзі басқару деңгейінде

Әлеуметтік қызметкерлер, баланы қорғау жөніндегі қызметкерлер, кәмелетке толмағандар ісі бойынша полиция.

Үшінші сектор деңгейіндегі

Табыссыз ұйым, қоғам: балаларды қорғау жөніндегі бөлім, Эстония қызыл кресі, жастар орталықтары, шіркеу, көмек беру орталықтары, ақпараттық қызмет және т.б.

Бағытталған ұйымдар: Эстония балалар қоры, Эстониядағы UNICEF халық комитеті және т.б.

Табысты сектор

Ақпараттық, психологиялық және өзге де кеңес беретін жеке кәсіпорындар.

Балаға көмектесетін әлеуметтік желі

Егер, балаға көмек және қорғау қажеттіліктері керек екендігі белгілі болса, онда әрбір адам әлеуметтік мекемеге, полицияға немесе өзге де көмек орталықтарында жедел түрде хабарлауы керек (Балаларды қорғау туралы Эстон Республикасы заңы §59 1 бөлім).

Балаға көмек көрсету кезінде әлеуметтік желі және әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі маңызды орын алады. Әрбір адамның өз қажеттіліктері, әлеуметтік қатынастары, коммуникациялары жүзеге асып және олар бір-бірімен қалай да болса байланысып жатырған қазіргі қоғамда әлеуметтік желі басты назарда болып отыр. Аса маңызды әлеуметтік қолдау қайнар көздеріне отбасы, туысқандары және жақын достары жатады.

Балаға көмектесетін баланы қорғау және қамтамасыз ету жүйесі баланы қорғау және әлеуметтік қамтамасыз ету туралы заңдарға негізделеді. Эстонияда әлеуметтік қорғау мемлекеттік, өзін-өзі басқару және жеке құқық деңгейлерінде ұйымдастырылған. Ал әлеуметтік қамтамасыз ету даму кезеңін бастан кешіріп отыр. Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінде мемлекеттік және өзін-өзі басқару деңгейлері бірімен-бірі тығыз әріптестікте қызмет жасап отыр. Өзін-өзі басқару деңгейінде балаларды қорғаумен көмек беру ұйымы айналысса, ал жергілікті өзін-өзі басқару әлеуметтік қызметі балаларды бақылаумен айналысады (Балаларды қорғау туралы Эстон Республикасы заңы §6). Егер полиция нашар күйдегі, қатыгездікке ұшыраған немесе жабырқау баланы көрсе, онда ол тез арада әлеуметтік

қызметкерге немесе балаларды қорғау жөніндегі жергілікті өзін-өзі басқару қызметкеріне бұл туралы хабарлауы тиіс. Хабарламаны ауызша, телефон арқылы немесе жазбаша арқылы тастауға болады. Хабарлануға тиіс:


- Баланың жеке мәліметтері,
- Баланың орналасқан жері,
- Мүмкіндігінше, балаға жақын адамның мәліметі,
- Проблеманың мәні.

Бала әлеуметтік қызметкерден келесі көмектерді алады:

- оны тыңдайды,
- оның әлеуметтік аясындағы қызметкерден және баланы қорғау жөніндегі қызметкерден кеңестер алуына болады,
- қажет болған жағдайда материалдық көмек көрсетіледі,
- қажет болған жағдайда жаңа мекен жайлар – жаңа тұрғын алаң, пана немесе қауіпсіз үй, қорғаншы отбасы және басқаларын табады,
- балаға маман кеңес беруді ұйымдастырады.

Егер бала проблемасын шешу үшін әлеуметтік қызметкердің көмегі жеткіліксіз болса, онда лауазымдық желі айналысуды бастайды. Желіде балаға көмек беруді әлеуметтік қызметкері басқарады.

Лауазымдық желі бала проблемасын шешумен байланысты өздерінің лауазымдары өзара байланысты тұлғалардан тұрады.



Желі жұмысының мақсаты:

1. Құқықтар мен жауапкершіліктің үлкен үлесін отбасына беру,
2. Үлкен/кіші отбасы ресурстарымен санасу,
3. Жаңа шешім табу,
4. Отбасы және әлеуметтік жүйенің бірлескен жұмысын түзету,
5. Проблеманы жеке шешу үшін отбасына мүмкіндік беру.

Желі жұмысының артықшылығы:

- Бірлескен жұмыс үшін үлкен мүмкіндіктер,
- Қажетті ақпараттарды бөлу үшін үздік мүмкіндіктер,
- Бала өз проблемасын тез және қиналмай шешеді,
- Лауазымды тұлғалар үшін өзін жетілдіру мүмкіндігі кеңейеді,
- Бірнеше тұлғалармен шешім қабылданады,
- Лауазымды тұлғада қателесу мүмкіндігі азаяды,
- Тең мүмкіндіктер, бөлінген жауапкершілік.


Желі түрлері:

- Ұйым, мекеме ішіндегі (мысалы, мектепте әрекет ететін),
- Өзін өзі басқаруда (өзін өзі басқарудың барлық мамандары тартылған),
- Өңірлік (бірнеше жергілікті өзін өзі басқаруды қамтиды),
- Уездік (барлық уезді қамтитын желі),
- Жалпы мемлекеттік (мемлекеттік деңгейде әрекет ететін желі, мысалы, барлық уез балаларын қорғау жөніндегі мамандарды қамтиды),
- Ғаламдық немесе халықаралық (бірнеше мемлекет).

Әлеуметтік қызметкер тұлғасындағы желі жұмысын дамыту:

- ұйым ішіндегі қатынасу,
- ұйымнан тыс қатынасу,
- ресурсты мобилизациялау,
- ақпараттармен алмасу,
- келіссөздер,
- шарт жасасу,
- қақтығыстарды шешу,
- кеңес берулер,
- қызметті жоспарлау.

Желі картасы



(өзін-өзі қалай басқаруға?)

БАЛАҒА КӨМЕК ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Баланы қорғау туралы Эстон Республикасы заңы § 59 «Балаға көмек қажеттілігі туралы хабарлама»

(1) Егер, балаға көмек және қорғау қажеттіліктері керек екендігі белгілі болса, онда әрбір адам әлеуметтік мекемеге, полицияға немесе өзге де көмек орталықтарына жедел түрде хабарлауы керек

Арыз иесі
Аты жөні
Мекеме
Телефон
Күні

Арыз берушінің атын жариялауға болады ма? ИӘ ЖОҚ

КӨМЕКТІ ҚАЗЖЕТ ЕТЕТІН БАЛА (белгілі мәлеметтерді жазу)
Аты
Туған жылы /Жеке коды
Мекен жайы, телефоны
Ата-аналары/ қорғаншылары, әпкелері /ағалары туралы мәлеметтер:

Арыздану себебі (оқиғаны ерікті түрде сипаттау)

Арыз берушінің қолы.....

Оқиға:

Баланы қорғау орталығына күйеуі және балалардың әкесі үйде зорлық-зомбылық көрсететіні жөнінде анасынан хабарлама түседі: әйелін және отбасындағы бес баласын ұрып соғады, әкесі салған дене жарақатына байланысты дәрігерлік бекетке жүгінген, он алты жасар үлкен ұлы зорлық-зомбылық әрекеттеріне шатылғандықтан кәмелетке толмағандар ісі жөнінде полицияда есепте тұр. Анасы қорыққандықтан аталған оқиға проблемаларын шеше алмайды. Қолдау орталығының әлеуметтік қызметкері келесі тұлғаларды аталған жағдайды шешу бойынша жүргізілетін жұмысқа қатыстырады:

- *жасалған зорлық-зомбылық үшін еркекке қатысты криминалды іс қозғайтын прокурорды,*
- *әйел мен балаға кеңес беретін психологты,*
- *үйге барып тұратын, қажет жағдайда балалардың мекен жайы және үй проблемаларын шешу қажет болған кездегі бала қорғау жөніндегі қызметкерді,*
- *полициядағы жас адамдар есебімен айналысатын және ақпараттарды иеленетін кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі полиция инспекторды.*

Оқиғаны шешу барысында әрбір маман нақты міндеттерге ие болады, екі қайтара дөңгелек үстелге жиналады да, жасалып болған істеріне талдау жасап, жаңа шешім қабылдайды. Оқиға шешілгеннен кейін отбасы әкенің зорлық-зомбылық әдісін қолдануынан құтылады.

Ең табысты болып проблемалық отбасылармен алдын-ала (ескерту) жұмысын жасау табылады, сондықтанда пайда болған қиын оқиғаларды ертерек анықтау өте маңызды болып табылады. Егер ата – аналары өз баласын қамқорлыққа алмаса, қамқорлай білмесе немесе қамқорлағысы келмесе, онда мұндай жағдайда, өзін-өзі басқару мекемелері өте қатал шараларды қолдануы қажет.

§ 25 Отбасы мен үйлерден балаларды айыру

1) әлеуметтік және өзге де көмек түрлерін көрсету мақсатында, тек бірдей уақытта келесі талаптар болған кезде бала отбасынан және үйден айырылуы мүмкін:

- бала күтіміндегі жетіспеушіліктер және оның тәрбиесі бала өміріне, денсаулығына немесе дамуына қауіп төндірсе немесе бала өз әрекетімен өз өміріне, денсаулығына немесе дамуына қауіптілік әкелсе;
- отбасы және балаларға қатысты қабылданған шаралар жеткіліксіз болса немесе оларды қолдану мүмкін емес болып табылса;
- баланы отбасынан айыру бала мүддесі үшін жүзеге асырылады.

2) отбасынан айырылған баланың тұрғын жайы, оларды күтіп ұстауды жүзеге асыру және оның тәрбиесі туралы мәселені болыстық немесе қалалық басқарма шешеді.

Полицияда кәмелетке толмағандардан жауап алу – секундтық зорлық– зомбылықты жою¹².

- 2000 жылға дейін Эстонияда кәмелетке толмаған қылмыскерлермен және жәбірленушілермен жұмыс жасайтын полиция тергеушілерінің жұмысына қарапайым жағдайлар жасалмады. Тергеу балаларға жарамсыз ғимараттарда, жиі аудио және бейне жазбаларсыз жүргізіліп отырған. Ол қылмыстық іс жүргізуде куә айғақтарының сапасына жағымсыз әсер етеді;
- Көптеген қылмыстарда (әсіресе жаныстық) қылмыстық өндірістегі жауап алу маңызды дәлелдеме болып табылады, сондықтанда физиологиялық зорлық–зомбылық белгілері жиі жоқ болады;
- Эстон сотында сәйкесті үрдіске сотта балалардың іші пысатын сот өндірісінен қорғап отыру жатады, сондықтанда баланы (жасына тәуелді) сотқа шақырмайды, тек тергеу материалдары оқылып, жауап алудың бейне жазбалары көрсетіледі.

Барлығы мынадан басталды ...

- 1999 жылдың қарашасында Полиция перфектурасына полицейлік тергеушілер қызметі және тұтқындаудың жаңа үйі жобаланған ғимарат берілді.
- Ғимаратты жоба авторы болып бала психологы және баланы қолдау орталықтарының суретшілері рәсімдеді.
- Рәсімдеу бала үшін достық қалыптылықта болуы тиіс қағидасынан шығады.

¹² Р. Хейдо, М. Паддар

Кәмелетке толмағандардан жауап алуға арналған ғимарат:

- 2000 жылдың 5 қаңтарындағы ғимарат ашылды.
- Ғимаратта үйдегідей жабдықтар – әртүрлі жастағы топтар үшін жұмсақ жиһаз, ойыншықтар және кітаптар, сурет салуға арналған тақта бар.
- Ғимаратта полиция тергеуінде сапалы жауап алу үшін қажетті құралдардың бәрі бар.
- Ғимаратта бағытталған микрофонымен аудио және бейне аппаратуралары бар, өйткені нашар қатынасты көрген бала әдетте қатты сөйлемейді.
- Баланың өзін үйдегідей сезінуге көмектесетін және баланың маманмен байланысына қол жеткізетін көптеген ұсақ түйектер бар.
- Жыныстық зорлық–зомбылық жағдайына байланысты баланы жауап беру кезінде екі бағытты иеленеді:
 - балалардың қолына анатомиялық қуыршақтарды береді,
 - бала тақтаға болған оқиғаны бәрінің суретін салады.

Мақсаты:

- ...Эстон Республикасының баланы қорғау туралы заңы, бала құқығы жөніндегі конвенция және қылмыстық іс жүргізу кодексінің заңдары талаптарына сәйкес балаларға жағдай жасау.
- ...сотқа дейін бірнеше қылмыстық істерді жеткізу, өйткені көптеген жағдайларда өндіріс дәлелдемелер болмауына байланысты қысқартылады.

Балалардан жауап алу кезіндегі маңызды сәттер:

А. Сыртқы, бала жағдайымен байланысты емес: жауап алу талабы.

Б. Бала жағдайымен байланысты: білім, икемдік, тергеушінің тәжірибесі.

1. Баланың даму деңгейі:

- Ой сана мен тілдің дамуы,
- Ақыл ес,
- Уақытты түсіну,
- Эмоционалды даму,
- Жыныстық даму.

2. Баланың білімі.

3. Баланың уәждемесі.

4. Болған оқиғаға баланың қатысы және эмоционалды жағдайы.

Қылмыс құрбандарына Эстонияда берілетін көмек

2001 жылы Әлеуметтік істер Министрлігі алғаш рет Қылмыс құрбандарына берілетін көмекті үйлестіру жөніндегі ұйымдарды іздестіруде мемлекеттік тендер ұйымдастырылды. Тапсырылған ұсыныстардан мемлекеттік тапсырыстың орындаушысы ретінде Эстония Евангелиялық Лютерандік Шіркеуді таңдады, ол 2003 жылдың аяғына дейін шартты серіктес болып табылды. ЭЕЛШ еншілес ұйымы - «Құрбандыққа ұшырағандарға көмек» криминалды

жұмыс және қылмыс құрбандарына көмек көрсетудің коммерциялық емес бірлестігінің Орталығы арқылы қылмыс құрбандарына көмек көрсетуді үйлестіріп отырды. 2003 жылдың аяғында қылмыс құрбандарына көмек көрсету қызметі Таллинде, Харьюмада, Ида-Вирумада, Рапламада және Тартада жұмыс жасады.

Әрекет етуші қылмыс құрбандарына берілетін көмек жүйесіндегі жетіспеушілік себептеріне байланысты коалиция бұл аймаққа көп көңіл бөлуді қолға алды. Құрбандарға берілетін көмек көрсетуді жақсарту үшін үкімет құрбандарға берілетін көмек қызметін ұйымдастыруды және құрбан болғандарға мемлекеттік өтемақы төлеуді реттейтін жаңа заң ұсынуға шешім қабылдады.

Күні бүгінге дейін қылмыскерге және оны жазалауға аса көп көңіл бөлініп келді. Сонымен бірге, қылмыскерді жазалау құрбан болғандарға мағыналы жеңілдік алып келмейді.

Заң барлық уездерде құрбандарға көмек беретін бекініс орталықтар желісі жыл бойына құруды көздейді. Әрбір бекініс орталықта құрбандарға көмек көрсетуге арналған оқудан өткен қызметкер серіктестіктің, яғни полицияның, жедел жәрдемінің, денсаулық сақтау қызметкерлерінің, құтқару қызметінің, әлеуметтік қызметкерлердің, әртүрлі үкіметтік емес ұйымдардың және басқа да сайттардың аймақтық желілерін ұйымдастырады.

Құрбандарға көмек көрсету қызметінің мақсаты құрбан болғандардың болған оқиғаның салдарын жеңіп шығу қабілетін сақтау немесе оны жақсарту болып табылады. Бұл қабілеттілікті жақсарту үшін эмоционалды қолдау қажет етіледі, сонымен қатар көмек алу мүмкіндіктері туралы ақпараттарда (мыс. психологиялық, заң кеңесі және өзге де), ұйымдармен қатысындағы кеңесте қажет болып табылады. Егер оқиға құрбаны болған жан өз уақытында көмек алып тұрса, онда оның жағдайы төмендемеуі мүмкін.

Құрбан болғандарға көмек аясындағы өзгеріс: 1. Заң құрбандарға көмек көрсету қызметін және өтемақыны алушылардың аса кең шеңберін бекітті. Жаңа заң бойынша **қылмыс құрбандарына** берілетін көмекке құқықты дәрекі немесе абайсызда физиологиялық, психологиялық немесе жыныстық зорлық-зомбылық көрсетілген барлық тұлғалар иелене алады, яғни құрбандарына берілетін көмекке құқыққа залал келтірілген немесе жапа шеккен кез-келген адам ие бола алады. Көмек алудың алғышартына қылмыстың жасалуы жатпайды.

Қылмыс құрбандарына мемлекеттік өтемақы туралы әрекет етуші заңды салыстырсақ өтемақы алған субъектілер шеңбері кеңейіп отыр. Жобаға сәйкес абайсызда жүзеге асқан зорлық қылмыстарының құрбандарына да өтемақы төлейді (бұрынғы заң тек қасақана қылмыстың құрбандарына ғана өтемақы төлеуді қарастырған). Сонымен қатар, заң тұрақты мекен жайына тәуелсіз Еуропалық Кеңес азаматтарына (мысалы, саяхатшыларға) және зорлық-зомбылық қылмыстарының құрбандарына зиянды өтеу жөніндегі Еуропа конвенциясына қосылған елдердің азаматтарына да таралады (заң жобасының 9 бабы). Конвенция қатысушыларына заң конвенцияға Эстония қосылғаннан кейін ғана таралады.

Сонымен қатар, заңда құрбандарды жерлеуге кеткен және тұлғаларды емдеуге кеткен нақты шығындарды өтеу туралы өтініш беруді қарастырылған. Осы күнге дейін егер құрбандыққа шалынғандар мерт болған жағдайда шығынды құрбан болғандардың асыраушыларына өтейді, ал тәжірибеде құрбан болғандардың балалары өтемақы туралы өтініш беруге құқығы болса, ал құрбан болу нәтижесінде мерт болған бала болса, онда баланың ата-анасы өтемақы туралы өтініш бере алмайтын жағдай туындап отыр. 2. Денсаулығын қалпына келтіруге кеткен шығындардан басқа, психикалық денсаулығын қалпына келтіруге кеткен шығындарда өтеледі. Заң бойынша психологиялық кеңес пен психотерапияға кеткен шығындар өтеледі.

Жоғары тәуекел тобындағы балаларға көрсетілетін көмектің ұлттық саясаты және нақты шаралары. Швеция тәжірибесі¹³

Швецияның әлеуметтік қамтамасыз етуі әмбебап мекемелік үлгіге сәйкес құрылған; бұл әлеуметтік және отбасылық саясат елдегі барлық халыққа арналған, осылайша халықтың тұрмысы төмен топтарына қысым көрсетуге жол бермейді дегенді білдіреді. Бұл саяси үлгі мүгедектің өмір бойына қызмет етеді, яғни туғаннан бастап өлгенге дейін. Егер адамдардың әртүрлі санаты әлеуметтік қамтамасыз ету, әлеуметтік қызмет желілері арқылы өтсе, онда заң бойынша оларға тұрмысы төмендігіне байланысты өтемақы төленеді. Жалпы әлеуметтік саясат күні бүгінге дейін аса төмен топқа жататын кедей халыққа өтемақы төлеуге қабілетсіз. «Жоғары тәуекелді» балалардың көпшілігі бір ата-анасы ғана бар отбасынан шыққан аса төмен топқа жатады, және бұл отбасылар жағдайы аса төмен топтарға жатады. 1980 ж. бастап баланы әлеуметтік қамтамасыз етуді дамыту саясаты топтық негізге және жоғары тәуекелді балалар санатына бағытталып құрылған алдын алудың дамыған стратегияларын дайындауға жұмылдырылған. Мысалы, ішкіштер отбасының балаларын қолдау тобы көптеген муниципалитердің жанында бар.

Басқа өзін-өзі көмек көрсету топтары әлеуметтік органдар ретінде құрылып қолдаумен айналысып отыр, олардың қызметі ақыл-есі кем ата-аналар мен олардың балаларын, жалғыз басты аналарды, босқын ата-аналарды, сонымен қатар жыныстық емінсектіктен зәбір көрген жас адамдарды қамтиды. Заңға сәйкес муниципалитеттер жанынан отбасылық кеңес беру, сонымен қатар мектепке дейінгі жастағылардың ұзартылған күн тобы қызмет жасауы тиіс.

Байланысқа шығатын отбасыларына көбінесе қиын отбасына риясыз көмектесуге келісетін көршілері және басқа да адамдар жатады, мысалы сенбі және жексенбі күндеріне баланы өз үйіне алып кетеді. Балалардың әлеуметтік әл-ауқатын жақсартатын мұндай тұтас тәсіл кең таралған және әлеуметтік байланыс желісінің әдістемесі алдын алу шараларын дайындауда кең таралған.

Тұрғылықты жері бойынша балаларға көмек беру. Швед заңнамасына сәйкес балалар ерікті (көп жағдайда) және бұйрықты негізде бала асыраушы отбасына жіберілуі мүмкін.

Әр жыл сайын алғашқы әлеуметтік көмек шамамен 3 000 балаға беріледі. Оның ішінде шамамен жартысына мекемелік көмектің қандай да бір нысаны беріледі. Бірінші бөлу тұрғылықты жері бойынша көмек топтарына жіберіледі, сосын баланы мекемелік көмек нысанымен салыстырғанда, әдетте ұзақ мерзімді шара ретінде қарастырылатын бала асырап алатын отбасына жібереді. Тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік көмек берілген кішкентай балалар (13 жасқа дейін) саны соңғы төрт жыл көлемінде азайды. Бірақ тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік көмек берілген ересек балалар (13 -17 жас) саны көбейіп отыр. Тұрғылықты жері бойынша көмек берілген балалардың үштен екісі 13-тен 17-жастағы жасөспірімдер. Олардың арасында көбісі ұл балалар; жыныстық қатынас коэффициенті - 1.3. Бірақ бұл топта қыздар санының көбею үрдісі байқалып отыр, яғни коэффициент төмендеп отыр. Бөліністің барлық нысандарында иммигранттар отбасынан шыққан балалардың саны статистика бойынша жоғары. 13 жастағы балаларды әлеуметтік есепке қою тәуекелі сондай жастағы швед отбасы балаларына қарағанда басқа елдерден келген балалар саны 2 есе жоғары, ал егер бала 12 жастан асса үш есе жоғары екенін көрсетіп отыр.

Швед әлеуметтік мекемелер саны басқа елдердегі мекемелермен салыстырғанда анағұрлым аз. Кез-келген мекемелерде балалар саны 20 дейін шектелген, мекеменің 75% 9 баланы немесе одан аз баланы қамтиды. Егер мекемедегі балалар саны 20-дан көп болса, онда жеке ғимараты

¹³ Григорьев С.И. Әлеуметтік жұмыс: бірінші жақындаудың швед нұсқасы. – М., 1994.

бар аса ұсақ топтарға бөлінеді. Жасы кішкентай құқық бұзушыларға арналған әлеуметтік мекемеде әрі кеткенде 20-дан астам бала болады. Егер іс 13 жасқа дейінгі балаларға қатысты болса, онда көптеген мекемелер балаларға әлеуметтік қолдау көрсетумен қатар, ата-аналарға да қолдау ұсынады.

Мекемеде болудың орташа уақытын санау қиын болып табылады. Мәлеметтерді дистрибуциялау ассиметрикалы, яғни орташа саны мен медиана арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Сонымен қатар, мекемеде болудың орташа уақытындағы айырмашылық ерікті немесе еріксіз негіздерде бөлуді жүзеге асыруға тәуелді болатыны байқалып отыр. Мекемеде болудың орташа уақытындағы айырмашылық мекеменің жеке немесе мемлекеттік болуына да тәуелді. Сонымен қатар, айырмашылық әрбір жеке дара үшін әртүрлі бөліністің жалпы санын есептеуге негізделуінен немесе одан кейін балаға көмек тоқталатын кейінгі бөліністен кейін жүргізілуінен байқауға болады.

Соңғысы, көптеген бөліністер басында жоспарлағаннан ерте тоқтатылатынын назарға алу керек. Орта есеппен алғанда мекемелер және бала асырап алатын отбасылар бойынша жасөспірімдерді бөлудің үштен бірі жоспарланған мерзімнен бұрын тоқтатылады. Аса тұрақты бөлініс баланың туысқандары отбасына бөлу, олардың ішінде тек 17% жоспарланған мерзімнен бұрын тоқтатылады.

Негізінен, тұрғылықты жері бойынша көмек берудің орташа ұзақтығы ата-аналары, оларды ерікті түрде сұрап алған жағдайы 9 айды құрайтындығын көрсетті (медиана 3.3). Жеке мекемелерде әлеуметтік көмек ұзақтығы мемлекеттік мекемелерге қарағанда 2 есеге көп болды (13.4 ай 6.4 айға қарсы). Көп бөлігінің Орта есептен ауытқушылығы қысқа мерзімде болудың өте көп болатындығымен түсіндіріледі (алты ай мерзімге жоспарланған бөлу 50% жоғары немесе төмен және көп стандартты ауытқушылықпен).

Топтарда болудың орташа ұзақтығы билік тарапынан күш қолданатын тұрғылықты жері бойынша көмек көрсету 23 айға ұзағырақ болып табылады (медиана 16 ай). Бұл жағдайда жеке және мемлекеттік мекемелер арасындағы айырмашылық өте үлкен (26 ай 21 айға қарсы).

Занды бұзған мемлекеттік түзету мекемелері әдетте орташа шамамен алғанда 22 ай бойы көмек көрсетеді және бұл мерзімдердің бұзылуы онша зор емес.

Ақыл ойы және дене бітімінде кемшіліктері бар балаларды мекемелерге бөлмейді. Мұндай балаларға арналған соңғы мекеме 2000 жылы жабылып қалды.

Мүгедек балалар негізінен бала асырап алатын отбасыларына орналастырады немесе тікелей олардың үйлеріне көмек көрсетіледі және оған күндізгі күтім жасайтын орталықтар арқылы қосымша көмек көрсетіледі.

Тұрғылықты жері бойынша баламалы көмек көрсету. Айтылып өткендей бөліністің негізгі нысаны бала асырап алатын отбасы болып табылады, және бұл нысан әлі күнге дейін тұрғылықты жері бойынша көмек көрсетудің басымдылық танытылып отырған нысаны. Бірақ соңғы жылдары балаға көмек көрсетудің бұл нысаны азайды. Статистика бойынша алғашқы жағдайда 50% бала бала асырап алатын отбасы түседі, ал қалған 50% балаға тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік көмектің қандай да бір нысаны көрсетіледі. 13 жасқа дейінгі балаларға көмек көрсететін мекемелердің көпшілігі балаларды ата-аналарымен бірге қабылдайтын баламалы шешімді қолданады.

Бұл негізінен, барлық жағдайда балаларды ата-аналарымен бірге қабылдайды дегенді білдірмейді. Егер әңгіме 13 пен 17 жастағы баланың ұзақ мерзімді бөлінісін айтсақ, онда басымдылықты бала асырап алатын отбасыларына береді. Соңғы төрт жылға балаларды бөлу, әсіресе қыздарды бала асырап алатын отбасыларына орналастыру көбейіп отыр.

Егер істе баланы ерікті түрде бөлу қарастырылса, онда бала асырап алатын отбасыларында болудың орташа кезеңі 21.8 айды (медиана 5.9 ай) және әлеуметтік орган тарапынан күштеп бөлуде 69,6 айды (медиана 41.4 ай) құрап отыр. Сондықтанда тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік көмек көрсету әлеуметтік институттарға алты ай және одан кем мерзімдерге 50% бөлуден артық емес. Соңғы төрт жылда бөліністің көпшілігі стандартты ауытқушылықты және орташа санды ұлғайтты, сондықтанда орташа саны мен медиана арасында айырмашылыққа алып келді.

Тұрғылықты жері бойынша баламалы әлеуметтік көмек көрсету ретінде ел ішінде баланы асырап алуға байланысты болса, онда бала асырап алу және бала асырап алатын үйге саны бойынша азғана бөледі.

Мұндай жағдайда жылына жиырма реттен астам емес. Тұрғылықты жері бойынша баламалы ретінде қарастырады. Швеция жыл сайын шамамен 1000 жуық баланы асырап алған. Соңғы төрт жыл ішінде көптеген бөлігі Қытай, Колумбия, Индия, Оңтүстік Кореядан және Вьетнамнан жеткізілді. Бұл елдердің әрбірінен 100-ден астам бала Швецияда асырап алған.

Қаржыландыру

Негізінен мемлекет және муниципалитет балаларды әлеуметтік қаржыландырады. Әлеуметтік әл-ауқат туралы заңға сәйкес әрбір муниципалитеттің әлеуметтік органдары балаларға әлеуметтік көмек көрсету жауапкершілігіне ие болып табылады. Кішкентай қылмыскерлер үшін түзету мекемесі ерекше. Мұндай мекемені тікелей мемлекеттік органның өзі басқарады. Балалардың әлеуметтік көмегін жақсартумен айналысатын үкіметтік емес ұйым, мысалы, «Балаларды құтқар, Швеция» аз және олардың көбін мемлекет субсидиялайды.

Балаға көмек көрсету жөніндегі мекемелер бастығының, жеке сектордың өсуі муниципалитеттер үшін бюджеттік проблемаларға және бағалаудың қиындығына және ұсынылып отырған көмек көрсету бағдарламаларды бақылауға алып келді. Бір балаға тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің орташа құны қазіргі кезде бір күнде 350 долларға жетті. Салыстырмалы түрде алсақ, бала асырап алатын отбасына баланы орналастыру құны күнінен 80 доллар.

Қорытынды

Экономикадағы жалғасып отырған құлдырау салдарынан муниципалитеттерге алдын алу шараларын енгізуге және дамытуға бағытталған саясатты жүргізуге мәжбүрлеп, қысым көрсетіп отыр. Тәжірибелері жоғарыда сипатталып өткен белгілі бір стратегия соңғы онжылдықта дайындалған. Муниципалитеттерге қысым көрсетудің басқа қайнар көзіне әлемнің көптеген түрлі елдерінен шыққан иммиграцияның көбеюі жатады.

Швециядағы әрбір төртінші бала басқа елден шыққан және иммигранттардың балалары болып табылады, статистикада оларға шамадан тыс әлеуметтік көмек көрсету қарастырылған. Аса көп ұлттық қоғам өз кезегінде басқа проблемалардың туындауына алып келетін белгілі бір өзгерістерді талап етеді.

Балаларға әлеуметтік көмек көрсетудің барлық түрлері баланың өміріне отбасының әсерін есепке алады; олардың негізгі бөлігі балаға да, олардың отбасыларына және оны қоршаған ортаға да байланысты.

Соңғы жылдардағы, әсіресе тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік көмектің ұзақтығы артты, ал мұны әлеуметтік мекемелер персоналдары тарапынан баланы тиімді көмекпен қамтамасыз ету ұмтылысы ретінде қарастыруға толық мүмкіндік бар. Әлеуметтік көмектің тиімділігіне сенім Швеция үшін дәстүр болып табылады. Жоғары тәуекелдік тобындағы балаларға жүріс тұрыстарын жақсартуға бағытталған көмек көрсетілуі тиіс. Тұрғылықты жері бойынша

әлеуметтік көмек көрсетілетін жасөспірімдер ата-аналары және отбасылары үнемі ұйымдастырылатын кездесулер мен кеңестерге жиі шақырылады. Жүз жыл бойы Швецияда бала асырап алатын отбасыларына балаларды орналастыру әлеуметтік көмектің негізгі нысаны ретінде қалып отыр, дегенмен, тұрғылықты жері бойынша көмек көрсетуге сұраныс артып келеді.

Қазіргі кезде тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің қандайда бір нысанын 50% жағдайында балаларға ұсынылып отыр. 13 жасқа дейінгі балаларға арналған мекеме, ереже бойынша, балаларға және ата-аналарына бірге көмек береді.

Соңғы төрт жыл көлемінде бала асырап алатын отбасыларына балаларды орналастырудың өсімі негізінен 13-тен 17 дейінгі жастар есебінен жүзеге асып отыр. Бала асырап алатын отбасыларына қыздарды орналастыру саны артса, ал тұрғылықты жері бойынша көмек көрсетуде ұлдардың саны басым.

Шамамен қандайда бір нысанда көмек көрсетудің үштен бірі жоспарланған уақытынан бұрын тоқтатылады. Ұзақтығы бойынша көмек көрсетудің аса тұрақты нысаны болып баланы туысқан отбасыларына орналастыру табылады. Швецияда мекемелер саны көлемі жөнінен аз, олардың 75% біруақытта тоғыз балаға ең көп көмек береді.

Мекемелерді жекешелендірудің ұлғаюы мемлекеттік мекеме көрсеткен көмектен ұзақтығы екі есе көп көмек нысанының басымдылығына алып келді. Мекемеге баланы орналастыру бала асырап алатын отбасыларына орналастырудан шамамен бес есеге қымбат, бұл экономиканың созылмалы құлдырауы жағдайын ескерсек, муниципалитеттер үшін үлкен проблемаға айналып отыр. Мемкемелерге бақылауды күшейту, сонымен қатар, олар ұсынған балаға көмек көрсету бағдарламаларын бағалауды жақсарту талап етіліп отыр.

6 бөлім.

Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды қалпына келтіру, оңалту және әлеуметтік қайта қалпына келтіру

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың әрі қарай үдеуін тоқтату және өз уақытында кешенді келесі шараларға қабілетті қолдау көрсету:

- Балаларға көрсетілген қатыгездіктің жоғары тәуекелімен отбасының бірыңғай ведомстваралық ақпараттар базасын құру;
- Әлеуетті және жүзеге асқан әрбір қатыгездік жағдайларына қатысты әлеуметтік аядағы барлық ведомстволардың мүмкіндіктерін біріктіру;
- Қатыгездікті жою және қатыгездіктен зәбір көрген балаға (оның отбасына) көмек көрсету жөніндегі қызмет көрсету стандарттарын дайындау және бекіту;
- Қатыгездік жағдайын анықтау және оған әсер ету жөніндегі әртүрлі ведомство мамандары әрекетінің және қатыгездік жағдайының алдын алу үшін балалармен және оның жақын әлеуметтік ортасымен жұмыстар ұйымдастырудың нақты алгоритмі;
- Баланың қауіпсіздігінің және құпиялылығының талаптарын қамтамасыз ету;

- Болашақ ата-аналарды зорлық- зомбылықсыз педагогика әдісімен оқыту және осы отбасыларына қажетті психологиялық-педагогикалық көмек көрсету. Ересектерді бала қажеттілігіне зейін қоюға итермелеу, қажет болған жағдайда көтеріңкі болжалға түзету енгізу және ата-аналар талабының шегін төмендету, баланың белсенді тәсілін өңдеу, және туындаған проблеманы шешудің нұсқаларын ұсыну қажет;
- Жеке жүгінуі бойынша бала құқығы мен заңда мүддесін қорғаудың нақты тетігін және пәрменді рәсімдерін дайындау;
- ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заңына өзгерістер енгізу және Ішкі істер органдарының күзіреттілігі жөніндегі 10-бапты толықтыру 19 т.) отбасы мүшелері тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшыраған кәмелетке толмаған баланы материалды қарау кезеңінде кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына орналастыруды жүзеге асыру;
- Зорлық–зомбылық құрбаны–балаларға жедел көмек көрсету үшін, оның ішінде «Балалар мен жастар үшін № 150 ұлттық телефон желісіне» олардың жеке жүгінуі негізінде ұзақ мерзімдік қолдау;
- Отбасы зорлық-зомбылығынан жапа шеккен балаларға көмек көрсетуі үшін халықты әлеуметтік қорғау және ішкі істер органдарының, білім беру, денсаулық сақтау мекемелерінің өзара әрекет ететін жүйелерін құру;
- Жалпыға білім беретін мекемелердегі сабақтарына себепсіз жүйелі түрде қатыспайтын немесе мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу бағытындағы бақылауды күшейту;
- Бұрын зорлық–зомбылыққа ұшыраған педагогтарға, олардың оқушыларына деген басқыншылық қатынасын жою бағытында психологиялық және өзге де қолдау көрсету, сонымен қатар, педагогика қызметкерлеріне кәсіби және жеке құндылықтарын қайта ойлауын ынталандыру арқылы қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру;
- Зорлық–зомбылықтың мәні және оның салдары туралы педагогикалық ұжым өкілдерін, әрі қарай педагогтардың алған білімдерін ата–аналарға тарату үшін ақпараттандыру;
- Қалыптасқан өзара қатынас жүйесін өзгерте алатын мектеп оқушылары мен ересектердің бірлескен қызметін ұйымдастыруға бағытталған жаңа педагогикалық технологияларды, психологиялық тренингтерді мектеп тәжірибесіне белсенді енгізу;
- Балалардың бойынабеймәлім үй зорлық-зомбылығын азайту мақсатында әлеуметтік психологиялық күзіреттілікті кеңейту, тұлғаға қарсы жасалған қылмысқа қатысты құқықтық сауаттылықты қалыптастыру;
- Қоршаған ортадағы басқыншылықтан қорғау, сонымен қатар болашақтағы өзінің отбасымен және құрдастарымен серіктестік қатынасты қалыптастыру мақсатында кәмелетке толмағандарды қауіпсіз жүріс тұрысқа оқыту.

Қатыгездіктен балаларды қорғаудың және жәбірленуші балаларға көмек көрсетудің бірыңғай өңірлік жүйесін құру жөніндегі жұмыс балалықты қорғау аясындағы алдын алудың үш деңгейін есепке алып ұйымдастырылуы тиіс:

1. Алғашқы алдын алу – қатыгездік жағдайының туындауына себепші факторларды ескерту;
2. Екінші - қатыгездікке ықпал ететін және қолдайтын жоғарғы тәуелділіктегі қызмет көрсетулерді балаларға және балалы отбасыларына ұсыну;

3. Үшінші алдын алу – қатыгездіктен жапа шеккен балалар мен олардың отбасыларына көмек көрсету және оңалту жөніндегі қызмет.

Ата- аналар мен тәрбиешілердің балаға нашар қарауын жою жолдары:

- Орынсыз екіқабаттылық санын қысқарту;
- Екіқабаттылық кезінде ішімдікті және заңсыз наркотикалық құралдарды пайдалану деңгейін азайту;
- Жас ата- аналардың ішімдікті және заңсыз наркотикалық құралдарды пайдалану деңгейін азайту;
- Кәсіби медбикелер мен әлеуметтік қызметкерлердің нашар қарауының жоғары тәуекеліне ұшыраған балалардың отбасына бару жөніндегі қызмет көрсетуді ұсыну.

Қоғамдағы балаларға қатысты зорлық-зомбылықты мыналардың көмегімен жоюға болады:

- Оқуға кішкентай кезінен бастап балаларды дайындайтын мектепке дейінгі дамыту бағдарламалары;
- Өмірлік машықтарға оқыту;
- Мектептегі оқуын аяқтаған кезде жоғары тәуекел тобындағы жасөспірімге ықпал жасау;
- Ішімдікке қолжетімділікті спирттік ішімдіктер саудасын лицензиялау сәйкесті заңдардың сақталуын қамтамасыз ету, сонымен қатар жоғары салық пен баға белгілеу жолымен азайту;
- Атыс қаруларына қолжетімділікті шектеу.

Зорлық-зомбылықтан және қатыгездіктен жапа шеккен балаға көмек көрсету үшін педагог нені білуі және жасауы керек?

1. Бала құқығын қорғау туралы заңды.
2. Баланы қорғау үшін қайда жүгінуге болады және жүгінетін ұйымдар (ішкі істер, денсаулық сақтау органдары, баланың тұрғылықты жері бойынша қамқоршылық және қорғаншылық, қоғамдық құқық қорғау ұйымдары).
3. Балаларға психологиялық көмек көрсететін мекемелер (ППМС-орталықтар), «сенім телефондарының» номерлары.
4. Зорлық-зомбылық және қатыгездік жағдайында өз әрекетінің кезегі.
5. Зорлық-зомбылықтың әртүрлі түрлеріне сәйкесті белгілері, оның ішінде физиологиялық зақым және жүріс тұрыс кемшілігі.
6. Балаға қатысты қатыгездіктің болғанын күмән туғызатын ата-аналардың немесе қамқоршылардың жүріс тұрыс ерекшеліктері.
7. Зорлық-зомбылық, қатыгездік салдары: психологиялық, эмоционалдық, зияткерлік, жүріс тұрыстық және т.б..
8. Қарым-қатынасты ұйымдастыру ережесі, байланыс орнату, қатыгездікті растайтынына немесе бекерге шығаруына тәуелсіз баланы мұқият тыңдай білу және балалармен сөйлесу.
9. Ересектер немесе құрдастары тарапынан зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке ұшыраған балалардың ата-аналарына беретін кәсіби сауатты ұсыныстарды білуі және оны беруі.
10. Отбасымен адал болу, ата-аналарға сөйлесудің себебін тиянақты түсіндіруге тырысу.

Оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастыруды психологиялық-педагогикалық ереже

1. Өздерінің оқушыларына сақ болыңдар, олардың жүріс тұрысындағы сәл өзгерісті, нормағы кез-келген шығып кетуін белгілеңдер, ата-аналары мен оқытушылардың көз алмай назар аударуы жүріс тұрыстағы «кенет» туындаған айқын қатты өзгерісті талап етеді.
2. Оқушының жұмыс қабілеттілігіндегі өзгеріске назар салыңыздар (ұзақ уақыт жұмысты үзіліссіз және тез шаршап қалғандықтан қателесіп жасай алмауы)
3. Шешім шығаруға асығуға болмайды, оқушыға сабырлы, мейірімді болыңыздар. Бақылаңыздар, ата-аналармен әңгімелесіндер.
4. Оқушыны бағалауда ғана емес, болған оқиғаны бағалауда да объективті болыңыз. Проблемаларды шешуге кедергі келтіретін эмоцияға, сезімге ерік бермеңіз.
5. Әрқашанда сыныпта психологиялық атмосфераны сезініңіз. Ол үшін қажет:
 - балаларды бақылау және олардың жүріс тұрысына назар аудару;
 - балалардың көздерінен, мимикасынан, дене қимылынан түсіну;
 - бүгінгі күннің психологиялық атмосферасынан кешегі күнмен салыстыра білу.
6. Өз оқушыларыңыздың өмірімен шын көңілмен қызығушылық танытыңыз. Балалардың ойы мен тілегіне жаныңыз ашып тұрсын: ұрынбаңыз, өзгертуге тырыспаңыз, сынамаңыз, жиі мақтаңыз!

Психологтың алдында тұрған міндеттер:

- Баланың бойындағы ұялшақтық, кінәлі, дәрменсіздік сезімдерін төмендетуге әсер ету;
- Жеке мәнділік сезімін бекітуге көмектесу;
- Жаңа жүріс тұрыс паттерндерін қалыптастыру;
- Қоршаған адамдармен сараланған өзара әрекетке әсер ету;
- Бала қоғамдағы өз орнын анықтауды дамытуға, өзіндік МЕН-ді ұғынуына, оның ішінде физиологиялық МЕН кейпіне әсер ету.

Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаға кеңес беру кезінде келесі көрсетілген жалпы ұсыныстар бар¹⁴

1. Белсенді тыңдау арқылы проблеманы анықтау. Баламен байланыс орнату үшін психолог қалай тыңдайтыны маңызды. Дененің еркін, босаңсыған кейпі туралы еске сақтау маңызды: бұл баланың сөйлей бастауына көмектеседі. Баланың проблеманы талқылауға дайын екендігі әдетте үш сәтті есту маңызды: шешілмеген проблема неден тұрады, осы проблемаға қатысты бала не сезінеді; бала маманнан не күтеді.
2. Баланың не күтетіндігін нақтылау. Психолог балаға клиенттің қандай үмітіне сәйкес келуі мүмкіндігін түсіндіру қажет. Мысалы, психолог өзі зорлаушыны жазалай алмайды. Алайда, психологтың жасай алатын жағдайы туралы баланы және оның ата-анасын немесе қамқоршысын хабардар ету және оларға шешім қабылдауға, аталған маманмен жұмысты жалғастыруға дайын екендігін айтуға мүмкіндік беру. Егер отбасы көмектен бас тартса, онда психолог баланың ниетіне көмек берудің басқа нұсқаларын талқылауды ұсынуы мүмкін.

¹⁴ Зиновьева, Михайлова, 2003

3. Проблемаларды шешуге арналып жасалған қадамдарды пысықтаңыз. Жабық емес, ашық сұрақтарды қою арқылы көп ақпараттарды алатыныңызды әрқашан еске сақтаңыз.

Өз проблемасын шешу үшін жасаған әрекеттерінің тізімін қағазға баламен бірігіп жазу ұсынылады. Мұндай әдіс маман балаға қажетсіз немесе бәрінен бұрын ең жаманы қиайтын әрекеттерден баланың бас тартуына көмектескісі келетін жағдайда маңызды болып табылады.

4. Проблемаларды шешудің жаңа жолын іздеу. Келесі қадам, психологтың балаға проблеманы шешудің бірнеше жаңа жолдарын ойлауды ұсынатын ой талқысы әдісін жүзеге асыратын сессия болуы мүмкін.; бұл жағдайда ойлаған әдістердің сапасы емес, саны маңызды.

5. Проблеманы шешу идеясының біреуін әрекетке айналдыру туралы баламен шарттасуды бекіту. Қандай да бір жаңа қадамды байқап көру үшін баламен шарттасу қиын, бірақ егер жүзеге асса, онда баланың жаңа әрекетті жүзеге асырудың бірінші ұмтылысы көбіне табыс алып келеді. Тек алға қойылған мақсат нақты болуы маңызды, әсіресе бала мыналарды білуі маңызды: нәтижесін ол міндетті түрде психологпен талқылайды. Егер, бірдеңе жасалмай жатырса, маман балаға жағдай шешілмейінше, одан шығар басқа жолды табуға көмектеседі.

6. Сессияның жабылуы. Сессияны жабудың әдеттегі әдісі, маман баладан кездесу кезінде не болғанын қорытуды сұрайды: мысалы, қандай маңызды ойға келді, келешекке қандай жоспар құрды. Ереже бойынша, жинақтау 2-4 минутты алады. Сонымен қатар, әрбір келесі сессияның басында баладан өткенде не болғанын еске түсіріп сұрауды ұсынады. Бұл біріншіден, кеңес беру үдерісіне баланың назарын аударуға үйретеді, екіншіден, психолог өзіндік тиімділігін тексереді.

Кеңес беру үдерісінде маман мысалы баланың не айтқаны емес, сол жерде не сезінгенін түсіну маңызды. Егер, сұрақ қою орнына белсенді тыңдау техникасын қолданып және орын алатын қандай маңызды ойлар мен проблемалардың болжалды бекіну (гипотеза) түріндегі балаға кері байланыс жасаса, болып жатқан әрекет тарихы әбден айқын болуы мүмкін.

Кейде балаға көмектесу ниетінде психологияда тіптен тіке, директивті сұрақтар қояды, бұл клиенттің ештеңе айтпай жабық күйде қалып, байланыстан кетуіне алып келеді. Сөз жоқ, психотерапияда нақтылау және түсіндіру мақсатында директивті сұрақтар қою қажеттілігі бар сәттер кездеседі. Мұндай жағдайда, ашық сұрақтар ақылға қонымды болып табылады. Олар балаға ненің мәнді екенін таңдауға мүмкіндік береді және өз пікірін еркін айтуды шектемейді. Мысалы, ашық сұрақ: «Өз отбасың туралы айтшы» деп қойылған сұраққа «Екі ата- анамен бірге тұрасың ба?»; «Өз отбасыңа кімді қосасың?»; «Өз отбасы мүшелеріне қалай қарайсың» сияқты сұрақтарға да әлеуетті жауаптар алынады.

«Неге?» деген сұраққа байыппен қарау қажет, өйткені ол жиі «Сен неге соны жасадың?» деген кінәлайтын сұрақпен ұқсатады. Бала мұндай сұрақты келесі бейнеге айналдыруы мүмкін : «Сен неге мұндай қателік және ақмақтық жасадың?». Мұндай жағдайда бала қорғана бастайды, одан өз әрекетіне логикалық жауапты талап етіп отырған сияқты болып көрінеді, ал шын мәнінде жауап соқыр сезім деңгейінде жатыр. Психолог міндеті – балаға өз сылтауын мойындауына көмектесу. Әдетте мұндай сұраққа жауап беру бір нәрсені, яғни, бала өз әрекетінің себептерін саналы түрде түсіндіруге ұмтылып, оңтайландыру түріндегі қорғану тетігін қалай пайдаланатынын түсінуге мүмкіндік береді.

Сұрақтар бала деңгейіне сәйкесті байыпты болуы керек және мектепке дейінгілерге сұрақтар қою үшін келесі ұсыныстарды ұсынады:

- бестен сөзден аспайтын сөйлемді пайдалану; есімдіктен гөрі аттарды жиі пайдалану;
- бала ұғымдарын пайдалану;
- «менің не туралы сұрап отырғанымды түсіндің бе?» деген сұрақтың орнына балаға психологтың сөзін қайталап отыруын сұрау керек;

- баланың түсінбейтін сұрақтарын қайталап қоймауы керек; оның орнына сұрақты басқаша құрастыруы керек ;
- бірнеше сұрақты бір қоймауы керек;
- жауап айтылғаннан кейін келесі сұрақ қойғаннан гөрі, баланың не айтқанын біріктіру қажет, осылайша, психолог баланың жауаптарын кеңейтіп, талқылауды жалғастыруға итермелейді.

Жинақтай келе айтар болсақ, сұрақ қоймас бұрын, маман қойылатын сұрақтардың қаншалықты қолайлы екенін анықтап алуы тиіс:

- Баланы және оның проблемаларын түсінуге қойылған сұрақ қаншалықты мүмкіндік береді;
- Клиенттің өз ойын білдіруіне және ашылуына қойылған сұрақ қаншалықты әсер етеді.

Өздерін ұнату және назар аударту мақсатында балалардың артық айтуға икемділігін есепке алып отыру қажет. Ата-аналар некені бұзу және балаға қорғаншылық тағайындау туралы сот шешімі кезінде зорлық-зомбылық кінәсін пайдалану мүмкіндігін есепке алу керек. . Осыған байланысты бірнеше ұсыныстар:

- шешім шығаруға асықпау керек және анықтау кезінде тек қандай да бір әдіске ғана сүйенбеуі керек;
- жетелеуші сұрақтар қою қажет емес;
- әсіресе, ауыр проблемаларды талқылап жатқан кезде, тек өзінің жадына сену қажет емес, болып жатқан әрекеттерді жазбалар немесе аудио-, бейнетехнологиялар арқылы тіркеп отыруы қажет;
- түсініксіз жағдай кезінде мамандармен кеңесуі қажет;
- еркін ассоциация әдісін пайдаланғаны дұрыс;
- баланың шындықты айтып жатырғанына күмәнданса, онда былай деп сұрауға болады: «бұл жөнінде жан-жақты айтшы».

Әлбетте, психолог пен клиент бірлесіп алдарына қойған мақсатқа қол жеткізілсе, онда психотерапевтік үдерісті аяқтау керек. Соңғы сессияда міндетті түрде келесілерді талқылау керек:

- кеңес беру үдерісінде балаға не болды;
- қандай мақсат қойылды, оған қол жетті ме;
- бала өз өмірінде нақты өзгертін қандай өзгерістерді сезеді (өзіне деген қатынас және қоршаған ортамен қатынасы);
- егер келесіде қандай да бір жағдай туындаса, бала оны қалай шешеді;
- баланың қандай жақын келешек жоспары бар, немен айналысқысы келеді, неге қол жеткізеді.

Кеңес беру аяқталумен бірге психологтың қамқорлығы аяқталмайтынын балаға ұқтыру қажет, сондықтан, маман оның өмірін білу туралы клиентпен келесі кездесудің уақытын және мүмкіндігін талқылайды. Баладан телефон шалуын немесе жазуын өтінуге болады немесе қысқаша балаға бару туралы келіседі, әдетте бірілген кеңес нәтижесін мұндай бақылау 1 айдан кейін немесе жарты жылдан артық емес мерзімде жүзеге асырылады. Бұдан басқа, психолог қоштасарда болашақта қандай да бір сұрақтар туындаса, есіктерінің әрқашанда ашық екенін айтады; бала және оның ата-анасы әрқашанда көмек алуға ықыласты.

Бастауыш мектеп жасындағы баланың жеке психологиялық даму картасы

Баланың аты _____

Туған күні _____

мектебі _____ сынып _____

№	Зерттеу функциясы	Тест тапсырушылар нәтиже				Ескертпе
		1	2	3	4	
1	<i>Назар аудару:</i>					
	бөлу, ауысу					
	Өнімділік					
	Тұрақтылық					
	Көлемі					
2	<i>Ақыл ес:</i>					
	Көру					
	Сөздік есту					
	Сандық есту					
	Мағыналық					
3	<i>Ойлау:</i>					
	Көрнекі-бейнелеу					
	Сөздік-логикалық					
	Ұқсастық					
	Саралау					
4	<i>Моторика:</i>					
	Ұсақ					
	Жетекші қол					
5	<i>Эмоционалды аймақ</i>					
	Агрессиялық					
	Қорқыныш					
	Беймазальық					
6	<i>Тұлғалық сапа:</i>					
	Ерікті					
	Өзін өзі бағалау					

Қорытынды және ұсыныстар:

Тексеру нәтижесі: _____

Педагогтар немесе құрдастары тарапынан үнемі моральды кемсітуге ұшырайтын балалардың ата-анасына арналған ұсынысы

1. Болған оқиға туралы Сізге ертерек айтпағаны немесе оның алдын алу ештеңе жасамағаны үшін балаңызды сөкпеңіз.
2. Баламен сөйлесіңіз, қатынастағы қақтығыстың, есеңгіреудің, шиеленістің қайнар көздерін анықтау.
3. Балаға Сіздің түсінетініңізді және оған сенетініңізді балаға аңғарту.
4. Сынып жетекшісі мен мектеп әкімшілігіне хабарлап қою.

Зорлауға ұшыраған балалардың ата-анасына ұсыныстар

1. Болған оқиға және болған уақыты туралы сенімділік әңгімесіне шақыруға тырысыңыз.
2. Өз жүріс тұрысыңызбен, өз күшіңізбен болашақта сенімді күшейту.
3. Әңгіменің құпиялылығына сендіріңіз, ал бала болған оқиға туралы сосын кімге және қашан айтатынын өзі шешеді.
4. Өз сезімін білдіру қажеттілігі туралы және оның табиғи екендігін балаға айту. Әрбір адам өзінде пайда болған кез-келген сезімге құқығы бар.
5. Негізгі қиындықты, проблеманы анықтауға көмектесіңіз. Кінәлілік сезімді азайтып, оқиғаға баланың кінәлі еместігіне сендіріңіз.
6. Өзінің бағасын көтеруге әсер етіңіз.
7. Оқиғадағы жағымды сәттерді көбірек табыңыз, мысалы тірі қалуы.
8. Балаға резервтік мүмкіндіктің бар екендігін сезінуге көмектесіңіз, онымен бірге болған жағдайдан шығатын жол табу.
9. Баланы міндетті түрде өзінің күйзелісінен жеңіп шығатынына, оның қазіргі жағдайы өтіп кетеді, бірақ ол үшін уақыт керек екеніне сендіріңіз.
10. Балаға «қалай» және «не» жасау керектігін, «қалай әсер ету керектігін» айтыңыз, өйткені ол әзірше өзінің жеке күштерін пайдалана алмайды.
11. Құрдастарымен және беделді ересектермен жағымды қарым-қатынасын қолдаңыздар, секция, үйірмелерге қатысуын көтермелеңіздер және өзінің тұрақты ортасынан, жақын адамдарынан толығымен оқшаулануға жол бермеңіздер.

12. Шығармашылықпен айналысу арқылы сезімін білдіруге, шиеленісті болдырмауға әсер ететін әртүрлі материалдарды балаларға ұсыныңыз.

Кішкентай балалары бар ата-аналарға арналған ұсыныстар.

Құрметті ата-ана, балаңызды қорқытып алмауға тырысыңыз, бірақ олардың келесі ережелерді қатаң сақтауына қол жеткізіңіз!

Кішкентайларға кеңес:

- Ешқашан да бөтен адаммен көлікке мінбе. Егер бұл туралы біреу ұсыныс жасаса, жедел ата-анаңа айт.
- Достарыңның ортасында ғана ойна.
- Үлкендердің рұқсатынсыз ешкімнен ешқашан сыйлық алма.
- Бөтен үлкендерге еріп, бір жаққа баруға ешуақытта келіспе.
- Егер сені көлікке еріксіз мінгізетін болса, бір жаққа баруға күштесе, жан даусыңмен айқайла.
- Өз мекен-жайың мен телефон нөміріңді есінде сақта (бұған қоса қала коды), телефон: 102
- Ата-анаңның жұмыс телефон нөмірінің тізімін өзіңмен бірге алып жүр.
- Лифт кабинасына бөтен адамдармен бірге кірме.
- Еш уақытта біреудің өзіңе жанасқанына жол берме. Егер ондай жағдай болса, дереу үлкендерге айт.
- Біреу бас салғанда, маңдайшасында жазуы бар ғимаратқа қарай жүгір.
- Сені ата-анаңның жақсы көретінін ұмытпа және шындықты айтқаның үшін олардың жазаламайтынын біл.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған кеңес

Ата-анаңа қайда баратының туралы үнемі айтып отыр.

- Тек өз достарыңмен ғана қыдыр.
- Түнде адамдары жоқ жерге достарыңмен барушы болма.
- Таныс емес адамдардан сыйлық алма.
- Егер біреу сені өзімен бірге еріп жүруді сұраса, ата-анаңның келісімін ал.
- Егер қорықсаң - адамдарға қарай жүгір.
- Өз мәселеңді бөтен кісілермен бөлісуші болма.
- Ешкімге есік ашпа және есіктің ар жағынан жауап берме.
- Егер біреу пәтерге күшпен енгісі келсе, милицияға қоңырау шал, одан кейін терезені ашып, айқайлап көмек шақыр.
- Егер сенен көліктегі бөтен адам қалай бару керек екенін сұраса, оған

жақындама және ол жер өз жолында болса да, ертіп апаруға келіспе.

- Бөтен адамдардың саған жанасуына жол берме.Жанасқан адамға ескертуге ұялма.
- Егер сені біреу қорқытса, дереу адамдары көп жерге бар.
- Егер сені біреу бір жаққа баруға шақырса, ата-ананың рұқсатын алу керек екенін айт.

Жасөспірімдерге арналған кеңес

- Үйден қашып кетпе!** Егер үйдегі жағдай өте күрделі болса, мұғаліміңмен немесе өзің сыйлайтын адаммен сөйлес. Үйден қашқан жағдайда сен есірткі саудасына, жезөкшелікке, порнографияға пайдаланатын адамдарға тап боласың.
- Бөгде адамдардың сені суретке түсіруіне ешқашанда жол берме, тіпті сені атақты етеміз және барлық атақты адамдар осылай бастаған десе де келіспе.
- Ешуақытта бөтен адамдармен бірге көлікке отырма.
- Өз досыңмен немесе өз тобыңмен ғана қыдыр.
- Ата-анаңа достарыңмен бірге қайда жиналатындарыңды айтып отыр және жоспардың өзгергенін ескерт.
- Бөтен адамдардың саған жанасуына жол берме.Жанасқан адамға ескертуге ұялма.
- Егер бойыңды қорқыныш сезімі билесе, оның себебі бар, сондықтан ішкі сезіміңе сен.

Жадынама (жасөспірімге). Егер сен зорлық құрбаны болсаң, бірнеше ережелерді сақта:

- Бейтаныс топпен сауық кешіне жиналатын болсаң, оған сенімді досыңды ертіп ал.
2. Сауық басталған уақытта барлығына қоштаспай кетпейтініңді ескерт. Егер біреумен кететін болсаң кіммен кететініңді достарыңа айтып кет.
3. Өзіңнің ішкі түйсігіңе сен. Егер психологиялық жайсыздықты сезінсең, бұл сенің қауіпті жағдайда тұрғаныңды түсінгенің.
4. Өзің үшін нақты шек қой: неменеге жол беріп, неменеге тыйым салатыныңды анықта.
5. Кез-келген жағдайда дұрыс шешім қабылдайтын қабілетіңді сақта.
6. Сізді сауық кешінен күтіп алып немесе алып кететін мүмкіндік болса, оны пайдаланыңыз (бұл сізге сенімділік беріп, өз әрекетіңе бақылау жасай аласыз). Жалғыз өзіңіз жеке меншік көлік қызметін пайдаланбаңыз. Бұл жағдайда шығарып салушыдан көліктің нөмірін жазып алуды немесе есте сақтауды өтінізіз.
7. Егер біреу сізге қадалып қараса және аш көздікпен барлап қараса; сіздің сөзіңізге мән бермесе, сіздің сезіміңізді елемесе; сізбен таныс болмаса да, өзін бұрынғы досыңыздай ұстаса

САҚ БОЛЫҢЫЗ. Осы сияқты белгілерге назар аударсаңыз, сіз сауық кешінде ғана емес, басқа орындарда да өзіңізді зорлықтан аман сақтап қаласыз.

8. Әлеуетті жыныстық зорлық-зомбылықтан қорғаудың шынайы әдістері мүлде жоқ. Бірақ, Сіз үшін сақтандыратын қауіпті белгілер бар, мысалы адамды құрметтемеу, оның жеке кеңестігін бұзу. Абай болыңыз, егер кімде кім: сізге тіптен жақын тұр және осыған байланысты сезінетін қолайсыздықтан қанағат алады; Сізге көзін алмай және қыр көрсетіп қарайды; Сіздің айтып жатқаныңызды тыңдамайды және Сіздің сезіміңізге мән бермейді; Сізбен олай болмасада өзін өте жақын таныстар сияқты ұстайды. Осындай белгілерге мән бере отырып, Сіз кештерде ғана емес, басқа да жерлерде зорлық-зомбылыққа ұшырау тәуекелін азайта аласыз. Мұндай жағдай, біреумен кездесіп, алғаш киноға немесе дискотекаға бара жатқанда, достар мен таныстар ортасында отырғанда болуы мүмкін.

9. Егер сізді жайсыз сезімге қалдыратын, сезіміңізді елемейтін, дөрекі сөзбен немесе басқа да бір қылықтармен тұрпайылық танытқан адамға кез болсаңыз, онымен қатынасыңызды жедел үзіңіз.

Ата – аналарға жадынама

Балаға дене жазасын қолданбас бұрын, тоқтаңыз, ойланыңыз !

Дене жазасы:

1. Балаға зорлық - зомбылық сабағын береді.
2. Әрбір бала қажет қылатын сөзсіз сүйіктілік сенімін бұзады.
3. Өтіріктің болуы. Ата-ана педагогикалық міндетті шешім қабылдап жатқан болып, баладан өз ашуын алады. Ересектер баланы кезінде өзін соққасын соғады.
4. Балаға қарама-қайшы дәлелдемеге сену керектігін үйретеді: «Мен сенің игілігің үшін соғамын». Баланың миы бұл ақпаратты сақтайды.
5. Ашу мен кек алуды шақырады, соңғысы қысылып, артынан туындайды.
6. Өзінің және басқаның қайғысына төзімділігі бұзылады да, сол арқылы баланың өзін және әлем танымдылығы шектеледі.

Бала бұдан қандай сабақ алып шығады?

1. Ол құрмет көрсетуге ие болмайды.
2. Жаза қолдану арқылы жақсыны үйренуге болады (ол әдетте өз кезегінде басқаны да жазалау ниетінің пайда болуына үйретеді).
3. Қайғының жүрекке жылы қабылдамауы керек, оны назарға алмау керек, бұл **имунды** жүйеге қауіпті.
4. Зорлық-зомбылық – бұл сүйіспеншілікті білдіру. Осы негізде көптеген бұрмалаушылық шығады.
5. Сезімді мойындамау – қалыпты құбылыс.
6. Ересектерден қорғаныс жоқ.

Балаларда ашу ыза қалай пайда болады?

1. Қорғансыздар мен әлсіздерді келеке қылу.
2. Сыныптастарыменен төбелесу.
3. Қыз балаларды кемсіту, қорлау, боқтау.
4. Мұғалімдерімен нашар қатынаста болуы.
5. Ашу ыза сезімін қайтадан бастан кешіретін теледидарлық бағдарламалар мен бейнеойындарды таңдау.

Ата-аналарға кеңестер

1. **ЖАҚСЫ ҮЛГІ КӨРСЕТІҢІЗ.** Қорқыту, ұрып-соғу, психологиялық қысым көрсету, намысына тию және т.б. тәсілдер жағдайды оңтайлы шеше бермейді. Балаңыз Сізді үлгі тұтып, Сізден өз ашу-ызасын күш қолданбай басуға үйренеді. Шек белгілеңіз. Шектеулер қою арқылы зорлық көрсетпей, өзіндік тәртіпке, көңіл-күйін бақылай алуға үйретеді.
2. **МЕКТЕПКЕ ЖИІ БАРУШЫЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА БОЛЫҢЫЗ.** Егер сіздің балаңыз дағдарыс тудыратын, өзін басқалардан кем сезінетін мәселеге тап болса, онда мектепке барыңыз. Мектеп қызметкерлері балаларды оқу мен жетілуге көмектесу қажет.
3. **БАЛАЛАРҒА ТЕЛЕДИДАРДАН КӨРСЕТП ЖАТҚАН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ТУРАЛЫ АЙТЫҢЫЗ,** үндемей сөндіріп тастамаңыз. Фильмдерде көрсетілетін зорлық-зомбылықтар – қызықтыру үшін, қоздыру үшін, көрерменді ұстау үшін қажет өнім екенін түсіндіріп, осындай фильмдегі жағдайларды өмірде қолданудың ешқандай жөні жоқ екенін айтыңыз.
4. **«МЕН СЕНІ ЖАҚСЫ КӨРЕМІН» ДЕГЕН СӨЗДІҢ МАҢЫЗЫН БАҒАЛАҢЫЗ.** Кез-келген жастағы балалар мейірімге, жақсы көруге, басынан сияп, арқасынан қағуға зәру. Олар «Мен сені мақтан етемін!» деген сөзді естігісі келеді.
5. **ӨЗ БАЛАҢЫЗБЕН ЗОРЛЫҚТАР ТУРАЛЫ СӨЙЛЕСІҢІЗ.** Сізбен өз қорқынышы, ашуы мен реніші жайлы сөйлескісі келген ниетіне қолдау көрсетіңіз. Ата-ана өз баласының үрейін естіп, қызығушылығы мен сезімін бөлісуі тиіс. Балаңыздың қарым-қатынасын қадағалаңыз. Егер балаңыз зорлық көрсе, болған оқиғаға байланысты жайды кінәлаудан немесе ақтаудан аулақ болуға тырысыңыз. Уақытты пайдаланып, шындықты анықтап, содан кейін Сіздің көмегіңіз арқылы болатын зорлықтардан қалай сақтап қалуға болатынын ойланыңыз. Егер отбасыңызда кімде кім жалғыздықты, ұнатпайшылықты, сенімсіздікті сезінетін болса немесе Сізде наркотикпен немесе ішімдікпен проблема болса, көмек іздеңіз. Барлық зорлық-зомбылық әрекеттерінің көпшілігі ішімдік немесе наркотик қолданушылармен жасалады деп есептеледі.

ӨЗ БАЛАҢЫЗДЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ

1. Қауіп төнген жағдайда балаңызға «Жоқ» деп айтуға құқығы бар екенін үйретіңіз.
2. Егер біреу оны ұстап алуға әрекет қылса, «Бұл менің анам емес!» (немесе «Бұл менің әкем емес!») деп қатты айқайлауға үйретіңіз. Бұл айналадағылардың назарын аударып, қылмыскерді қорқытуға септігін тигізеді.
3. Өз балаңыздың қайда баратынын, қашан келетінін, егер күтпеген жағдайда жоспар өзгерсе, телефоннан хабарлауға үйретіңіз.
4. Мектептен және балабақшадан балаңызды өзіңіз алып кетуге тырысыңыз. Егер басқа біреуді жіберетін болсаңыз, онда алдын-ала тәрбиешісіне немесе мұғаліміне ескертіңіз.
5. Балаңызға пароль ойлап табыңыз және бейтаныс адам көлігіне ешқашан отырмауын және егер парольді білмейтін болса сал бейтаныс адаммен ешқайда бармайтынын үйретіңіз.
6. Беймезгіл уақытта балаңызды жалғыз жүргеннен гөрі, өзінің достарымен қыдырудың әлдеқайда қауіпсіз екенін сендіріңіз. Жалғыз өзі жүрген балаға қылмыскердің көзі түседі.
7. Үй телефонын және көмек көрсету телефондарын балаңыз жатқа білу керек.
8. Балаңызды кем дегенде жылына бір рет суретке түсіріңіз, бұл балаңыз жоғалған жағдайда сыртқы ерекше белгілерін сипаттау үшін қажет.
9. Балаңыз болған жағдайды айта алатындай сенімді ата-ана болыңыз. Сіз балаңызды тыңдайтыныңызға, кеңес беруге, әрқашан да жақсы көретініңізді білуге тиісті және егер ол

жоғалса немесе ұрланса, онда Сіз оны іздеуді ешқашан тоқтатпайтыныңызға сенімді болуы керек.

Психологиялық сүйемелдеу кезеңдері¹⁵

Зорлық-зомбылықтың әртүрлі түрлерін бастан кешірген жасөспірімдерді психологиялық сүйемелдеудің тәжірибелік кезеңін сараласақ және оны құрбандық позициясынан ғылыми әдебиетте сипатталған өз өмірің үшін жауапкершілік позициясына ауысу заңдылығымен салыстырсақ келесі кезеңдерді бөліп алуға болады:

I. Бейімделу кезеңі – орнын басатын ата - анасының, маманның, баланың бірлескен қызметі.

Шарты: тұрақты күн тәртібі, қоршаған орта жүріс тұрыстарының болжамы, кез келген дене сабағы (ірі бұлшық ет топтары жүктеме), баланың тұлғалық дамуына жарақаттың әсер ету диагностикасы, психологиялық сабақ.

Негізгі мақсаты: жарақатпен одан әрі қарай жұмыс жасау үшін орнын басатын ата - анасының, маманның, асырап алынған баланың өзара әрекеттерінің құрылуы .

Міндеттері:

- тұрмыстық дене кеңестігінде қауіпсіздік сезімін қамтамасыз ету;
- сүйемелдеу бойынша маманға сену (психологиялық қауіпсіздік);
- релаксацияны оқыту (дене терапиясының әдістері, Джекобсон релаксациясы),
- шиеленіс аймағына «шекара» салу (контейнерлеу),
- өзіндік реттеуді дамыту.

Баланың келесі кезеңге өтуге болатынын көрсететін дайындық көрсеткіші:

- патологиялық жағдай тәуекелі төмендейді,
- кеңестікпен, тәртіппен таныс, ережені бұзбайды,
- тұрақты эмоционалды реңі.

II. Бастапқы оңалту кезеңі – баланы терапиялық топқа енгізіп орнын басатын ата - анасының, маманның, баланың бірлескен қызметі.

Негізгі мақсаты: сезімнің пайда болуы және жарақат алу тәжірибесіне әсерін тигізу.

Психологиялық әсер ету нысанасы – жалпы шиеленіспен жұмыс, дененің сыртқы шекарасын сезіну, жарақат туралы ой қиялды «контейнерлеу», қажеттілікке байланысты жарақат үлгісімен жұмысы және бала мүмкіндігі, жарақатпен қайғыру фазасы.

Техникалары: реалаксация, дене жаттығуы, бұзуға қолайлы материалдың қарсылығымен жұмыс, визуализациясы, дене терапиясы, арттерапия, ойын терапиясы.

Баланың келесі кезеңге өтуге болатынын көрсететін дайындық көрсеткіші - ішкі кеңестікті «тазалау», баланың бұрынғы жарақат алу тәжірибесімен жұмыс жасауға дайындығы, өз сезімін тану және білдіру қабілеттігі (ауызша және/немесе ауызша емес).

¹⁵ Составитель: Селенина Е.В., МГППУ қадағалаусыздықтың және жетімдіктің әлеуметтік психологиялық проблемаларының алдын алу лабораториясының аға ғылыми қызметкері, ЮНЕСКО халықаралық сарапшысы, Ресейлік қайырымдылық «Надежда» қорының президенті, Москва 2002

III. Негізгі оңалту кезеңі.

Негізгі мақсаты: жарақат жағдайының аяқталуы.

Міндеттері: психикалық жарақат уайымын жою, тұлғалық шекараны қалыпына келтіру, келесі фазалардың нышандарын жою.

Психологиялық әсер ету нысанасы – өзіндік «МЕН» қабылдау және бекіту (өзінің және өз өмірінің құндылықтарын қабылдау, өмірінің қажетті бөлігі отбасы немесе топ бөлігі ретінде өзін сезіну), бала мүмкіндігі мен қажеттілігіне орай болашақтағы қажеттілік суретін қалыптастыру, шығынды уайымдау фазасы.

Техникалары: ойын терапиясы (Робинзон ойыны), нарративті терапия (тарихты айту, тарихты диалогиялық айту, ертегі айту терапиясы), когнитивті-бихевиоралды терапия (автоматты ойды, сенімдерді анықтау және бағалау, континуумдар құру, өмір кітабымен жұмыс); гештальт терапия (анфиниш – бизнес).

Баланың келесі кезеңге өтуге болатынын көрсететін дайындық көрсеткіші – байланыста бала байсалды, өз сезімін саралау және мүмкіндігі және вербалдану, өзіндік реттеуге қабілеттілігі, тәнік (кінәлау пен ренжу сезімінсіз) жарақат жағдайын бағалауы, *негізгі қызмет шеңберінде белсенділігі және мүдделілікті танытуы жатады* .

IV. Біріктірілген кезең.

Негізгі мақсат: әлеуметтік қолдау желісінің ресурстарын, баланың тұлғалық ресурсын көкейкесті ету, өмірге төзімділікті қалыптастыру, жеке өмірге дайындық.

Міндеттер:

- Сыртқы кеңестікті кеңейту. Қоршаған адамдарға қатынасын («Мен – адамдардың бірімін» позициясы) және олармен өзара әрекет ету әдістерін өзгерту.
- Жаңа өмірлік рольдер мен жүріс тұрыс үлгілерін игеру. Өз күшіне сену сенімін табу.
- Нақты өмірде өтпелі кеңестіктен тыс өзгеріске дайын болуы.

Ұйымдар нысаны: әлеуметтендірудің жалпы бағдарламасына енгізу (топтық кеңес беру, тренинг, желідегі өзара әрекет ұйымдары, қолдау топтарын қалыптастыру, мекемеден тыс қоғамдық және бос уақыттағы еңбекпен айналысу, ішара еңбекпен айналысу).

Баланың жағдайын бағалау өлшемдері (мониторинг үшін):

1. баланың жарақат уайымын бейнелеу деңгейі (баланың жарақаттық уайымын бағалау үшін жарты құрылымдық сұқпат);
2. жоғалтқанын уайымдау фазасы («баланың жарақаттық уайымының тізімі», құрылымдық сұқпат, әлеуметтік анамнезді сараптау);
3. есеңгіреу уайымын бейнелену деңгейі (бала есеңгіреуінің сауалнамасы (М. Ковак), түсті тест (Люшер));
4. есеңгіреуді игеру қабілеттілігі (копинг-тест, жаңбырдың астындағы адам);
5. өзіндік сәйкестендіру, өзіндік қабылдауы, жалпы өзіндік бағалауы (С. Хартер сауалнамасы);
6. жеке уақытқа қатынасы (Ж.Нюттен әдісі, «гулзар- өзіндік гулзар әдісі).

Психотерапевт ұстанымы

Психотерапевт белгілі бір ұстанымды ұстауы тиіс: ол әрқашанда жасөспірімнің жағында болуы керек және басынан өткерген зорлық-зомбылыққа жауап бермейтініне сенімді болуы

тиіс. Жасөспірім әлемінің субъективті кейіпін қайта құру жұмысын бастамас бұрын рухани, жан дүниелік және жүріс тұрыстың икемділігін көрсетуі, қажетті қатынасты белгілеуі және оның бастапқы әлемінің үлгісіне бейімделуі тиіс. Жасөспірімге жәрдем көрсетуі үшін жасалатын бірінші қадам, - бұл оны қабылдау және оған қосылу, қандай болмасын оның қоршаған адамдарға қатысы бойынша өз ұстанымына сәйкес дұрыстығын болжайды.

Ниетінің дұрыстығын тексеру

Сенім орнату мәдени таптаурынға жиі кедергі келтіреді: «отбасындағы қатыгездікті айту – жақындарыңды сатумен тең», «үйдегі дауды сыртқа шығаруға болмайды» және басқалар. Жасөспірімнің қарсылығына, сонымен қатар істегі өзінше «ниеттің дұрыстығын» тексеру болып табылатын өзінше «арандатушылыққа» дайын болуы керек. Мысалы, он бес жасар жасөспірімнен «Сен сұрақ қойғанда, мен сенің мұрныңнан тістеп алғым келеді» деген сияқтыларды таңдауға. Мұндай жағдайда, бәрінен бұрын салмақты болып қалуы керек. Өзілдесуге болады, адамдар арасында белгілеу маңызды болып табылатын «МЕННІҢ» сыртқы және ішкі шекарасын талқылауға болады. Бұл жасөспірімге оның жанында мейірімді және өзіне өзі сенетін, агрессиядан қорықпайтын және арандаушылыққа мойынын бұрмайтын ересек адам екенін түсінуге мүмкіндік береді..

Зорлық-зомбылықтан жапа шеккен жасөспірімнің «МЕН» тұтастығы қаншалықты бұзылса, жұмысқа соншалықты тұтастықты қалыпына келтіруге, бірлесуге әсер ететін қолдаушы элементтері бар. Бұған қол жеткізуге болады, мысалы, сеанс уақытын қысқартып, ойын техникасын және ізгілік техникасына, клиент орталықтандыру терапиясына жақын «сөйлесу сәттерін» ұзартып қолдаушы жетекші және топтық ұстаныммен.

Бала өзін-өзі қорғау үшін нені білулері қажет?

Бала тосын жағдайда қалғанда не істеу керек екендігін білсе, қауіп - қатерден аман қалады. Өміріне маңызды дағдыларды кішкентай кезінен сіңіру, «жоқ» сөзін нық айта білуге, қауіпті жағдайда қол ұшын беретін адамнан көмек сұрауға, осындай дағдыларды күнделікті пайдалану, өміріне қауіпті жағдайда іске асыра білуге баланы дағдыландыру.

Егер балалар өз ағза құрылысын жақсы білсе және оны өзіне ғана тән екенін түсінсе, олар бөгде адам өзіне қол тигізуіне жол бермейді. Тіпті кішкентай балалардың дене мүшелерінің, жыныс органдарының атауларын дұрыс білулері қажет. Балалардың сұрақтарына бала түсінетін сөздермен жауап беру керек. Жуынатын бөлме жеке бас қауіпсіздігінің ережелерін үйретуге ең қолайлы жер болуы ықтимал. Мектеп жасына дейінгі балаға қолына сабын ұстатып, жыныс органдарын өзі жууға үйрету арқылы балаға бұл дене мүшесінің қажет болған жағдайда ғана дәрігер қарайтындығын, оның рұқсатынсыз бөгде адамдардың оған жақындауына, тіпті баланың өзі де бөгде адамның бұл жыныс мүшесіне қол тигізуге болмайтыныдығын түсіндіру қажет. Балаға міндетті түрде үйрету:

- Өз сезіміне, сезімталдығына сену. Осының арқасында қауіптің алдын алып, өз басын қатерден аман алып қалу мүмкіндігі туады.

- Жақсы, жаман және ұятты қол тигізуді ажырата білу.

Сонымен қатар, балаға мыналарды түсіндіру:

- Жылы аймалау қашанда жағымды, оны бала өзі жақсы көретін адам немесе достық құшақ ретінде қабылдайды.

- Ал кейде дөрекі қол тигізу жағымсыз және жанын жаралайтын сәттер болып есте қалуы мүмкін.

- Ұятты қылықтар, құшақтау баланың тыныштығын бұзады, оны абыржытады, көңілін бұзады. Кейбір адамның қылықтары басында жанға жағымды болып, аяғында зиян келтіріп,

жанға батады. Мысалы, ұзаққа созылатын қытықтар немесе бұл жағымды жақындасулар, бала жақсы танымайтын адамдардың жасырын түрде дененің жыныс мүшелеріне қолын тигізуі.

- Егерде қандай да бір құшақтау, қол тигізу баланы ұялтып, я болмаса жанын ауыртса, онда бала:

- Өзіне осыны істеп жатқан адамның көзіне тура қарап «жоқ» деп қатты айту керек;

- Қашып кету;

- Болған оқиға жайлы өзі сенетін үлкендерге айтып беру.

Балаға түсіндіру қажет, қаншалықты тәрбиелі отбасы балалары үлкендерді сыйлауға міндетті болғанымен бөтен кісілермен ара қатынасты сақтау қажет. Бұл балаға қауіпті және жаманшылыққа әкелуі мүмкін. Жеке басқа қол сұқпаушылық әр адамның басты құқығы. Балаға жуынатын бөлменің есігін жауып алуға, кез-келген жағдайда бөгде адамның қол сұғушылығына батыл түрде «жоқ» деп айтуды үйрету керек. Ата-аналар балаларымен сенімді қарым-қатынасты ұстануы керек. Бұл үшін отбасында балалар үлкендермен кез-келген тақырыпта еркін әңгімелесе білулері керек. Бала құшақтағанды, сүюді қаламаған кезде құқығын қолдауы маңызды. Кейде туыс адам болса да, отбасылық жақын адам болса да бала олардың мейірімін қажет етпейді, ұнатпайды. Осындай кезде баламасы сенімді, ортақ әңгімеге шақыру, жылы лебізін білдіріп, қол алысу мейірімділіктің белгісі. Ата-аналардан балалар өз өміріндегі оқиғаларды және достары туралы әңгіме айтқан кезде көңіл қойып тыңдауды үйренуді және сабырлылықты талап етеді; оның қорқынышы және ашулануы және қобалжуы жөніндегі сұрақтарды балағы қоюы; өте маңызды көңіл қобалжытып жүрген мәселелермен бөліскен баланы көтермелеу - бұл қайғыдан қашуға көмектесетін аса маңызды талаптардың бірі болып табылады. Баланың басқа балалармен және ересектермен немесе басқа адамдарымен жасөспірімдердің өзара ара қатынасы жөнінде біліп отыруы қажет. Бала бөгде адамдармен араласу кезінде қауіпті жағдайларға түсуі мүмкін. Әр отбасында үйде немесе басқа ортада жалғыз қалғанда баланың қауіптен құтылуына көмектесетін қауіпсіздік ережелері орнатылуы қажет:

- үйге кіретін есік кілтке жабылып тұруы керек. Есікті бөгде адамдарға пошташы, милиционер болсын ашуға болмайды.

- баланың үйде жалғыз болғанда телефонмен сөйлескендегі ата-аналардың үйде жоқ дегеннің орнына телефон шалып тұрған адамға әкесі мен шешесінің бос еместігін айту оның қауіпсіз жауабы болып есептеледі.

- кәмелетке толмаған бала ата-аналар мен үлкендер болмай қалғанда шошып қалған немесе қиын жағдайда қалған кезде қай достарына немесе қай көршісіне хабарласуы керектігін білуі керек.

- телефон аппаратының қасына шұғыл қызметтер телефон нөмірлер тұруы қажет.

- балаға автомат-телефонды қолданып үйрету керек, үй телефоны мен пошта мекен жайын жатқа үйрету керек.

- баланың тұрақты баратын орындарына дейінгі (мектеп, дүкен, спорт секциясы және т.б.) қауіпсіз деген жолды бірге таңдап алу керек.

- отбасында қауіпсіздік паролын қолданудың да өзіндік көмегі бар. Бұл кезде оңай есте қаларлық сөздерді таңдаған дұрыс, кәмелетке толмаған бала қауіпті жағдайға тап болған кезде белгі ретінде қолдануға болады.

Кәмелетке толмағандармен отбасындағы зорлық-зомбылық және қатыгездік жағдайына кәсіби түрде араласу және анықтау жөніндегі ведомствоаралық өзара әрекеттер тәртібі

Кәмелетке толмағандармен отбасындағы зорлық-зомбылық және қатыгездік жағдайына кәсіби түрде араласу және анықтау жөніндегі ведомствоаралық өзара әрекеттерді жүзеге асыру барысында ұсынылатын тәртіпке сәйкес келесі міндеттер шешіледі:

1. Сәйкесті шараларды өз уақытында қабылдау мақсатында балаларға қатысты зорлық- зомбылық және қатыгездік фактілері туралы жедел ақпарат алуды көтермелеу.
2. Отбасы және баламен әрі қарай оңтайландыру жұмыстарын жүргізу және бұзылған құқықтарды қалпына келтіру мақсатында отбасындағы зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке ұшыраған балалардың объективті есептеу жүйесін құру.
3. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаға көмек алу үшін қайда жүгінуге болатыны, орны туралы қолжетімді ақпараттың пайда болуы (әлеуметтік жарнама құқығындағы әрекет мүмкіндігі - телефондары, мекен жайлары).
4. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған баланың куәгері болған адам үшін хабарламамен қайда жүгінуге болатыны, орны туралы қолжетімді ақпараттың пайда болуы (әлеуметтік жарнама құқығындағы әрекет мүмкіндігі - телефондары, мекен жайлары).
5. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған тұлға үшін уақытша тұрақтайтын орын туралы қолжетімді ақпараттың пайда болуы (әлеуметтік қонауылар мен пана).
6. Балаға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік фактілерін анықтаған мамандар әрекеттерінің жалпы алгоритмін дайындау.
7. Балаға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік фактілерін анықтаған жағдайда мамандардың әрекеттерін бекітетін және олардың әрекет немесе әрекетсіздіктері үшін жеке жауапкершілік дайындайтын нормативтік ведомстволық актілерді дайындау (Мекеме жарғысы, бұйрық, қаулы, мамандардың лауазымдық нұсқаулары және т.б.).
8. Қоғамдағы отбасының ролі, салауатты өмір салтын қалыптастыру, отбасындағы зорлық-зомбылық және қатыгездіктің жағымсыз қатынасы туралы қоғамдық пікірді БАҚ арқылы қалыптастыру. Бұл проблемаларды шешуге және оның алдын алуға қоғамдық пікірлерді тарту.

№	Ведомство, орган, мекеме	Іс әрекеттер	Мерзімдер	Құқықтық негіздер
1.	Барлық органдар мен мекемелер	Кәмелетке толмағандарға қатысты анықталған зорлық-зомбылық фактілері туралы хабарламаны (ақпаратты) істі мәні бойынша әрі қарай қарау және шаралар қабылдау үшін ПБ және прокуратураға жолдайды. Бала құқығын қорғауды жүзеге асыру үшін кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссияға ақпарат жолдайды.	Жедел Тәулік бойы	

		<p>Зорлық-зомбылыққа ұшыраған жағдайда қай жерден көмек сұрайтыны туралы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етеді.</p> <p>Отбасындағы зорлық-зомбылық пен қатыгездікке жағымсыз қатынас туралы, салауатты өмір салты туралы, қоғамдағы отбасының ролі мен орны туралы қоғамдық пікірді БАҚ арқылы қалыптастырады. Осы проблемаларды шешуге және оның алдын алуға арналған қоғамдық пікірлерді тарту</p>		
2.	Ішкі істер органдары	<p>Баланың өміріне және денсаулығына қауіп төніп тұрса, оны қорғау жөнінде шаралар қабылдайды – отбасынан алып балалар мекемелеріне орналастыру.</p> <p>Қажет жағдайда сот медициналық сараптаманы тағайындау.</p> <p>Ата-аналар әрекеттерінен әкімшілік құқық бұзушылықты анықтайды, хаттама толтырады және кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия қарауына жібереді.</p> <p>Балаларға қатысты зорлық-зомбылық немесе қатыгездікке жол берген ата-аналарға қатысты ата-аналық құқығын айыру материалдарын жинау қажеттілігі және істі сотқа жіберу туралы қорғаншылық және қамқоршылық органдарын хабардар етеді.</p> <p>Ата-аналар әрекеттерінен қылмыс құрамын анықтайды, қылмыстық іс қозғайды.</p> <p>Қылмыстық іс бойынша тергеу әрекеттерін жүргізеді.</p> <p>Тұрмысы нашар ата-аналарды (өзге де заңды тұлғаларды) ИБ КТ есебіне тұрғызады, олармен алдын алу жұмыстарын жүргізеді</p>	<p>Жедел</p> <p>Тәулік бойы</p> <p>Тәулік бойы</p> <p>Жедел</p> <p>3 тәулік бойы</p> <p>30 тәулікке дейін</p> <p>3 тәулік бойы жүйелі түрде</p>	
3.	Кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын	<p>Зорлық-зомбылық фактісі туралы хабарламаны қабылдайды, аталған отбасы жөнінде бар ақпараттарды сараптама жасайды, қажет болған</p>	Барлық мерзімде	

	<p>қорғау жөніндегі комиссия</p>	<p>кезде басқа ведомстводан ақпараттар сұрайды.</p> <p>ПБ тергеу қызметі үшін қажетті мәлеметтерді ұсынады.</p> <p>Ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдеріне қатысты әкімшілік өндіріс бойынша шешім қабылдайды.</p> <p>Ата-аналық құқықтан айыруға материалдар жиынтығын ұйымдастырады, ата-аналық құқықтан айыруға дәлелді қорытынды жазады және материалдарды прокуратураға немесе сотқа жібереді.</p> <p>Қажет болған жағдайда сот талқысына қатысады. Мәселені нақты шешіп алғанша отбасыны бақылауға алады.</p> <p>Балаға әлеуметтік оңалту жүргізу немесе баланы орналастыру, сонымен қатар, егер баланы отбасына қалдырған жағдайда зорлық-зомбылық фактілері дәлелденбесе, бірақ ата-аналар әрекетінен ата-аналық міндеттерін орындаудан бас тартуы немесе балаларға жағымсыз әсер етуі байқалса, ведомстволармен отбасын сауықтыруды бақылайды және бағыттайды.</p>	<p>Түскеннен бастап 15 күн бойы</p> <p>7 күн бойы</p>	
4.	<p>Қамқоршылық және қорғаншылық органдары</p>	<p>Баланың құқықтары мен заңды мүдделері жөніндегі шаралар қабылдайды:</p> <p>Баланың мүліктік құқығын қорғау және қажетті құжаттарды қалпына келтіру бойынша мәселелерді шешеді (туу туралы куәлік, тұрғын үй туралы анықтама, балаға тұрғын үйді бекіту туралы анықтама және т.б.).</p> <p>Ата-аналық құқықтан айыруға материалдар жиынтығын ұйымдастырады, ата-аналық құқықтан айыруға дәлелді қорытынды жазады және материалдарды прокуратураға немесе сотқа жібереді.</p> <p>Қажет болған жағдайда кәмелетке толмағандар тарапынан сот талқысына қатысады.</p> <p>Баланы мемлекеттік орналастыру үшін материалдар даярлайды.</p>	<p>Барлық мерзімде</p> <p>7 күн бойы</p>	

5.	Әлеуметтік оңалтуды қажет ететін кәмелетке толмағандар үшін арнайы мекеме, кәмелетке толмағандар үшін стационарлы әлеуметтік мекемелер	Отбасындағы зорлық-зомбылық фактілері бойынша мекемелерге түскен кәмелетке толмағандарға әлеуметтік оңалтуды ұйымдастырады. Отбасылармен жұмысты әлеуметтік қауіпті жағдайында орналастыру тәрізді ұйымдастыру. Қызмет көрсетуде орналасқан отбасындағы балалар мен ата-аналарға қатысты зорлық – зомбылықтың жалпы алдын алу шараларын ұйымдастыру	Барлық мерзімде Мекеме жұмысы жоспарына сәйкес	
6.	Отбасына және балаларға әлеуметтік көмек орталықтары, Отбасылар мен және балалармен жұмыс жөніндегі стационарсыз бөлімдері бар әлеуметтік мекемелер	Отбасындағы зорлық-зомбылық фактілері бойынша кәмелетке толмағандарға әлеуметтік оңалтуды ұйымдастыру. Әлеуметтік қауіпті жағдайда орналасқан отбасыларымен жұмысты ұйымдастыру. Мекемелер мен шағын аудандардың қызмет көрсетулеріндегі балалар мен ата-аналардың отбасындағы зорлық-зомбылықтың жалпы алдын-алу шараларын ұйымдастыру	Барлық мерзімде Мекеме жұмысы жоспарына сәйкес.	
7.	Емдеу-сауықтыру мекемелері	Отбасында қатыгездік көрсету фактісі бойынша балаға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру. Әлеуметтік қауіпті жағдайда орналасқан отбасындағы патронаж жағдайындағы балалармен қатыгездіктің алдын алуын жүзеге асырады.	Барлық мерзімде Мекеме жоспарына сәйкес	
8.	Психологиялық-педогогикалық және диагностикалық, түзету және дамыту орталықтары (немесе кеңес берулер)	Әртүрлі ведомстволар мамандары үшін отбасындағы балалар зорлық-зомбылығының жеке алдын алу бағдарламаларын және әлеуметтік оңалту әдістемелігін дайындайды. (білім беру, әлеуметтік қорғау және т.б.). Әлеуметтік қауіпті жағдайда орналасқан отбасымен жұмыс, сонымен қатар отбасындағы зорлық-зомбылық фактісі бойынша кәмелетке толмағандарды жекелей оңалтуды ұйымдастырады.	Мекеме жұмысы жоспарына сәйкес Барлық мерзімде	

9.	Білім беру мекемелері	<p>Ата-аналар мен балалар үшін жаппай құқықтық білім беру жүргізеді.</p> <p>Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларға психологиялық және педагогикалық көмек ұйымдастырады.</p> <p>Ата-аналармен және оқитындармен отбасындағы зорлық-зомбылықтың жаппай алдын алу шараларын ұйымдастырады.</p> <p>Зорлық-зомбылыққа ұшыраған оқитындар туралы сұраным бойынша ақпарат ұсынады.</p>	<p>Мекеме жұмысы жоспарына сәйкес</p> <p>3 тәулік бойы</p>	
10	Басқарма және ведомство органдары	<p>Балаларға қатысты зорлық-зомбылықты және қатыгездікті анықтаған мамандардың жалпы әрекет алгоритмін дайындау.</p> <p>Балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік фактілерін анықтаған жағдайда мамандар әрекеттерін және олардың әрекет немесе әрекеттеріне жеке жауапкершілігін бекітетін нормативтік ведомстволық актілерді дайындайды (мекеме жарғысы, бұйрық, қаулы, мамандардың лауазымдық нұсқаулықтар және т.б.).</p> <p>Кәмелетке толмағандардың бақылаусыздығы; өз балаларының құқығын қорғау және оларды оқыту, тәрбиелеу, мазмұны жөніндегі міндеттерді ата-аналардың орындамауына немесе олардың қатыгездік көрсетуіне байланысты шараларға бақылау жасайды.</p>		
11	Бала құқығын қорғау жөніндегі Департаментте р	<p>Отбасындағы кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік жағдайына кәсіби араласу және анықтауда ведомство аралық өзара әрекет тәртібін жүзеге асыру жөніндегі сараптаманы және тәуелсіз бақылауды жүзеге асырады. Отбасындағы балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікке қарсы бағытталған шараларды және акцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысады (келісім бойынша).</p>		

Бақылау сұрақтары:

1. Балалықты қорғау аясындағы алдын алу деңгейін атаңыздар.
2. Ата-аналармен жұмыс қандай қағидаларға сәйкес жүргізіледі?
3. Балаларға ата-аналардың және тәрбиешілердің нашар қарауын қалай жоюға болады? Қалай?
4. Заманауи қазақ қоғамында балаларға қатысты зорлық-зомбылықты қалай жоюға болады?
5. Зорлық-зомбылықтан және қатыгездіктен зардап шеккен балаға көмек беру үшін педагог нені білуі және істеуі керек?
6. Балалармен тілдесуде сенімгерлік деңгейде қалыптастыру үшін білім беру мекемелерінің маманы қандай шара қолданады?
7. Психолог алдында қандай міндеттер тұрады?
8. Зорлық-зомбылықтың әртүрлі түрлерін басынан өткерген жасөспірімді психологиялық сүйемелдеудің негізгі сатыларын атаңыздар.
9. Қауіптілік мүмкіндігін өзінің тануы және оны болдырмау үшін бала нені үйренуі қажет?
10. Отбасындағы кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік жағдайында кәсіби араласу және анықтау жөніндегі ведомствоаралық өзара әрекетінің қандай тәртiптері бар?

7 бөлім.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың әртүрлі нысандарымен күресу және алдын алу бойынша бағдарламалар мен саясаттардың, заң шығармашылық, ұлттық әрекеттер жоспарларының талдамасы

Бала кезкелген адаммен қатар, адам құқықтары жөніндегі жалпы құжаттарға сәйкес кепілдіктермен және қорғаумен пайдаланылады, және алдымен адамды қытыгездік, адамгершіліксіз немесе қадыр-қасиетін кемітетін әрекеттерден қорғайтын құжаттармен пайдаланылады. Сонымен қатар **Сонымен қатар, Адам құқытарының жалпыға ортақ декларациясында** балалық шақ ерекше қамқорлыққа және көмекке құқығын беретіні көзделген.

Қазақстанмен қосылған Баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясының басты мақсаттарының бірі болып, балалар адамның барлық құқытарымен толық көлемде пайдаланылуы тиіс екенін растау болып табылады және ол үшін тиісті шараларды қабылдау қажеттігін мақұлдау болып табылады.

Зорлық-зомбылық өте алуан-түрлі болуы мүмкін және де балалар жүрген барлық жерде орын алуы мүмкін, мысалы – отбасында, көшеде, мектепте, мемлекеттік паналарда және түзету мекемелерінде орын алуы мүмкін. Балалармен тікелей қатынаста болатын әрбір адам зорлық-зомбылық әрекеттеріне жол беруі ықтимал – ата-анасы, тәрбиешісі,

туысқаны, қауымдастықтың кезкелген мүшесі, мектеп оқытушысы, басқа бала, полиция қызметкері. Зорлық-зомбылықтың сипатына немесе жасалған жеріне қарамастан оның ортақ тамыры бар: кемсіту әрекеттері, әлеуметтік құптылық, кедейлік және әлеуметтік стресс. Бұл орайда **1989 жылғы бала құқықтары жөніндегі БҰҰ Конвенциясы** (Конвенция) балалардың денесіне қол сұғылмаушылығын, қауіпсіздігін және қадір-қасиетін сақтауға міндеттейді, елдерде зорлық-зомбылыққа тиым салатын заңдар қолданылады...

Берлиндік міндеттемелері - Еуропада және Орталық Азияда балалардың мәселелері бойынша тұңғыш Үкіметаралық конференциясы, Берлин, 2001 жылғы мамыр айы. Үкіметтер өздеріне келесі міндеттемелерді жүктеді: «жыныстық теріс пайдалану, пайдалану, дене жазасы сияқты балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық нысандарын жою мақсатында қажетті барлық шараларды қабылдау, мектептерде зорлық-зомбылықтың барлық түрлерімен күресу; балаларды бұқаралық ақпарат құралдарындағы және Ғаламтордағы зорлық-зомбылықтан порнографиядан шектеуге; балалармен сауда жасаудың құрбандары болған балаларды криминализацияландырмай, балалармен сауда жасауды тоқтату және балалармен сауда жасаудың құрбаны болған балалардың кеңінен сауықтыруды және реинтеграциялануын қамтамасыз ету; қарулы жанжалдардың құрбандары болған балалардың, сонымен қатар қашқын-балалардың, баспана, қорғауды ісзеген және орын ауыстырылған балалардың, сонымен қатар ата-анасының қамқорысыз қалған балалардың құқықтарын және қажеттіліктерін толық ескеретін саясатты және сауықтыру бағдарламаларын іске асыру» (14-тармақ).

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының арнайы сессиясында балалардың жағдайы бойынша 2002 жылғы мамыр айында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының арнайы сессиясының «Балалардың өмір сүруіне лайықты әлем» атты қорытынды құжаты қабылданған, оның құрамына «Қатыгездіктен, пайдаланудан және зорлық-зомбылықтан қорғау» атты көлемді тарау енгізілген, мұнда Қазақстан өзіне «Балаларды зорлық-зомбылықтың барлық нысандарынан, көңіл бөлмеуден, қатыгездіктен және үйде болсын, мектепте немесе басқа да мекемелерде, жұмыста немесе қоғамда пайдаланудан қорғау үшін арналған саясатты және бағдарламаларды іске асыруды жетілдіруге, сонымен қатар заңдарды қабылдауға және сақтауға барлық елдерді көтермелеу» бойынша міндеттеме жүктеген.

Сараево міндеттемелері - екінші Үкіметаралық конференциясы «Еуропа мен Орталық Азияны балалардың өмір сүруіне лайықты аймақтарға айналдырамыз», Сараево, 2004 жылғы мамыр айы. Сараево міндеттемелерінде мемлекеттер басқа да мәселелердің ішінде «тиісті заңнаманы қабылдау арқылы, білім беру және насихат іс-шараларын жүргізу арқылы, құпиялылық негізде балаларды қорғау бойынша қызметтер көрсету, мониторинг пен есептілік механизмін нығайту арқылы, зорлық-зомбылықтың барлық нысандарынан, соның ішінде жанжалдардың салдарынан жасалған зорлық-зомбылықтан, үйдегі зорлық-зомбылықтан, бұқаралық ақпарат құралдарындағы және басқа да технологиялық ақпарат құралдарындағы зорлық-зомбылықтан балаларды қорғау үшін мемлекеттің жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттерді қабылдау және қолдау» және «ұлттық және аймақтық деңгейлерде балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселелері бойынша БҰҰ Бас хатшысының терең зерттеуіне белсенді үлес қосу» бойынша шешімге келді.

2005 жылғы 27 мамырда Словенияда, Қазақстан дене ағзасының және психологиялық саулық пен амандық саласында балаларға қатысты зорлық-зомбылықпен байланысты ауыр мәселелерді, және өмірдің кейінгі кезеңдерінде ғана көрініс алатын ұзақ мерзімді салдарын назарға ала отырып, **«Балаларға қатысты зорлық-зомбылық әрекеттерін**

жасауға байланысты шұғыл әрекеттер жасау бойынша Люблян міндеттемелеріне» қол қойды.

«Біз стандарттар мен шындықтың арасындағы айырмашылықты жоюдың қажеттігін, сонымен қатар, балаларға қатысты жүріс-тұрыс нысандары лайықты болып табылатыны туралы адамдардың пікірін өзгерту бойынша нысаналың өзектігін мойындаймы. Әрекеттердің басымды бағыттары ретінде келесілерді міндеттенеміз:

1. Барынша мүмкін жоғары саяси деңгейде қолдау көрсетілетін әр-түрлі секторлардағы түрлі кәсіптердің мамандарының, азаматтық қоғамның өкілдерінің, ата-аналардың, жастардың қатысуымен, салааралық әрекеттесуді көздейтін үдерістер мен әдістердің негізінде балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдыналу бойынша стратегияларды әзірлеп, барлық деңгейлерде қолданысқа енгізу;
2. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдыналу мәселелеріне барынша жоғары саяси маңыздылығын белгілеу және оған барынша зор назар аудару, соның ішінде зорлық-зомбылықтың барлық нысандарының теріс салдары мен ауқымы туралы біру деңгейін жоғарлату бойынша қоғамдық ақпараттық шараларды жүзеге асыру, балалармен, жаңа ақпараттық технологияларды қолданатын салалармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен тұрақты серіктес өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
осуществляя устойчивое партнерское сотрудничество с детьми, отраслями, использующими новые информационные технологии, и средствами массовой информации;
3. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық нысандарын, тіпті елеулі емес маңыздағы сипаттағы зорлық-зомбылықтың нысандарын, соның ішінде тәртіптік шара қолдануды, тиым салу мақсатында; балаларға қатысты зорлық-зомбылық актілерін жасаған құқықбұзушыларды тиісті қудалау мақсатында; және , егер де олар кінәлі деп танылған жағдайларда, балалармен байланыста болуға жол бермеу мақсатында; барлық заңнама актілерін қолданысқа енгізу немесе қажеттілігі туындаған жағдайларда, олардың күшін жою;
4. Зорлық-зомбылықтың алдыналу, оның құрбандары болған балаларға қолдау көрсету үшін, сонымен қатар есептілік механизмдерін күшейту, істерді қарастыруға жіберу және жауап ретінде әрекеттерді жүзеге асыру үшін тиісті ғылыми негізделген стратегияларды жүзеге асыру үшін және зорлық-зомбылық фактілерін анықтау үшін тиісті секторлардың техникалық және институттық мүмкіндіктерін күшейту;
5. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық нысандарының ауқымдылығын анықтауды және жиі өткізілетін мониторингіне ұмтылу, сонымен қатар балаларды қорғай жүйесінің барлық аспектілеріне қатысты егжей-тегжейлі мәліметтерді жинақтау және балалардың тиісті қатысуымен, зорлық-зомбылықтың алданылуына бағытталған шаралардың тиімділігін жүйелі түрде бағалау;
6. Баланың жыныстық сипатын ескере отырып, тиімді әсер ету шараларын жүзеге асырып, нәтижесінде олар балаға қатысты тиімді сипатта болуы тиіс, және сезімтіл рәсімдер мен механизмдерді әзірлеу жолымен балаларға қатысты зорлық-заббылық актілерінің қайталану жағдайларының алдыналу, оның ішінде құпиялы негізде кеңес беру, баланы қорғау бойынша қол жеткізімді қызметтер, баланың мүддесін қорғайтын тиімді денсаулық сақтау қызметтері және сот рәсімдері; зорлық-зомбылық әрекеттердің құрбандарының денсаулығын және психологиялық-әлеуметтік жағдайын сауықтырып қалпына келтіру; құқықбұзушылармен қайта зорлық-зомбылық актілерін жасау тәуекелдерін жою бойынша шаралар қабылдау;
7. Ата-аналардың және баланың құқықтарын қорғау саласындағы барлық тиісті кәсіби топтардың оқытылуын қамтамасыз ету, соның ішінде, адам құқықтары саласындағы тиісті халықаралық, аймақтық және ұлттық нормалар туралы ақпараттандыру, жанжалдарды шешудік зорлық-зомбылықсыз әдістері туралы және тәртіпті қамтамасыз

ету, баланы дамыту туралы және өмірдегі жағдайлар, балалардың кейбір ерекше осал топтардың құқықтары мен қажеттіліктері туралы ақпараттандыру;

8. Халыаралық және трансшекаралық қызметтесуді нығайту, соның ішінде, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық нысандарының алдыналу және олармен күресу мақсатында, сонымен қатар, зорлық-зомбылық актілерін жасаған тұлғалардың жауапкершілікке тартылмауын болдырмауын қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық құқықбұзушылықтар саласындағы қызметтесуді нығайту;

9. Балалар зорлық-зомбылық жағдайларын оңай тануға мүмкіндік туғызатын механизмдерді құруға әрекеттесу арқылы, сонымен қатар, оларға қатысты заңнамалық актілер мен стратегияларды әзірлеуге қатысуын және жағдайлардың талдауына, зерттеулерге, мониторингке қатысуын қамтамасыз ету арқылы, балалар мен жастар зорлық-зомбылықпен күресте неғұрлым белсенді роль атқаруына мүмкіндіктер жасау».

Үйде және отбасында балаларға қатысты зорлық-зомбылықты жою бойынша мемлекеттердің құқықтық міндеттері. Адам құқықтыры жөніндегі халықаралық құжаттрада көзделген балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық нысандарынан, сонымен қатар, бірқатар халықаралық құжаттардағы үйдегі және отбасындағы зорлық-зомбылықтардан балаларды қорғау бойынша мемлекеттердің құқықтық міндеттері.

Бала құқықтары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы мемлекеттер балаларды «ата-наларының, заңда қамқоршыларының, немесе балаға қамқорлық жасайтын басқа да кезкелген тұлғалардың тарапынан балаларға қатысты дене және психологиялық зорлық-зомбылықтың барлық нысандарынан, қорлаудан немесе кері пайдаланудан, қамқорлық жасамаудан немесе немқұрайлы қараудан, қатыгездіктен немесе пайдаланудан, жыныстық кері пайдаланудан» қорғауды талап етеді (19-бап).

Сонымен қатар, Конвенцияда әрбір балаға оның дене ағзасының, ақыл-ойының, рухани, парасаттық және әлеуметтік дамуына қажетті өмір сүру деңгейін қамтамасыз етудің негіз қалаушы міндеттемесі бекітілген (27-бап), ана-аналарға және заңды қамқоршыларға балаларды тәрбиелеу бойынша өз міндеттерін орындауда тиісті көмек көрсету және жұмыс істейтін ата-аналардың балалары үшін балалар мекемелерінің торабын қамтамасыз ету міндеттелген (18-бап).

Үйде және отбасында балаларды тиімді қорғау бойынша міндеттемелерге байланысты адам құқықтары саласындағы Еуропалық механизмдері. Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың маңызды шешімдері және Әлеуметтік құқықтары жөніндегі Еуропалық комитеттің қорытындылары қабылданған (Еуропалық әлеуметтік хартияның және Қайта қаралған әлеуметтік хартияның орындалуын бақылаушысы).

Сот өзінің соңғы шешімдерінде баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясына сілтеме жасайды, ал 2003 жылы ол: «Балаларға қатысты адамның құқықтары және барлық балаларға қатысты осы құқықтарды жүзеге асыру барысында барлық мемлекеттер ұмтылуы тиісті стандарттар Баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясында бекітілген» деп қаулы етеді.

Жыныстық қатынас сипатындағы зорлық-зомбылық мәселесі бойынша, Сот өзінің 2003 жылғы шешімінде мемлекеттер өзінің қарамағындағы тұлғаларға қатыгездік көрсетілмеуін, соның ішінде, жеке тұлғалардың тарапынан дәрекіліктің көрсетілмеуін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қолдануы тиіс деп тағы қайталаған. Ол жаңа заманның стандарттары мен тәжірибесіне сәйкес, мемлекет-мүшелерінің оң міндеттемелері Конвенцияның 3 және 8 баптарына сәйкес, екі жақтың өзара келісімінсіз болған кезкелген жыныстық қатынас актісі үшін, тіпті егер құрбан болған тарап

физикалық қарсыласуын көрсетпеген жағдайларды қоса, жазаны белгілеу және тиімді қудалауды белгілеу қажеттігі ретінде қарастырылуы тиіс деген қорытындыға келді.

Еуропалық әлеуметтік хартиясы және уақыт өте оны алмастыратын Қайта қаралған Еуропалық әлеуметтік хартиясы қатыгездік көрсетуден қорғаудың кепілдіктерін құрайды. Мүше-мемлекеттермен аталған Хартиялардың сақтауын бақылауды жүргізетін Әлеуметтік құқықтары жөніндегі Еуропалық комитеті, 2001 жылы 17-бапты дамытып, өзінің талқылауын нақтылаған. Қайта қаралған Еуропалық әлеуметтік хартиясының 17-бабы «... балалар мен жастарды олардың мүдделерін қорғамаудан, зорлық-зомбылық көрсетуден, пайдаланудан қорғауға бағытталған тиісті және қажетті шаралар қабылдауды» талап етеді.

2004 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы «ар-намысты қорғау үшін жасалған» әйелдер мен қыздарға қарсы қылмыстарды жою туралы резолюциясын қабылдаған.

Мектептерде зорлық-зомбылықты жою бойынша мемлекеттердің құқықтық міндеттері

Мектептерде зорлық-зомбылықпен күресті арнайы реттейтін арнайы халықаралық-құқықтық құжат жоқ. Сонымен қатар, төменде көрсетілген мектептердегі зорлық-зомбылықтың өзекті мәселелері бақылау механизмдерімен шығарылатын қорытындыларда немесе пікірлерде құралған кейбір ережелерде тікелей немесе жалпы баптардың мәтіндері арқылы жанама көрініс табады.

Мектептердегі ортадағы зорлық-зомбылыққа қатысты Конвенцияның екі бабы ерекше маңызды:

19-баптың 1-тармағы: «Қатысушы-мемлекеттер ата-наларының, заңда қамқоршыларының, немесе балаға қамқорлық жасайтын басқа да кезкелген тұлғалардың тарапынан балаларға қатысты тәнінің және психологиялық зорлық-зомбылықтың барлық нысандарынан, қорлаудан немесе кері пайдаланудан, қамқорлық жасамаудан немесе немқұрайлы қараудан, қатыгездіктен немесе пайдаланудан, жыныстық қатынас сипаттағы кері пайдаланудан баланы қорғау мақсатында барлық қажетті заңнамалық, әкімшілік, әлеуметтік және оқу-ағартушылық шараларды қабылдайды» деп көздейді.

28-баптың 2-тармағына сәйкес «қатысушы-мемлекеттер мектептегі тәртіп баланың адамның құндылығын құрметтеуді көрсететін әдістердің көмегімен сақтау үшін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды (...)».

Сонымен қатар, білім беру мақсаттарына қатысты, мемлекеттер сондай-ақ (29-бап) ол баланың жеке тұлғасының дамуына, адам құқықтарын және негізгі бостандықтарды құрметтеуге бағытталуы тиіс, баланы татулық, шыдамдылық, түсініспеншілік, ер адамдар мен әйел адамдардың теңдігі, барлық ұлттар, этникалық, ұлттық және дини топтар арасындағы және де тұрғылықты тұрғындар санының ішіндегі тұлғарал арасындағы достық түсінуімен еркін қоғамда саналы өмірге дайындауға бағытталуы тиіс екенін келіседі.

Конвенцияның жүзеге асырылуын бақылау үшін Конвенциямен құрылған Баланың құқықтары жөніндегі Комитет (43-бап) осы мәселе бойынша мектептер, отпасы мен қоғам арасындағы байланысты нығауту қажеттігін, зорлық-зомбылықтың әр-түрлі нысандарын, соның ішінде, отбасындағы және жалпы мектептегі зорлық-зомбылықтың

алыдыналуда және талқылауда балалардың белсенді ролін қамтамасыз ету қажеттігін атап өткен.

Негізгі қағидалар сипатталған баптар өмір сүру құқығын қандай да болмасын кемсітуге жол бермеу қағидасын бекітеді (2-бап), баланың тірі қалудың барынша мүмкіндігін және денсаулығын сақтау (6-бап), баланың мүддесін барынша қамтамасыз етуге бірінші кезекте назар аудары (3-баптың 1-тармағы), баланың өзіне қатысты барлық сұрақтар бойынша тыңдаулы болуы, және баланың көзқарасына ерекше назар аударылады (12-бап). Басқа да баптарда зорлық-зомбылықтың және пайдаланудың бөлек нысандары қарастырылады.

Балаларды тәнінің және психологиялық зорлық-зомбылықтың барлық нысандарынан қорғай міндеттеріне қосымша ретінде Баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясында мемлекеттерге келесі міндеттер жүктелген: «балалардың денсаулығына кері әсерін тигізетін дәстүрлі тәжірибені жою мақсатында кезкелгшен тиімді және қажетті шаралар қолдану қажет».

Конвенцияның жүзеге асырылуын бақылау үшін Конвенциямен құрылған Баланың құқықтары жөніндегі Комитет (43-бап) осы мәселе бойынша мектептер, отпасы мен қоғам арасындағы байланысты нығауту қажеттігін, зорлық-зомбылықтың әр-түрлі нысандарын, соның ішінде, отбасындағы және жалпы мектептегі зорлық-зомбылықтың алыдыналуда және талқылауда балалардың белсенді ролін қамтамасыз ету қажеттігін атап өткен.

Сонымен қатар, Комитеттің пікірі бойынша «28-баптың 2-тармағында көзделгендей, білім беру тәртіпке қатысты қатаң шектеулер сақтала отырып жүзеге асырылуы тиіс, сонымен қатар, мектептерде зорлық-зомбылықтың болмауын көтермелеу».

Балалық шақтың құқықтарын қорғауға бағытталған ұлттық заңнама

Қазақстан Республикасының заңнамасы балаларға қатысты зорлық-зомбылық әрекеттерін жасауға тиым салады. **Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабының 2-тармағына** сәйкес ешкімге қатысты азаптау, зорлық-зомбылық, басқа да қатыгездік немесе адамның қадір-қасиетін төмендететін әрекеттер немесе жаза қолданылмауы тиіс.

Қазақстан, БҰҰ, ЕҚЫҰ мүшесі бола отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасы халықаралық заңнаманың негізінде және өзіне жүктеген міндеттемелерді орындау бойынша міндеттемелер негізінде құрастырады.

1994 жылғы 10 қарашада Қазақстан Республикасында «Баланың құқықтары туралы» Конвенциясына қосылу (Нью-Йорк, 1989 жылғы 20 қараша) мемлекетпен балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуде маңызды қадамға негіз болып табылды.

Балалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету саласында халықаралық нормалардың имплементациясы Қазақстан Республикасының заңнамасының кейінгі дамуы мен жетілдірілуінде өзінің көрінісін табады. Конвенцияның жалпы қағидалары мен нормалары Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық атқару кодекстеріне енгізілген.

Халықаралық және ұлттық нормаларды бұдан да егжей-тегжейлі және толық үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілеріне түзетілер, өзгертулер мен толықтырулар енгізілген. Негізгі қолдану аясы балалардың құқықтарын және мүдделерін болып табылатын заңдардың бірқатар кешені қабылданған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы «Қазақстан Республикасында баланың құқықтары туралы» Заңы, балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді. Заң БҰҰ «Баланың құқықтары туралы» Конвенциясына сәйкес қабылданған және Конвенцияның баптарымен келісілетін баптардан тұрады. Заңның 10-бабына сәйкес әрбір баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы бар, Мемлекет баланың жеке басына ешкімнің тиіспеуін қамтамасыз етеді, оны тәнін және (немесе) жанын жәбірлеуден, адамдық қадір-қасиетін қатыгездікпен, дөрекілікпен қорлаудан, кемсітуден, жыныстық қатынас сипатындағы әрекеттерден, баланы қылмыстық іс-әрекетке және қоғамға жат әрекеттер жасауға тартудан, және оны адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандығына қысым жасаудың өзге де түрлерінен қорғауды жүзеге асырады. Осыған байланысты мемлекет балаға қатысты зорлық-зомбылық әрекеттерін қолданудан қол сұғылмаушылығына кепілдік береді.

Заңның 36 бабының 3 тармағына сәйкес Қылмыстың, зорлық-зомбылықтың немесе өзге де заңсыз әрекеттің салдарынан тән немесе жан жарақатын алған балаға денсаулығын қалпына келтіру және әлеуметтік бейімделу үшін қажетті көмек көрсетілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің шеңберінде ата-аналар балаға қатысты қатыгездік әрекеттері үшін жауапкершілікке тартылады.

75-бап. Ата-ана құқықтарынан айыру

1. Егер ата-аналар:

- 1) ата-аналық міндеттерін орындаудан жалтарса, оның ішінде алимент төлеуден қасақана жалтарса;
- 2) өз баласын перзентханадан (оның бөлімшесінен), жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ұйымдарынан және өзге де ұйымдардан алудан дәлелсіз себептермен бас тартса;
- 3) өздерінің ата-ана құқықтарын теріс пайдаланса;
- 4) балаға қатыгездік көрсетсе, оның ішінде оған күш қолданса немесе психикасына зорлық жасаса, оның жыныстық тиіспеушілігіне қастандық жасаса;
- 5) спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарына салынса, психотроптық заттарды және (немесе) осыларға ұқсас заттарды теріс пайдаланса, олар ата-ана құқықтарынан айрылады.

2. Ата-аналар өз баласының, жұбайының не отбасының басқа да мүшелерінің өміріне немесе денсаулығына қарсы қасақана қылмыс жасаған кезде ата-ана құқықтарынан айрылады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексі: 12-тарау «Кәмелетке толмағандардың құқықтарына қарсы құқықбұзушылықтар», 111-117 баптары.

Балаға қатысты зорлық-зомбылық әрекеттерін жасаған тұлғалар жасалған қылмыстың ауырлығына байланысты жауапкершілік тартады. Балалардың тәнін және (немесе) жанын жәбірлеудің, жыныстық қатынас сипатындағы зорлық-зомбылықтың қылмыстық нысандарынан қорғау үшін Қылмыстық заңнаманың нормалары қолданылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 1998 жылғы 1 қаңтарында қолданысқа енгізілген, және «Кәмелетке толмағандар мен отбасына қарсы қалмыстар» атты бөлек тараудан тұрады, ол балаларға қарсы жасалуы мүмкін қылмыстардың 10 құрамдарын қамтиды.

131-бап. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту. Кәмелетке толмаған адамды он сегіз жасқа жеткен адамның қылмыстық іске тартуы - белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып бас бостандығынан айыруға жазаланады.

132-бап. Кәмелетке толмаған адамды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту. Кәмелетке толмаған адамды есеңгірететін заттарды тұтынуға не уытқұмарлыққа не спирттік ішімдіктерді ұдайы тұтынуға, не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуға тарту - қоғамдық жұмыстарға тартуға, не түзеу жұмыстарына, не бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ата-анасы, педагог не кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер өзіне жүктелген өзге де адам жасаған нақ сол әрекет - бас бостандығын шектеуге, не белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бас бостандығынан айыруға жазаланады.

133-бап. Кәмелетке толмағандарды саудаға салу. Кәмелетке толмаған адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны пайдалану не азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында өзге де әрекеттер жасау - мүлкін тәркілеп немесе бас бостандығынан айыруға жазаланады.

134-бап. Баланы ауыстыру. Баланы ауыстыру - айыппұл салуға не түзеу жұмыстарына, не бас бостандығынан айыруға жазаланады.

135-бап. Бала асырап алу құпиясын жария ету. Бала асырап алушының еркіне қайшы қызметтік те немесе кәсіптік құпия ретінде бала асырап алу фактісін сақтауға міндетті адамның не өзге адамның пайдакүнемдік немесе өзге жамандық ниетпен жасаған бала асырап алу құпиясын жария етуі - айыппұл салуға не белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе түзеу жұмыстарына жазаланады.

136-бап. Балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-анасын асырауға арналған қаражатты төлеуден әдейі жалтару. Ата-ананың сот шешімі бойынша кәмелетке толмаған балаларын, сол сияқты он сегіз жасқа толған еңбекке жарамсыз балаларын асырауға арналған қаражатты төлеуден үш айдан астам әдейі жалтаруы - айыппұл салуға, не қоғамдық жұмыстарға тартуға не түзеу жұмыстарына, не бас бостандығын шектеуге жазаланады.

137-бап. Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау. Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді ата-анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамның, сол сияқты кәмелетке толмаған баланы қадағалауды жүзеге асыруға міндетті педагогтің немесе оқу, тәрбие беру, емдеу немесе өзге мекеменің басқа қызметкерінің орындамауы немесе тиісті дәрежеде орындамауы,

егер бұл әрекет кәмелетке толмаған балаға қатал қараумен ұштасса - айыппұл салуға немесе қоғамдық жұмыстарға тартуға, не түзеу жұмыстарына, не белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе бас бостандығын шектеуге жазаланады.

138-бап. Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау. Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді қызметі бойынша өзіне осындай міндеттер жүктелген адамның не осы міндеттерді арнайы тапсырма бойынша орындаушы немесе мұндай міндеттерді ерікті түрде өзіне алған адамның тиісінше орындамауы, егер бұл жас баланың денсаулығына абайсызда ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса - айыппұл салуға не түзеу жұмыстарына, не белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе бас бостандығынан айыруға жазаланады.

139-бап. Қамқоршы немесе қорғаншы құқықтарын теріс пайдалану. Қамқоршылықты немесе қорғаншылықты пайдакүнемдік немесе қамқоршылықтағы (қорғаншылықтағы) балаға зиян келтіру үшін өзге арам мақсаттарға пайдалану немесе қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) баланы қасақана қадағалаусыз немесе қажетті көмексіз қалдыру қамқоршылықтағы (қорғаншылықтағы) баланың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі нұқсан келтіруге әкеп соқса - айыппұл салуға түзеу жұмыстарына, не бас бостандығын шектеуге, не бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 54-бабының «ж» тармағына сәйкес жас балаға қарсы қылмыс жасау қылмыстық-жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай деп танылады.

Сөйтіп, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Жалпы бөлімінде зардап шеккендердің санаты ретінде – балалар бөлініп шығарылған. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі балаларды пайдалану, соның ішінде жыныстық қатыстар сипатында пайдалану үшін жауапкершілікті белгілейді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 122-бабы - Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынаста болу және нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттер;

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 124-бабы - Жас балаларды азғындату;

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 128-бабының 2-бөлімі - кәмелетке толмағанға қатысты алдау жолымен жасалған жыныстық қатынастар сипаттағы немесе өзге де мақсаттарда пайдалану үшін азғырып-көндіру.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 133-бабы - Кәмелетке толмағандарды саудаға салу;

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 270-бабы - Жезөкшелікпен айналысуға тарту;

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 271-бабы - Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық.

Жоғарыда аталғанның негізінде, қазақстандық қылмыстық заңнамасымен балалар тәнінің жәбірленуіне және жыныстық қатынас сипатындағы зорлық-зомбылықтың барлық түрлеріне жауапкершілік көзделген. Жан жәбірленуінің көзделген нысандары бойынша

тек қана өлтірумен немесе денсаулыққа зиян келтірумен қорқыту немесе өзін өзі өлтіруге жеткізу жазаланады. Соңғы жағдайда қылмыстық құрамы формалді емес, материалдық болғандықтан, өзін өзі өлтіруге жеткізетін жағдайлардың барлығы емес жанының жәбірленуіне жатқызылуы мүмкін. Жан жәбірленуінің ерекше нысанына асырап алу құпиясын таратуды жатқызуға болады.

Баланың негізгі қажеттіліктеріне немқұрайлы қарау үшін Өміріне немесе денсаулығына қауіпті жағдайдағы және сәбилігіне баланысты көрінеу көмексіз қалдыру, кінәлі кісінің ол адамға көмек көрсету мүмкіндігі болған және ол адамға қамқорлық жасауға міндетті болған не оны өміріне немесе денсаулығына қауіпті күйде өзі қалдырған жағдайларда жазаланады (ҚР ҚК 119-бабы – қауіпті жағдайда қалдыру). Сонымен қатар, ата-анасының кәмелет жасқа толмағанды асырау үшін қаражатты әдейі төлемеу үшін, яғни асырау міндетін орындамағаны үшін жазаланады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексімен балаларды тәрбиелеу міндетін орындамағаны үшін (111-бап), кәмелетке толмағанды мас болу жағдайына жеткізу үшін (112-бап), кәмелетке толмағанды эротикалық мазмұндағы өнімдерді жасауға тарту үшін (115-бап) жауапкершілік көзделген.

Қазақстан Республикасының «Қылмыс жасағаны үшін күдіктілерді немесе айыпталушыларды қамауда ұсату тәртібі мен шарттары туралы» Заңының 32 бабына сәйкес құқықбұзушылықтардың алдыналу мақсатында кәмелетке толмағандар ұсаталатын камераларда қылмыстық жауапкершілікке бірінші рет тартылған, оң жағынан сипатталатын ересек адамдарды ұстау қажет болған жағдайларды қоспағанда, кәмелетке томағандар мен ересек адамдар бөлек ұсталады. Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың мүдделері үшін заңнамада жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің балалары он төрт жасқа толғанға дейін жазаны өтеу уақыты шегеріледі.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау үшін жауапкершілікті көздейтін 137-бап енгізілген. Осы бапта кәмелетке толмаған балаға қатыгездікпен қарауға қатысты отбасы құқығының тұрғысынан емес, қылмастық тұрғыдан нақты және дәл түсініктің болмауы осы норманы тәжірибеде қолдануға кедергі жасайды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін 54 бабының «ж» тармағы және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінің (бұдан әрі - ҚР ӘҚ туралы К) 62-бабының 3 және 7 тармақшалары жас балаларға қарсы, сонымен қатар, жүкті екендігі айыпкерге белгілі әйелге қарсы қылмыс (әкімшілік құқық бұзушылық) жасағаны үшін ауырлататын мән-жай болып табылады.

Сонымен қатар, ҚР ҚК ерекше бөлімінің және ҚР ӘҚ туралы К кәмелетке толмағандардың құқықтарына қарсы әрекет жасау үшін тікелей жауапкершілікті көздейді:

96-бабының 2 б. «г» тармағы - Кісі өлтіру, яғни жүкті екендігі айыпкерге белгілі әйелге құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру.

97-бабы - Жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі;

113-бабының 2 б. «б» тармағы - кәмелетке көрінеу толмаған адамға қатысты ауыстырып салу не өзгедей пайдалану үшін адамның органдары мен тінін алуға мәжбүр ету немесе заңсыз алу, сол сияқты адамның органдары мен тініне қатысты заңсыз мәмілелер жасау;

115-бабының 2 б. - Өзінде соз ауруы бар екендігін білген адамның ауыр зардаптарға әкеп соқтырған осындай ауруды көрінеу кәметке толмаған адамға жұқтыруы;

116-бабының 2 б. - Өзінде АИВ/ЖҚТБ бар екендігі туралы білетін адамның оны кәметке көрінеу толмаған адамға жұқтыруы;

119-бабы - Өміріне немесе денсаулығына қауіпті жағдайдағы сәбилігіне байланысты көрінеу көмексіз қалдыру.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару кодексінің 49-бабында ата-аналар мен басқа да заңды өкілдер ата-ананың құқықтарын жүзеге асыру барысында баланың тәнәнән және жанының саулығына, оның адамгершілігінің дамуына зиян келтірмеуі тиіс деп көзделген. Баланы тәрбиелеу әдістерінде немқұрайлылық, қатыгездік, дөрекілік, адамның ар-намысын кемітетін әрекеттер, кемсіту немесе пайдалану белгілері болмауы тиіс. Жоғарыда аталғанның негізінде, аталған норма балаға қатысты дене жазасын қолдануға тиым салады.

Қазақстан балаларды зорлық-зомбылық сипаттағы әрекеттерден қорғау және олардың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызу бойынша нормаларды белгілейтін бірқатар заңнамалық актілер қабылдаған. **Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңының** 14-бабына сәйкес білім беру мекемелерінде оқушыларға және тәрбиеленушілерге қатысты тәнінің, жанының жәбірленуіне және моральдық зорлық-зомбылық әрекеттеріне жол берілмейді. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 13 желтоқсандағы **«Отбасы түріндегі балалар ауылдары мен жастар үйі туралы» Заңының** 17 бабының 2) тармақшасына сәйкес, тәрбиеші-ана өзіне жүктелген міндеттемелерді орындаудан жалтарған жағдайларда, өзінің құқықтарын кері пайдаланған жағдайларда, балаларға қатысты қатыгездік әрекеттерін, соның ішінде баланың тәнін, жанын жәбірлеу әрекеттерін жасаған жағдайларда, сондай-ақ балаларды ұстау, тәрбиелеу және білім беру үшін қолайсыз жағдайлар туындаған басқа да жағдайларда, қамқорлық және қорғаншылық органының бастамасы бойынша балаларды балалар ауылына жіберу туралы шарт мерзімінен бұрын бұзылуға жатады.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі «Мүмкіншіліктері шектелген балаларды әлеуметтік және дәрігерлік-оқытушылық түзету бойынша қолдау туралы» Заңы.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәметке толмаған балалар арасында құқық бұзушылықтардың алдын-алу және балалардың қараусыздығы мен панасыздығы туралы» Заңы.

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 «Қазақстан Республикасының десаулық сақтауды дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы туралы» Президенттің Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 11 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы қаңтар айындағы № 36 шешімімен Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің жанында балалардың құқықтарын қорғау бойынша Комитеті құрылған.

Халықаралық Келісім-шарттарға сәйкес (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 шілдедегі № 756 қаулысы) ТМД қатысушы-мемлекеттерінің ішкі істер орандары кәметке толмаған балаларды анықтап, оларды тұрақты тұратын

мемлекеттерге қайтаруға міндеттенеді. Сөйтіп, КБО-на (Кәмелетке толмаған балаларды бейімдеу орталықтары) жыл сайын 10 мыңнан астам қамқорсыз қалған панасыз жасөспірімдер мен балалар орналастырылған, олардың әрбір оннан бірі жақын және алыс шетел мемлекеттердің азаматтары болып табылады.

Адамды саудаға салу, балалардың жекөкшелігі және балалардың порнографиясы Қазақстанда тиым салынған. Мемлекет баланың жеке басаның қол сұғылмаушылығын қамтамасыз етеді, баланың жеке басына ешкімнің тиіспеуін қамтамасыз етеді, оны тәнін және (немесе) жанын жәбірлеуден, адамдық қадір-қасиетін қатыгездікпен, дәрекілікпен қорлаудан, кемсітуден, жыныстық қатынас сипатындағы әрекеттерден, баланы қылмыстық іс-әрекетке және қоғамға жат әрекеттер жасауға тартудан, және оны адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандығына қысым жасаудың өзге де түрлерінен қорғауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңының 40-бабына сәйкес баланы порнографиялық сипаттағы, сондай-ақ эротикалық мазмұндағы баспа басылымдарын, кино немесе бейнематериалдарды, бейнелерді, өзге де заттарды не материалдарды дайындауға, жарнамалауға, көпшілік алдында көрсетуге немесе таратуға тарту, сол сияқты оларды балаға сату Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Қазақстандық заңнамада бүгінгі күнге дейін «балаға қатыгездік көрсету», «зорлық-зомбылық», «кері пайдалану», «кемсіту» түсініктерінің анықтамасы жоқ. Заңнамалық нормалар кейде жариялық сипатта болады және іске асыру механизмі анықталмаған. Аталған өзекті мәселелердің болуына қарамастан, Қазақстанда балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін екі негізгі механизм пайдаланылады: азамттық-құқытық және қылмыстық-құқытық. Отбасы құқығының нормалары, егер ата-анасының әрекеттерінде қандай-да болмасын қылмыстың құрамы болмаған жағдайларда, пайдаланылады. Сөйткіп, Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі ата-анасын Ата-ана құқықтарынан айыруға (75-бап), Ата-ана құқықтарын шектеуге (79-бап), сонымен қатар Баланың өміріне немесе оның денсаулығына тікелей қатер төнген жағдайда баланы айырып алуға (82-бап) жол береді.

Балалардың құқықтарын іске асыруға балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына байланысты, балаларды саудаға салу, балалардың жекөкшелігі, балалардың порнографиясы, және балалардың еңбегінің ең нашар нысандарына тиым салу мен жою бойынша шұғыл шараларды қолдану Қазақстанмен қосылған Конвенциялардың қосымша хаттамалары ықпалын тигізеді.

1999 жылғы 30 желтоқсан - Қазақстан Республикасымен «Шетеледе алименттерді өндіру туралы» Конвенциясына қосылу (Нью-Йорк, 1956 жылғы 20 маусым);

2000 жылғы 14 желтоқсан – Қазақстан Республикасымен Халықаралық Еңбек Ұйымының «Жұмысқа алудың ең төменгі жас туралы» Конвенциясына қосылу (Женева, 1973 жылғы 6 маусым);

2002 жылғы 30 шілде - Қазақстан Республикасымен Халықаралық Еңбек Ұйымының 1999 жылғы (№182) «Балалардың еңбегінің ең нашар нысандарына тиым салу және жою бойынша шұғыл шараларды қолдану туралы» Конвенциясына қосылу;

2004 жылғы 12 қазан - Қазақстан Республикасымен БҰҰ «Адамдарды саудаға салумен және жекөкшелікті үшінші тұрғалармен пайдаланумен күрес туралы» Конвенцияға және оның қорытынды хаттамасына қол қою (Нью-Йорк қаласы, 1950 жылғы 21 наурыз);

2001 жылғы 4 шілде - Қазақстан Республикасымен балаларды саудаға салуға, балалардың жезөкшелігіне және балалардың порнографиясына қатысты Баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясының 2000 жылғы 6 қыркүйектегі Қосымша хаттамасына қосылу;

2000 жылғы 6 қыркүйек - Қазақстан Республикасымен балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына қатысты Баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясының Қосымша хаттамасына қосылу;

2006 жылғы қаңтар айында Қазақстан Республикасымен қосылып, бекітілген құжаттар: Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакт; Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт; Адамдарды саудаға салуды және жезөкшелік нысанында, басқаларды пайдалануды жою туралы Конвенциясы.

Балалардың құқықтарын сақтауға қатысты мемлекеттік саясат Қазақстан Республикасының заңнамасын Конвенцияның қағидалары мен ережелеріне толық сәйкес келуі мақсатында, оның әрі қарай дамуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Қазақстан Республикасымен Баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясының орындалуы бойынша Конвенцияның жүзеге асырылуын бақылау үшін Конвенциямен құрылған Баланың құқықтары жөніндегі Комитеттің (43-бап) алдында есеп береді:

2001 жылғы наурыз - Баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясының орындалуы туралы Қазақстан Республикасының бастапқы баяндамасы, мұнда 1994-2000 жылдар аралығында Конвенциясыны жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасымен қабылданған шаралар туралы ақпарат берілген.

2002 жылы, 2007 жылы – үкіметтің баяндамасына түсініктемені құрайтын Қазақстан Республикасымен Конвенцияны жүзеге асыру туралы үкіметтік емес ұйымдардың балама баяндамалары.

2003 жылғы маусым, 2007 жылғы мамыр, 2011 жылғы қазан – Бірінші, екінші, төртінші үкіметтік есептер Женева қаласында бала құқықтары жөніндегі БҰҰ комитетінің сессияларында тыңдалған, оның нәтижесінде Комитетпен баяндамаға қатысты ескертулер мен ұсыныстар топтамасы әзірленген.

Жоғарыда аталғанның негізінде, Қазақстанда бала адам құқықтары жөніндегі халықаралық және ұлттық құжаттарға сәйкес, және алдымен, адамды қатыгездік, адамгершілікке қарсы, қадір-қасиетті кемітетін әрекеттерден қорғайтын құжаттарға сәйкес қамтамасыз етілетін кепілдіктермен пайдаланылады. Сонымен қатар, Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында балалық шақ ерекше қамқорлық пен көмек алуға құқығын береді деп көзделген. Адам құқықтары жөніндегі қолданыстағы құқықтық құжаттар, сондай-ақ балалар мәселелеріне қатысты, және осы мәселелерге қолданылатын құжаттар, жиынтығында балалардың да, ересек адамдардың да қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Құқықтық көмек көрсету

Заңнама баланың мүддесін қорғайды

Балаға қатысты қатыгездік әрекеттер, сонымен қатар, ауыр өмір сүру жағдайында қалған кәмелетке томаған балалардың тағдырына немқұрайлы қарау - қоғамды өзекті мәселесі болып табылады. Қазақстандағы балалардың құқықтары бүгінгі күні отбасында да, мемлекеттік мекемелерде де бұзылуда.

Зорлық-зомбылық әрекеттері біріншіден отбасында көрсетіледі. Осыған байланысты бүгінгі күні балалардың құқықтарын қорғау және отбасы саясаты саласындағы қазақстандық заңнаманы жетілдіру өзекті мақсат болып тұр.

Бүгінгі күні балалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау бойынша жақсы нормативтік база құрылған. Алайда барлық осы шаралар қолданыстағы заңнаманы, сонымен қатар жасөспірімдер бойынша әділет жүйесін дамыту сияқты мәселені одан әрі жетілдіру жұмыстарын жалғастыру қажеттігі бар.

Зорлық-зомбылық әрекеттердің құрбаны болған жасөспірімдерді қорғау бойынша қылмыстық заңнамасы

Егер де сіздер Қылмыстық істі қозғау туралы шешімге келген болсаңыз, біріншіден, дәрігерлік тексерістен өту қажет, бұл медициналық көмек алу үшін ғана емес, сонымен қатар, қажетті дәлелдемелер жинау үшін қажетті. Бұл үшін жуынуды, суға түсуді шекту қажет, және қылмыс жасалған кезде киген киіміңізді сақтап қою қажет.

Қылмыстық құқық жәбірленуші жасөспірімдерді жас бойынша екі санатқа бөледі: жас балалар, яғни 14 жасқа дейінгі тұлғалар, және 14 пен 18 жас аралығындағы кәмелетке толмаған тұлғалар. Жас балаларға көмек көрсету кезінде кейбір ерекшеліктер бар: жас балалар өздерінің жасына байланысты өздерінің құқықтарын өздері жеке қорғай алмайды және олардың құқықтарын қорғау үшін заңды өкілдері немесе олардың орнына басқа тұлғалар қатысады.

Жасалған зорлық-зомбылық әрекеттері туралы арыз полицияға, немесе прокуратураға тапсырылады. Арыздар ауызша немесе жазбаша нысанда болуы мүмкін. Ауызша арыздар хаттамаға енгізіледі де, оған арызданушы тұлға және арызды қабылдаған анықтау органының лауазымды тұлғасы, тергеуші немесе прокурор қолдарын қояды. Жазбаша нысандағы арызға оны ұсынған тұлға қолын қояды. Арызданушыға көрнеу жалған сөз жеткізгені үшін жауапкершілік түсіндірілуі тиіс, ол туралы хаттамаға белгі жасалады да, арыз берушінің қолымен расталады (ҚР ҚДЖК 178-бабы). Арыз беруші Қылмыс жасағаны туралы көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 351 бабы бойынша қылмыстық жауапкершілік туралы ескертіледі, ол туралы хаттамаға белгі жасалады да, арыз берушінің қолымен расталады. Зорлық-зомбылық әрекеттері туралы жалған арыздар адамнан өшін алу, ақша қаражатын талап ету және т.б. мақсатында жасалуы мүмкін. Егер де арыз беруші тұлға 16 жасқа толмаған болса, көрнеу жалған сөз жеткізу үшін жауапкершілік туралы ескерту жасалмайтынын білу қажет.

ҚР ҚДЖК 184-бабына сәйкес Қылмыс туралы арыз немесе хабар бойынша шешім ол түскен күннен бастап үш тәуліктен кешіктірілмей қабылдануға тиіс. Қажет болған жағдайда қосымша мәліметтер алу, құжаттарды немесе өзге материалдарды талап етіп алу, тексеріп қарауды, іс үшін маңызы бар нәрселерді немесе құжаттарды алуды, сараптаманы жүргізу үшін бұл мерзімді анықтау органының бастығы, тергеу бөлімінің бастығы он тәулікке дейін, ал ерекше жағдайларда - екі айға дейін ұзарта алады, бұл туралы жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға хабарлануға тиіс.

Қылмыс туралы арызды немесе хабарды алған әрбір жағдайда немесе қылмыс тікелей анықталғанда анықтаушы, анықтау органы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші немесе прокурор мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) қылмыстық іс қозғау туралы;
- 2) қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы;
- 3) арызды, хабарды тергеу ретімен, ал жеке айып тағу істері бойынша - сот ретімен беру туралы;

4) сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуді осы Кодекстің 23-1-тарауында көзделген тәртіппен жүзеге асыру туралы

Қабылданған шешім туралы арыз берушіге хабарланады және сонымен бір уақытта оған шешімге шағым беру құқығы түсіндіріледі.

Арыз немесе хабар тергеу немесе соттау ретімен жіберілген жағдайда анықтау органы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші, прокурор қылмысты болдырмау немесе бұлтартпау, сонымен қатар қылмыс ізін бекіту шараларын қолдануға міндетті.

Қаулының негізінде сот-дәрігерлік сараптама жүргізіледі. Бұл орайда, оқиғадан кейін тікелей жүзеге асырылған дәрігердің зерттеу қорытындысы болуы маңызды. Сонымен қатар, негізгі дәлелдеме болып табылатын, денеде зорлық-жомбылық әрекеттің қалған іздері маңызды роль атқарады.

ҚР ҚДЖК 75-бабына сәйкес қылмыстық процесте оған тікелей қылмыспен моральдық, дене және мүліктік зиян келтірілді деп ұйғаруға ол жөнінде негіз бар адам жәбірленуші болып танылады. Адам есі кіресілі-шығасылы адам жасаған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде тыйым салынған әрекетпен оған зиян келтірілген жағдайларда да жәбірленуші болып таныла алады.

Жәбірленушінің және оның өкілінің құқытары: дәлелдер, ұсынуға; өтінішті, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті және қарсылықты мәлімдеуге, одан дәлелдеу құралы ретінде қылмыстық қудалау органы алып қойған немесе өзі берген мүлікті, сондай-ақ қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасаған адамнан алып қойылған өзіне тиесілі мүлікті алуға, өзіне тиесілі құжаттардың түпнұсқаларын алуға; өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертпелер беруге; тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен өз өтініші не өз өкілінің өтініші бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға; тергеу аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, одан кез келген көлемде және кез келген мәліметті көшіріп алуға; оған және оның отбасы мүшелеріне қауіпсіздік шараларын беру туралы өтінішті мәлімдеуге; қылмыстық процесті жүргізуші органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым беруге; соттың үкімі мен қаулысына шағым жасауға; іс бойынша әкелінген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылық ұсынуға құқылы.

Кәмелет жасқа толмаған қылмескерлер үшін қылмыстық заңнама

Осы онжылдықтың басымен салыстырғанда кәмелет жасқа толмаған балалардың қылмысы күрт өскендігі байқалады, соның ішінде зорлық-зомбылық сипаттағы қылмыстардың саны әлдеқайда өскен. Орын алған әлеуметтік жағдай туындаған өзекті мәселелерді шешуде жаңа әдістерді енгізуді талап етті.

Құқықтық көмек жәбірленушілерге ғана емес, сондай-ақ құқық бұзушылықты жасаған жасөспірімдерге де көрсетіледі.

ұстауды жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы дереу түсіндірме алуға; өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге; таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия жолығуға; күдікті одан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана түсініктеме мен айғақ беруге; өзіне қарсы қылмыстық іс қозғалғандығы туралы қаулының, оны күдікті деп тану туралы қаулының ұстау хаттамасының және бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулының көшірмелерін алуға; түсініктеме мен айғақ беруден бас тартуға; дәлелдер ұсынуға; өтінішті, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті және қарсылықты мәлімдеуге; өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің

хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертпелер беруге; тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым беруге; өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға құқылы. Сезікті Сезіктінің қорғаушысының көмегін пайдалануға құқылы.

Қорғаушы - заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам. Қорғаушы ретінде адвокат қатысады. Қорғаушы ретінде қылмыстық процеске адвокаттың қатысуы кезінде күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды қорғауды одан басқа оның жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы не қамқоршысы, қорғаншысы не күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды қорғаншылыққа немесе асырауына алған ұйымның өкілі жүзеге асыра алады. Шетелдік адвокаттардың іске қорғаушылар ретінде қатысуына, егер бұл Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен жасасқан халықаралық шартында өзара негізде көзделсе, заңнамада белгіленген тәртіппен жол беріледі. Қорғаушы айып тағылған не адам сезікті деп танылған кезден бастап, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізудің кез келген келесі сәтінде іске қатысуға жіберіледі.

Қорғаушының қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысуы, күдікті адам кәмелетке толмаса міндетті болып табылады.

ҚР ҚК жасөспірімдердің құқықтарын қорғауды күшейту, олардың жауапкершілігін және оларға қатысты қабылданатын шараларды жеке қарастыру, жасөспірімдермен жұмыс жасау кезінде алдыналу және әлуметтендіру бойынша келесі қадам ретінде қарастыруға болады. Тұңғыш рет ҚР ҚК кәмелет жасқа толмаған балалардың қылмыстық жауапкершілігінің мәселелері жүйеленген нысанда ұсынылған ерекше тарау мен бөлім пайда болды. Осы тараудың ережелері БҰҰ Бас ассамблеясымен қабылданған халық аралық құжаттарға сәйкес келеді, атап айтқанда, «Кәмелет жасқа толмаған балаларға қатысты сот төрелігін жүзеге асыруға қатысты ең төмен стандартты ережелері» (1995) және Бала құқықтары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы (1989), бұл құжаттарда кәмелет жасқа толмаған құқықбұзушыға қатысты қолданатын шаралар оның жеке тұлғасының ерекшеліктерін ескеруі тиіс, оған қатысты «қытыгез, адамгершіліксіз немесе қадір-қасиетін кемітетін әрекеттер мен жазалар түрлері» қолданылмауы тиіс. Жазаны тағайындау мақсаты «әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру» болып табылады (38-бап ҚР ҚК, 1997). Жоғарыда аталғанның негізінде, қолданылатын шаралардың дифференциалдық сипатқа және жеке қарастыруға бағытталуы – кәмелет жасқа толмаған балаларға қатысты қылмыстық заңнаманың негізгі ерекшелігі болып табылады.

ҚР ҚК сәйкес кәмелет жасқа толмаған балаларға қатысты тағайындалуы мүмкін жасалар түрлерінің ішінде қоғамдық жұмыстарға тарту жазасына назар аударылады. Қоғамдық жұмыстарға тарту қырық сағаттан жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады, ол кәмелетке толмаған адамның қолынан келетін жұмысты орындауы болып табылады және ол оны оқудан немесе негізгі жұмысынан бос уақытында атқарады. Он алты жасқа толмаған адамдардың бұл жаза түрін орындауының ұзақтығы күніне екі сағаттан, ал он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі адамдар үшін күніне үш сағаттан аспауы керек. Түзеу жұмыстары сот үкім шығарған кезде он алты жасқа жеткен кәмелетке толмаған адамдарға бір жылға дейінгі мерзімге тағайындалады. Кәмелетке толмағандарға бас бостандығын шектеу бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады. Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру он жылдан аспайтын, ал ауырлататын мән-жайларда кісі өлтіргені үшін немесе қылмыстардың жиынтығы бойынша қылмыстардың

біреуі ауырлататын мән-жайларда кісі өлтіргені үшін - он екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін. Кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасаған немесе орташа ауырлықтағы қылмысты бірінші рет жасаған кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

Сонымен қатар, ҚР ҚК-не енгізілген, сотың кәмелет жасқа толмаған балаларды жазаны өтеуден босатып, арнайы тәрбиелеу немесе емдеу-тәрбиелеу мекемесіне жіберуді және осы мекемелерде болу мерзімін реттейтін нормалары орынды болып табылады (ҚР ҚК 82-бабы).

Жалпы, ҚР ҚК кәмелет жасқа толмаған балалардың жауапкершілігін реттейтін нормалар құқықбұзушылықты жасаған жасөспірімдермен жұмысты тиімді жалғастыру үшін жақсы негіз болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

- 1. Баланың құқықтарын зорлық-зомбылық әрекеттерден қорғау саласындағы халықаралық заңнама базасының жалпы сипаттамасын беріңіз.*
- 2. Кәмелет жасқа толмаған балаларға қатысты қылмыстық істерді қарау кезінде қандай ерекшеліктер бар?*
- 3. Соңғы кездері баланың құқықтарын қорғау бойынша нормативтік актілерге қандай жаңалықтар енгізілген?*
- 4. Сіздің ойыңызша, қолданыстағы заңнамада қандай ақаулықтар бар?*

Анықтамалар

Баланың құқықтары жөніндегі Декларациясы балалардың қорғаруы мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің негіз қалайтын қағидаларын құрайды. Баланың құқықтары жөніндегі бірінші Декларациясы «Балаларды құтқарудың халықаралық одағы» үкіметтік емес ұйымының Кеңесімен 1923 жылы қабылданған. Женева атауына ие болған осы Декларация Ұлттар Лигасының Ассамблеясымен 1924 жылы мақұлданған. 1948 г. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы бірқатар өзгерістер енгізілген Декларацияның мәтінін мақұлдаған, ал 1959 жылы Баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясының әзірленуіне негіз болып табылған жаңа Декларацияны қабылдаған.

1978 жылы Польша Үкіметі БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комиссиясына осы Декларацияның негізінде әзірленген бастапқы жобаны ұсынған. Оны 1979 жылы қабылдау мүмкін деген үміт болған, ол жыл Халықаралық бала күні деп жарияланған. Комиссия оның мәтіні терең қарастыруды талап етеді деген шешімге келіп, 1980-жылдары ішінде жылына бір рет отырыстары өткізілетін арнайы жұмыс тобын құрды. Жұмыс тобы Декларацияның 1959 жылғы отыз жылдығына қарсы 20 қарашада қабылдаған Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының сессиясына дейін соңғы басылымына қатысты ортақ пікірге келген болатын.

Бала құқықтары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы – бұл мемлекеттер қабылдауға дайын, балаға қатысты міндеттемелердің жанжақты тізімі. Аталған міндеттемелер тікелей болуы мүмкін, мысалы, кәмелет жасқа толмаған балалардың білім алу үшін мүмкіндіктер жасау немесе кәмелет жасқа толмаған балаларға қатысты тиісті сот төрелігін қамтамасыз ету; немесе ата-аналарға немесе отбасының басқа да мүшелеріне немесе қамқоршыларына өздерінің негізгі ролін атқаруға немесе тәрбиешілер мен қорғаушылардың міндеттерін атқаруға мүмкіндік беретін жанама міндеттемелер болуы мүмкін. Конвенция «балаларды босату хартиясы» болып табылмайды, оның мазмұны отбасының құндылығы мен маңыздылығын мүлдем кемітпейді. Халықаралық шарттарды бекіте отырып (немесе оған қосыла отырып), мемлекет онда бекітілген ережелерді орындауға және өзінің ұлттық заңнамасын осы шарттарға сәйкес келуін тиісті түрде қамтамасыз етуге өзіне міндеттеме жүктейді.

Конвенция адам құқықтарының кең аясын қамтиды. Құқықтар әдет бойынша бір жағынан, азаматтық және саяси құқықтар, ал екінші жағынан, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар деп топтастырылады. 4-бап осы санаттарға қатысты болғанымен, баптардың өздері осы қағида бойынша бөлінбеген. Конвенцияның мағынасы – құқықтар, балалардың тірі қалуын және дамуын қамтамасыз ете отырып, бірін бірі толықтырады. Конвенциямен қамтылған барлық құқықтар үш санатқа топтастырылған: өмір сүру құқығы, тірі қалуы және дамуы, қорғау және қатысу. Балалар, есімі мен азаматтығынан бастап және дәрігерлік-санитарлық көмек пен білім алумен аяқтап, құқықтардың кең өрісін іске асыру үшін тиісті жағдайлармен қамтамасыз етілуі тиіс. Олар белгілі бір әрекеттерден қорғалу құқығы бар, мысалы, қинау, азаптау, пайдалану, бас бостандығын заңсыз айыру және отбасылық қамқорлықтан негізсіз айыру әрекеттерінен қорғалу құқығы бар. Сонымен қатар, балалар, олардың өмірін қозғайтын шешімдерде қатысуға, және жергілікті қоғамдастықтың өміріне қатысуға құқылы.

Конвенция негізгі үш мақсаттарды көздейді:

- Басқа шарттардың шеңберінде ұсынылған балаларға қатысты құқықтарын қайта мақұлдау. Осы құқықтардың бірқатары, мысалы, азаптаудан қорғау да балаларға қатысты болып табылады. Басқалары, мысалы, ой-пікірді білдіру құқығы, жиналыстардың бостандығы, дінге сену құқығы және әлеуметтік қамтамасыз етілу құқығы, құжатты әзірлеу кезінде балалар құқықтарға ие бола алады ма немесе ие болуы тиіс пе, ал егер солай болса, онда нақты қандай жағдайларда деген мәселелерге қатысты қызу пікір таласуға әкеліп соқты. Балалар да ересек адамдармен қатар құқықтарға ие болуы тиістігін қайта мақұлдау өте маңызды болды.
- Балалардың ерекше қажеттіліктерін және осалдығын ескеру мақсатында, адамның кейбір негізгі құқықтарын нығайту. Еңбек ету шарттары көзге анық көрінетін мысал болып табылады, атап айтқанда балалардың еңбек ету талаптары ересек адамдардың еңбегіне қарағанда жеңіл болуы тиіс. Басқа мысал ретінде балаларды бас бостандығынан айыруға болатын жағдайлар болып табылады.
- Балалар үшін өте өзекті әрі маңызды болып табылатын салаларда нормаларды белгілеу. Конвенция балаларға қатысты аса ерекше мәселелерін қозғайды, мысалы, асырап алу рәсімдерін, бастапқы білім алу мүмкіншілігі, отбасында асыра пайдаланулардан қорғай және қамқорлықтың болмауы, сонымен қатар, алименттерді өндіру мәселелеріне қатысты болады.

Конвенция үш негізгі инновациядан тұрады. Біріншіден, ол балалар үшін «қатысу құқығы» түсінігін енгізеді және балалармен өз құқықтары туралы ақпараттандырудың маңызын таниды. Екіншіден, Конвенция бұдан бұрын халықаралық құжаттарда ешқашан қарастырылмаған келесі мәселелерді қарастырады: қатыгездіктен және пайдаланудан зардап шеккен балалардың сауықтыру құқығы және балалардың денсаулығына зиян келтіретін дәстүрлі тәжірибені жоюға бағытталған шараларды үкіметтермен қабылдау міндеттемелері. Үшіншіден, бұдан бұрын тек қана құқықтық міндет жүктемейтін мәтіндерде көзделген қағидалар мен нормалардан тұрады, соның ішінде, асырап алу және кәмелет жасқа толмаған балаларға қатысты сот төрелігін атқару мәселелерінен тұрады.

Конвенция сонымен қатар үлкен маңызы бар екі маңызды концепцияны енгізеді:

- «баланың мүддесін барынша жақсы қамтамасыз ету» (3-бап) «балаларға қатысты барлық әрекеттер» үшін міндетті критерий ретінде орын алуда;
- ата-аналарға немесе бала үшін жауапты басқа да тұлғаларға «баланың өз құқықтарын жүзеге асыру барысында тиісті басқаруға және басшылық етуге және оларды баланың дамып келе жатқан қабілеттеріне сәйкес жүзеге асыруға» міндеттерді жүктейтін қағида (5-бап).

Балалар құқықтары жөніндегі Комитет, Конвенцияда бекітілген барлық құқықтар үшін негіз болатын «басшылық ететін қағидалар» ретінде келесі баптарды бөліп шығарған:

- 2-бап (кемсітуді болдырмау);
- 3-бап (баланың барынша жақсы мүдделері туралы);
- 6-бап (өмір сүру, тірі қалу және даму құқығы туралы);
- 12-бап (баланың көзқарасын құрметтеу туралы).

Конвенцияны қабылдағаннан кейінгі бес жылдан соң-ақ БҰҰ-ң жуық шамамен 90 % мүше-мемлекеттерімен ратификацияланған, бұл халықаралық гуманитарлық құқық тарихындағы бұдан бұрын болмаған оқиға болып табылады. 2004 жылдың 24 қарашасы бойынша Конвенцияның қатысушылары 192 мемлекет болған. Конвенцияда көзделген

нормалар мен міндеттемелердің мақсаты – бөлек мемлекеттердегі заңнамаға, саясатқа және бағдарламаларға, сонымен қатар, халықаралық, ұлттық, үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдар мен органдардың балаларға қатысты қызметтеріне бағыт беру болып табылады. Конвенцияның балаларға ықпал етуін біріншіден үкіметтермен, сондай-ақ басқа да мекемелер мен ұйымдармен оның мағынасы мен мақсаттары ескерілген ретте ғана бағалауға болады. Конвенцияның ережелерін іске асыру үдерісі туралы ұлттық заңдар мен саясаттың сипаты бойынша, сонымен қатар оларды жүзеге асыру үшін қажетті тиімді құрылымдар мен механизмдердің болуы бойынша сипаттауға болады.

«Баланың құқықтарын барынша жақсы қамтамасыз ету». Конвенцияның – 3 (1) бабы «әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелерімен айналысатын мемлекеттік және жеке мекемелер, соттар, әкімшілік және заң шығару органдары» олардың қызметтері балаларға ықпал ететінін ескеруі қажет екенін білідіреді. Сол себептен балаларға қатысты барлық әрекеттер баланың мүдделерінің барынша жақсы қамтамасыз етілуіне және де балаларға қатысты мейірімді қоғам құруға бағытталуы тиіс.

«Баланың мүдделерінің барынша жақсы қамтамасыз етілуі» қағидасы тұңғыш рет 1959 жылы Бала құқықтарының Декларациясында көрініс алған. Қағида, Конвенцияның басқа қағидалары көрсетілмеген жағдайларда ерекше маңызға ие болады (кемсітпеу, тірі қалу және дамыту), мысалы:

- Ата-аналарынан айырып жіберу (9(1) және 9(3) баптар): бала, сот шешімі бойынша құзыретті органдары қолданылатын заңдар мен рәсімдерге сәйкес ата-аналарынан айырып жіберу баланың барынша жақсы мүдделері үшін қажетті деп анықтаған жағдайларды қоспағанда» өз еркінсіз ата-аналарынан айырып жіберіле алмайды. Мемлекет бала құқығын құрметтеуі тиіс, «баланың барынша жақсы мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда» үнемі жүзеге асыру негізінде балалар мен ата-анасының екеуімен де жеке қарым-қатынастарды және тікелей байланыстарды қолдауы тиіс.
- ата-аналардың жауапкершілігі (18(1) бабы): баланың ата-анасы баланың тәрбиеленуі үшін бірлесіп негізгі жауапкершілікте болады, және «баланың барынша жақсы мүдделері олардың негізгі қамқорлығының пәні болып табылады».
- Отбасынан айырылған баланы қорғау (20-бабы): отбасы айналасынан уақытша немесе тұрақты айырылған балалар, немесе отбасы айналасында қалуы мүмкін емес балалар, «өздерінің барынша жақсы мүдделері үшін» ерекше қорғалу құқығына ие болады.
- ұл баланы/қыз баланы асырап алу (21-бабы): мемлекет бірінші кезектегі тәртіпте «баланың барынша жақсы мүдделерін» ескереді.
- бас бостандығынан айыру (37(в) бабы): бас бостандығынан айырылған балалар, «егер де баланың барынша жақсы мүддесі үшін балаларды ересек адамдардан бөлек орналастыру қажеттігі жоқ деп есептелмесе» балалар ересек адамдардан бөлек орналастырылуы тиіс.
- кәмелет жасқа толмаған құқық бұзушыларға қатысты сот төрелігін жүзеге асыру (40(2)(б)(iii) бабы): ата-аналар немесе заңды қорғаншылар, «егер де баланың барынша жақсы мүдделеріне қайшы келеді деп есептелмесе» сот тыңдауында қатысуы тиіс.

«Баланың мүдделерінің барынша жақсы қамтамасыз етілуінің» кезкелген талқылануы Конвенцияның мақсаттарына сәйкес келуі тиіс және бала – өзіндік жеке көзқарастары мен сезімдері бар жеке тұлға екенін ескеруі тиіс. Сонымен қатар, бала азаматтық және саяси құқықтардың, әлеуметтік қорғаудың объектісі болып табылады. Мемлекет «баланың барынша жақсы мүдделері» түсінігін Конвенциямен кепілдік берілетін құқықтарды жоққа шығару үшін пайдаланбауы тиіс, мысалы, әдеттегі тәжірибелер мен дене жазасын қорғау үшін пайдаланбауы тиіс.

Балаларға қатысты жасалған зорлық-зомбылық әрекеттері – бұл жауапкершілік, сенім білдіру немесе билік тұрғысынан баланың нақ осы шақтағы немесе болашақтағы денсаулығына, тірі қалуына, дамуына немесе абыройына зиян келтіретін тәнінің және/немесе эмоционалдық қатыгез әрекеттердің, жыныстық қатынас сипатындағы зорлық-зомбылықтың, панасыздықтың немесе ата-ана міндеттерінің жалтаруының немесе басқа да пайдаланудың барлық нысандары болып табылады. Балалар үде, мектепте, көшеде, қауымдастықта және мемлекеттік мекемелерде зорлық зомбылықтың зардап шегушісі болуы мүмкін.

Бала құқықтары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы балаларға қатысты зорлық-зомбылық әрекеттердің кең ауқымын таниды және балалар зорлық-зомбылықтың барлық нысандарынан қорғалу құқығына ие болатынын белгілейді. Зорлық-зомбылық түсінігіне ұрлау, бала өлтіру, адам өлтіру, зақым келтіретін дәстүрлі тәжірибелер, жыныстық қатынас сипаттағы, жанының немесе тәнінің жәбірленуі мен кері пайдалануы, соның ішінде балаларға қатысты «тәртіптік шара» ретінде дене жазасы жатады.

Бала құқықтары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы кезкелген нысанда және кезкелген жерде балаларға қатысты жасалған зорлық-зомбылық әрекеттері ақталуға жатпайтынын белгілейді. Конвенцияға сәйкес балалар тәнінің және жеке қол сұғылмаушылығына және «тәнінің немесе жанының жәбірленуінің барлық нысандарынан» қорғалуына құқығы бар. Конвенция зорлық-зомбылық әрекеттердің барлық нысандары зиянды және бала өмірінің барлық жақтарына кері әсерін тигізуі мүмкін екенін таниды. Зорлық-зомбылық әрекеттеріне ұшыраған балалар жеткіліксіз тамақтанудан және науқастардан зардап шегеді, мектепте нашар оқиды, өзін-өзі құрметтеу деңгейі төмен болады. Конвенцияға сәйкес балаларға қатысты жасалған зорлық-зомбылық әрекеттері олардың адам құқықтарын бұзу болып табылады. Зорлық-зомбылық әрекеттері келесі құқықтарды бұзады:

- әркімнің заң алдында тең қорғару құқығы;
- қатыгездік әрекеттеріне ұшырамау құқығы;
- өмір сүру және тәнінің қол сұғылмаушылығы құқығы;
- тәнінің және жанының саулығының жоғарғы стандарттарына құқығы.

Конвенцияның 39-бабына сәйкес, мемлекет қарулы жанжалдардан, азаптаудан, дөрекі әрекеттерден, жыныстық қатынас сипатындағы зорлық-зомбылық әрекеттерден, кері пайдаланудан немесе пайдаланудан зардап шеккен балалардың әлеуметтік реинтеграциясының мақсатында, олардың тәнінің және жанының саулығын қалпына келтіруді, сауықтыруды қамтамасыз етуге міндетті.

Жанының (эмоционалдық) зорлық-зомбылығы – бұл зорлық-зомбылықты қолданумен қорқыту, мұнда зардап шегуші тәнінің жәбірленуімен ұштасқан қорқыту, үрей туғызу. Жанының жәбірленуі жан дүниесінің немесе психикалық зақым келтіруді, ерік білдіру бостандығын шектеуді қамтуы мүмкін (іс жүзінде денеге зиян келтіруге байланысты болмайды). Тәнінің және жанының жәбірленуі өзара тығыз байланысты. Адамға қатысты тәнінің жәбірленуін жасаған кезде, оның жан дүниесіне зиян келтіріледі.

Тәнінің жәбірленуі – адамның анатомиялық-физиологиялық тұтастығының бұзылуы деп түсінетін іс жүзіндегі немесе болашақта болуы мүмкін дене жарақатын келтіру болып табылады.

Балалар еңбегінің нашар нысандары, оларға:

- құлдықтың немесе құлдыққа ұқсас тәжірибенің барлық нысандары, мысалы, балаларды саудаға салу және сату, қарыз құлдығы немесе крепосттық тәуелділік,

сонымен қатар, мәжбүрлі немесе міндетті еңбек ету, соның ішінде, балаларды қарулы жанжалдарда пайдалану үшін оларды мәжбүрлі немесе міндетті тарту;

- баланы пайдалану, тарту немесе баланы жезөкшелікпен айналысу үшін, порнографиялық өнімдерді өндіру үшін немесе порнографиялық көріністер үшін ұсыну;
- баланың құқыққа қарсы әрекеттермен айналысу үшін, соның ішінде тиісті халықаралық шарттарда анықталғандай, нашақорлық заттарды өндіру мен сату үшін пайдалану, тарту немесе ұсыну;
- жұмыс өзінің орындалуының сипаты мен шарттары бойынша баланың адамгершілігіне, денсаулығына, қауіпсіздігіне зиян келтіруі мүмкін (Конвенциясына сәйкес 182).

Балаларды шетелге заңсыз шығару және қайтармау – бұл баланы отбасынан немесе қамқоршылық мекемелерінен ата-аналарымен, қамқоршыларымен немесе басқа да үшінші тұлғалармен шығарумен ұштасқан, мемлекеттің шеңберінде немесе оның шекарасынан тыс балаларды заңсыз шығаруға, тасуға, немесе орнын орнын ауыстыруға бағытталған әрекеттер болып табылады. Мемлекет ата-аналардың немесе үшінші тараптардың балаларды ұрлауды немесе ұстауды болдырмауға тиіс және осы әрекеттердің салдарын жоюға міндетті.

Кемсітпеу әрекеттері балалар өздерінің құқықтарын тең жүзеге асыруын білдіреді – тірі қалу, даму, қатысу және қорғалу құқығы – толық және тең негізде. Бала құқықтары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы барлық балалар тең деп бекітеді. Баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясының 2-бабына сәйкес, мемлекет ешбір кемсітусіз оның қарамағындағы барлық балаларға қатысты барлық құқықтарды құрметтеуге және қамтамасыз етуге міндетті.

Сонымен қатар, келесіні қараңыз: *Кемсіту әрекеттері*

Кәмелет жасқа толмаған бала (жас бала) – «ұлттық заңнамамен көзделген жағдайларда кәмелет жасқа ерте жаста толған жағдайларды қоспағанда» балалық жас 18 туған жылы басталған кезде аяқталады. (Бала құқықтары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы, 1-бпбы). Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакттің 24-бабы негізінде баланың құқықтары «отбасының, қоғамның және мемлекеттің тарапынан оның жас бала жағдайы үшін талап етілетін» қорғау шараларына» құқықтарын таниды. 1989 жылғы Жалпы Түсініктемеде Адам құқықтары жөніндегі Комитет, әрбір мемлекет өзінің қоғамдық және мәдени әдеттеріне сәйкес баланың «кәмелетке толу» жасын анықтайды деп атап өткен. Бала құқықтары жөніндегі Комитетке берілген Есепте мемлекет бала азаматтық қатынастыр үшін және қылмыстық жауапкершілікке тартылу үшін кәмелет жасын анықтауы тиіс. Мемлекет бала заңды түрде жұмыс істеуді бастайтын жасты анықтайды. Мемлекет бала ересек адам ретінде қарастырылатын жасты анықтайды. Адам құқықтары жөніндегі Комитеті баланың кәмелетке толу жасын кеміте алмайды деп есептейді.

Балалардың құқықтарын қорғау – ауыр өмірлік жағдайдағы балалардың топтарын ерекше ескере отырып, барлық балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған шаралардың кешенді жүйесі. Мұндай осал топтарға кедейлікте өмір сүретін балалар; ата-анысаның қамқорынан айырылған балалар; ерекше қажеттіліктері бар балалар және мүгедек балалар; қашқын балалар; тұрғылықты халыққа және азшылық топтардағы балалар; қарулы жанжалдардан зардап шеккен балалар; зорлы-зомбылық әрекеттерден зардап шеккен балалар және заңмен қайшылықтағы балалар жатады. Балалар құқықтарын қорғау тиімділігі халықаралық қағидаларға және балаланың барынша жақсы мүдделеріне сәйкес келетін құқықтық нормативтік базасының болуына; қажетті қаржыландырумен қамтамасыз етілген балалар құқықтарын қорғау бойынша мемлекеттік

бағдарламаларының болуына; балалардық құқықтарын қорғай жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметтерін үйлестіретін және жауап беретін бірінғай органның болуына; балаларға және олардың отбасыларына алдыналу және сауықтыру қызметтерін көрсететін өкілетті қызметтердің болуына; сонымен қатар балалардың жағдайына қатысты мемлекеттік және тәуелсіз мониторингін жүргізу мен олардың құқықтарын қорғау жүйесінің болуына байланысты болады.

Жасалған зорлық-зомбылық әрекеттерінің құрбаны болған балалар – отбасында, білім беру және қамқорлық мекемелерінде зорлық-зомбылық әрекеттерінен (тәнің және жанының, жыныстық қатынас сипаттағы жәбірлеуінен, қорлаудан немесе кері пайдаланудан, қамқорлық жасамаудан немесе немқұрайлы қараудан, дөрекіліктен, қатыгездіктен немесе пайдаланудан) зардап шеккен және/немесе зардап шегіп жатқан балалар.

Отбасынан айырылған балалар – Конвенцияның 20-бабына сәйкес Отбасынан айырылған балалар, бұл ата-анасының қайтыс болуына, олардан ата-аналарының бас тартуына, немесе қоныс аударуына, немесе, өздерінің барынша жақсы мүдделері үшін отбасында қалуы мүмкін еместігінен байланысты, өздерінің отбасы айналасынан уақытша немесе тұрақты айырылған балалар. Мұндай балалар «ерекше қорғалу және көмек көрсетілу» құқығына ие болады. Мемлекет мұндай баланың мәдени қатыстылығын және Конвенцияға сәйкес баланың құқықтарын сақтауын ескере отырып, әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекет баланың өз жеке тұлға қасиеттерін, соның ішінде азаматтығын, дінін, мәдениетін және тілін сақтау құқығын құрметтеуге міндетті (8 және 30 баптары).

Ауыр өмірлік жағдайда қалған балалар – орын алған жағдайлардың салдарынан өмір сүру қалпы бұзылған, және жеке өздері немесе отбасының көмегімен осындай жағдайларға тойтарыс беруге мүмкіндігі жоқ балалар. Аталмыш санаттағы балалар қатарына ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар; мүгедек балалар; денсаулығының мүмкіншіліктері шектелген балалар; қарулы және ұлтаралық жанжалдардан, экологиялық және техногендік төтенше жағдайлардан, табиғи апаттардан зардап шеккен балалар; босқын отбасыларындағы және амалсыздан қоныс аударған отбасылардағы балалар; төтенше жағдайларда қалған балалар; жасалған зорлық-зомбылық әрекеттерінің құрбаны болған балалар; тәрбие беру сипатындағы коллониларда жазасын өтеп жүрген бас бостандығынан айырылған балалар; арнайы оқыту-тәрби беру мекемелеріндегі балалар; жағдайы төмен отбасылырда тұратын балалар; жүріс-тұрыстарында ақаулықтары бар балалар жатады.

Ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар – ата-анасының құқықтарын шектеу немесе айыру салдарынан, хабар-ошарсыз кеткен деп талған, оларды қайтыс болды деп танудың, әрекетқабілетсіз (әрекет қабілеттілігі шектеулі) деп танылуының, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуінің, ата-анасының баланы тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудың бас тартуының салдарынан, соның ішінде ата-анасының өз балаларын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуының, сонымен қатар ата-ана қамқорлығының болмауының басқа да салдарынан, жалғыз ата-анасының біреуінен немесе екенуінің де қамқорынсыз қалған балалар.

Жағдайы төмен отбасыларда тұратын балалар – кірісі өмір сүрудің төменгі деңгейінен төмен отбасыларда тұратын балалар.

Денсаулығының мүмкіншіліктері шектелген балалар – дене ағзасының және (немесе) психикалық кемшіліктері бар, туғанынан, тұқым қуалаудан және пайда болған

науқастардың салдарынан немесе белгіленген тәртіппен расталған жарақаттар салдарынан өмір сүру қалпы шектелген балалар.

Ерекше қажеттіліктері бар балалар (оқытуды арнайы талап ететін балалар) – науқастарға шалдығу салдарынан, жарақаттардың немесе ақаулықтардың салдарынан, өмір сүру қалпының шектелуіне әкеліп соғатын және әлеуметтік қорғаудың қажеттілігін тудыратын, ағзаның қызметтерінің тұрақты бұзылуымен ұштасқан денсаулықтары бұзылған балалар. Конвенцияның 23-бабында дамуында ерекше қажеттіліктері бар балалардың ерекше күтіміне, білім алуына және даярлығына құқығы бекітілген. Сонымен қатар, аталған бапта мұндай балалар кері әлеуметтік жағдайларына байланысты қоғамнан шектетілмеуі тиіс деп көзделген. Балалардың мүгедектігімен күрес бойынша әрекеттер науқастардың алдыалуға (денсаулық сақтау және білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға), науқастарды алдынала анықтауға, баланың дамуына және сауықтырылуына бағытталуы тиіс.

Сонымен қатар, келесіні қараңыз: *Мүгедектік, Ерекше қажеттіліктер*

Білім алуда мәселелері бар балалар – білімді меңгеру үдерісінде қиындық көретін және жүріс-тұрыстық броблемалары бар балалар. Сондай-ақ, білім алуында бірқатар мәселелері бар бала білім алуда арнайы қажеттіліктері бар бала ретінде анықталады. Жиі синоним ретінде «оқытуға келмейтін» термин пайдаланылады, ол дұрыс емес. Мұндай терминді пайдалану салдарынан баланың құқықтарына қысым жасалаы. Халықаралық тәжірибесі, кейбір жағдайларды қоспағанда, оқытуға жарамды болып табылатынын көрсетеді, және баланың дамуының жетістігі мұндай балалармен жұмыс істейтін мамандардың кәсіпқойлығына және жақын адамдырдың қамқорына, қарым-қатынасына байланысты болады.

Жетім балалар - жалғыз ата-анасының біреуі немесе екенуі де қайтыс болған балалар.

АИВ/ЖҚТБ салдарынан жағдайы осал балалар. Аталмыш түсінікке АИВ тасушылары болып табылатын және ЖҚТБ науқастанған 18 жасқа толмаған балалар мен жасөспірімдер; ЖҚТБ науқастары салдарынан қайтыс болған ата-аналардың балалары; АИВ/ЖҚТБ салдарынан тірі қалуы, жағдайы және дамуы қауіптілікте болатын осал балалар жатады. АИВ/ ЖҚТБ балалардың балалық шағына және өміріне зиян келтіреді. Баланың ата-анасының немесе баланың туылған кейінгі бірінші жыл ішінде оған қамқорлық жасаған адамның науқасқа шалдығуы немесе қайтыс болуы, баланың негізгі қажеттіліктерінің қамтамасыз етілуіне қауіп келтіреді (дәрігерлік-санитарлық көмекке қол жеткізу, тиісті санитарлық жағдайдың және тамақтанудың қамтамасыз етілуі), оның салдарынан баланың тірі қалу құқығына жиі қауіп төндіреді. АИВ/ЖҚТБ науқастары баланың отбасының айналасында өмір сүру құқығынан айырады. Мұндай науқастар орын алған жағдайларда, балалардың арнайы мекемелерге орналастырылуы, панасыз, қамқорсыз қалуы немесе өмір сүруі үшін амалсыздан жұмыс істеуі ықтималдығын арттырады. Ата-аналарының, қамқоршыларының немесе баланың өзінің науқастануы салдарынан баланы кемсіту тәуекеліне әкеліп соғуы мүмкін. Мұндай балалардың әсіресе зорлық-зомбылық, қатыгездік әрекеттеріне немесе пайдаланылуына әкеліп соғады.

Балалардың кедейлігі - «Әлемдегі балалардың жағдайы, 2005 жыл» атты баяндамасында жұмыста пайдаланылатын келесі анықтама ұсынылады: «Кедейлікте өмір сүретін балалар, тірі қалу, даму үшін және әл-ауқат үшін қажетті материалдық, рухани және эмоционалдық ресурстардың тапшылығын сезінеді, олардың салдарынан балалар өздерінің құқықтарымен пайдалануға, әлеуеттерін толығымен іске асыруға немесе қоғамның өмірінде әлеуетті және тең құқылы мүшелері ретінде қатысуға кедергі жасайды». Кедейлік, баланың дамуына кедергі жасайтын елеулі фактор болып табылады, өйткені, кедей, панасыз және осал балалар жоғары тәуекел жағдайларына жиі душар

болады. Мұндай балалардың көбі, оларға қатысты үйде немқұрайлы қараудың, кері пайдаланудың салдарынан, азаматтық күйзелістердің салдарынан немесе жақсы өмір сүру жолдарын іздеудің салдарынан, далада панасыз тұрады немесе жұмыс істейді. Балалық шақтағы кедейлік пен мұндай балалардың мектепте қанағаттандырғысыз білім алу нәтижелері арасында, денсаулығының нашар болуы, жасөспірім жасында жүкті болу мүмкіндігі, нашақорлық пен токсикоманияға ұшырау, қылмыстық және әлеуметтіке қарсы жүріс-тұрыс, еңбекақысының төмен болуы, жұмыссыздық, әлеуметтік қамтамасыз етілуден ұзақ тәуелі болуы арасында тығыз байланыс бар. Бұл орайда «материалдық кедейлік немесе табыс деңгейіне байланысты кедейлік» балалық кедейліктің ең қарапайым өлшемі болып табылатынын ескере отырып, балалық кедейліктің деңгейіне, баланың отбасында көретін қамқорлық пен сүйіспеншілік; бала өзінің отбасының айналасында сезінетін қорғалу сезімі; ата-аналардың балалармен бірге өткізген уақыты және оларға қатысты тәрбиелеу, күтім жасау бойынша әдістері, балалар өмір сүредін қауымдастықта орнатылған достастық байланыстар және олар өскен әлеуметтік ортаның сапасы сияқты өлшеуді қиындататын басқа да факторлар әсер ететінін ескеру қажет.

Балалардың еңбегі – бұл психикалық, тәнінің, әлеуметтік моральдық тұрғыдан балаға зиян келтірумен немесе қауіптілік төндірумен ұштасқан ақы төленетін әрі ақы төленбейтін жұмыс. Сонымен қатар, балалардың еңбегі – бұл балалардың білім алу мүмкіндігінен айыратын жұмыс. Балалардың еңбегі мен еңбекпен тәрбиелеу жұмысын бірінен бірін айыру қажет. Мысалы, жұмыстың кейбір оңай түрлерін орындауды балалардың қатысуы (үй шаруашылығында ата-анасына көмек көрсету), еңбек заңнамасы шеңберінде мектепті оқудан кейінгі немесе демалыстар кезіндегі жасөспірімдердің еңбек қызметі, өндірістік тәжірибе алу, кәсіпқой білім алу - тәрбие берудің құрамдас бөлігі болып табылады және балалардың еңбегі болып саналмайды. Баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясының 32-бабына сәйкес баланың денсаулығына қауіп төндіруі, зиян келтіруі мүмкін болатын немесе оның білім алуына кедергі жасауы мүмкін болатын кезкелген жұмысты орындаудан, экономикалық пайдаланудың қорғалу құқығы бекітілген. Аталған бап үкіметтерден жұмысқа қабылдаудың төменгі жасты белгілеуді, 18 жасқа толмаған балалардың жұмыс күнінің ұзақтығын және еңбек ету талаптарын реттеуді және заңнаманы жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында тиісті шараларды көздеуді талап етеді. Баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясының ережелері Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) бірқатар конвенцияларында жетілдірілген, олардың ішінде негізгі болып табылатын «Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас мөлшері туралы» № 138 Конвенциясы және «Балалар еңбегінің ең нашар нысандарына тиім салу және оларды жою бойынша шұғыл шаралар туралы» № 182 Конвенциясы.

Сонымен қатар, келесіні қараңыз: ***Балалар еңбегінің нашар нысандары***

Балаларға қатысты кемсіту әрекеттері – балалар үшін тең құқықтарының болмауы. Кемсіту әрекеттері барлық қоғамдарда орын алған және бала өмірінің барлық жақтарына әсерін тигізуі мүмкін. Кемсітудің белгілері бала өз құқықтарынан айырылған кезде, өзінің жеке қасиеттеріне байланысты жергілікті қауымдастықтың өміріне қатысудан алшақтаған немесе бас тартқан кезде көрінеді. Теңсіз қатынас әр-түрлі нысанда болады. Бала мүгедек болғандықтан, жетім, панасыз болғандықтан, АИВ немесе ЖҚТБ науқастанған, немесе денсаулығының басқа да кемшіліктері болғандықтан, туылған кезде тіркелмегендіктен, ауылды жерде тұрғандықтан, немесе кәмелет жасқа толмағандар үшін сот төрелігі жүйесімен байланыста болғандықтан кемсітудің объектісі болуы мүмкін. Баланың нәсілі, жынысы, тілі, этникалық шығу тегі, діні, және баланың өміріндегі басқа да жағдайлар кемсітудің себебі болуы мүмкін. Кемсіту әрекеттерінің нысандары әр-түрлі болуы мүмкіндігіне қарамастан, бала үшін салдары бірдей ауыр болады: қамқорының болмауы, науқастар, кері пайдаланылуы, пайдаланылуы және өмірде жетістіктерге қол жеткізу мүмкіндіктерінің шектелуі.

Бала құқықтары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы ұзақ уақыт аралығында кемсітуден зартап шеккен балалардың нақты қажеттіліктерін таниды. Конвенция кемсіту тәжірибесінен көбінесе зардап шегуі мүмкін болатын балалардың осал және нашар халге түскен топтарына ерекше назар аударады. Сонымен қатар, Баланың құқықтары жөніндегі Комитет үкіметтерге балаларды кемсітуді жою бойынша шараларға ат салысу үшін белсенді шараларады қабылдау бойынша, оның ішінде кемсітуді болдырмайтын заңдарды қабылдау, теңсіздік қатынастарға қарсы ағартушылық шараларға атсалысу және кемсітуге ұшыраған топтар туралы ақпараттарды жинау бойынша міндеттерді жүктейді.

Жыныс белгілері бойынша кемсіту әрекеттері - тұлға өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру мүмкіндігінен толығымен немесе ішінара айыратын, жыныс белгісі бойынша кезкелген айырмашылық, шығару немесе шектеу. Әлемдегі көптеген елдерде қыз балаларды ұл балаларға қарағанда аз құрметтеп бағалайды, сондықтан да оларға қатысты аз қамқорлық жасайды. Әлеуметтік құрылымдарда түбегейлі орын алған себептер бойынша, қыз балалар ұл балаларға қарағанда пайдаланудан жиі зардап шегеді. Қыз балалардың білім алу үшін мүмкіндіктері өте төмен болады және де жиі олардың еңбек ақылары аға-інілерінің оқуын қаржыландыру үшін пайдаланылады. Сот төрелігі жүйесінде жыныс балаларға қатысты күрдері сұрақ болып табылады. Жас құқық бұзушы балалардың және бас бостандығын айыру орындарының арасында қыз балалардың үлесі 10%-дан кем болады және қыз балаларды ақтау-сауықтыру әлдеқайда кем, жоғарыда аталғанның негізінде, қыз балалар өзінің отбасы тұратын жерден алыс болатыны және ересек адамдармен бірге орналастырылатыны ықтимал. Мұндай жағдайларда, түзету мекемелерінде қыз балалар білім алу мүмкіндігінен жиі айырылады, және денсаулық пен тазалықты қорғаудағы ерекше қажеттіліктеріне жиі немқұрайлы қаралады, әрі ескерілмейді.

Білім алу құқығы - Баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясының 29-бабының 1(а) тармағына сәйкес білім берудің мақсаты - бұл «баланың барынша толық көлемдегі жеке тұлға ретінде және дарындарының дамуы, ақыл-ой және дене қабылеттерінің дамуы». Білім алу құқығына пайдаланылудан және кемсітуден ажыратылған қауіпсіз білім алу жағдайының қамтамасыз етілу жатады және баланың өзін өзі құрметтеуін, білім негіздерін алуды, тұрмыстық әдістерді үйренуді білдіреді, сонымен қатар, білім алу мен оқу оң жақты және пайдалы болуын, және олардың баланың қажеттелігіне сәйкес келмейтінін және шектен тыс қатал болмауын білдіреді. Конвенция барлық құқықтарды өзара байланыстырғандықтан, мұнда барлық факторлар, атап айтқанда, баланың жынысы, денсаулық пен тамақтану жағдайы, дене және ақыл-ой қабылеттерінің ерекшеліктері сияқты факторлар, сонымен қатар, балалардың сапалы білім алуға әрекеттесуі көзделген. Білім беру мәселелеріне Конвенцияның екі бабы арналған. 28-бабы баланың білім алуға құқығын таниды және тегін және міндетті бастапқы білім алуды және де баланың ар-намысын барлық тәртіптік мәселелерде қорғалуын қамтамасыз етуді талап етеді. 29-бабы мемлекетті әрбір баланың қабылеттіктерін барынша мүмкіндігінше дамыта отырып, білім беруді қамтамасыз етуге шақырады. Конвенцияға сәйкес үкіметтер балалардың мектептерге үнемі қатысуы және мектептен кетіп қалған оқушылардың санын азайтуы бойынша әрекеттесу шараларын қабылдауға міндеттемелер алады.

Денсаулық сақтау құқығы балалар мүмкіндігінше денсаулығының жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін және денсаулық сақтау жүйесінің барынша жетілдірілген қызметтерімен пайдалануға мүмкіндік беретін шаралар жүйесін білдіреді. Конвенцияның 24-бабында Конвенцияға қол қойғаннан кейін және оны ратификациялағаннан кейін мемлекеттермен қабылдануы тиіс тәжірибелік қадамдар көзделген. Атап айтқанда, мемлекеттер бала өлімін азайтуға, бірінші дәрігерлік-

санитарлық көмек көрсетуді дамытуға, науқастармен және жеткіліксіз тамақтанумен күресуге, туу алдындағы және туғаннан кейінгі күтім жасауды қамтамасыз етуге, санитарлық ақпараттарды таратуға және алдыналу қызметтерін дамытуға міндеттенеді. Конвенция оның ережелері ешбір кемсітусіз барлық балаларға қатысты екенін нақты көрсетеді.

Отбасында өмір сүру құқығы қамқоршылық, қорғаншылық және отбасын алмастыратын отбасында тәрбие беру (патронат) арқылы іске асырылады. Аталған құқық баланың жеке қажеттіліктеріне сәйкес жетім балалардың және ата-анасының қамқорынан айырылған балалардың, туған отбасында (биологиялық), ал ол болмаған жағдайларда, оны алмастыратын отбасында өмір сүру құқығын білдіреді.

Баланың экономикалық пайдаланылуынан қорғалу құқығы және де оның денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін немесе оның білім алуына кедергі жасауы мүмкін, немесе оның денсаулығына және дене, ақыл-ой, рухани, моралдік және әлеуметтік дамуына зиян келтіруі мүмкін кезкелген жұмысты орындаудан қорғалу құқығы - қараңыз *Пайдалану. Балалардың еңбегі. Балалар еңбегінің нашар нысандары*

Баланың өмір сүру құқығы қатыгездік және адамгершіліксіз әрекеттерден немесе өмірге қауіп төндіретін ізге түзудің басқа да нысандарынан бостандық құқығын білдіреді, соынмен қатар, денсаулық сақтау құқығын және де тұрғын-үй, тамақтану және киім сияқты аса қажетті жағдайларды білдіреді. Аталған құқық барлық негізгі халықаралық құқық қорғаушы құжаттармен танылған және дамудың барлық қалған аспектілерінің негізі болып табылады.

Баланың дамуға құқығы - Бала құқықтары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы 27 (1) бабы «әрбір баланың денесінің, ой-өрісінің, рухани, адамгершілік және әлеуметтік дамуына қажетті өмір сүру деңгейіне құқығын» таниды. Баланың өмір сүруінің мұндай деңгейін қамтамасыз етуі үшін негізгі жауапкершілік ата-аналарға жүктелуіне қарамастан, «қатысушы-мемлекеттер ұлттық шарттаға сәйкес және өз мүмкіндіктерінің шеңберінде ата-аналарға және де балаларды тәрбиелейтін басқа да тұлғаларға осы құқықтарды жүзеге асыруы үшін көмек көрсету бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды, және де қажеттігі туындаған жағдайларда материалдық көмек көрсетеді және әсіресе тамақпен, киіммен және тұрғын-үмен қамтамасыз етуге қатысты бағдарламаларға қолдау көрсетеді». Психикалық және тәнінің кемшіліктері бар адамдардың өз әлеуеттерін толық көлемде дамыту құқығы да сол сияқты халықаралық нормалармен белгіленеді.

Баланың жеке басының қол сұғылмаушылығына құқығы, тәнінің және және жанының жәбірленуінен қорғау - қараңыз *Балаларға қатысты жасалған зорлық-зомбылық әрекеттері*

Баланың сөз бостандығына, ақпаратқа және қоғамдық өмірде қатысуға құқығы - Конвенцияға сәйкес бала өзінің ойын айтуға құқылы (13-бабы), ақпаратқа қол жеткізу құқығы (17-бабы), ассоциация бостандығына құқығы (15-бабы). Сонымен қатар, бұл ата-аналардың баланы тәрбиелеу және оның жеке қабілеттелеген дамыту бойынша ақпарат алуға құқығын, және де баланың өз өміріне, қатысты мәселелері бойынша ой-пікірін білдіруге құқығын, және өзінің жеке ойын, ойлау мен арының бостандығына, және өзінің өмірін құрметтеуді талап етуге құқығын білдіреді. Конвенцияның 40-бабында, 28, 29 баптарында бекітілген баланың кезкелген әкімшілік немесе құқықтық іс жүргізу барысында тыңдаулы болу құқығы, білім алу құқығы көптеген тұлғалардың және мекемелердің жауапкершілігін білдіреді. Бала, оған тікелей қатысты барлық мәселелер бойынша өзінің ой-пікірін айтуға құқығына ие болғандықтан, бала өмір сүретін ортаға

ықпалын тигізетін, саясатты әзірлейтін және шешім қабылдауға билігі бар ересек адамдар, балалардың ой-пікірін есептеуге міндетті.

Қабылданған балалар – бұл мемлекеттің қамқорындағы немесе қыз балаларды/ұл балаларды асырап алумен және балаларды қабылдайтын отбасыларына орналастырумен айналысатын жеке агентстволардың қамқорындағы, бірақ асырауға алған ата-аналардың отбасында қысқа мерзімді, орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді шартты негізде тәрбиелеуге алынған балалар. Мұндай балалар қабылдаған отбасыларында, олар биологиялық ата-анасымен қосылғанға дейін немесе қыз балаларды/ұл балаларды асырап алғанға дейін болады. Ұл баланы/қыз баланы асырап алу биологиялық ата-анасының ерікті келісімі бойынша немесе ата-ана құқықтарынан айыру туралы соттың шешімі қабылданғаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Жоғарыда аталғанның негізінде, мұндай балалардың ата-аналарында ата-ана құқықтары болуы мүмкін, немесе соттың шешімі бойынша ата-ана құқықтарынан айырылуы мүмкін. Осыған сәйкес, балалар асырап алынуға жатады немесе асырап алынуға жатпайды.

Қатысу қағидасы балаларға олар өмір сүретін қоғамды қалыптастыруға қатысу мүмкіндігін береді. Бұл балалардың ой-пікірлерін тыңдау және олардың көзқарастарын құрметтеуді құрайды. Бала құқықтары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы балалардың өздеріне қатысты өмірдің әрбір аспектілерінде, отбасында, үйде, мектепте, дәрігерлік-санитарлық көмек көрсетуде, жергілікті қауымдастықта және қоғамда өздерінің жеке ой-пікірлері мен көзқарастары болуы тиіс деп бекітеді.

Жыныстық қатынас сипаттағы пайдалану және адамды саудаға салу - Конвенцияның 34-бабы мемлекеттерді, балаларды «заңсыз жыныстық қатынас сипаттағы тәжірибеден» қорғауға және жезөкшелік пен порнографияда пайдалану мақсатында қолданудан қорғауға шақырады. Конвенцияның 35-бабы үкіметтер, кезкелген мақсаттарды және кезкелген нысанда балаларды ұрлауды, балаларды саудаға салуды немесе олардың контрабандасын болдырмау мақсатында тиісті шаралар қабылдануы тиістігін көздейді. 2000 жылғы 25 мамырда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы, 2002 жылғы 18 қаңтарда заңды күшіне енген, балаларды саудаға салу, балалар жезөкшелігі мен балалар порнографиясына қатысты Баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясының Қосымша хаттамасын қабылдады. Аталған хаттама, оған қатысушы мемлекеттер балаларды саудаға салуды, балалар жезөкшелігі мен балалар порнографиясына толығымен тиым салатынын көздейді.

Сонымен қатар, келесіні қараңыз *Адамды саудаға салу, Пайдалану*

Отбасы - «қоғамның негізгі ұяшығы, оның барлық мүшелерінің, әсіресе балалардың, өсуі мен әл-ауқаты үшін табиғи орта» (Баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясының Кіріспесі). Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық пакт 23-бабында отбасы «қоғамның табиғи және негізгі ұяшығы болып табылады және қоғам мен мемлекет тарапынан қорғалу құқығына ие болады» деп көзделген. Пакттың 24-бабында баланың құқықтары «мемлекеттің, қоғамның және оның отбасының тарапынан оның жас бала жағдайында талап етілетін қорғау шараларына» құқылы деп аталып кеткен.

Баланың әлеуметтік бейімделуі – ауыр өмір сүру жағдайында қолған баланың, қоғамда таралған құндылықтарды қабылдау, жүріс-тұрыс ережелері мен нормаларын қабылдау жолымен әлеуметтік ортаның жағдайларына белсенді бейімделу үдерісі, сонымен қатар, психологиялық және/немесе моральдық зардаптардың салдарымен күресу үдерісі.

Балалар үшін арналған әлеуметтік инфрақұрылыс – балалардың өмір сүруін қамтамасыз етуі үшін объектілердің (ғимараттар, құрылыстар) жүйесі, сондай-ақ,

тұрғындарға, соның ішінде балаларға әлеуметтік көмек көрсететін, қызметтері балалардың тиісті деңгейдегі өмір сүруін қамтамасыз ету, денсаулығын қорғау, білім беру, тәрбие беру, әлеуметтік бейімдеу, балаларды дамыту, олардың қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсаттарында жүзеге асырылатын, барлық ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы және меншік нысандағы ұйымдар жүйесі.

Баланың әлеуметтік сауықтырылуы – баланың дұрыс дене бітімінің, әлеуметтік сауықтырылуының, парасаттылығының, жан дүниесінің және/немесе әлеуметтік қызметінің деңгейіне қол жеткізуге және оны сақтауға бағытталған, және сол арқылы өмірін өзгертуге мүмкіндік беруге бағытталған үдерісті білдіреді. Сауықтыру шаралары қызметтердің қамтамасыз етілуі және/немесе қалпына келтіруі бойынша шаралардан тұруы мүмкін немесе қызметтің жойылуының немесе қызметтерінің болмауының орнын толтыру бойынша немесе қызметтерін шектеу бойынша шаралардан тұруы мүмкін. Баланың әлеуметтік сауықтырылуы бастапқы және әлдеқайда жалпы сауықтырудан бастап мақсатқа бағытталған қызметпен аяқталатын өрісі кең шаралардан тұрады.

Әлеуметтік-психологиялық кеңес беру – оқушылардың жеке тұлғасының дамуы үшін педагогикалық қажетті жағдайларды және жан дүниесі мен әлеуметтік сауықтырылуын қамтамасыз ету, жеке тұлға ретінде қалыптасуына, қабілеттіктерінің және жеке қасиеттерінің қалыптасуына қолдау көрсету және дамытатын психологиялық қолайлы ортаны құру.

Балалар үшін арналған әлеуметтік қызметтер – балаларға әлеуметтік қызмет көрсету бойынша іс-шараларды жүзеге асыратын, кезкелген ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы және меншік нысанындағы ұйымдар (ауыр өмірлік жағдайдағы балаларға әлеуметтік қолдау көрсету, әлеуметтік-тұрмыстық, дәрігерлік-әлеуметтік, әлеуметтік-ұстаздық, психологиялық-ұстаздық, құқықтық қызметтер көрсету, материалдық көмек көрсету, әлеуметтік сауықтыру және мұндай балалардың еңбекке жарамды жасқа толғанға дейін жұмыспен қамтамасыз ету), сонымен қатар, тұрғындарға, соның ішінде балаларға әлеуметтік қызмет көрсететін заңда тұлғаны құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар.

Адамды саудаға салу пайдалану мақсатында сөзбен тартуды, тасымалдауды, ұсынуды, жасыруды білдіреді немесе адамдарды күш қолданып қорқыту немесе күш қолданумен қорқыту немесе мәжбүрлеудің, ұрлаудың, алаяқтықтың, алдаудың білігін асыра пайдаланудың немесе жағдайын пайдаланудың басқа нысандары арқылы адамдарды ұстау немесе басқа адамды бақылайтын тұлғаның келісімін алу мақсатында ақы төлеу немесе пайда көрсету түрінде адамға пара беру болып табылады. Адамды сатып алу-сату немесе осан қатысты ізге де мүмкінелер жасасу, сол сияқты оны пайдалану не азеырып-күндіру, тасу, беру, жасыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында ізге де ірекеттер жасау Баланы пайдалану мақсатында азеырып-күндіру, тасу, беру, жасыру, сонымен қатар, қандай да болмасын ықпал ету әдістерін пайдаланумен байланысты болмаған жағдайларда да «адамды саудаға салу» болып табылады. Конвенцияның 11 бабы балаларды «заңсыз тасудан және шетел мемлекеттерден қайтармаудан» қорғайды. Конвенцияның 21-бабында балаларды басқа мемлекеттерде асырап алу «негізсіз қаржылық пайда көруге әкеліп соқпауы тиіс» деп көзделген. Конвенцияның 32-бабы баланың денсаулығына зиян келтіретін, қауіп төндіретін жұмыстарды орындаудан және экономикалық пайдаланылуынан қорғайды; Конвенцияның 33-бабы – нашақорлық заттарды заңсыз қолданудан қорғайды; Конвенцияның 34-бабы - жыныстық қатынас сипаттағы пайдаланылуынан қорғайды, ал 36-бабы – пайдаланылуының басқа нысандарынан қорғайды. Конвенцияның 35-бабы мемлекеттерден жоғарыда көрсетілген бақсаттар үшін балаларды ұрлаудың, балаларды саудаға салудың, олардың контрабандасының алдын алу мақсатында барлық шараларды қабылдауды талап етеді.

Балалардың денсаулығына кері әсерін тигізетін дәстүрлі тәжірибелер баланың терісіне салттық тілімдер, ендер, белгілер, тесулер жасауды, білдіреді; инициацияның діни салттарын, соның ішінде, балаларды судың астына енгізуді; балаларға қатысты кемсіту әрекеттерін, соның ішінде, балалардың денсаулығына зиян келтіретін зорлық-зомбылық әрекеттерін жасау, белгілі бір жыныстағы баланы тамақтандыру және/немесе ұл балаларға ғана қамқорлық көрсету; мүгедек балаларға немесе белгілі бір күндерде туылған балаларға қамқорлық пен күтім жасамау; тамақтануда шектеу жасау және т.б.; денсаулыққа зиян келтіретін тәрбиелеу нысандарын; некелерін ерте қию және келіншек үшін қалың мал алуды және т.б. білдіреді. Тұңғыш рет осы тізім, әйел адамдар мен балалардың денсаулықтарына қатысты салт-дәстүрлі тәжірибелер бойынша жұмыс тобының есебінде анықталған болатын (1986 жылы). Аталған тәжірибелер Адам құқықтарының Жалпыға ортақ декларациясының 5-бабына және Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакттің 7-бабына қайшы келеді, олардың негізінде, ешкімге қатысты азаптау, зорлық-зомбылық, басқа да қатыгездік немесе адамның қадір-қасиетін төмендететін әрекеттер немесе жаза қолданылмауы тиіс. Конвенцияның 24(3) бабында «қатысушы-мемлекеттер, балалардың денсаулығына кері әсерін тигізетін салт-дәстүрлі тәжірибені тоқтату мақсатында кезкелген тиімді және қажетті шараларды қабылдайды, деп көзделген».

Балалардың көзқарастарын құрметтеу. Баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясының 12-бабына сәйкес, мемлекет, өзінің көзқарастарын құрастыруға қабілеті бар балаға, баланың құқықтарына қатысты барлық мәселелер бойынша осы көзқарастарын еркін білдіруге құқығын қамтамасыз етуге құқылы, сонымен қатар, баланың жасына және жетілуіне байланысты, баланың көзқарасына тиісті деңгейде назар аударылуы тиіс. Баланың құқықтары жөніндегі Комитеттің пікірі бойынша Конвенцияның 12-бабы Конвенцияның басшылық ететін төрт қағидаларының ішіндегі біреуін құрайды. Атап айтқанда, 12-бапта баланың өзіне қатысты кезкелген әкімшілік немесе сот іс жүргізілуі барысында барлық сұрақтар бойынша тыңдаулы болуы тиіс деп көзделген. Конвенцияға сәйкес балалардың денсаулығына және оларға қатысты қарым-қатынастарға қатысты шешімдерді қабылдау кезінде балалардың қатысу құқығы бар.

Кәмелет жасқа толмаған балалардың қылмыстық жауапкершілігі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне сәйкес жауапкершілік (жаза) көзделген құқыққа қарсы қауіпті-қоғамдық әрекеттер жасаудың салдарында туындайды. Конвенцияның 40-бабына сәйкес, заңды бұзған бала, оның «өзінің жеке ар-намасын және маңыздылығын сезуін, адам құқықтарына және басқалардың негізгі бостандықтарына құрметті нығайтуын дамыту үшін ықпалын тигізетін және баланың жасы ескерілетін» қатынасқа құқығы бар.

Бала құқықтары бойынша Өкілетті тұлға – бұл балалардың құқықтарын қорғауына және қолдауына қатысты кезкелген мәселелер бойынша өзінің бастамасымен немесе басқа да ұйымдардың сұранысы бойынша ой-пікірін, ұсыныстар мен ұсынымдарды және де есептерді ұсынуға және жариялауға құқығы бар баланың құқықтарына қатысты мониторинг жүргізу, қолдау және қорғау мақсатында құрылған тәуелсіз институт болып табылады. Өкілетті тұлғаның институты өзінің құзыретіндегі кезкелген мәселелерді, олар ұлттық үкіметпен немесе институттың өзімен көтерілгеніне қарамастан, өз еркімен қарастыруға құқылы; өз құзыретіндегі оқиғаларды бағалау үшін қажетті болып табылатын кезкелген ақпаратты және кезкелген құжаттарды алуға және кезкелген адамды тыңдауға құқылы; қоғамдастықтарға тікелей немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы еркін жүгінуге құқылы. Өкілетті тұлғаның институты 1993 жылы БҰҰ Бас ассамблеясымен қабылданған адам құқықтары жөніндегі тәуелсіз ұлттық институттарының мәртебесіне жататын Қағидаларға - «Париж қағидаларына Баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясына сәйкес келуі тиіс.

Пайдалану – кем дегенде, басқа тұлғалардың жезөкшелігін пайдалануды немесе жыныстық қатынас сипаттағы пайдаланудың басқа нысандарын, мәжбүрлі еңбек ету мен қызмет көрсетуді, құлдық немесе құлдыққа ұқсас салттар, тәуелділік жағдайды немесе дене мүшелерін алудан тұрады.

Балалардың экономикалық белсенділігі - балалармен жүзеге асыралатын неғұрлым өндірістік қызметін қамтитын кең өрістегі концепция болып табылады, және де мұндай қызметтер нарықтық мүддесі үшін бе әлде жоқ па, еңбек үшін ақы төленеді ме немесе тегін орындалады ма, бірнеше сағат ішінде немесе толық жұмыс күн шартында жүзеге асырылады ма, ол үнемі немесе кездесок сипатта жүзеге асырылады ма, ол заңды ма немесе заңсыз ба деген мәселелер ескерілмейді; ол балалрмен үй шаруашылығында орындалатын күнделікті еңбекті және мектептегі білім алуды санамйды. Бала экономикалық белсенді болып есептелуі үшін, ол жеті күннен тұратын анықтамалақ кезең ішінде кезкелген күні бір сағаттан астам жұмыс істеуі тиіс. «Экономикалық белсенді балалар» - құқықтық түсініктемеден бұрын, статистикалық түсініктеме болып табылады.

Жыныстық қатынас сипатындағы тәрбие беру және оқу-ағарту¹⁶

Көпшілік ата-аналар жыныстық қатынас сипатындағы тәрбие беру және оқу-ағарту сөз тіркесін жақтырмайды. Ал бұл туралы мәселені қозғап, ол туралы әңгімелесу үшін, алдымен, балалар жыныстық қатынас сипатындағы тұлғалар болып табылады ма, деген сұраққа жауап беру қажет. Ғалымдар бұл сұраққа бір дауыстан – иә деген жауап береді. Ал ата-аналар мен ұстаздардың жауабы көбінесе тікелей қарама-қайшы болып келеді. Олардың басым бөлігі жыныстық қатынас сипатындағы қасиет – ересек адамдарға тиесілі деп есептейді, баланың жыныстық қатынас сипатындағы қасиеттерінің орын алуы – тәрбиесіз адамдардың имансыз жүріс-тұрысына еліктеу деп есептейді. Совет үкіметі заманының «жыныстық қатынастар бізде жоқ» деген қате ұғым. Балалық жыныстық қатынас сипатындағы қасиеті деген ұғым шын мәнінде бар құбылыс, және де балалар қандай жаста болмасын ерікті түрде немесе жыныстық қатынас сипатындағы мәселелеріне қызығады, оларға өздерін-өзі және айналасындағы адамдарды жақсы түсіну үшін қажетті болады. Балаларды жыныстық қатынас сипаттағы тәрбиелеуді жоққа шығарудың басты себебі – баланы жыныстық қатынас сипаттағы қатынастар туралы ерте жаста білу салдарынан баланың жыныстық қатынастардағы белсенділік туындайды деген қате пікір. Алайда әр-түрлі мемлекеттердегі «жыныстық қатынас сипатындағы қатынастарды үйрететін» бағдарламалардың тәжірибесі керісінше екенін дәлелдейді: жыныстық қатынастарды зерттеу негіздерінің курстарын меңгерген жоғары сыныптағы оқушы қыздар арасында кездесек жағдайларда жүкті болу күрт азайғандығы байқалған. Сонымен қатар, мұндай жасөспірім қыз балалар өздерінің құрдастарына қарағанда жыныстық қатынастарға әлдеқайда кеш түскен. Сондықтан да, ата-аналардың басты мақсаты: жыныстық қатынас сипатындағы қасиеттерге оң көзқараспен және жауапкершілікпен қарауды үйрету болып табылуы тиіс.

Жан дүниесіне талдама жасаушы мамандардың пікірі бойынша балалардың жыныстық қатынас сипатындағы қасиеттері – бұл жалпы өзінің денесінен қанағат алуға ұмтылу. Оның қанағаттандырылу деңгейіне байланысты баланың жеке тұлғасының қалыпты дамиды. Сондықтан да, баланың жыныстық қатынас сипатындағы қасиеттерінің пайда болуына ата-аналар қарсы болып, ол үшін балаларды жазалаған жағдайларда, келешекте бала үшін жыныстық қатынастар әрқашан жағымсыз эмоциялармен байланысты болады. Әдетте, осыдан фригидтіктің, садизмнің, мазохизмнің, гомосексуалдықтың және т.б. психологиялық себептері басталады. Бала психологиялық жыныстық қатынас сипаттағы дамудың бес кезеңінен өтетін кездегі баланың жасы, ол ересек адам болғандағы жүріс-тұрысына негіз болады.

¹⁶ Т. ГОВОРУН, психологиялық ғылымдар докторы, профессор, Психология институтының әлеуметтік психология зертханасының бас маманы АПН.М. 2002 жыл

1 кезең – туылғанынан бір жасқа дейін

Ерекшеліктері

Анасының кеуде сору және шайнау – сәби туылғанынан өмірінің бірінші жасына дейінгі аралықтағы алатын басты ләззаты. Сәбидің анасының кеудесін қолымен құшақтап, оны тістеуге, соруға талпынатын белсенді әрекеттері, оның тамақтану қажеттілігімен ғана түсіндірілмейді. Егер де сәбидің мұндай қылықтарының белсенділігі анасының тарапынан қарсылықтар көрсетілмеген жағдайларда, сәбидің қауіпсіздік және әл-ауқаттылық сезімі дамиды.

Білу қажет.

Осы кезеңде сәбидің «мені жақсы кереді» деген сезімі қалыптасады. Осы замандағы зерттеу жұмыстарында баланың келешектегі денесінің сезімталдығы, басқа адамға сену сезімі сәбиді еркелетіп орауға, сипауға, суға түсіруге байланысты болатыны бекер айтылмаған. Мұндай әрекеттер баланың өмір бойы сақталатын «Мен» деген өз денесінің құндылығын сезуге мүмкіндік береді.

Жіберілетін қателіктер

Анасының кеудесін сорудан қанағат алудың жеткіліксіздігі ауыз аумағымен байланысты қанағаттану сезімін үнемі сезінуге ұмтылысын тудырады. Бұл ішімдік заттарына және темекі шегуге әуестенуде, булимияға (тамақты аса көм мөлшерде қабылдау) немесе анорексияға (тамақтан бас тарту) шалдығуда, тірнақтарды мүжуде, сөз басқыншылдығында және тамақ қысылуында көрінеді.

2 кезең - бір жастан екі жасқа дейін

Ерекшеліктері

Баланың дәрет сындыратын ыдысқа отыруға үйренеді, ол үшін бұл қызықты, одан бала қанағат алады. Ол өзінің сараптамаларынан теріс әсер алмайды, оларды өз денесінің бір бөлігі ретінде қабылдайды. Тіпті дәрет сындыратын ыдысын мақтану үшін көрсетеді, бұл арқылы бала өзіне жақын адамдарға қатысты сүйіспеншілігін білдіреді.

Білу қажет

Егер де ата-аналар баланың өзінің дербестігіне қол жеткізу жолындағы сәтсіз әрекеттеріне қатысты ескертулер жасап, оның жүріс-тұрысын жиі кемсіткен жағдайларда, сәбидің «Мен» деген сезімі әлсіз және сенімсіз болып қалады. Сонымен қатар, нақ осы кезеңде баланың басқа адамдарға өзінің махаббатын сыйлау қабілеті қалыптасыда.

Жіберілетін қателіктер

Баланы дәрет сындыруын бақыламағаны үшін немесе көзге шектен тыс түскені үшін жазалау салдарынан балада тақуалықтың, сараңдылықтың, шектен тыс ұқыпталықтың дамуына, сонымен қатар, психикасының бұзылуының себебі болуы мүмкін: энуреза (несепті ұстамаушылық), энкопрез (ерікті немесе еріксіз үлкен дәретті сындыру).

3 кезең – үш жастан бес жасқа дейін

Ерекшеліктері

Бала жыныстық органдардың құрылысымен қызығуды бастайды (өзінің және басқа адамдардың), кейде мастурбация әрекеттерін жасау тәжіриберін көреді. Үшінші кезеңді гениталия кезеңі деп атайды, алайда, гениталиялық белсенділік осы кезеңнің

басты белгісі болып табылатынын білдірмейді. Бұның алдындағы әрбір кезеңде бала өзінің қылықтарымен, бала үшін қанағаттың басты қайнаркөзі болып табылатын анасының көңілін тартуға ұмтылған. Ал бұл кезеңде анасы мұндай рольді атқармайды.

Аталған кезеңге қатысты ата-аналардың сұрақтары анағұрлым көп болғандықтан, оны нақтылап қарастыру қажеттігі туындайды. Мектепке дейінгі жастағы барлық балалар жыныстық қатынастар сипатындағы қызығушылық білдіреді. Ол «қиын» сұрақтардан басталады («Тәтелер қыз балаларды туады, ал ағалар ұл балаларды туады ма?», «Барлық балаларды аналары туатындықтан, әкелер не үшін қажет?», «Аналар балаларды бірінші жеп қояды да, сосын оларды туады ма?»). Содан соң, балалардың жыныстық қатынас сипаттағы белсенділігі жалаңаш ересек адамдарға жасырынып қарауда, шешінумен ұштасатын «дәрігер» ойынын ойнауда, даладан әкелінген дөрекі сөздерді қасақана пайдалануда көрінеді.

Білу қажет

Мұндай қылықтардың себептері болып, тану қызығушылығы емес, барлық эротикалық қызығушылығы табылады. Және, балалар өздерінің қызығушылықтарын қанағаттандырғаннан соң, басқа нәрселерге оңай көңілдерін аударады. Жыныстық қатынас сипаттағы салаға қызығудың теңгерімінің боолуы және басқа да бағыттарға көңіл аударуы – баланың дамуында барлығы жақсы екенін білдіреді!

Жіберілетін қателіктер

1. Ата-аналар жыныстық органдарды өз атауымен және дұрыс, нормативтік атауларынан сәйкес атауға тырысуы тиіс. «Пипа», «қоңырау», «пусик» және т.б. сөздерді пайдалану қажет емес. Осындай сөздерді пайдалану салдарынан бала өсе келе мұндай «үйде қолданылатын» атауларды қолдануға қысылып, дөрекі даладан алынған сөздермен атап кетуі мүмкін. Жыныстық органдарды ата-аналар қалайша атағанына байланысты бала өзінің денесіне белгілі көзқарасын қалыптастырады.

2. Ата-аналардың жыныстық органдарға деген қатынасын балалар интонация, бет әлпеті, ескертулер мен түсініктеме дасау арқылы біледі. Егер де бала «белінен төмен» органдардың қысылып, ол киініп жатқан кезде ешкімнің қарамауын талап ететін болса (кейбір жағдайларда, балалар оларды ішкі киімде шомылдыруын талап етеді), ол баланың өзінің жыныстық органдарына елемей қарайтындығын білдіреді. Немецкий сексолог Р. Нойберт айтып кеткендей, ата-аналарының немесе басқа да балалардың жалаңаш денесін ерте жаста көру балалар үшін пайдалы. Оның арқасында балалардың жыныстық сипаттағы әуестенуін және қызығуын азайтады.

3. Мектепке дейінгі балалардың бірі-бірінің жыныстық органдарын зерттеумен ұштасқан жыныстық қатынас сипатындағы ойындарда жыныстық қатынас сипаттағы әрекеттер жоқ дейге де болады: олар біліп-тану қызығушылығын қанағаттандыру әдісі болып табылады. Сондықтан да, егер де ата-аналар балаларын «қызу үстінде» ұстаған балса, ашуын, ызасын, келіспеушілігін анық көрсетпеуі тиіс. Мұндай теріс эмоциялар, балалардың дене сезінуін күнә деп түсінуге әкеліп соғуы мүмкін.

Қиын сұрақ

Ата-аналарды әсіресе балалардың мастурбациясы үрей туғызады. Мастурбация өздігінше зиянды емес, алайда егер ол үнемі сипатта болса, баланың психикасын және денесін тоздыратын стресс ретінде әсер етеді. Бірвқ ерте жастағы балалардың көңілін өзін-өзі қанағаттандырудан әр-түрлі ойындармен және басқа да құбылыстармен аударуға болады. Мастурбацияның пайда болуына төрт негізгі себеп болады:

- Баланың қызығушылығына немқұрайлы қараудың, ашудың, ата-аналарының көңіл бөлуінің тапшылығының салдарынан пайда болған мен пайда болған үрей сезімі.
- Стресс, жалғыздық (әсіресе «жағдайы төмен» балалардың арасында кездеседі).
- Баланың өзінің денесін зерттеу.

- Денесінің тазалық нормаларын сақтамау (қысатын киім, ішек құрттарының, тері ауруының салдарынан пайда болған дене тітіркенуі).

Егер де бұрын мастурбация туралы тек қана теріс аспектіде қарастырылған болса, ал бүгінгі күні терс қылық емес, оң қылықты әрекет ретінде қарастырылады. Бүгінгі күні, баланың жыныстық қылықтарындағы норма болып есептеледі, егер ол баланың психикалық бұзылуымен ұштасқан дәрежі, үнемі және әдепсіз нысанда болсаған болса. Әрине, балалық саструбациямен кездескен ата-аналар үшін оның себептерімен және ерекшеліктерімен танысу қажет: ол кейде болады ма, әлде үнемі ме, өздігінен бе немесе әдетке айналған ба. Бұл сұрақтарды шешу баланың «жаман әдетін» жоюы үшін емес, оның ауыр салдарын болдырмау үшін маңызды.

4 кезең - 6-7 жастан бастап 11-12 жасқа дейін

Ерекшеліктері

Осы жаста бала әлеуметтік маңызын, жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынастарды, жүріс-тұрыстың адамгершілік негіздерін тануды бастағандықтан, баланың жыныстық қатынас сипатындағы сезімдері тежелу үстінде болады немесе басылып қалған жағдайда болады. Осы кезең оқу үшін, білім алу үшін тиімді кезең. Мастурбация мен жыныстық қатынас сипаттағы ойындар осы кезеңде де орын алатынына қарамастан, олар қоршаған ортаны тану, білім алу үдерісіне аударылып, тоқтатылады.

Жыныстық қатынас әлеміне деген қызығушылық одан сайын терең болады: «Презерватив деген не және ол не үшін қажет?», «Неліктен етеккір төсенділерін тек қана әйел адамдарға ұсынылады? Ер адамдар олармен пайдаланбайды ма?», «Неліктен ересек адамдар балаларға жыныстық қатынастар туралы фильмдерді көруге рұқсат бермейді?», «Неліктен керемет жігіттерде қыздары көп?», «Жезөкшелер деген кімдер? Қарт әйелдер жезөкше бола алады ма?» Балаларда өздерінің денесінің дамуына қызығашылық пайда болады, олардың сыртқы әлпеттері эталонға сәйкес келуін ойлайды. Бұл өте орынды болып табылады.

Білу қажет

Достық пен адамдармен жақсы араласу, танысу жеке қатынастарға қарағанда, топтық белсенділікке бағытталған. Жасы төмен мектеп оқушыларда достық, араласу жалпы білім алу және ойнау барысында пайда болады. Жыныстары әр-түрлі жасы төмен мектеп оқушыларында өзара қарым-қатынастары мектепке дейінгі жастағы қарым-қатынастарға қарағанда өзгеше: олар одан сайын эмоционалды болады. Егер де мектепке дейінгі бала Олямен араздасып, Катямен достасу оңай болатын болса, ал екінші сыныпта оқитын бала досымен жанжалдасып қалғанын ұзақ уақыт уайымдайды.

Зерттеу жұмыстарына сәйкес, басқа жыныстағы ересек адаммен араласуда сенімсіздігі нағыз осы кезеңде қалыптасады. Осы жас – ересек адамның жүріс-тұрысына еліктеу уақыты, басқа жыныстағы адамдармен араласу әдістерінің қалыптасу уақыты болып табылады.

Жіберілетін қателіктер

1. Ата-аналары өз балаларымен объективті және шындықты айтатын болуы тиіс. Бала жеті жасында болсын, он бес жасында болсын, онымен әңгімелесу шындыққа сәйкес келуі тиіс және де табиғат заңдарына сәйкес болуы тиіс. Тырналар, қырыққабат туралы ертегілер балалардың сана-сезімінің дамуы үшін зиянды болып табылады. Бала ерте ме кеш пе шындықты білетін болады және өзінің білімін даладағы әдеттермен толықтырады. Нәтижесінде, бала ересек адамдарға сенімін жоғалтып, оларды өтірікшілер ретінде қабылдап, оларға қауіппен қарайтын болады.

2. Баланы ғылыми факт емес, білмеушілік азғырады! Психологтар, ата-аналар балалардың «қиын» сұрақтарына жауап беруден бас тартуы салдарынан балаларда осындай сұрақтарға одан сайын қызығушылық туындататынын аладынала ескерту жасайды. Ал жыныстық қатынас сипатындағы қасиеттер мен әрекеттер туралы ақпарат «даладан алынған біліммен» толықтытырлмауы мақсатында, баланың кезкелген сұрағына дұрыс жауап беруге дайын болу қажет, және де бір күні сіздің қате жауабыңызға балаңыз «Балалар талдың астында жатқанын ешқашан көрмеппін» деп айтпсан.

5 кезең - 12-13 жастан бастап 19 жасқа дейін

Ерекшеліктері

Осы кезең пубертат кезеңінен (қыз балаларда алғашқа етеккір басталғаннан, ал ұл балаларда алғашқы эякуляция басталғаннан бастап денесінің өсуі аяқталғанға дейінгі кезең) және пубертаттан кейінгі кезеңнен тұрады (толық психологиялық және репродуктивтік қалыптасуға дейін). Бұл кезеңде балаларда сезімталдығының дамуы жүреді, өздерінің ересек адам ретіндегі қажеттіліктері мен қызығушылықтарын сезіну. Егер де бұрын баланың жыныстық қатынас сипатындағы қасиеті өзінің денесін танумен байланысты болатын болса, ал осы кезеңде жыныстық қатынас сипатындағы қызығушылық қарама-қарсы жанстағы адамдарға бағытталған балды. Жыныстық қатынас сипатындағы импульстары жыныстақ органдарға шоғырланған: ұл балаларда эрекция мен эякуляция жиілігі артады, ал қыз балаларда кеудесі мен вагиналдык сезімталдығы артады.

Білу қажет

Жасөспірімдердің өздерінің сыртқы әлпетіне аса назар аударуы салдарынан сенімсіздіктер мен ризашылығының болмауына әкеліп соғады, бұл орайда шын мәнінде себептер бар-жоғына байланысты емес. Өйткені жасөспірімдердің ортасындағы эталондар деңгейі көтеріңкі болады. Сондықтан да жасөспірімдердің өздерінің сыртқы көріністеріне қатысты баға баруімен байланысты мәселелердің жиынтығын психологтар «Квзимодо синдромы» немесе «ұсқынсыз үйрек синдромы» деп атайды. Бұл киім таңдауда, және оны киі әдісінде көрінеді: құрдастары кимеген киімдерді жасөспірімдер кимеуі ықтимал.

Жыныстық қатынас сипаттағы жүріс-тұрыстарының өрісі кеңейеді: ер балалардың және бойжеткен қыздардың 80% 16 жасқа дейін петтингпен айналысады (жыныстық қатыстармен ұштаспаған дене ләззатын алу). Бұл қауіпсіз әрекеттер, сексологтардың пікірі бойынша дененің сезімталдығын тереңдетеді және кеңейтеді.

Жіберілетін қателіктер

1. Осы жас кезеңінде мастурбациямен айналысу әрекеттері жалғасады (статистикаға сәйкес, 15 жасқа дейін мастурбациямен қыздардың 30% және ұл балалардың 90% айналысады). Ауестену сезімі жыныстық қатынас сипаттағы қысымды қанағаттандыру қажеттілігін тудырады, ал оған қол жеткізген кезде – қанағаттандырылған сезім мен арлану сезімі бір мезгілде орын алады. Жасөспірімнің осындай ішкі күресінің салдарынан оның өзін өзі қажатуға және қорқыныштың күшеюіне әкеліп соғады: мен басқалардан өзгешемін. Ата-аналары өз балаларына, олардың көңіл-күйіне аса көңіл бөлуі тиіс, және де қандай құбылыстар болып жатқанына дұрыс және дер кезінде түсіндіруі тиіс.

2. Жасөспірім жыныстық қатынас сипатындағы қасиеттер туралы көп білуге тырысады, сондықтан да эротикалық басылмалар мен порнографиялық фильмдерге асы қызығушылық туындайды. Осы қызығушылықтар «граффитиде» (жәретхналардың, коридорлардың және кіребейстердің қабырғаларында орналасқан жыныстық органдарының суреттері), жыныстық органдардың атауларын білдіретін дөрекі және әдепсіз сөздерді белсенді пайдалануда, «майлы» анекдоттарды айтуда көрінеді. Ата-аналар өз балаларын

ұялту ниеті нәтижесін бермеуі мүмкін, жыныстық қатынас сипатындағы қасиеттерін айналадағы адамдарға көрсету әдепсіз екенін және де өзін-өзі бақылау қабілетінің болмауы оны жақсы жағынан көрсетпейтінін түсіндіру маңызды. Жасөспірімдер жыныстық қатынас сипатындағы қасиеттердің өзі емес, оны дәрекі қолдану «дәрекі қылық» болып табылатынынын түсіндіру өте маңызды болып табылады.

3. Жасөспірім жасының жоғары кезеңіне түсетін ортақ статистикалық мерзімі болып табылатын жыныстық қатынастарға түсудің басы жеке тұлғаның дамуын жаңа «ересек» деңгейіне ауыстырады. Жасөспірімдердің жыныстық қатынас сипатындағы қылықтары оны жеке тұлғалық қасиеттерінен жиі ерте дамиды. Сондықтан да, ата-аналары өз балаларына өздерінің қылықтары мен әрекеттерінің салдарына алдынала болжау қажеттілігін, өзіне жауапкершілікті жүктеуге, сүйікті адамдармен өзара түсіністікке жетуді қажет деп түсіндіру өте маңызды болып табылады. Осы көзқарасты психолог-тәжірибиеші былай деп түсіндірген: «Осы тақырыпта жасөспіріммен әңгімені бастамас бұрын, мен жыныстық қатынас сипатындағы қасиеттерді қажетті жағдайға үлестіріп түсіндіруге тырысамын. Мен балаларға, ересек адамдардың қатынастарының он ең маңызды белгілерінің ішінде бір-біріне деген махаббат және сенімділік екенін айтамын. Екінші орында – әзілді түсіну қабілеті. Үшінші орында – басқалармен тіл тамысу, араласу қабілеті. Жыныстық қатынастар тізімнің екінші жартысында орын алады, ол мүмкін баланың үй шаруашылығындағы міндеттердің алдында тұрады. Бұл балаларға, ата-аналардың көпшілігі сияқты, жасөспірімдер жыныстық қатынастардың қажеттілігін сезбейді деген ойда екенімді түсіндіремін. Олар әлі де ондай жыныстық қатынастарға дайын емес, ол туралы бірінші сезімдері толық көлемде меңгермегенін түсіндіремін. Көпшілік жасөспірімдер жыныстық қатынастармен мектепті бірмей-ақ айналысатынын біле отырып, келесіні айтамын: «Егер де сендер мені және өздерінің ата-аналарыңды тыңдамастан, жыныстық қатынастарға түскен болсаңдар, онда кем дегенде контрацептивтермен міндетті түрде пайдаланыңдар».

«Бұл туралы» балалардың әдеттегі сұрақтары мен көзқарастарының түрлерін топтастырылуы

2-3 жасқа дейін баланы өзінің денесі, сонымен қатар, жыныстық органдары, ұл балалар мен қыз балалардың, әйел адамдар мен ер адамдардың айырмашылықтары қызықтырады.

3-4 жасқа дейін балаларды келесі сұрақтар қызықтырады: балалар қайдан пайда болады? Оларды кім әкеледі? Неліктен тәтелерде іштері үлкен болады? Бала анасының ішіне түскенге дейін ол өмір сүргеніне сенеді.

5-6 жасқа дейін балалар келесі сұрақтарды қояды: балалар анасының ішіне қалай түседі? Олар қайдан шығады? Олар онда қалай өсіп, дамиды? Тұқым қуалауды бір нәрседен екінші нәрсені істеу сияқты түсінеді (анам дәріні жұтып қойды, содан кейін менің інім пайда болды).

6-8 жаста балаларды әкелік мәселелері қызықтырады. Баланың тууында әкесінің ролі қандай? Неліктен балалар өздерінің әкелеріне ұқсайды? Балалардан балалар тууы мүмкін бе? Ал әкелерден балалар тууы мүмкін бе? Төменгі сыныптардағы оқушылар осы құбылыстар кемінде үш нәрседен тұратыны туралы түсінеді: екі адамның қарым-қатынасы, махаббат және үйлену тойы, ал содан кейін ұрықтардың бірігуі (яйцеклетка мен сперматозоид).

9-10 жаста балалар яйцеклетка мен сперматозоид туралы түсінеді, алайда, өздерінің деңгейінде ғана түсінеді.

11-12 жаста балалар ер адамдар мен әйел адамдардың жыныстық органдарының құрылысын түсінуге қабілетті болады, олардың сперматозоидтары мен яйцеклеткаларының бамуын, олардың қосылуын, бала ұрығының пайда болуын түсінеді.

12 жасқа толғаннан кейін үдерістің маңызын ғана емес, оның биологиялық алгоритмін, анасының құрсағында ұрықтың дамуын түсінеді.

Негізгі моменттері

- Баланы жыныстық сипатта тәрбиелеудегі ең бастысы – бір-бірін сүйетін адамдарға, үйлену тойына, жыныстық қатынастарға, баланың тууына оң қатынастың қалыптасуы. Балалар мектепке дейінгі ерте жастан-ақ, ересек адамдардың қарым қатынастарын көруіне байланысты, жыныстық қатынастар туралы елестетеді. Бала оның әкесі мен анасы бірін-бірі құшақтап, сүйіп, одан ләззат алатынын көріп, дене және эмоциялық жақындықтан жақсы әсер алатынын түсінеді. Ал егер де балалар ата-аналары бір-бірімен ұрысып жатқанын үнемі көрсе, немесе «Тиме маған» деген сөздерді естіген болса, онда баланың жақын қатынастарға деген көзқарасы қарама қайшы болады.

- Ата-аналардың «қиын» тақырыптарға көңіл бөлмеу, ересек адамдарды алдын алу мақсаттары, жол бермеу, сақтап қалу және т.б. мақсаттары балалардың көзалдында жыныстық қатынас сипатындағы қасиеттерді және онымен байланысты барлық әрекеттерді жағымсыз, қауіпті, дөрекі, қорқыныш-үрей, нашар, күнәлі деп көрінеді. Бұның барлығы баланың түңіліп қалуына ықпалын тигізеді. Жуырда қызықты сауалнама жүргізілген болатын. Ғалымдар, балалардың жыныстық қатынас сипаттағы әрекеттеріне қатысты көзқарастары айрықша авторитарлық болып табылатын ата-аналарды іріктеп алған. Сөйтіп, барлық ата-аналар «Сіз балаларыңызға жеңіл эротика немесе жыныстық қатынастардың үзінділері бар фильмдерді теледидардан көруге рұқсат бересіз бе?» - деген сұраққа «жоқ» деп бірдауыстан жауап берген. Дегенмен, «Сіздің балаларыныңз кісі өлтіру, зорлық-зомбылық көрсету үзінділері бар фильмдерді көреді ме?» - деген сұраққа «иә» деп бірдауыстан жауап берген. Бұл – зорлық-зомбылық көріністері жыныстық қатынас сипатындағы көріністерге қарағанда жағымды болып отырғанын көрсетеді ме? Көпшілік адамдар осы мәселе бойынша ойланғаны жөн.

- Кейбір ата-аналар, теледидардан көрсетілетін «әдепсіз» үзінділерден балаларды сақтап қалу үшін көңілдерін басқаға аудартады. Бірақ балалар бұл әрекеттердің астарын жақсы түсінеді, және жыныстық қатынастар туралы теріс ойдың қалыптасуына әсер етеді. Егер де осындай үзінділер болған кезде бала жаныңызда болған жағдайларда, оларды осы бөлмеден қумауыңыз дұрыс (егер де, әрине, осы кезде сіз порнографиялық фильмді көріп отырмаған болсаңыз). Осыған байланысты өмірде кездескен мектепте төменгі сыныпта оқитын екі ағалы-інілі балалар туралы оқиғаны мысалға келтірейік. Олардың ата-аналары, жеті және сегіз жасты балалары жыныстық сипаттағы үзінділері бар махаббат туралы фильмдерді көретініне үрейде болған. Бір күні, теледидарда автомобильдің артқы жағында жатқан әйел адамды ер адам құштарланып сүйген кезде, балалардың біреуі ағасын дауыстап шақырып алады, сөйтіп, ата-анасының үрейі негізделгені екен деп есептеді. Анасытеледидарды өшірмек болған кезде, бала «Петька, қара мында, мынау нағыз «Кадиллак» қой!» деген дауыс шықты.

- Балаларға жыныстық қатынас сипатындағы тәрбие беру және оқу-ағарту жыныстық қозуын болдырмауы тиіс. Оларға қарапайым тілмен, қарапайым қалыпты көңіл-күде барлығын айту қажет. Өйткені, біздің балаларымыз жақсы психологтар, олар ересек адамдардың қылықтарын, олардың сенімсіздіктерін немесе қысылуын жақсы түсінеді. Балалар эротика мен балалардың тууы арасындағы ешбір байланысты көрмейді, «Жеуге жарамды және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтарды қалайша ажыратуға болады?» және «Ұл балаларды қыз балалардан қалайша ажыратуға болады?» деген

сұрақтардағы айырмашылықтарды түсінбейді, ал қобалжыған ата-аналары жиі балалардың осындай кінәсіз сұрақтарында «ересек адамдардың» сұрақтарын қарастырады.

- Ата-аналар өздерінің жасөспірім балаларымен «деликаттық» тақырыптарға әңгімелесуге қорықпауы тиіс. Бірқатар еуропалық мемлекеттерде жасөспірімдер мен жастар арасында зерттеу жұмыстары жүргізілген, оның барысында келесідей сұрақтар қойылған болатын: «Жыныстық қатынас сипатындағы мәселелер туралы кіммен әңгімелескіңіз келеді?». Таң қалатын жайт, жасөспірімдер «Ата-аналарыммен» деп жауап берген. Олар «Мен сұрақ қойюға қорқамын» деп жауап бере отырып, ата-аналарының арасындағы қатынастарда өздерінің кінәсін тануға дайын. Себебі? Жасөспірімдер, олардың ата-аналары түсінбейді, ұрысады, үйден шығармайды деп қорқады екен.

«Әлеуметтік қонақ-үй» әлеуметтік жетімдіктің алдыналу бойынша әлеуметтік қызметтің минималдық стандарты»¹⁷

1. Қызметтің мақсаты

«Әлеуметтік қонақ-үй» қызметінің мақсаты – жағдайы төмен отбасыларының балаларын, мектепте оқуға, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік көмек алуға мүмкіндік туғызатын, және де ересек адамдардың тарапынан баланың қадағалаусыз болуын қысқартатын кеңістікті құру жолымен мектепке бейімдеу.

Аталған қызмет жағдайы төмен отбасыларының балаларды білім алу кеңістігінде қолдауға бағытталған және де осы стандарттың шеңберінен тыс отбасыларға көмек көрсетуді білдіреді. Отбасымен жұмыс істеуді ұйымдастырудың қажеттілігі болған кезде, халыққа әлеуметтік көмек көрсететін ұйымдарға ақпарат беру қажет.

2. Нысаналы топ

Әлеуметтік-қауіпті жағдайда қалған отбасыларындағы балалар. Алдымен, отбасында қолдау жасалмайтын балалар және/немесе ата-аналарының немесе қамқоршыларының тарапынан зорлық-зомбылық көретін балалар болып табылады. Іс жүзінде, әлеуметтік қонақжайдың әлеуметтік тобына қандай да болмасын себептердің салдарынан үйде болауы мүмкін болмайтын балалар жатады, және оларға көмек көрсетілмеген жағдайларда, олар мектептен кейін далада уақыт өткізуге мәжбүрлі болады.

Сонымен қатар, әлеуметтік қонақжайдың әлеуметтік тобына мектепке бейімделу бойынша елеулі проблемалары бар балалар жатады (сыныптағы «бас тартылған» балалар; қылықтарында проблемалары бар балалар; үде алуға мүмкіндігі жоқ, педагогикалық көмек көрсетуді талап ететін балалар; мектептерден алыс тұратын балалар; сабақтан кейін сауықтыруды талап ететін балалар).

Әлеуметтік қонақжайдағы балалардың саны:

1. Нысаналы топта 15 бала.
2. Егер де тапқа, сабақ біткеннен кейін ұзақ уақыт бойына мектепте қалуға мәжбүрлі, қылықтарында елеулі проблемалары немесе басқа да проблемалары жоқ балалар, мектепте қалуға мәжбүрлі болудың себептері мектеп үйден алыс болған балалар қосылған кезде топтағы балалардың саны 17-ге дейін көбейтілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда, осындай топтар мектепке жақсы бейімделген таптар ретінде қарастырылады, оның құрамына нысаналы топтың балалардың 3:1 қаныста аударылуына жол беріледі.
3. Балалардың іріктелуі жасына және қызығушылықтарына байланысты жүзеге асырылады (мысалы, бастапқы бектеп, жкшісі жастағы жасөспірімдер, жоғарға сынып

¹⁷ Ең кіші сатандарт балаларды қатыгез әрекеттерден қорғау жөніндегі Ұлттық қорымен әзірленген

оқушылары), оның мақсаты, олардың жастық ерекшеліктерін ескере отырып, ұжымдық оындарды, демалысты, педагогикалық сабақтарды ұйымдастыру.

Қызметтерді көрсетуді қолдануға болмайтын жағдайлар: әлеуметтік қонақ-жайға елеулі психикалық науқастарға шалдыққан балалар немесе басқа балалармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыруға жол бермейтін жүріс-тұрыстың және эмоциялық әсер етудің ерекшеліктері бар балалар орналастырылуға жатпайды (басқа балалар үшін қауіп төндіретін өте жоғары жауығушылықтық, эпилепсиялық ауруын ұстау, немесе психикасының басқа да өзекті бұзылулары).

Қызмет көрсетуді мерзімнен бұрын тоқтатудың негіздері:

- Тұратын жерін және оқу орнының ауысуы
- Баланың ауруға шалдығуы
- Баланы балалар үйіне немесе басқа да мекемеге көшіруі

Баланы әлеуметтік қонақ-жайға ауыстыру туралы шешімді әлеуметтік қонақ-жайдың басшысы қабылдайды, бұл орайда жоғарыда көзделген критерийлерді ескеріледі және мектеп әкімшілігімен келісу бойынша жүзеге асырылады.

3. Әлеуметтік қонақ-жайдың бағдарламасын әзірлеу

Құқықтық негізі:

1. Халықаралық құқықтық нормалары. Бала құқықтары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы. Білім алудың барлық түрлеріне қол жеткізу құқығы. Білім алудың барлық түрлеріне, кәсіпқой бағытқа қол жеткізу құқығы. Ойындар, спорт, мәдени қызмет, ресми емес білім алу, жауапкершіліктің арттырылуы арқылы жауапкершілікті және белсенді азаматтық өмірге дайын болу құқығы.

2. Федералдық және аймақтық құқықтық нормалары. Томск облысының 1998 жылғы 16 қарашадағы № 27-ОЗ «Кәмелет жасқа толмаған балалардың панасыздығын және құқық бұзушылығын алдыналу, олардың құқықтарын қорғау туралы» Заңы.

3. Мекемеде қабылданған нормативтік құжаттар.

4. Мектептерде әлеуметтік қонақ-жайды ашу шарттары.

- Әкімшілікпен пәндердің педагогтарының нысаналы топтардағы оқушылармен сабақ өткізу үшін қосымша сағаттарды бекіту (қосымша сағаттардың немесе мектептің қаражатынан төлеу есебінен).
- Әлеуметтік қонақ-жайдағы балалармен сабақ өткізуді қамтамасыз ететін мектептерде демалу қызметінің болуы .

4. Қызметтің мазмұны

Әлеуметтік қонақ-үй балалармен, соның ішінде нысаналы топтардағы балалармен ағымдағы жұмысына қарағанда, баланы мектепте оқыту мақсатында және оларға көмек көрсету мақсатында, аталған топтағы балалар үшін жағдайды қамтамасыз ете отырып, оларға арнайы назар аударуға мүмкіндік береді (бөлек уақыт пен үй-жай, ересек адамдардың жеке назары, психологиялық және әлеуметтік қауіпсіз ортаны құру). Үлгілі мектеп ортасының шеңберінде, балалар үшін, соның ішінде нысаналы топтардағы балалар үшін мұндай ортаны ұйымдастыру (соның ішінде, ұзыртылған күн тобында) балаларды жан-жақты қолдау үшін жеткіліксіз болады.

Әлеуметтік қонақ-жайдың негізгі құрамдас бөліктері келесілер болып табылады:

- **Қауіпсіз кеңістік.** Жабдықталған үй-жайдан тұрады, мұнда балаларға білім беретін және де жағымды ортаны сақтау бойынша қамқорлық жасайтын педагог үнемі

болады. Үй-жай, жоғарыда аталғанға сәйкес, балаларға сабақ оқуға қолдау көрсету, демалу және ойнау қызметтері қамтамасыз етілетіндей жабдықталған болуы тиіс.

- **Психологиялық көмек көрсету.** Психологиялық көмек көрсетудің мақсаттары: өзекті психологиялық мәселелерді шешу; отбасында және оның шеңберінен тыс жерде зорлық-зомбылықтармен байланысты, зиян келтіретін уайымдарды қарастыру; құрдастармен және петагогтармен қарым-қатынастарды жақсарту.
- **Педагогикалық көмек көрсету.** Ұзартылған күн топырына қарағанда, үйде орындалатын тапсырмаларды орындауға көмек көрсету және баланың оқудағы проблемаларының орнын толтыруға бағытталған арнайы сабақ оқытудан тұрады (кейбір пәндер бойынша қарыздарды, білім меңгерудегі кемшіліктер және т.б.). Әлеуметтік қонақ-жайда педагогикалық қызмет көрсетудің мақсаттары болып білім алу ғана емес, соынмен қатар білім алуға оң көзқарасты қалыптастыру табылады (баланың өзін-өзі бағалауын көтеру, өзінің қабілеттілігіне сенімін арттыру және т.б.).
- **Демалыстағы қызмет** – қазіргі заман балаларының қызығушылықтарына және жастарына сәйкес келуі тиіс (ойындар, қосымша сабақтар, басқа да сабақтар), сабақ оқу мен демалысты құрастыруды үйлестіру (еркін уақыт).

Әлеуметтік қонақ-жайдың жұмысының маңызды шарты қолайлы жағдай жасау, ересек адамдардың тарапынан көңіл бөлінетін қатынастар орнату. Бұл, ата-аналарының, педагогтардың, құрдастарының тарапынан бас тартуды, елемеушілік қатынастарды сезетін және де осындай негативтік қатынастардың салдарынан жиі өздерінің жүріс-тұрыстары бұзылған балалар үшін ерекше маңызды болып табылады.

5. Кадрлармен қамтамасыз ету

Әлеуметтік қонақ-жайда 11 разрядтан төмен болмайтын педагогтар мен психологтар жұмыс істейді. Құрамы:

- Басшысы: 0,5 ставка
- Тәрбиеші: 1 ставка
- Әлеуметтік педагог: 0,5 ставка
- Психолог: 0,5 ставки
- Қосымша білім беру педагогтары (немесе мектептерде үйірмені жүргізетін кейбір пәндердің педагогтары): мектеп директорымен келісім бойынша, әлеуметтік қонақ-жайға қатысатын балалармен жұмыс істеу үшін тартылады. Олардың жұмыспен қамтамасыз етілуінің көлемдері балаларды жеке оқыту бағдарламаларына байланыста болады. Олардың жұмыстары үшін арнайы ақы төлемі алдынала көзделмейді, өйткені, нысаналы топтардағы балалар жүргізіліп жатқан сабақтардың құрамына енгізілуі тиіс. Мамандардың қызметтік міндеттері 1-қосымшада көзделген.

6. Қызмет көрсетудің материалдық қамтамасыз етілуі шығындардың келесі түрлерінен тұрады:

- Балаға жұмсалатын шығындар. Шығынның осы түрі нысаналы топтағы 1 балаға айына 500 руб. Есебінен құрастырылуы тиіс.
- Шығындар (кеңселік жабдықтар және т.б. тозатын материалдар, көлік шығындары, шай ішу шараларын ұйымдастыруға жұмсалатын шығындар және т.б.) жоспарланған қызметке байланысты құрылады, оған сәйкес келуі тиіс және де ең төмен стандарттарды материалдық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарға сәйкес негізді болуы тиіс.
- Қызметті көрсету бойынша қызметті ұйымдастыру үшін жұмсалатын бастапқы шығындар. Шығынның осы түрі 30 мың рубль құрауы тиіс.
- Шығындар (кұрал-жабдықтар, жиһаз және т.б.) қызмет көрсетудің құнына енгізіледі, олар жоспарланған қызметке байланысты құрылады, оған сәйкес келуі тиіс және де

ең төмен стандарттарды материалдық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарға сәйкес негізді болуы тиіс.

7. Көмек көрсетудің сатылары:

I. Балаларды іріктеу және насаналы топтардың құрылуы (НТ)

Мақсаттары

1. НТ іріктеп алу. Леуметтік қонақ-жайдың басшысы жүзеге асырады.
2. Нысаналы топты жалпы құрастыру. Үйлестірілген топтарға қатысты іс-шараларды өткізу, топтамалық нормаларды әзірлеу және қонақ-жайдағы өзара әрекеттесу ережелерін әзірлеу. Жауапты тұлғалар - тәрбиеші мен психолог.

Қатысушылардан талап етілетін сапа

Әлеуметтік қонақ-жайдың басшысы үшін – отбасы мен бала туралы бастапқы ақпаратты меңгеру. Құжаттамалармен жұмыс істеу тәжірибесінің болуы, педагогтардан, ата-аналардан, балалардан мәліметтерді алу қабілеті. Тәрбиеші үшін – осы жастағы топтағы балалармен ұжымдық жұмысты түсіну.

Нысаналы топты іріктеу тәртібі

1. Нысаналы топтың критерийлеріне сәйкес келетін балалар тізімін әзірлеу (жасы бойынша және іріктеу критерийлері бойынша).
2. Құжаттамалармен жұмыс істеу тәжірибесі арқылы педагогтардан, ата-аналардан, балалардан мәліметтерді алу.
3. Әлеуметтік қонақ-жайдың құрамында болуы үшін қарсы көрсеткіштері бар балаларды нақтылау және шығару.
4. Ата-аналарын олардың балалары әлеуметтік қонақ-жайға қабылданғаны туралы хабардар ету және балаға көмек көрсету туралы шартты жасасу.
5. Баламен ол әлеуметтік қонақ-жайға қатысатыны туралы келісімге келу.
6. Топтың қорытынды тізімін құрастыру
7. Жинақталған мәліметтердің негізінде сауықтыру картасының ақпараттық бөлігін толтыру.
8. Бала науқастанудың немесе тұрғылықты жерін өзгертуі салдарынан әлеуметтік қонақ-жайдың құрамынан шығарылуға жатады. Мұндай жағдайларда, оның орнына жағдайы төмен отбасындағы немесе көмек аса талап етілетін басқа бала енгізілуі тиіс.

Топтың құрастырылуы

1. Әлеуметтік қонақ-жайда барлық балалар мен қызметкерлердің жиналуы.
2. Танысу.
3. Әлеуметтік қонақ-жайда болудың ережелері мен нормаларын, мүмкін қызмет түрлерін, баланың белсенділігін қалыптастыруды бірлесіп талқылау.

Сатыны жүзеге асыру мерзімдері

1. Нысаналы топтың іріктелуі - әлеуметтік қонақ-жайдың жұмысының бірінші екі аптасында.
2. Топтың құрылуы – бір айдың ішінде.

Құжаттама

1. Топтың тізімі және НТ балалардың мәліметтерін таңдаудың негіздемесі.
2. Әрбір бала бойынша сауықтыру картасы.
3. Жұмыс жоспары және іс-шаралардың есебін жүргізу.

Аралық нәтижелер

1. Топтың құрамы құрылған.
2. Ережелер рәсімделген және жұмыс жоспары рәсімделген.

Нәтижелерді бағалау критерийлері

1. Мектепке бейімделуде мәселелері туындайтын, жағдайы төмен отбасыларының балалары жиналған.
2. Топтың тұрақтылығы мен қауіпсіздігі қамтамасыз етілген.

II. Әлеуметтік қонақ-жайдың жұмысы

Мақсаттары

1. Балаларға білім беруде қолдау көрсету.
2. Сабақтарды таңдау бойынша ұйымдастыру (баланың творчестволық қабілеттіктерін дамыту, оның жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, коммуникациялық қабілеттіктерін дамыту).
3. Балаларға психологиялық көмек көрсету (коммуникациялық мәселелерді шешу, өзекті мәселелерді шешу, топтағы келіспеушіліктерді шешу).
4. Баланың өзінің құрдастары мен педагогтары арасындағы мәселелерді шешу (оқуда және адамдармен араласуда қиындықтар туындайтын балаға жеке қолдау көрсету, балалар мен ұстаздар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, балалар мен ата-аналар арасындағы және балалар мен педагогтары арасындағы өзара түсініспеншілікті жақсарту).

Әлеуметтік қонақ-жайдың жұмыс тәртібі

1. Білім беруде қолдау көрсету:

- үйде орындау үшін берілген тапсырмаларды орындауда қолдау көрсету (тәрбиеші),
- білімді меңгерудегі кемшіліктерді жою, білім алу қызметіндегі өзіне баға беруді арттыру (мектептегі педагогтар қосымша сағаттар шеңберінде),

2. таңдау бойынша сабақ оқу.

Таңдау бойынша сабақты меңгерудің жеке бағдарламасы, мектепте және мектептен тыс үйірмелерде балалардың қызығушылықтарын және жетістіктерінің қамтамасыз етілуі. Үйірме жұмысының шеңберінде қосымша білім беру бойынша педагогтар мен әлеуметтік қонақ-жайдың педагогтары жүзеге асырады. Қосымша білім беру бойынша педагогтардың маңызды мақсаттары – балаларды өздерінің құрдастарының ортасына енгізуді қамтамасыз ету. Мектепте міндетті түрде үйірмелердің және демалыс қазметінің болуы (әлеуметтік қонақ-жайларды ашу үшін, олардың құрамында НТ балалары үшін сауықтыратын демалысты ұйымдастыру үшін мүмкіндік туғызатын үйірмелері және бесқа да қызмет түрлері болуы қажет).

Тәрбиеші мен педагогтың талап етілетін қасиеттері

- Білім беру барысында нысаналы топтағы балаларда болатын қиындақтарды білу.
 - Баланың жетістікке қол жеткізу жағдайын жасау, мақсату, қолдау, қызықтыру.
 - НТ балаларында жүріс-тұрыс бұзылуының пайда болуының себептері мен механизмдерін түсіну.
3. Психолог аптасына 18 сағат психологиялық білім беруді жүзеге асырады (0,5ставка).
- Топта психологпен білім алу және жеке кеңес беру
 - Әлеуметтік қонақ-жайдың командасына және мектепте жұмыс істейтін мұғалімдерге психологиялық қолдау көрсету.

Психологтың талап етілетін қасиеттері:

- балалардың белгілі жастағы психологиясын білу
- зорлық-зомбылық пен немқұрайлық әрекеттердің белгілерін анықтау қабілеті және зорлық-зомбылықтан жәбірленген балаларға психологиялық көмек көрсету қабілеті

- НТ балаларының қасиеттерін және ерекшеліктерін білу, балалар мен ересек адамдарға кеңес беру тәжірибесіне ие болу,
 - НТ балаларында жүріс-тұрыс бұзылуының пайда болуының себептері мен механизмдерін түсіну,
 - мәселелерді шешу бойынша іс жүзінде қажетті мерзімдерді түсіну.
4. Баланың өзінің құрдастары мен педагогтары арасындағы мәселелерді шешу. Жүзеге асырады: тәрбиеші, әлеуметтік қонақ-жайдың басшысы, психолог.
- Бала мен мектептің педагогтары арасындағы қарым-қатынасты нығайту.
 - Бала мен мектептегі класстарстары арасындағы келіспеушіліктерді шешу.
 - Баланы мектептегі іс-шараларға қатысуға тарту.
5. Әлеуметтік көмек көрсету. аптасына 18 сағат, әлеуметтік педагог жүзеге асырады.
- Баланың жағдайын анықтау және қатыгездік әрекеттерін көрсету жағдайларды анықтау мақсатында ақпаратты жинау үшін үйлерді аралау
 - Ата-аналармен қатынаста болу және балаға қатысты қатыгездік көрсетуді тоқтату бойынша олармен жұмыс жүргізу (мектепте және үйіне бару барысында).
 - Қатыгездік әрекеттерді тоқтату бойынша шараларды қолдану үшін анықталған қытыгездік әрекеттер туралы басқа да ұйымдарға хабарлау (қамқоршылық органы, әлеуметтік қорғау мекемелері және т.б.); қабылданған шаралар туралы ақпараттарды қабылдау және баланың жағдайын қадағалау.
 - Балаға басқа мекемелерде қолдау көрсету (поликлиникалар, қосымша білім беру, балалар үйі және т.б.).
 - Жазғы демалыстарды, санаториялық емдеуді, дәрігерлік тексерістерді ұйымдастыру (қажеттігі туындаған жағдайларда).
 - Балаға мүмкіндігінше әлеуметтік көмек көрсету (тамақтану, киім-кешек, мектеп жабдықтары және т.б.).

Әлеуметтік педагогтың талап етілетін қасиеттері

- Балалардың ата-аналарымен қарым-қатынас орнату қабілеті.
- Баланың мәселелері жөнінде басқа да ұйымдармен қарым-қатынас орнату қабілеті.
- Балаға қатысты қатыгездік көрсету тәуекелін бағалау қабілеті.
- Ұжымдық жұмыс істеу, құжаттаманы жүргізу қабілеті.

Құжаттама

- Әлеуметтік қонақ-жайдың жұмыс жоспары.
- Жеке сауықтыру жоспары (баланың педагогикалық, әлеуметтік және психологиялық мәселелерін және оларды шешу бағдарламаларын қоса) әрбір бала үшін.
- Әлеуметтік қонақ-жайдың жұмыс журналында атқарылған жұмыс туралы жазбалар.

Өткізу мерзімдері - 2 саты

Қазан-мамыр айлары.

Аралық нәтижелер үшін арналған көрсеткіштер

1. Үлгерімінің динамикасы (айлар бойынша).
2. Үйірмелерге қатысу.
3. Балалар мен педагогтардың үрейлерінің және басқыншылдығының төмендеуі.
4. Келіспеушіліктер мен жанжалдардың азаюы.
5. Баланың жеке мәселелерінің шешілуі.
6. Балаға дер кезінде көрсетілген көмек.

Нәтижелерді бағалау критерийлері

1. Жыл бойын аттестациялау.
2. Мектептегі әлеуметтік қолайлы жүріс-тұрыс.

3. Достарының болуы.
4. Ересек адамдармен қарым-қатынастардың нығайтылуы.
5. Баланың мектепте өзін жақсы және ыңғайлы сезінуі.

Баламен жұмыс жүргізуді аяқтау және оны қызмет көрсету аясынан тыс шығару

Мақсаты. Жұмыс пен қол жеткізілген нәтижелердің қорытындысын жасау.
 Әрекеттерді жүзеге асыру тәртібі. Жауапты тұлға - әлеуметтік қонақ-жайдың басшысы.

- Мамандар ұжымымен баланың қол жеткізген нәтижелерін талқылау.
- Баламен ол қол жеткізген нәтижелерін және алдағы жоспарларын талқылау.
- Әлеуметтік қонақ-жайда баламен жұмысты жүргізуді тоқтату немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау.

Өткізу мерзімдері 3 саты

Мамыр - маусым.

Құжаттама. Сауықтыру карталарында және журналда жазбалар жазу (баланың жағдайының динамикасын бекіту насанының үлгілері 2-қосымшада ұсынылған).

Аралық нәтижелер. Ұжыммен және баламен жыл бойындағы жұмыс қорытындылары жасалған, нәтижесінде баланы әлеуметтік қонақ-жайдың құрамынан шағару немесе қалдыру туралы шешім қабылданған.

Нәтижелерді бағалау критерийлері. Сабақтарға қатысу, сыныптағы қарым-қатынастарды және оқу деңгейінің қалпына келуі.

Қызметті көрсету барысына қойылатын талаптар, нормалар мен нормативтері

1-САТЫ. Нысаналы топтың құрылуы

Мақсаты 1.НТ іріктеп алу

Мақсаты 2. Нысаналы топты жалпы қалыптастыру

Әрекеттер	Орындалушылар	Құжаттама	Уақытшыны	Қажетті білімдер және тәжірибелер/біліктілігі	Аралық нәтижелер	Қорытынды нәтижелерді бағалау критерийлері	Материалдық қамтамасыз ету
1	2	3	4	5	6	7	8
Ұжымдасқан топтарға іс-шараларды өткізу	Әлеуметтік қонақ-жайдың басшысы	топтың тізімі и НТ балалардың мәліметтерін таңдаудың негіздемесі сауықтыру картасы	1–2 апта	Әлеуметтік қонақ-жайдың басшысы - отбасы мен бала туралы бастапқы ақпаратқа ие болу. Құжаттамамен жұмыс істеу қабілеті, педагогтардан, ата-аналарда, балалардан мәліметтер алу	Топтың құрамы құрылған	Мектепке үнемі қатысу (баланың бастапқы жағдайына қарағанда мектепке үнемі және тұрақты қатысу)	Оқу, сонымен қатар демалыстағы қазмет жүзеге асырылатын үй-жай. Жиһазға, кеңсе тауарларына, жанар-жағар майға, көлікке, тамақтануға

				қабілеті болуы тиіс.			жұмсалған шығындар.
	Тәрбиеші Психолог	топтың толық тізімі, жұмыс жоспары және іс-шараралардың есебін жүргізу	1 ай	Тәрбиеші белгеле жастағы топтағы балалардың ұжымдық жұмысын түсіну.	- Ережелер рәсімделген және жұмыс жоспары рәсімделген	Топтың тұрақтылығы мен қауіпсіздігі (жалдың соңында топтың құрамында, жобаның басында іріктелген балалардың болуы)	Басшысының, психологтың, тәрбиешінің еңбек ақысын төлеу

2-САТЫ. Әлеуметтік қонақ-жайдың жұмысы (мерзімі 2 саты - қазан-мамыр айлары)

Мақсаты 1. Білім беруде қолдау көрсету

Мақсаты 2. Таңдау бойынша сабақ оқу (баланың творчестволық қабілеттіктерін дамыту, оның жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, коммуникациялық қабілеттіктерін дамыту, заинтересованность ребенка)

Мақсаты 3. Психологиялық көмек көрсету (коммуникациялық мәселелерді шешу, өзекті мәселелерді шешу, топтағы келіспеушіліктерді шешу)

Мақсаты 4. Баланың өзінің құрдастары мен педагогтары арасындағы мәселелерді шешу

Мақсаты 5. Әлеуметтік көмек көрсету

1	2	3	4	5	6	7	8
Үде орындау үшін берілген тапсырмаларды орындауда қолдау көрсету Білім алуға кешіліктерді жою. білім алу қызметі барысында өзіне берген бағасын арттыру	Тәрбиеші мектептің педагогтарымен бірлесіп отырып	Жеке сауықтыру жоспары	Педагог аптасына 9 сағаттан кем болмайтын уақыт сабақ өткізу+ тәрбиешімен аптасына кемінде 10 сағаттық сабақ өткізу	Профессиональные предметные білім Білім алу барысында нысаналы топтарға жататын балалардың орын алған қиындықтарын білу Баланың жетістікке қол жеткізу жағдайын жасау, мақсату, қолдау, қызықтыру, ынталандыру НТ балаларында жүріс-тұрыс бұзылуының пайда болуының себептері	Үлгерімінің динамикасы (айлар бойынша)	Жыл бойынша аттестациялау	Оқу қызметі үшін қажетті құрал-жабдықтар: жиһаз, тақта, кеңсе тауарлары, демалыс қазметін қамтамасыз ету: сыр, фломастерлер, пластилин, спорт. жабдықтар, ойындар. Балаларды

				мен механизмдерін түсіну			ң тамақтануы Жоба басшасының, тәрбиешінің еңбек ақысын төлеу. Мектептің қаражаты есебінен педагогтарының еңбек ақысын төлеу
Таңдау бойынша сабақты меңгерудің жеке бағдарламасы, мектепте және мектептен тыс үйірмелерде балалардың қызығушылықтарын және жетістіктерінің қамтамасыз етілуі	Қосымша білім беру бойынша педагогтары	Журналға жазбалар енгізу	Мектепте және мектептен тыс үйірмелерде аптасына 9 сағаттан кем болмайтын уақыт сабақ өткізу.	Білім алу барысында нысаналы топтарға жататын балалардың орын алған қиындықтарын білу Баланың жетістікке қол жеткізу жағдайын жасау, мақсату, қолдау, қызықтыру, ынталандыру НТ балаларында жүріс-тұрыс бұзылуының пайда болуының себептері мен механизмдерін түсіну	Үйірмелерге қатысу	Достарының болуы Ересек адамдармен қарым-қатынастардың нығайтылуы Баланың мектепте өзін жақсы және ыңғайлы сезінуі	Аймаққа және мектептің мүмкіншіліктеріне байланысты жүріп-тұру бойынша және экскурсиялар мен серуендеулерге жұмыссыз шығындар. Жоба басшасанаң еңбек ақысын төлеу. Мектептің қаражаты есебінен қосымша білім беру педагогтарының еңбек ақысын төлеу
Топта	Психолог	Журнал	9	Балалардың белгілі	Баланың	Мектеп	Жоба

<p>психологпен білім алу және жеке кеңес беру</p> <p>Әлеуметтік қонақ-жайдың командасына және мектепте жұмыс істейтін мұғалімдерге психологиялық қолдау көрсету</p>	<p>ог</p>	<p>ға, жеке сауықтыру жоспарындағы психологиялық қолдау карталарына жазбалар енгізу,</p>	<p>сағат</p>	<p>жастағы психологиясын білу, особенностей детей НТ; меңгерілген әдістер консультирования</p> <p>Зорлық-зомбылықпен немқұрайлық әрекеттердің белгілерін анықтау қабілеті және зорлық-зомбылықтан жәбірленген балаларға психологиялық көмек көрсету қабілеті</p> <p>НТ балаларында жүріс-тұрыс бұзылуының пайда болуының себептері мен механизмдерін түсіну</p>	<p>мектептегі үлгерімі бойынша, құрдастары мен педагог арасындағы қарым-қатынастар бойынша уайымның азаюы.</p> <p>Келіспеушіліктер мен жанжалдардың азаюы</p> <p>Баланың жеке мәселелерінің шешілуі</p>	<p>тегі әлеуметтік қолайлы жүріс-тұрыс</p> <p>Достарының болуы</p> <p>Ересек адамдармен қарым-қатынастардың нығайтылуы</p> <p>Баланың мектепте өзін жақсы және ыңғайлы сезінуі</p>	<p>басшысын, психологтың еңбек ақысын төлеу.</p>
<p>Баланың өзінің құрдастары мен педагогтары арасындағы мәселелерді шешу (оқуда және адамдармен араласуда қиындықтар туындайтын балаға жеке қолдау көрсету, балалар мен ұстаздар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, балалар мен</p>	<p>Тәрбиеші Психолог</p>	<p>Журналға жазбалар енгізу</p>	<p>аптасына 10 сағат</p>	<p>Тиімді қарым-қатынастарды білу, соның ішінде жағымды қарым-қатынастарды орнату және сақтау, келіспеушіліктерді шешу қабілеті, келіспеушіліктерді азайту.</p> <p>Келіспеушіліктерді шешу қабілеті</p> <p>НТ балалардың психологиялық ерекшеліктерін білу</p> <p>НТ балаларында жүріс-тұрыс бұзылуының пайда болуының себептері мен механизмдерін түсіну</p> <p>Мәселелерді шешу</p>	<p>Балаға көмек көрсету барысында балалар мен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынасты нығайту, бір-біріне сенімді нығайту,</p> <p>Мұғалімдердің балаға қатысты қарым-қатынастарын</p>	<p>Достарының болуы</p> <p>Ересек адамдармен қарым-қатынастардың нығайтылуы</p> <p>Баланың мектепте өзін жақсы және ыңғайлы сезінуі</p>	<p>Жоба басшасының, тәрбиешінің еңбек ақысын төлеу, психолога.</p>

<p>ата-аналар арасындағы және балалар мен педагогтары арасындағы өзара түсініспеншілікті жақсарту. Бала мен мектептің педагогтары арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Бала мен мектептегі класстарстары арасындағы келіспеушіліктерді шешу.</p> <p>Баланы мектептегі іс-шараларға қатысуға тарту</p>				<p>бойынша іс жүзінде қажетті мерзімдерді түсіну</p>	<p>жақсарту, оның мәселелерін түсіну.</p> <p>Қолауды сезіну.</p> <p>Құрдастар арасындағы келіспеушіліктерді азайту</p>		
<p>Әлеуметтік көмек көрсету</p> <p>Балаға қолдау көрсету</p> <p>Ата-аналармен қарым-қатынастарды нығайту</p>	<p>Әлеуметтік педагог</p>	<p>Журналға, сауықтыру картасына жазбалар енгізу</p>	<p>аптасына 18 сағат</p>	<p>Балалардың ата-аналарымен қарым-қатынас орнату қабілеті.</p> <p>Баланың және отбасының мәселелері жөнінде басқа да ұйымдармен қарым-қатынас орнату қабілеті.</p> <p>Балаға қатысты қатыгездік көрсету тәуекелін бағалау қабілеті</p> <p>Ұжымдық жұмыс істеу, құжаттаманы жүргізу қабілеті</p>	<p>Балаға қатысты қатыгездік көрсету жағдайларын ерте кезде анықтау</p>	<p>Бала дер кезінде көмек алады</p> <p>Баланың мектепте өзін жақсы және ыңғайлы сезінуі</p>	<p>Әлеуметтік педагогтың еңбек ақысын төлеу.</p>

3-саты. Баламен жұмыс жүргізуді аяқтау және оны қызмет көрсету аясынан тыс шығару

Мақсаты 1. Жұмыс пен қол жеткізілген нәтижелердің қорытындысын жасау

1	2	3	4	5	6	7	8
<p>Мамандар ұжымымен баланың қол жеткізген нәтижелерін талқылау.</p> <p>Баламен ол қол жеткізген нәтижелерін және алдағы жоспарларын талқылау.</p> <p>Білім беру орталығында баламен жұмыс жүргізуді аяқтау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау</p>	<p>Әлеуметтік қонақ-жайдың басшысы</p>	<p>Сауықтыру карталарында және журналда жазбалар жазу</p>	<p>Мамыр-маусым айлары</p>	<p>Ұжымда жұмыс істеу қабілеті, семинарларды өткізу, жағдайларды талқылау қабілеті</p>	<p>Баланы мектепте оқуға дайындық жүргізу</p>	<p>Сабақтарға қатысу, сыныптағы қарым-қатынастарды және оқу деңгейін қалпына келуі</p>	<p>Басшысының, педагогтарының, әлеуметтік педагогтары, демалыс қызметі бойынша педагогтарының еңбек ақысын, компьютерді төлеу</p>

Қосымша 1

5.1. Жоба басшысының қызметтік міндеттері:

- Нысаналы топқа жататын балаларды іріктеу.
- Әлеуметтік қонақ-жайдың атқаратын қызметін жоспарлау.
- Қызметкерлердің атқаратын қызметін үйлестіру.
- Балалардың жағдайының динамикасын қадағалау.
- Балалардың білім алуі мен мектеп үйірмелеріне қатысу үшін қосымша педагогикалық сағат бөлу туралы мектептің әкімшілігімен келісімге келу
- Мектептің әкімшілігімен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру.
- Құжаттаманың дұрыс жүргізілуін қадағалау.
- Есептерді дайындау.

5.2. Тәрбиешінің қызметтік міндеттері:

- Әлеуметтік қонақ-жайда жағымды жағдай жасу.
- Әлеуметтік қонақ-жайдың жұмысын ұйымдастыру; режимді сақтау.
- Балаларға үйге берілген тапсырмаларды орындауға қолдау көрсету.
- Күнделікті балалардың жағдайын және үлгерімін қадағалау.
- Қатыгездік белгілерін анықтаған жағдайларда, оларды бекітеді де, әлеуметтік педагогты тартады және балаға көмек алуға ат салысады.
- Сынып жетекшісімен қарым-қатынасты орнатады, баланың мәселелері туралы ақпаратты қабылдайды.

- Психолог пен әлеуметтік педагогпен бірлесіп сауықтырудың жеке бағдарламасын әзірлейді.

5.3. Әлеуметтік педагогтың қызметтік міндеттері:

- Отбасы мен мектептің қарым-қатынастарына қолдау көрсетеді.
- Ата-аналар мен әлеуметтік қызмет арасындағы қарым-қатынасты орнатады, мысалы, халықпен жұмыс істеу бойынша орталағамен.
- Қажеттігі туындаған жағдайларда баланы дәрігерлік мекемелерге және әлеуметтік қызметтерге апарды.
- Білім алу үшін қажетті құрал-жабдықтардың алуын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.
- Баланың отбасылық жағдайы мен өмір сүру жағдайын қадағалайды.
- Балаға қатысты қатыгездік көрсету жағдайларын анықтаған жағдайларда, оның отбасымен бірінші қарым-қатынастарды жүзеге асырады және басқа да қызметтер арқылы балаға көмек көрсетуді ұйымдастырады.
- Баланың денсаулығы мен өміріне қауіп төнген жағдайларды анықтаған жағдайларда, бұл туралы тиісті органдарға хабарлайды (қамқоршы органына, құқық қоғау органдарына, кәмелет жасқа толмаған балалардың істері жөніндегі комитетке) және олармен бірлесіп баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді (емханаға, балалар үйіне және т.б. жібереді).
- Психолог пен тәрбиешімен бірлесіп сауықтырудың жеке бағдарламасын әзірлейді.
- Балалар үшін мектептен тыс сауықтару демалысын ұйымдастырады.

5.4. Психологтың қызметтік міндеттері:

Өзекті психологиялық мәселелерді шешу; баланың өзі-өзіне баға беруін көтеру; отбасында және одан тыс зорлақ-зомбылықпен байланысты зиян келтіретін уайымдауды қарастыру; құрдастары мен педагогтар арасындағы қарым-қатынастарды нығайту. Соның ішінде, топты құруға, оның ережелері мен нормаларын бекітуге көмек көрсету; баланың мәселелерінің психологиялық диагностикасын жасау; балалардың коммуникациялық білімін арттыру мақсатында ұжымдық сабақтар өткізу. Әлеуметтік қонақ-жайда психологтың жұмысы кем дегенде үштен бір уақыты баламен жеке психологиялық жұмысқа бөлінуі тиіс. Тәрбиеші мен әлеуметтік педагогқа баланың мәселелелерін түсіну үшін көмек көрсетеді.

Қосымша 2

Сауықтыру жоспары даму салаласындағы баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша мақсаттарды белгілеу мен динамикасын қадағалаудан тұрады.

<p><input type="checkbox"/> Денсаулық сақтау</p>	<p>Туындаған мәселенің сипаттамасы</p> <p>Созылмалы науқастар, араласуды талап ететін өзекті науқастар, әлеуметтік мәселелермен байланысты науқастар (әлсіздену, педикулез, дене зорлық-зомбылықтарымен байланысты жарақаттар)</p> <p><input type="checkbox"/> Өзгертілуге жатады</p> <p><input type="checkbox"/> Мамандардың араласыун талап етеді</p>	<p>Мақсаттары:</p> <p>Балалардың аса өзекті мәселелерін анықтау және оларды шешу үшін медициналық мекемелерді тарту</p> <p>Әрекеттер:</p> <p>Ақпаратты жинау</p> <p>Медициналық мекемеге жіберу</p> <p>Педикулезды зиян келтірмейтін әдістермен емдеуді ұйымдастыру туралы емханалармен келісу</p> <p>Дене жарақаттарын, көгеруді, зақымдарды анықтаған жағдайларда травматологқа жолдау</p> <p>Талап етілетін тәжірибелік менгеру/білім:</p> <p>Медициналық мекемелермен келісім-сөзге келу қабілеті</p> <p>Зарлық-зомбылықтың және немқұрайлылықтың белгілерін атықтау және осы тақырып бойынша баламен сұхбаттасу қабілеті</p>
--	--	--

<input type="checkbox"/> Білім беру және тану арқылы даму	<p>Туындаған мәселенің сипаттамасы</p> <p>Білім алу қызметіне, білім алу қабілеттіктеріне негіздемелердің құрастырылмауы. Өзіне өзі төмен баға беруі.</p> <p>Тану қызметтерінің саласындағы бұзушылықтары</p> <input type="checkbox"/> Өзгертілуге жатады <input type="checkbox"/> Мамандардың араласыун талап етеді	<p>Мақсаттары:</p> <p>Білім алуға қытысты оң көзқарасты қалаптастыру (өзіне өзі баға беруді, өзінің мүмкіншіліктеріне сенімді жоғарлату және т.б.), мектептегі мәселелерді шешуге көмек көрсету.</p> <p>Әрекеттер:</p> <p>Тану қызметтерінің, өзіне өзі баға берудің, негіздеудің бұзушылықтарының диагностикасы</p> <p>Үйге берілген тапсырмаларды орындауға көмек көрсету</p> <p>Білім алудағы кемшіліктерді жою</p> <p>Білім алу қызметінде жетістіктерге қол жеткізу жағдайын жасау</p> <p>Талап етілетін тәжірибелік меңгеру/білім:</p> <p>Пәнді меңгеру</p> <p>балаларды қазақтару қабілеті</p> <p>нысаналы топқа жататын балалардың қиындықтарын түсіну</p>
<input type="checkbox"/> Эмоциялық және жүріс-тұрыстық дамыту	<p>Туындаған мәселенің сипаттамасы</p> <p>Үрейдің аса жоғары болуы</p> <p>Көңіл-күйінің түсуі</p> <p>Шектен тыс белменділік</p> <p>Төбелескек</p> <p>Сабақтарды босату</p> <p>Үден кетіп қалу</p> <p>Балалардың ұрлығы</p> <p>Ересек адамдармен жанжалдасу</p> <input type="checkbox"/> Өзгертілуге жатады <input type="checkbox"/> Мамандардың араласыун талап етеді	<p>Мақсаттары:</p> <p>Эмоциялық және жүріс-тұрыстық мәселелерді түзету.</p> <p>Әрекеттер:</p> <p>Баламен қарым-қатынасты қалыптастыру</p> <p>Мәселелердің диагностикасы</p> <p>Зиян келтіребін уайымдауды қарастыру</p> <p>Ұжымдық және жеке сабақ беру</p> <p>Талап етілетін тәжірибелік меңгеру/білім:</p> <p>Балалардың белгілі жастағы мәселелерін білу, қатыгездік және немқұрайлылық әрекеттердегі мәселелерді білу, психологиялық кеңестер беру қабілеті</p>

<input type="checkbox"/> Жеке тұлғаның қалыптасуы	<p>Туындаған мәселенің сипаттамасы</p> <p>Өзіне өзі төмен баға беруі</p> <p>Тұйықтық</p> <p><input type="checkbox"/> Өзгертілуге жатады</p> <p><input type="checkbox"/> Мамандардың араласуын талап етеді</p>	<p>Мақсаттары:</p> <p>Өзіне деген сенімін арттыру</p> <p>Коммуникациялық білімін арттыру</p> <p>Әрекеттер:</p> <p>Тұрақты сенімді қарым-қатынастарды орнату</p> <p>Мәселелердің диагностикасын жасау</p> <p>Ұжымдық және жеке сабақтар өткізу</p> <p>Талап етілетін тәжірибелік меңгеру/білім:</p> <p>Балалардың белгілі жастағы мәселелерін білу, қатыгездік және немқұрайлылық әрекеттердегі мәселелерді білу, психологиялық кеңестер беру қабілеті</p>
<input type="checkbox"/> Отбасындағы және қоғамдағы қарым-қатынастар;	<p>Туындаған мәселенің сипаттамасы</p> <p>Отбасындағы дене зорлық-зомбылығы</p> <p>Отбасындағы эмоционалдық зорлық-зомбылығы</p> <p>Жыныстық қатынас сипатындағы зорлық-зомбылық</p> <p>Қажеттіліктерге немқұрайлы қарау</p> <p>Жолдастарының болмауы</p> <p>Қабылдайтын ересек адамның болмауы</p> <p><input type="checkbox"/> Өзгертілуге жатады</p> <p><input type="checkbox"/> Мамандардың араласуын талап етеді.</p>	<p>Мақсаттары:</p> <p>Обеспечение безопасности ребенка</p> <p>Преодоление последствий</p> <p>Әрекеттер:</p> <p>Анықтау</p> <p>Медициналық, психологиялық, құқықтық, әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру</p> <p>Балаға көмек көрсету</p> <p>Баланың жағдайын қадағалау</p> <p>Талап етілетін тәжірибелік меңгеру/білім:</p> <p>Балалардың белгілі жастағы мәселелерін білу, қатыгездік және немқұрайлылық әрекеттердегі мәселелерді білу, психологиялық кеңестер беру қабілеті,</p> <p>Қолдау көрсететін қыметтермен келісу қабілеті</p> <p>Тиісті құжаттаманы жүргізу</p>

<input type="checkbox"/> Әлеуметтік тұсаукесу;	<p>Туындаған мәселенің сипаттамасы</p> <p>Көшбасшы</p> <p>Үнемі өзіне басқалардың көңілін аудартуға тырысады</p> <p>Күлкі-мазаққа шалдыққан</p> <p>Қоғамнан алшақтатылған</p> <p>Социально ориентирован</p> <p><input type="checkbox"/> Өзгертілуге жатады</p> <p><input type="checkbox"/> Мамандардың араласыун талап етеді.</p>	<p>Мақсаттары:</p> <p>Баланың өзіне өзі баға беруді жоғарлату</p> <p>Коммуникациялық білімін қалаптастыру</p> <p>Әрекеттер:</p> <p>Балаға көмек көрсету</p> <p>Ұжымдық және жеке сабақтар өткізу</p> <p>Талап етілетін тәжірибелік меңгеру/білім:</p> <p>Балалар арасындағы келіспеушіліктерді шешу қабілеті, ресми және ресми емес көшбасшыларды анықтау қабілеті, Ұжымдық және жеке сабақтар өткізу қабілеті</p>
<input type="checkbox"/> Өз-өзіне қызмет көрсету қабілеті	<p>Туындаған мәселенің сипаттамасы</p> <p>Тазалық әдістерінің, заттарды ұқыпты ұстау әдістерінің болмауы</p> <p>Үйге берілген тапсырмаларды жазып алуды және орындауды білмеуі, портфельді толықтыруды білмеуі</p> <p><input type="checkbox"/> Шындыққа сәйкес келетін</p> <p><input type="checkbox"/> Сенімді</p> <p><input type="checkbox"/> Негізделген</p> <p><input type="checkbox"/> Анық</p> <p><input type="checkbox"/> Өлшеуге жататын</p>	<p>Мақсаттары:</p> <p>Дербестігінің пайда болуы</p> <p>Өзі-өзіне қызмет көрсету әдістерін меңгеруде көмек көрсету</p> <p>Әрекеттер:</p> <p>Өзіне күтім жасауды үйрету</p> <p>Сыртқы әлпетіне көңіл бөлуді мақұлдау</p> <p>Уақытты тиімді бөлуге үйрету</p> <p>Талап етілетін тәжірибелік меңгеру/білім:</p> <p>Балаларды мақтау қабілеті, кішігірім оң өзгерістерді марапаттау және бөліп айту</p>

12 сабақтың, тренингтердің және іскелік ойындардың сценаріі

Балалар мен жасөспірімдердің адамның құқықтары туралы және зорлық-зомбылықсыз жүріс-тұрыстар туралы түсініктерінің қалыптасуы¹⁸

Кәмелет жасқа толмаған балалармен білім беру бағдарламасын тиімді құрастыру мақсатында, 9 жас пен 16 жас аралығындағы балалардың ерекшеліктерін білу қажет.

Белгілі жастың психологиялық ерекшеліктері

Баланың 9 жас пен 16 жас аралығындағы өмірі ардың классикалық көзқарастар бойынша жан дүниесінің дамуының екі кезеңінен тұрады: мектептегі бастапқы сыныптағы (пубертат алдыңғы) және жасөспірім (пубертаттық) кезеңдер. Мектептегі бастапқы сыныптағы балаларда ақыл-ойының, бағытталуының дамуы белсенді дамып келеді. Ойын қызметтерінің орнына білімі алу қызметі келеді. Қарым-қатынастардың «бала-мұғалім» немесе «бала-қоғам» жаңа құрылымы пайда болады. Мұғалімде қоғамның талаптары көрініс алады, бала тұңғыш рет, барлық адамдар заң алдында тең, деген түсінікпен кездеседі. Ережелер бойынша өмір сүру кейіннен қоғамға қиындықтарсыз еруге әсерін тигізеді. Жасөспірімдердің жасы әдетте ауыспалы, қиын кезең, сынбалы және жыныстық органдардың даму кезеңі деп сипатталады. Гармондардың қарқынды бөлініп шығуы нейродинамиканы елеулі өзгерістерге ұшыратады (тежелу-қозу теңгерімі соңғысына қарай ауып кетеді), оның салдарынан жасөспірімдер бақылаусыз, қызбалы болып кетеді. Бірінші кезекке жаңа жетекші қызмет шығады – құрдастармен араласу, соның ішінде қарама-қарсы жыныстағы адамдармен араласу. Балалық шақтан ересек жасқа ауысу өзін белсенді бекіту, тәуекелдерге мойы бұру, өзінің қабілеттіктерін тексеру әрекеттерімен сипатталады. Ересек адам ретіндегі маңыздылығына қайта баға беру жүреді (құрдастарын бағалау аса маңызды сипатқа айналады), ертерек ересек жасқа толуға ұмтылады (сондықтан да, темекішегу, ішімдіктерді пайдалану, ерекше сөйлеу әдеті, бояу, әшекей, демалу, серуендеу, және т.б. әдістері орын алады).

Әлеуметтік тұрғыдан бейімделмеген балалар

Біздің ойымызша, егер де балалар отбасында өмір сүріп жатқан болса, балалардың девианттық жүріс-тұрысының кезкелген нысаны, отбасылық қарым-қатынастардың бұзылуының салдарынан пайда болады. Ол, әдетте, балалар мен ата-аналар арасындағы дұрыс емес қарым-қатынастардың немесе ата-аналардың өздерінің әдепсіз жүріс-тұрыстарының салдарынан қалыптасуы мүмкін. Әсіресе, ата-аналардың ішімдікке салынуы, бір-біріне және балаларына қатысты қатыгездік көрсетуі, немқұрайлы немесе керісінше, аса қамқорлық көрсетуі салдарынан болады.

¹⁸ «Сестры» жыныстық қатынас сипатындағы зорлық-зомбылыққа ұшырағандарға көмек көрсету Орталығының білім беру жобасының материалдары бойынша, Мәскеу қаласы, Ресей

Балалардың осы санаттарын эмоционалдық қорғалмағандық және қажетсіздік сезімі сипаттайды, олардың өзереіне беретін бағасы төмен болады, жеке тұлға шектерін нақты түсінбейді, өзін өзі күту туралы білімі болмайды, мәселелер туындаған кезде копинг-қылықтарының жоспары қалыптаспаған болады (стресс жағдайын шеше алмау нысаны), өзінің сезімін білдіруде қиналады, құндылық бағыттарының және адамгершілік түсініктерінің дұрыс болмауы байқалады. Сонымен қатар, «қиын» балалар жиі ашушың болып келеді, қылықтарының бақалау нашар дамыған болады, аса белсенді, сонымен бірге тез қажитын болады. Олар бір жағдайда ұзақ бола алмайды, олар өздерінің сезімін қимылдармен білдіруге тырысады. Олардың ішінднгі энергиясы үнемі іске асырылуына талап етеді. «Біздің» жасөспірімдерімізге энергиясын қадағалау және шығару қиынға соғады: энергиясы шыққан кезде бала қиын жағдайларға ұшырауы мүмкін. Девианттық қылықтары бар балалар қызық көруді әдепсіз әдістермен қанағатандырады, оның салдарынан жиі сәтсіздіктерге және басқа да оқиғаларға әкеліп соғуы мүмкін.

Жасөспірімнің әлеуметтік бейімделмеудің себептерінің бірі жыныстық қатынастардағы қалыптаспағандық болуы мүмкін. Мысалы, тұйықталу ретінде көрініс алуы мүмкін (мен үйде отырмын, өйткені барлық жолдастарымда қыздары немесе жігіттері бар) немесе қарама-қарсы жыныстағы адамдарға деген басқыншылдығы болуы мүмкін (ұнатқан адамдарды кіші сыныпта сияқты шашынан тару, тебу, итеру және т.б.).

Бағдарлама балалар үшін немен қызықты, және немен пайдалы?

Тәуекел, сынақ, өзінің қабілеттіліктерін тану, араласу, қырым-қатынас, қанағат алу, демалу, ойын-сауық, уақытты жақсы өткізу – білім беру бағдарламасында балаларды қызықтыратын болуы тиіс. Балалар үшін жаңа тәжірибені білу, ойлап шығарылған ақыл-ой әңгімелесуден және сезімге жаттығулар жасаудан қарағанда, тікелей қызмет атқару арқылы білу әлдеқайда қызықты болады. Бір орында ұзақ уақыт орыруға шыдамы жететін баланы немесе жасөспірімді табу екіталай, тіпті, егер баланың девианттық қылықтарында бұзылуы бар балалардың бір орында ұзақ уақыт орыруға шыдамы жетпейтіні анық.

Жасөспірімдер мен жастармен жыныстық қатынас сипатындағы зорлық-зомбылықтың алдыналуға бағытталған білім беру қызметінің қажеттілігі¹⁹:

1. Жасөспірімдер мен жастардың зорлық-зомбылықсыз жүріс-тұрыс туралы түсінігі негізгі құқықтық білімінң болмауы кезінде қалыптаспайды, осы салада теориялық дайындығы жоқ балалардың топтарында пайдалануға болатын адамның құқықтары мен балалардың құқықтарымен танысудың қысқаша бағдарламасын әзірлеу қажет.

2. Жоғары жастағы жасөспірімдер мен жастармен алдыналу тренингтік жұмыс жүргізу әр-түрлі нысандарда зорлық-зомбылық әрекеттерін туғызатын нысаналы топтың қоғамдық санасының стеротиптерінің болуымен қиындатылады. Алайда, адами қарым-қатынастардың құқықтық және адамгершілік-этикалық қатынастарда түсініктер мен тәжірибелерді меңгеру үшін тиімді болып, жоғары жастағы мектепке дейінгі және төмен жастағы мектеп жасы табылады, және оны превентивтік жұмыста пайдалануға болады әрі пайдаланылауы тиіс. Осыған байланысты алдыналу мақсатында өткізілетін тренингтерді жүргзу үшін нысаналы топтардың жастық шектері 6 жасқа дейін төмендетілген.

¹⁹ «Сестры» жыныстық қатынас сипатындағы зорлық-зомбылыққа ұшырағандарға көмек көрсету Орталығының білім беру жобасының материалдары бойынша, Мәскеу қаласы, Ресей

3. Алданалу жұмыстарын жүзеге асыру барысында шектеулі психикалық мүмкіншіліктері бар балаларға аса назар аудару талап етіледі (яғни, психикасының дамуында тежеулер, ақаулықтар және басқа да бұзушылықтар орын алған, сонымен қатар, жүйкесінің, психопатикалық және реактивті бұзушылықтары бар науқастар). Алдыналу сабақтарының циклдарының тренингтік және ақпараттық бөліктерін осындай балалардың психикасының ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеу қажет.

«Адам құқығы - менің құқығым. Қауіпсіз жүріс-тұрыс және серіктестік» бағдарламасына аннотация

Циклдың жалпы сипаттамасы. Цикл келесі тақырыптар бойынша ұзақтығы 1,5-2 сағат 7 сабақтан тұрады:

1. Өзара танысу. Тренингтік топтар жұмысының мақсаттары мен ережелері.
2. Адам құқықтары - менің құқықтарым. Адамдар әр-түрлі - құқықтар бірдей. Заңдар ресми және адамгершіліктік. Жеке тұлғаны және басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу.
3. Менің денем. Дененің шектері, дене сезімі және оларға көңіл бөлу. Ұғынылған және ұғынылмаған.
4. Қауіпті жағдай: ол деген не; менің қауіпті жағдайдағы сезімім.
5. Әлеуметті құзыреттілік және қауіпсіз жүріс-тұрыс. Әлеуметтік жүріс-тұрыстың кейбір әдістерін меңгеру.
6. Мен әрекет етемін. Өз сезімін ашық білдіру және таңдау құқығы.
7. Қорытынды. Нәтижелерді қорытындылау. Жұмыстың тиімділігін бағалау мақсатында негізгі сұрақтарды талқылау.

Сабақтарды өткізу барысында топта жағымды психологиялық ортаны қалыптастыру мен оны сақтау үшін, қатысушылардың дене сезімін және сезімдерін қалыптастыруды актуализациялау үшін, қауіпсіз жүріс-тұрыстың нақты әдістерін меңгеруді қалыптастыру үшін арнайы тренингтік жаттығулар пайдаланылады. Оларды өткізу үшін 18-20 жаттығулар үлестіріледі, олар белгілі бір топтың психологиялық ерекшеліктеріне байланысты болады. Сабақтардың барысында қатысушылардың адам және бала құқықтары бойынша құжаттармен, қауіпсіз жүріс-тұрыс жөніндегі әдістемелікпен, пайдалы телефондар әдістемелігімен танысу көзделген.

Циклдың мақсаттарына баланың келесілермен танысуы жатады:

- баланың және балаға қатысты ересек адамның құқықтарымен танысу;
- ересек адамдар мен құрдастарымен серіктестік қарым-қатынастарда зорлық-зомбылықсыз жүріс-тұрыстың түсініктерімен және дағдылармен танысу;
- бала өзінің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуі үшін қолданылатын нақты шаралармен және оған ересек адамдар қолдау жасау бойынша нақты шаралармен танысу.

Егер де мүмкін болса, сабақты бастамас бұрын ата-аналармен жиналыс өткізіп, іс-шаралардың мақсаттары мен мазмұнын түсіндіру қажет. Ата-аналар Қауіпсіз жүріс-тұрыс жөніндегі Әдістемелікпен алданала танысуы тиіс және ол баланың қолында пайда олған кезде, Әдістемелікке тиісті жазбалар енгізуі тиіс. Әдістемелікті сабақтар аяқталғаннан кейін үйде балалармен талқылау қажет және баланың бөлмесінде телефонның үстінде немесе басқа да қолайлы жерге орналастыру қажет. Ата-аналар балаларға ол танымайтын бөтен адамдарды ешқашан жолдамауы тиістігін және басқа да баланың қауіпті жүріс-тұрысын туғызатын басқа да жағдайларды жасамауы тиістігін естеріне

сақтау қажет. Бала, оның ата-аналары оны екі ойлы жағдайға қойып қоймайтыны туралы және де қандай да болмасын жағдайларда көмекке келетіні туралы сенімді болуы тиіс. Сонымен қатар, баланың әңгімесі шындыққа сәйкес болмаған кездің өзінде де балаға қатысты сенім туралы мәселелені талқылаудың маңызы зор.

Әсіресе, сабақтың барысында қауіпсіз жүріс-тұрыс әдістерін меңгеруде елеулі психологиялық кедергілерді көрсететін «тәуекел тобындағы» балаларға ерекше назар аудару қажет. Сонымен қатар, жалпы әңгімелесу барысында немесе ақыл-ой серпіндісінің барысында белгілі тар тақырыпты ғана өрбітетін балаларға да назар аудару қажет (мысалы, жыныстық қатынас сипатындағы қарым-қатынастар, мектептегі және отбасындағы жанжалдар туралы тақырыптар). Баланың сабақтың барысындағы мұндай қылықтары осы оқу мекемесіндегі сынып жетекшісімен, психологпен немесе әлеуметтік педагогпен бөлек әңгімелесу үшін себеп болып табылады. Қиындықтары бар бала туралы ересек адамдармен байланыстарды орнатуға **тек қана баламен алдынала әңгімелескеннен кейін ғана және тек қана оның келісімімен** жүзеге асырылуы тиіс!

Осы циклдың сабақтарын өткізу барысында нақты мектептегі Өмір қауіпсіздігінің негіздері, Азаматтану, Адам құқықтары және басқа да аралас пәндерді өткізу ерекшеліктерін ескеру қажет. Осы пәнді жүргізу үшін негіз болған бағдарламалармен танысу қажет, және бізді қызықтыратын тақырыптарды қалайша қабылдайтыны және меңгеретіні туралы мұғалімдермен кеңесу қажет.

Қатысушылардың құрамы: сабақтар жуық шамамен бірдей жастағы балалар топтарында жүргізіледі. Мұғалімдердің ұсынысына байланысты немесе енгізу сабағының нәтижесі бойынша қатысушыларды жыныс белгілері бойынша топтастыруға болады. Қатысушылардың орташа саны - 8-14 адам, НГ үшін – 10 адамнан аспайды.

Үй-жай: мүмкіндігінше орындықтар, бірнеше парталар және жақсы тақта болатын қарапайым мектеп класы, сонымен қатар белсенді ойындар мен жаттығуларды өткізу үшін рекреация болғаны жөн. Білім беру мекемесінің әкімшілігімен келісім бойынша кейбір сабақтарды далада өткізуге болады, бірақ ол үшін 2-3 жүргізуші қатысуын тиіс.

Уақыты: сабақтарды өткізу үшін қолайлы уақыт сенбі күндері немесе жазғы қалалық лагерь болып табылады. Жетілдірілген түрде сабақтарды қаланың аумағынан тыс орналасқан лагерь жағдайында, бірін-бірі жақсы танымайтын балалармен өткізуге болады. Мектептегі сабақтан кейін аталған сабақтарды өткізудің қажеттігі жоқ, өйткені балалар шаршайды да, тиімді жұмыс естей алмайды. Әрбір сабақ үшін қажетті уақыт жуықталған болып табылады, өйткені сабақ барысы топтың белгілі бір ерекшеліктеріне байланысты болады.

Бағдарлама апробациясының нәтижелері: бағдарламаның апробациясының нәтижелерін талдау барысында қатысушылар жас бойынша үш топқа бөлінген: кіші - 6-8 жас аралығында, орта - 9-11 жас аралығында және жоғары – 12-14 жас аралығында. Әрбір жас тобында құқықтық біліміне және қауіпсіз жүріс-тұрыс әдістерін меңгеруіне қатысты өзіндік проблемалық мәселелер анықталған. Мүмкін, аталған жастар адамның қауіпсіздігінің белгілі аспектілерінде бағытталу үшін сензитивтік сипаттама алағн шығар, және осы аспектілер бірінші кезекте тренингтік әсер етудің объектілеріне айналған. Осыған байланысты біздің бағдарламамыз бойынша сабақты жүргізушілерге келесі ұсыныстар әзірленген болатын.

Кіші жас тобы: *мәселелер туындаған орта* – балалардың жалпы әлеуметтік-қылықтық құзыреттілігі және олардың айналада болып жатқанды талдау қабілеті және де қауіпті жағдайда бейімделу насандарын іздестіру, сонымен қатар, «ересек адамға бұлжытпай тәуелді болу» түсіну қабілеті.

Орта жас тобы: *мәселелер туындаған орта* – зорлық-зомбылықсыз жүріс-тұрыс пен адам құқықтары туралы түсінігі, құрдастармен қарым-қатынаста қиын жағдайларды жанжалдарсыз шешу қабілеті, және өзінің пікірін басқыншылдықсыз жеткізу. Қатысушылардың көпшілігі соңғы сабақтарда «Өзгелік. Қате түсіні. Құрметтеу.» тақырыбын, әсіресе, ұлтаралық және гендерлік аспектілерде талқылаудың маңыздылығын атап өтті.

Жоғары жас тобы: *мәселелер туындаған орта* – қауіпті жағдайдың түсінігі және оның мүмкін болатын салдары қарастырылады. Серіктестік жыныс аралық қылық пен басқыншылдық және қауіпті қылық арасындағы айырмашылыққа назар аудару маңызды (ер адамдар мен әйел адамдар үшін жүріс-тұрыс күрделі стереотип стандарттарына негізделіп құрылған).

Сабақ №1. «Адам құқықтары дегеніміз не?»

Сабақтың негізгі мақсаты: оқушыларды адам құқықтары бойынша тақырыппен енгізу, бұл ұғым нені білдіретіні туралы және қандай қатынастар адам құқықтарына қатысты екенін таныстыру.

Сабақтың мақсаттары:

Білім: Сабақтың нәтижесінде оқушылар келесілерді меңгеретін болады: адам құқықтарына дегеніміз не; адам құқығының қайнаркөзі болып не табылады, қандай қатынастарды адам құқықтарына жатқызуға болады.

Меңгерілген әдістер: Сабақтың нәтижесінде оқушылар келесілерді жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болады: адам құқықтарын 3 топқа бөлу және нақты осы бөліну қалайша пайда болғанын түсіндіру.

Құндылықтар: Сабақтың нәтижесінде оқушылар келесілерді түсінетін болады: адам құқықтары біздің адами қадір-қасиеттен пайда болатынын және біз мұндай құқықтарға адам болғандықтан ие болғанымызды түсінетін болады.

Материалдары: Заңнаманың үзінді мәтіндері, жағдайлар, ватмандар, фломастерлер немесе маркерлер.

Сабақтың жоспары:

1. Адам құқықтарының түсінігін құрастыру (құқықтық актімен жұмыс) - 10 мин.
2. Адам құқықтары қалайша қолданылады - мемлекет пен азамат арасындағы қатынастар (жағдайлар) - 10 мин.
3. Бізде қандай адам құқықтары бар және біз ол құқықтарды қалайша бөле аламыз (плакаттар) - 15 мин.
4. Қадір-қасиет дегеніміз не (шағын талқылау) - 5 мин.
5. Сабақтардың нәтижелерін қорытындылау - 5 мин.

Сабақтың барысы

1. Адам құқықтарының түсінігі (құқықтық актімен жұмыс) - 10 мин.

Сабақтың осы бөлігінің мақсаты адам құқықтары деген не екенін анықтау болып табылады. Оқытушы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы кіріспесінің үзінділерін тарата алады (төменде қараңыз) және оқушылардың көзқарасы бойынша адам құқықтарының түсінігін құрайтын неғұрлым маңызды бөліктерді таңдап алуды ұсынады.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының кіріспесі.

Адам баласы үйелменінің барлық мүшелеріне тән қадір-қасиетін, құқықтарының теңдігі мен тартып алынбайтындығын тану, бостандық пен әділдіктің және жалпыға бірдей бейбітшіліктің негізі болып табылатынына назар аударып отырып, адам құқықтарына деген елемеушілік, менсінбеушілік адам баласы арының зығырданын қайнататын тағылық жағдайға әкеліп соғатынына және дүние жүзі адамдары сөз бен наным-сенім бостандықтарына ие болып, үрей мен мұқтаждықтан ада бола алатына ортаны құру – адам баласының жоғарғы мәртебелі ұмтылысы деп жариялағанына назар аударып, адам баласы зорлық-зомбылық пен қанауға қарсы көтеріліске мәжбүр болатын жағдайды тудырмау үшін, адам құқықтары заң билігімен қорғалау керек екеніне назар аударып, Біріккен Ұлттар елдері өз Жарғысында негізгі адам құқықтарына, жеке адам басының қадір-қасиеті мен құндылықтарына және ерлер мен әйелдердің теңдігіне сенімдерін растап, улеуметтік прогресс пен адамға ылайық өмір сүру деңгейін, нақтыланған бостандықтардан тыс, кең ауқымды бостандықтарды арттыруға жәрдемдесу керек деген шешімге келгендеріне назар аударып, мүше-мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымымен ынтымақтаса отырып, адам құқықтары мен негізгі бостандықтары жалпыға бірдей құрметтеліп сақталуына ықпал жасауға міндеттенгендеріне назар аударып, осы міндеттемелерді толыққанды жүзеге асыру жолында осы құқықтар мен бостандықтардың мән-мағынасы мен ерекшеліктерін ұғынып түсінудің маңызы зор екендігіне назар аударып, Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын бүкіл халықтар мен мемлекеттердің ұмтылыстары арқылы адаммен қатар, қоғамның әр органы осы декларацияны үнемі жадында тұтып, білім беру және ағарту жұмыстары арқылы осы құқықтар мен бостандықтарды қадір тұтуға ықпал жасап, ұлттық халықаралық шаралар арқылы Ұйымның мүше мемлекеттерінің халықтарымен қосы, олардың юрисдикциясына қарасты аумақтардың халықтары арасында да, жалпыға бірдей тиімді түрде танылып, жүзеге асырылуы үшін алға қойылған мақсат ретінде жария етіп отыр.

Оқушылармен таңдап алынған барлық бөліктер маңызды болып табылады және адам құқықтарының түсінігінің құрамына жатқызылуы мүмкін. Алайда, адам құқықтары туралы әңгіме қозғау мүмкін болмайтын 4 бөлшек бар:

- әрбір адамға тиесілі, өйткені ол адам ;
- адам құқықтары адамның қадір-қасиетінен пайда болады - біз туылғаннан бастап өмір бойы қадір-қасиетке ие боламыз және одан ешкім айырыла алмайды;
- адам құқықтары тек қана мемлекет (билік) пен азамат арасындағы қатынастарға қатысты болады - только мемлекет (билік) может нарушить адам құқықтары. Бұны басқа азамат істей алмайды;
- бұл құқықтар ажырамас құқықтар болып табылады - азамат адам құқықтарынан бас тарта алмайды – олармен қолданылмауы мүмкін, бірақ ешқашан одан бас тарта алмайды. Адам құқықтары ажырамас болғандықтан, оларды шектеу мүмкін болмайтынын білдірмейді – кейбір ерекше жағдайларда адам құқықтары шектелуі мүмкін, бірақ шектеулер барлық құқықтарға қатысты емес.

2. Адам құқықтарының тігінен қолданылуы (жағдайлар) -10 мин.

Адам құқықтары жөнінде айтқан кезде түсінуіміз қажетті маңызды жайт – олардың тік сипаты болып табылады. Сабақтың осы бөлімнің мақсаты оқушылармен адам құқықтарының қолданылуының тік сипатын анықтау және мемлекеттің өкілі кім екенін білу болып табылады (мектеп директоры, қызметтік тұлға, судья, полиция қызметкері). Адам құқықтарын бұзумен байланысты болмайтын оқиғаларға ерекше назар аудару

қажет (мысалы, бір азаматтың екінші азаматқа қатысты жасаған қылмысы, балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастар және т.б.).

Төменде келтірілген мысал оқиғаларды оқушыларға таратып, оларда адам құқықтарының бұзылуы орын алған ба екені туралы және неліктен екені туралы пікірлерін білдіруді ұсынамыз.

1. Екі бала мектепте төмелесіп қалды. Төбелестің нәтижесінде олардың біреуі қолын сындырып алды.
2. Мектептің басшылығы, осы мектеп оқушыларымен басылып шығарылатын мектеп газеттерінің біреуін басып шығаруға тиым салды, өйткені, онда жарияланатын мақалалар мұғалімдерді сынайтын.
3. 14 жасар Аленаның анасы, ол кіммен және не туралы хат алмасатынын білу үшін, оған келетін хаттарды ашып, оларды оқып жүрген.
4. Юлияға Олег беріп жатқан хатты оқытушы тартып алып, оны сынып оқушыларының алдында дауыстап оқыды.
5. Светлана некені бұзу үшін өтініш жазуға сотқа келді. Алайда, өтінішті қалайша жазуды нақта білмеді. Осыған байланысты Светлана, құжаттарды қабылдап отырған қызметкерден, ол құжаттардың нысандарын дұрыс толтырды ма екенін сұрады. Қызметкер Светлананы қорлап, жазалған өтінішті жыртып тастап, Светлана қажетті нысандарды дұрыс толтыруды үйренгеннен кейін ғана қайта келсін деп айтты.
6. Галина базарда сатушы болып жұмыс ісдеті, ол сарымсақ саттатын. Сатып алушылардың біреуіне ол қателікпен қалған ақша соммасын дұрыс бермеді. Сатып алушы, ақшаны дұрыс бермегенін анықтап, Галинаны қызметкер деп атады.
7. Михаил «қызу қанды» милиционер болған. Ол, тергеу барысында айыпталушы сұрақтарға жалған жауаптар бергеніне шыдамы жетпейтін. Соңында, Михаил айыпталушының бетінен бар күшімен періп жіберген.
8. Игорьдың әкесі галамтормен пайдалануға тиым салды, өйткені ол ересек адамдар үшін арналған ақпараттарды қараған.

Мысал ретінде келтірілген жағдайларға жауап:

Адам құқықтары № 2, 4, 5 және 7 мысал ретінде келтірілген жағдайларда бұзылған. Өйткені, мысал ретінде келтірілген осы жағдайлардағы тараптарының бірі мемлекеттік лауазымды тұлғалар болған (мұғалім, полиция қызметкері, сот қызметкері, мектеп директоры). Олар мемлекет мемлекет (билік) ретінде адам құқықтарын бұзуы мүмкін.

№ 1 және 6 жағдайларда да құқықтар бұзылған, алайда ол адам құқықтарын бұзу болып саналмайды, өйткені екі тарап та азаматтар болып табылады.

№ 3 және 8 жағдайларда да адам құқықтарын бұзу орын алмайды - ата-аналары өздерінің балаларын өздерінің жеке көзқарастарына сәйкес тәрбиелей алады.

3. Адам құқықтарын санаттарға бөлу (плакаттармен жұмыс істеу) - 15 мин.

Адам құқықтарын 3 негізгі топқа бөлуге болады. Сабақтың осы бөлімінің мақсаты оқушыларды адамның негізгі құқықтарымен, олардың мазмұнымен, сонымен қатар оларды топтарға бөлумен таныстару болып табылады.

Оқушыларды 3-4 адамнан тұратын әрбір топқа бөлеміз. Осы топтардың әрқайсысы адам құқықтарының (жеке, саяси немесе экономикалық, әлеуметтік немесе мәдени), сонымен қатар Адам құқықтары туралы Конвенцияның және халықаралық пакттардың үзінділерінің біреуін алады.

а) Өмір сүру құқығы

Адам құқықтарын және бостандықтарын қорғау туралы Конвенциясының 2-бабы

1. Әрбір адамның өмір сүру құқығы заңмен қорғалады. Қылмыс жасаған адамға қатысты өлім жазасына тарту туралы соттың өкімін орындауды қоспағанда, ешкім қасақана өмірінен айырыла алмайды.

2. Өмірінен айыру күш қолдану абсолюттік қажеттіліктің нәтижесі болып табылатын жағдайларда, өмірінен айыру осы баптың бұзылуы ретінде қарастырылмайды:

a. кезкелген адамды құқыққа қарсы зорлық-зомбылықтан қорғау мақсатында;

b. заңды негіздерде қамауға алынған тұлғаның қашуын заңды түрде тоқтатуды немесе ұсауды жүзеге асыру мақсатында;

c. көтерілістер мен бүліктерді заңға сәйкес басу мақсатында.

б) Жеке бостандық құқығы

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің 9-бабы

1. Әрбір адамның бостандыққа және жеке басының өміріне қол сұғылмауына құқығы бар. Ешкім де еріксіз қамауда немесе тұтқында ұсталуға тиіс емес. Әркім өз бостандығынан тек қана заң негізінде және сол заңда белгіленген процедураға сәйкес айырылуы мүмкін.

2. Қамауға алынған әрбір адамға қамалған кезінде оның қамауға алынған себептері мен өзіне тағылған кез келген айып жедел түрде хабарланады.

3. Қамауға алынған немесе қылмыстық айыптау бойынша ұсталған әрбір адам судьяның немесе заң бойынша сот билігін жүзеге асыру құқығы бар және ақылға қонымды уақыт ішінде істі сотта қарауға немесе босатуға құзыреті бар басқа лауазымды адамның алдына жедел жеткізілуі тиіс. Сотта ісі қаралуын күтіп отырған адамдарды тұтқында ұстау жалпыға бірдей тәртіп болып саналмауы тиіс, бірақ босату - сотқа кел, сотта ісінің қаралуының қай сатысында болмасын келу, керекті жағдайда үкім орындалу кезіне келу кепілдігі берілсе ғана жүзеге асырылады.

4. Қамау немесе тұтқында ұстау арқылы бас бостандығынан айрылған әрбір адамның, оның ұсталуының заңды-заңсыз екендігі туралы сот кідіртпей қаулы шығарып және ұсталуы заңсыз болған күнде оны босату туралы бұйрық беру үшін ісі сотта қаралуына құқығы бар.

5. Қамаудың, я болмаса тұтқында ұсталудың құрбаны болған әрбір адам талаптық күші бар өтемақы төлемдеріне құқылы.

в) Әділ сот іс қарауына құқығы

Адам құқықтарын және бостандықтарын қорғау туралы Конвенциясының 6-бабы

1. Әркім оның азаматтық құқықтары мен міндеттері туралы даулар болған жағдайларда немесе оған кезкелген қылмыстық айып таққан жағдайларда, заң негізінде құрылған тәуелсіз және әділ сотпен белеглі мерзімдер ішінде істің әділ және жариялылық сот ісінің жүргізілуіне құқылы. Сот шешімі жариялы түрде жарияланады, алайда, егер де соттың шешімі бойынша аса қажетті деп танылған жағдайларда – жариялылық сот төрелігінің мүддесін бұзатын болса, немесе кәмелет жасқа толмаған балалардың мүдделері үшін немесе тараптардың жеке басының өмірін қорғау үшін, бұқаралық ақпарат құралдары мен жұртшылық іс жүргізудің барлық отырыстарына немесе оның бөлек отырыстарына жіберілмеуі мүмкін.

2. Қылмыс жасағаны үшін әрбір айыпталушы, оның кінәсі заңды тәртіппен анықталғанға дейін, кінәсіз деп саналады.

г) Ой-пікірін білдіру бостандығы (сөз бостандығы)

Адам құқықтарын және бостандықтарын қорғау туралы Конвенциясының 10-бабы.

1. Әркім өзінің ойын еркін білдіруге құқылы. Аталған құқық, қандай да билік тарапынан болмасын араласуына және мемлекеттік шекарасына қарамастан өзінің ойын білдіру бостандығын және ақпарат пен идеяларды қабылдау және тарату бостандығын құрайды. Аталған бап мемлекеттерге радио толқын, теледидар немесе киномотографиялық кәсіпорындарды лицензиялауға кедергі жасамайды.

д) Еркін сайлау құқығы

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің 25-бабы

Әрбір азамат 2-баптағы айтылған қандай да болсын кемсітушілікке және негізсіз шектеуге ұшырамай:

а) тікелей өзі, сондай-ақ ерікті түрде сайланған өкілдері арқылы, мемлекет ісін жүргізуге қатысу;

б) сайлаушылардың еркін білдіру бостандығын қамтамасыз ететін жасырын дауыс беру жолымен жалпыға бірдей және тең сайлау құқығы негізінде өткізілетін шынайы мерзімді сайлауда дауыс беру және өзі сайлану;

с) жалпыға бірдей теңдік шарты бойынша өз елінде мемлекеттік қызметке орналаса алу құқығы мен мүмкіндігіне ие болуы тиіс.

е) Жиналыстарды өткізу бостандығы және бірлесу құқығы

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің 21-бабы

Бейбіт түрдегі жиналыстарды өткізу құқығы танылады. Бұл құқықты пайдалану тек демократиялық қоғамның мемлекеттік, немесе қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүдделерін, жұрттың денсаулығы мен имандылығын сақтау және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажет етілетін, заңмен көзделген шектеулерден тыс шектелуі тиіс емес.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің 22-бабы

1. Әрбір адамның басқалармен бірігіп қауымдастықтар құру бостандығына оның ішінде кәсіподақтарды құрып оларға өз мүдделерін қорғау мақсатымен кіруге құқығы бар. Бұл құқықты пайдалану демократиялық қоғамның мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүдделерін, жұрттың денсаулығы мен имандылығын сақтау және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажет етілетін, заңмен көзделген, шектеулерден тыс шектелуі тиіс емес. Осы бап бұл құқықты пайдалануда қарулы күштер құрамындағы және полицияда істейтін адамдар үшін заңды шектеулер енгізуге кедергі етпейді.

ж) Еңбек ету құқығы

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 6-бабы

1. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер әр адамның өз еркімен таңдап алған немесе өз еркімен келіскен еңбегімен күнкөріс жасау мүмкіндігі құқығын қамтитын еңбек етуге құқығын мойындайды және осы құқықты қамтамасыз етуге тиісті қадамдар жасайды.

2. Бұл құқықты толық жүзеге асыру мақсатында осы Пактіге қатысушы мемлекеттер қабылдауға тиісті шараларға адамның негізгі саяси және экономикалық бостандықтарына кепілдік беретін жағдайдағы кәсіби-техникалық оқыту мен дайындық бағдарламалары, экономикалық, әлеуметтік және мәдени ұдайы даму мен толық өнімді еңбекке қол жеткізудің жолдары мен тәсілдері кіреді.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 7-бабы

Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер әркімнің әділетті және қолайлы еңбек жағдайына ие болу құқығын таниды, оған, атап айтқанда:

- а) барлық еңбеккерлерге, кем дегенде;
- б) құндылығы бірдей еңбектері үшін ешбір айырмашылықсыз әділ жалақы мен бірдей сыйақы алуын және де, атап айтқанда, әйелдер үшін еңбек жағдайы бірдей еңбегі үшін бірдей еңбекақы алатын ер адамдар пайдаланатын еңбек жағдайынан кем болмауына кепілдік берілуін;
- в) осы Пактінің қаулыларына сәйкес өздері мен отбасы мүшелері қанағаттанарлықтай тіршілік жасауын қамтамасыз ететін сыйақы;
- г) қауіпсіздік пен гигиена талаптарына жауап беретін еңбек жағдайы;
- д) еңбек өтілі мен біліктілігінің негізінде ғана жұмыста тиісті жоғары сатыларға көтерілуі үшін бәріне бірдей мүмкіндік берілуі;
- е) тынығу, бос уақыт және жұмыс уақытының орынды шектелуі, мерзімді ақылы еңбек демалысы, сонымен қатар, мереке күндерінде істеген жұмысы үшін сыйақы алу құқығы кіреді.
- ж) Білім алу құқығы

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 13-бабы

1. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер әрбір адамның білім алуға құқығын таниды. Олар білім - адамның жеке басының толық кемелденуіне және өзінің қадір-қасиетін сезінуіне бағытталып, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарына деген құрметті нығайтуы тиіс екендігімен келіседі. Бұдан әрі, олар білім баршаға еркін қоғамның пайдалы қатысушылары болуына мүмкіндік туғызып, барлық ұлттар мен нәсілдік, этникалық және діни топтар арасындағы өзара түсіністік, төзімділік пен достыққа ықпал етіп, Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті қолдау жолындағы жұмысына жәрдемдесетінін құптайды.

2. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер осы құқықты толық жүзеге асыру үшін:

- а) бастауыш білім баршаға бірдей міндетті және тегін болуы тиіс екендігін;
- б) әр түрлі нысанда орта білім алу, бұған кәсіптік-техникалық орта білімді қоса алғанда, барлық қажетті шараларды қабылдау жолымен, атап айтқанда, біртіндеп тегін білім беру жүйесін енгізу сияқты ашық және бәрі үшін қолжетімді болып жасалуы тиіс екендігін;
- с) жоғары білім алу әркімнің қабілетіне қарай барлық қажетті шараларды қабылдау жолымен, атап айтқанда, біртіндеп тегін білім беру жүйесі сияқты, бәрі үшін бірдей қолжетімді болып жасалуы тиіс екендігін;
- д) бастауыш білім алмаған немесе бастауыш білімнің толық курсын аяқтамағандар үшін қарапайым білім алу, мүмкіндігінше көтермеленіп, немесе үдетіліп оқытылу керек екендігін;
- е) барлық сатыдағы мектеп жүйелерін дамытудың белсенді түрде жүргізілуі, стипендияның қанағаттанарлықтай жүйесінің орнатылуы, оқытушылар құрамының материалдық жағдайының үнемі жақсартылып отырылуы тиіс екендігін таниды.

Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер ата-аналардың және тиісті жағдайларда, қамқоршылардың өз балаларын оқыту үшін мемлекет билігі құрған мектептерді ғана емес, сонымен қатар мемлекет белгілеуі немесе бекітуі мүмкін білім беру талаптарына жауап беретін және өз балаларының наным-сенімдеріне сәйкес діни және имандылық тәрбие беруді қамтамасыз ететін басқа да мектептерді таңдау еркіндігін құрметтеуге міндеттенеді.

Осы баптың ешбір бөлігі осы баптың 1-тармағында баян етілген принциптер сақталған жағдайда жеке адамдар мен мекемелердің оқу орындарын құру және басқару еркіндігін кеміту және бұндай оқу орындарында білім беру талаптары мемлекет белгілеген талаптармен үйлесімді болуын орындамау деп түсіндірілмеуі тиіс.

- и) Денсаулық сақтау құқығы

Баланың құқықтары жөніндегі Конвенциясының 24-бабы

1. Қатысушы-мемлекеттер баланың денсаулық сақтау жүйесінің неғұрлым жаңа қазметтерімен және науқастарды емдеу құралдарымен пайдалану құқығын және денсаулықты сауықтыру құқығын таниды. Қатысушы-мемлекеттер, балалардың ешбіреуі денсаулық сақтау жүйесінің осындай қызметтеріне қол жеткізу бойынша өзінің құқығынан айырылмауын қамтамасыз етуге ұмтылады.

2. Қатысушы-мемлекеттер осы құқықтың толық жүзеге асырылуы үшін әрекеттер жасайды, соның ішінде келесілерді жүзеге асыру үшін қажетті шаралар қабылдайды:

a) сәбилер өлімінің және балалар өлімінің деңгейін азайту;

b) Бірінші дәрігерлік-санитарлық көмек көрсетуді дамытуға бірінші кезекте назар аударып, барлық балалардың денсаулықтарын қорғау және қажетті дәрігерлік көмек көрсетуді қамтамасыз ету;

c) Қоршаған ортаның ластану тәуекелі мен қауіптілігін назарға ала отырып, басқаларымен қатар, қолайлы технологияларды пайдалану мен жеткілікті қоректендіретін азық-түлікпен және тамаққа қолданылатын сумен қамтамасыз ету жолымен, соның ішінде, бірінші дәрігерлік санитарлық көмек көрсету шеңберінде, науқастармен және дұрыс тамақтанбаумен күресу;

d) аналарға, тууға дейінгі және туғаннан кейінгі денсаулықты қорғау бойынша тиісті қызметтерді көрсету;

e) Қоғамның барлық мүшелерінің, соның ішінде ата-аналар мен балалардың, балалардың денсаулығы мен тамақтануы туралы, ана сүтімен тамақтанудың басымдылықтары туралы, балалар жүретін жерлердің тазалығы, санитариясы туралы және қатерлі жағдайлардың алдыналуы туралы білуін қамтамасыз ету, сонымен қатар, олардың білім алуына қол жеткізуді және оларды мұндай білімді қолдануда қолдау көрсету;

f) Алдыналу медициналық көмек көрсету және отбасы көлемін жоспарлау саласында ағарту жұмысы мен қызметтердің дамыту.

Әрбір топтың мақсаты – олар алған адам құқықтарының көрінісін көрсететін плакаттың суретін салу, ал кейіннен оқытушы көрсеткен жердегі қабырғада плакаттың тұсаукесерін өткізу. Жаттықтырушы, оқушылар плакаттарды сыныптың үш бөлігінде іліп қоюын ұсына алады – жеке құқықтар, саяси немесе экономикалық, әлеуметтік және мәдени плакаттар бөлек. Жаттықтырушы оқушыларға мұндай бөлудің себептарін айтпауы тиіс, сонымен қатар, мұғалім, олар жұмыс істеген құқық адам құқықтарының қандай тобына жататындағы туралы түсіндірмеуі тиіс.

Неліктер плакаттар осындай топтар бойынша ілінгенін, оқушылардың пікірі бойынша олардың арасындағы қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар екенін сұраймыз. Жаттықтырушы, осы топтар қалай аталатынын, неліктен осындай 3 топты бөліп шығаратынымызды және осы құқықтарды қорғауда қандай айырмашылықтары бар екенін айтады.

Адам құқықтары жеке, саяси және экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарға бөлу қажет. Аталған бөлініс, алдымен, олар құқықтар мен бостандықтардың әр-түрлі топтарын қорғайтындықтан пайда болады. Жеке құқықтар жалпы, әмбебап және, адамдардың жасына және олардың ақыл-ойларының даму деңгейіне қарамастан, барлық адамдарға қатысты болады. Бас қаларының ішінде оларға мыналар жатады: өмір сүру, бостандық құқығы, әділ сот талқылауы немесе ар-намыс пен дін уағыздау бостандығы. Саяси құқықтар, негізінен қоғамдық қатынастарға қатысты болады және кейде жаспен байланысты болады (мысалы, сайлауға қатысу құқығы). Бұған, сонымен қатар, мысалы, сөз бен жиналыстар бостандығына құқығы. Құқықтардың соңғы тобы экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтардан тұрады, олардың мақсаты бізге өмір сүрудің тиісті деңгейіне кепілдік беру. Мұндай топқа, мысалы, білім алу құқығы,

денсаулық сақтау құқығы немесе таза қоршаған орта жатады. Құқықтардың кейбір топтары әр-түрлі тарихи кезеңдерде қалыптасқан. 1215 жылғы Еркіндік Хартиясы (Magna Charta Libertatum) бостандық құқығына кепілдік берген. Адам және азамат құқықтарының Француз Декларациясы 1789 жылдан бастап саяси құқықтарды аса атап өткен, алайда аталған құқықтар барлық адамдарға таралмаған, тек қана кейбір ер адамдарға қатысты таралған. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болған және үнемі дамытылуда болады (мысалы, айтарлықтай жаңа құқыққа таза қоршаған орта құқығы жатады).

Төменде келтірілген жеке, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарға бөлінуі аса маңызды болып табылады. Негізгі айырмашылығы: егер мелекет оларды бұзбаса - азаматтық және саяси құқықтар неғұрлым «қатты» құқықтар болып табылады, біздерде халықаралық сотқа шағым жазудың арнайы құралдары, механизмдері және мүмкіншіліктеріміз бар. Сонымен қатар, біз өзіміздің еліміздегі соттарға қорғалу үшін жүгіне аламыз. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар өздігінше декларациялар болып есептеледі. Мемлекет, өзінің азаматтарына қатысты олардың толық көлемде іске асырылуына ұмтылуы тиіс. Мемлекет оны өзінің экономикалық даму деңгейіне байланысты жүзеге асыра алады. Алайда егер де біздің ойымызша, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды тиісті дәрежеде жүзеге асыруға ұмтылмаған жағдайларда, біздің, жалпы, осы құқықтарды қамтамасыз ету мүмкіндігіміз болмайды.

Жоғарыда аталғанның негізінде, бүкіл әлемде жеке және саяси құқықтар бірыңғай болғанына байланысты, әр-түрлі мемлекеттерде экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар әр-түрлі болады. Мысалы, Францияда өзгеше, Польшада өзгеше, Украинада өзгеше болады. Әрбір мемлекет әр-түрлі әдістермен, әр-түрлі деңгейде осы құқықтардың іске асырылуына жағдай жасауға ұмтылуда.

<i>Жеке құқықтар</i>	<i>Саяси құқықтар</i>	<i>Экономикалық, әлеуметтік және мәдени права</i>
<ul style="list-style-type: none"> • <i>Әмір сүту құқығы</i> • <i>Азаптауды қолдануға тиым салу</i> • <i>Құл еңбегіне тиым салу</i> • <i>Бас бостандығы</i> • <i>Әділ сот іс жүргізу құқығы</i> • <i>Жеке бас және отбасы өміріне</i> 	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Бейбіт жиналыстан</i> • <i>Бірлестіктер мен ассоциациялар бостандығы</i> • <i>Өкілді сайлау құқығы және сайлану құқығы (іс жүзіндегі және әділ сайлау құқығы)</i> • <i>Ой-пікірін білдіру құқығы</i> • <i>Жасы байланысты және денсаулық жағдайына байланысты зейнеттік қамтамасыз етілу құқығы</i> • <i>Ойлау, ар-намыс, діни сенімінің бостандығы</i> 	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Еңбек ету құқығы</i> • <i>Демалу құқығы</i> • <i>Мәдениет жетістіктерімен пайдалану құқығы</i> • <i>Білім алу құқығы</i> • <i>Қолжеткізілімді денсаулық сақтау жүйесіне құқығы</i> • <i>Кемсітуге тиім салу</i>

4. Қадір-қасиеті (шағын талқылау) - 5 мин.

Оқушылармен суреттелген адам құқықтары мен адамның қадір қасиеттері арасында қандай байланыс бар екені туралы оқушыларға сұрақ қоямыз. Осы сабақ бөлімінің мақсаты, оқушылар қадір-қасиеті көп немесе аз адамдардың болмайтыны

туралы фактісін түсінуі болып табылады. Сонадй қадір-қасиетке президент, полиция қызметкері, оқушылар, мұғалім, сондай-ақ бас бостандығынан айырылған адамдар ие болады.

Біздерге тиесілі адам құқықтары қадір-қасиеттен туындайды. Әрбір адам қадір-қасиетке туғанына ие болады, және де адам болғандықтан, кемсітуге, ұрып-соғуға, азапталуға немесе бас бостандығынан айырылуға жатпайды. Қадір-қасиет әрбір адамға тиесілі болады, себебі ол адам. Ол бала ма әлде ересек адам ба, ауқатты ма әлде кедей ме, адамгершілік қасиеті жоғары ма әлде қылмыскер ме – маңызды емес, сондықтан да, адам құқықтарының жалпыға ортақтығы туралы айтылған. Жеке қадір-қасиетті абыроймен шатастырмау қажет, абырой тек қана өзіміздің жүріс-тұрыстарымызға баланысты, сондай-ақ біз әділ немесе әділетсіз әрекеттер жасайтынымызға байланысы.

5. Сабақтардың нәтижелерін қорытындылау - 5 мин.

Оқушылардың әрбір жұбы әртүрлі құқықтық құжаттар (заңдар, конвенциялар, конституция) үзінділерінің біреуін алады, бірақ осы үзінді қандай құқықтық құжаттан алынғаны белгіленбейді. Оқушылардың мақсаты құқықтан алынған осы үзінді адам құқықтарына қатысты ма әлде жоқ па және неліктен екенін анықтау болып табылады.

1. Өмір сүру құқығы әрбір адамның ажырамас құқығы болып табылады. Бұл құқық заңмен қорғалады. Ешкім еріксіз өмірінен айырылмайды.
2. Кісі өлтіру, яғни басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру, - алты жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
3. Әрбір жеке тұлға немесе заңды тұлға өзінің мүлігін қадірлеуге құқылы. Қоғам мүдесі мен заңмен және халықаралық құқықтың жалпы қағидаларымен көзделген талаптарды қоспағанда, ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды.
4. Меншік иесіне өзінің мүлігін иеленуге, пайдалануға және билік етуге құқылы.
5. Әркім өзінің жеке басының және отбасының өмірін, өзінің тұрғын-жайын және өзінің корреспонденциясын қадірлеуге құқылы.
6. Өкілеттігі жоқ адам өзіне арналмаған жабық хатты қабылдап, оны ашқаны үшін (...), ақшалай айыппұл салынуға, бас бостандығын шектеуімен немесе 2 жылғы дейін мерзімге бас бостандығынан айырылумен жазалануға жатады.
7. Әркім бас бостандығы құқығына және жеке басының қол сұғылмауына құқылы. Заңмен белгіленген тәртіппен және келесі жағдайларды қоспағанда, ешкім бас бостандығынан айырылмайды; (...).
8. Адамды бас бостандығынан айылған тұлға, 3 айдан 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырумен жазалануға жатады.
9. Қатысушы-мемлекеттер өзінің көзқарастарын құрастыра алатын балаға, бала құқықтарына қатысты барлық сұрақтар бойынша осы көзқарастарын еркін білдіруді қамтамасыз етеді, сонымен қатар, баланың көзқарастарына, оның жасы мен жетілуіне байланысты тиісті назар аударылады.
10. Ата-аналары өздерінің балаларына қатысты тең құқықтарға және тең міндеттерге ие болады (ата-аналардың құқықтары).

Жауаптары: адам құқықтарына қатысты: 1,3,5,7,9; адам құқықтарына қатысты емес: 2,4,6,8,10

Қойылатын сұрақтар:

1. Адам құқықтарына дегеніміз не? Негізгі адам құқықтарын және оларды жария ететін халықаралық актілерді атаңыз.
2. Адам құқықтары қалайша қолданылады?
3. Бізде қандай адам құқықтары бар және біз ол құқықтарды қалайша бөле аламыз?
4. Қадір-қасиет дегеніміз не?

Сабақ № 2. Адам құқықтары жөніндегі негізгі құжаттар

Сабақтың негізгі мақсаты: Оқушыларды адам құқықтары жөніндегі негізгі халықаралық құжаттармен таныстыру.

Білім: Сабақтың нәтижесінде оқушылар келесілерді меңгеретін болады:

- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының; Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің; Международного пакта об экономических, социальных и культурных правах человека; адам құқықтарын және бостандықтарын қорғау туралы Еуропа Конвенциясының қабылдану тарихын;
- жоғарыда аталған актілердің мазмұны мен ерекшеліктерін;
- халықаралық құжаттар мен ұлттық заңнамада бекітілген негізгі азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар; халықаралық құжаттар мен ұлттық заңнама арасындағы өзара байланыс; - адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттардың нормаларын ұлттық заңнамаға енгізудің себептері.
- виды халықаралық құжаттардың по правам человека.

Меңгерілген әдістер: Сабақтың нәтижесінде оқушылар келесілерді жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болады:

- адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттарды анықтау;
- адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттарды талдау;
- халықаралық құжаттардың нормаларын ұлттық заңнамамен байланыстыру;
- өзінің көзқарасын (өзінің құқықтарын) білдіру және қорғау үшін халықаралық құжаттарға және ұлттық Конституцияға сілтеме жасау.

Құндылықтар: сабақтардың нәтижесінде оқушылар:

1. келесідей көзқараста болады:

- адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттарға адам құқықтарын қорғау саласында негіз қалаушы актілер ретінде;
- мемлекетке, адам құқықтарын қорғауға бағытталған құрылым ретінде;

2. адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттардың нормаларын ұлттық заңнамаға енгізудің маңыздылығын түсінеді.

Материалдары:

- сабақтарда тақтаны да, ватмандарды да пайдалануға болады, бірақ осы сабақта жазатын ақпараттың көлемі үлкен болғандықтан, біз тақтаны белсендірек пайдалануды ұсынамыз: тақта немесе ватмандар (6 дана);
- кейбір халықаралық құжаттардың мәтіндері - топқа бір данадан келеді және Ұлттық Конституцияның мәтіндері - әрбір топқа бір дана;
- бірін-бірі оқытады әдісін жүзеге асыру үшін сыныптағы оқушылар саны бойынша кәртішкелер;
- сынақ (саны сынақты өткізу әдісіне байланысты болады: 1) егер де әркім нысанды толтыратын болса - қатысушылардың саны бойынша, 2) егер де оқушылар дәптерлерінде тек қана жауаптарды жазатын болса, онда оқытушы тапсырмаларды осы әдістемеден дауыстап оқуына болады).

Сабақтың жоспары:

1. Сабақ тақырыбымен таныстыру - 2 мин.
2. Халықаралық құжаттардың түрлерімен таныстыру - 3 мин.
3. Адам құқықтары жөніндегі негізгі құжаттардың түрлерімен таныстыру - 5 мин.
4. Адам құқықтары жөніндегі құжаттардың хронологиялық тізімдерін құрастыру - 2 мин.
5. Оқытушының қосатын үлесі: адам құқықтары жөніндегі халықаралық

құжаттардың ұлттық заңнамамен ара-қатынасы туралы ақпарат - (3 мин.

6. Топтарда адам құқытары жөніндегі халықаралық құжаттардың тиісті Ұлттық Конституцияның нормаларымен салыстыру бойынша жұмыс - 10-15 мин.

7. Топтардың жұмыстардың нәтижелері бойынша талқылау жүргізу - 11 мин.

8. Материалды меңгеру дәрежесін тексеру - 4 мин.

Сабақтың барысы:

1. Сабақтың тақырыбы және күтілетін нәтижелер – 2 мин.

Осы бөлімнің мақсаты: Оқушылар осы сабақтың нәтижесінде қандай ақпаратты меңгеретінін түсінуі үшін, сонымен қатар, оқушылар, сабақтың басында оқытушымен жоспарланған нәтижелерге қол жеткізілді ма екенін бағалауы үшін, оқытушыларды сабақтың тақырыбымен және күтілетін нәтижелерімен таныстыру қажет.

А. Оқытушыға, сабақты бастаған кезде оқушыларға олардың пікірі бойынша халықаралық құжат дегеніміз не деген сұрақтан бастаудан ұсынылады? Оқушылардың жауаптарын ватманға жазып алу қажет. Сабақты осылайша бастау арқылы, осы сабақта халықаралық қауымдастық деңгейінде қабылданатын адам құқықтары саласындағы құжаттар қарастырылатынына назар аударуға ықпалын тигізеді. Сондай-ақ, бұдан әрі сабақтарда қарастырылатын бұл халықаралық құжат пен оның түрлерін түсініктемелерін кейіннен анықтау үшін пайдалы болады.

Б. Сабақтың тақырыбымен және күтілетін нәтижелерімен тікелей таныстыру. Бұны әр-түрлі әдістермен орындауға болады. Бастысы, сабақтың тақырыбымен және күтілетін нәтижелерімен таныстыру ұзаққа созылмауы тиіс және де бөлінген уақыт ішінде жүзеге асырылуы тиіс. Оқытушы, оқушыларға күтілетін нәтижелерді жеке өздері оқып шығуды немесе сынып оқушыларының ішінен ерік білдірген оқушыға оқып шығуды және кейіннен талқылауды ұсына алады, тақтаның немесе ватманның бетінде жазып, кейіннен талқылай алады.

Жоғарыда аталғанның негізінде, халықаралық құжатты анықтау бойынша ұсынылған әдістерді жазғаннан кейін, оқытушы оқушылардың назарын сабақтың барысында адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттар туралы тақырып қарастырылатынына аударады.

Сабақтың тақырыбымен және күтілетін нәтижелерімен таныстыру барысында келесілерге назар аудару қажет: 1) сабақ оқушыларды адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттармен, оларды қабылдау тарихымен және олардың мазмұнымен таныстыруға, сонымен қатар, осы халықаралық құжаттардың ұлттық Конституциямен және заңдармен ара-қатынасын анықтауға бағытталған; 2) тәжірибе бөлігі оқушыларды, олардың құқықтары бұзылған деп санаған жағдайларда халықаралық құжаттар мен ұлттық Конституцияда бекітілген құқықтарға сілтеме жасауды үйрету үшін арналады; 3) сабақтан кейін оқушылар халықаралық құжаттарда адам құқықтарының бекітілуінің маңыздылығын түсінетін болады.

2. Сабақтың тақырыбы бойынша негізгі ұғымдармен танысу - 3 мин.

Осы бөлімнің мақсаты: оқушылар сабақтың тақырыбын меңгеру барысында кездесетін ұғымдарға анықтама беру (терминдерді шатастыруды және түсінбеуді болдырмау мақсатында, бұны сабақтың басында жүзеге асыру қажетті болып табылады); халықаралық құжаттардың түрлері арасындағы айырмашақтарды оқушылардың жеке өздері анықтау мүмкіндігін беру қажет; сонымен қатар, осы бөліктің көмегімен оқушыларға халықаралық қауымдастықпен қабылданған адам құқықтары жөніндегі құжаттардың түрлері туралы ақпарат беріледі.

А. Мүмкіндігінше, келесі сұрақтарды бірінен кейін бірін қою қажет Желателно последовательно задать келесі қойылатын сұрақтар: 1. Халықаралық құжаттардың қандай түрлері болады ? 2. Декларация дегеніміз не? 3. Конвенция дегеніміз не? 4. Аталған

құжаттардан пактінің айырмашылығы қандай? Оқушылардың жауаптарын тақтаның немесе ватманның бетінде бекіткен жөн.

Б. Оқушылардың жауаптарынан кейін түсініктемелер ұсынылады (уақытты үнемдеу мақсатында терминдердің түсініктемелерін ватманның немесе тақтының артқы бөлігінде алдынала жазып қою қажет). Түсініктемелерді, сабақтың тақырыбын сияқты әр-түрлі әдістермен таныстыруға болады: оқушылардың біреуін оларды оқып шығуын ұсыну немесе оқушылардың жеке өздері оқып шығуы үшін алдынала дайындалған көшірмелерін тарату; жазылған мәліметтерді өзі оқу. Таныстырудың кезкелген әдістері кезінде, оқытушы ұсынған түсініктермен ортақ ұғымды таба отырып, оқушылардың бұдан бұрын жазып алынған жауаптары арасында байланысты анықтаған жөн, мұндай жағдайларда оқушылардың ұсынылған ақпаратты есте сақтау белсенділігі ынталандырылады, өйткені ол оқытушы мен оқушының ортақ білімінің нәтижесі ретінде орын алады. Білімді бекіту мақсатында түсініктемелердің алдынала дайындалған көшірмелерін таратуға болады.

Жоғарыда келтірілген құжаттардың ішінде декларация неғұрлым декларативтік сипатта болуымен ерекшеленеді. Декларациялар, сөздің тура мағынасына сәйкес, міндетті сипатқа ие болмайды. Олар тек ұсыныстар, тілектер болып табылады. Алайда мұндай құжаттар үлкен моральдық-саяси күшіне ие болады және оларға байланысты мемлекеттердің бағыттарын таниды. и по отношению к ним судят о позициях государств. Олар қабылданғаннан кейін бірден күшіне енеді. Халықаралық құқықта келісім-шарт құжаттарының түрлері үшін нақты атаулары белгіленбеген. Алайда, әдеттегідей, Конвенциялар - ұқсас мәселелер бойынша, қандай-да болмасын арнайы сұрақ бойынша келісім болып табылады, ал Пактілер - мәселелердің әр-түрлі топтарын қамтитын шарттар болып табылады. Конвенциялар мен пактілер оларды қабылдағаннан кейін емес, мемлекеттердің белгілі бір санымен ратификацияланғаннан кейін ғана күшіне енеді. Ратификация мемлекеттің жоғарғы заң шығарушы органымен белгілі халықаралық құжатты мақұлдау болып табылады, содан соң ол ішкі құқықтың бөлігіне айналады және осы мемлекеттің заңдарына қатысты басымдылыққа ие болады. Конвенцияға және пактіге қатысушы-мемлекеттер мұнда көзделген міндеттемелерді өздеріне жүктейді және оларды қатаң сақтауы тиіс. Осы келісім-шарттарды іске асыруды қадағалау үшін, әдеттегідей, тиісті комитеттер құрылады.

Жоғарыда аталған құжаттардан басқа халықаралық құқықта хартиялар болады (от греч. chartes - қағаз, грамота). Аталған термин орта ғасыр заманынан бері белгілі (мысалы, Ұлы Еркіндік Хартиясы және т.б.). Бұрынғыдай, бүгінгі күндері де хартиямен бұқаралық-құқықтық жариялы-құқықтық және саяси сипаттағы құжат белгіленеді. Конвенция, пакт немесе хартия болсын, құжаттың атауы оның мазмұнына айтарлықтай әсер етпейтінін айта кету қажет.

3. Адам құқықтары жөніндегі негізгі халықаралық құжаттар туралы ақпарат - 5 мин.

Осы бөлімнің мақсаты: оқушыларға адам құқықтары жөніндегі төрт құжат туралы қажетті (негізгі) ақпаратты ұсыну.

А. Сынып оқушылары аталған әдістердің біреуі бойынша қарастырылатын құжаттарға байланысты төрт топқа бөлінеді. Әрбір топқа ол жұмыс істейтін құжат тағайындалады. Олардың әрқайсысындағы оқушыларға адам құқықтары жөніндегі құжаттардың біреуі туралы ақпаратты құрайтын карточканы үш минуттың ішінде оқып шығу ұсынылады. Әрбір оқушыға алдынала бір кәртiшкеден дайындап қойған дұрыс. Бір минут ішінде оқушылар кәртiшкенің мазмұнымен танысады. Бірін-бірі оқыту әдісі: әрбір оқушы адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттардың біреуі туралы ақпаратты құрайтын алдынала дайындалған кәртiшкені алады.

Б. Содан соң, оқушылар тапсырма алады: басқа үш кәртiшкенiң мазмұнын бiлу мақсатында, сынып бойынша орын ауыстырып, өздерi оқыған ақпаратпен бiр-бiрiмен алмасу.

№1 Адамның құқықтарының Жалпыға ортақ Декларациясы.

Адам құқықтары саласындағы негiз қалаушы халықаралық құжат болып табылады. Бiрiккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған. Кiрiспесiнен және 30 баптан тұрады. Кiрiспесiнде адам отбасының барлық мүшелерiне тиесiлi қадiр-қасиеттi, олардың тең және ажырамас құқықтарын тану бостандықтың, әдiлдiктiң және жалпы бейбiтшiлiктiң негiзi болып табылады деп көзделген. Декларацияның баптары адам құқықтарының кең аясы көзделген. Декларация ұсыныс сипатына ие болатынына қарамастан, ол «барлық халықтар мен мемлекеттер қол жекiзуге ұмтылуы тиiс стандарт» болып табылады. Бүгiнгi күнi, Адам құқықтарының жалпыға бiрдей декларациясы қабылданғаннан кейiн қабылданған 90 ұлттық Конституциялар оның ережелерiне сәйкес келтiрiлуде. Аталған құжат мемлекеттердiң демократия, бостандық, заңдылық жолымен дамуы үшiн аса маңызды болып табылады.

№2 Азаматтық және саяси құқықтар жөнiндегi Халықаралық пакт.

Бiрiккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясымен 1966 жылдың желтоқсан айында қабылданған. Ол адамға азаат ретiнде тиесiлi және оның мемлекеттiң саяси өмiрiнде қатысуымен байланысты құқықтары мен бостандықтарының кешенiн құрайды. Пакт келесi құқықтарға кепiлдiк бередi: өмiр сүру құқығы, бостандық және жеке басының қол сұғылмаушылығы құқығы, ойлау, дiни бостандығы құқығы, өзiнiң ой-пiкiрiн бiлдiру құқығы және басқалары. Пактiнiң ережелерiн iске асыру мақсатында БҰҰ адам құқығы жөнiндегi Комитетi құрылған. Пактiге екi Қосымша хаттама қосымша ретiнде үлестiрiлген. Қосымша хаттаманың бiрiншiсiне қол қойған мемлекеттер БҰҰ адам құқығы жөнiндегi Комитетiмен азаматтардың олардың құқықтары бұзылғандығы туралы шағымдарын қарастыруға келiсiм бередi. Екiншi Қосымша хаттама өлiм жазасынан бас тартуға бағытталған.

№3 Адамның экономикалық, әлеуметтiк және мәдени құқықтары жөнiндегi Халықаралық пакт.

Бiрiккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясымен 1966 жылдың желтоқсан айында қабылданған. Аталған құжатта әрбiр адамның еңбек етуге құқығын, жұмысты еркiн таңдау құқығын, еңбек етудiң әдiл және қолайлы жағдайларына құқығын, тең жұмыс үшiн тең еңбекақы алу құқығын, демалу және жұмыстан бос уақыт құқығын және басқа да бiрқатар құқықтарды таниды. Пактiмен бекiтiлген құқықтардың жүзеге асырылуына қадағалау мақсатында БҰҰ шеңберiнде 1985 жылдан бастап Адамның экономикалық, әлеуметтiк және мәдени құқықтары жөнiндегi Комитет жұмыс атқарады, ол мемлекеттердiң Пактiнiң ережелерiн сақтау бойынша қызметi туралы баяндамаларын қарастырады.

№4 Адамның құқықтарын және негiзгi бостандықтарын қорғау жөнiндегi Еуропалық конвенциясы.

Адамның құқықтарын және негiзгi бостандықтарын қорғау жөнiндегi Еуропалық конвенциясы 1950 жылғы 4 қарашада Европа Кеңесi шеңберiнде қабылданған, содықтан да ол тек қана Европа Кеңесiнiң мүше-мемлекеттерiнiң аумағында қана қоладанылады. Ол төрт мәрте жаңа ережелермен толықтырылған. Адамның құқықтарын және негiзгi бостандықтарын қорғау жөнiндегi Еуропалық конвенциясы азаматтық және саяси құқықтарды ғана қорғайды. Аталған Адамның құқықтарын және негiзгi бостандықтарын қорғау жөнiндегi Еуропалық конвенциясына қол қойған мемлекеттердiң

азаматтары, осы құжатта көзделген құқықтары бұзылған жағдайларда, адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сотқа шағым беруге құқылы, оның шешімдері Осы Конвенцияның қатысушы-мемлекеттер үшін міндетті болып табылады.

В. Оқушыларға, оларға белгілі болған барлық құжаттарды қағаз бетінде көрсету қажеттігін ұсынған жөн. (1 мин.). Бұл оқушыларға алынған ақпаратты бекітіп, оған талдама жасауға ықпалын тигізеді, сонымен қатар, осы мәліметтер, аталған құжаттардың қабылдану тарихы туралы айтқан кезде негіз болған құжаттардың хронологиялық тізімін кейіннен құрастыру үшін қажет болады.

Осы замандағы адамзат адамның жалпы таралған құқықтары мен бостандықтары бекітілген бірқатар халықаралық құжаттарға ие болады. Еуропалық континентте олар БҰҰ, Еуропа Кеңесі и Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтамақтастық жөніндегі Ұйым (ЕҚЫҰ) аясында қоладыналады. Аталған құжаттармен бүкіл адамзат көңіл бөлген мәселелердің кең аясы қамтылған.

Адамның құқықтарының Жалпыға ортақ Декларациясы адам құқықтары саласындағы неғұрлым тарихи мыңызды құжаттардың бірі болып табылады. Оның кіріспесі мен отыс бабы азаматтық құқықтардан басқа, саяси құқықтарды, және экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды реттейді. Бірінші баптары барлық адамдардың бостандықтары мен теңдіктерін жария етуге, сонымен қатар, Декларацияда көзделген әрбір адамға қатысты құқықтарды бекітуге бағытталған. Аталған құжаттың келесі 19 баптары (3-21 баптар аралығында) демократиялық құқықтарға арналған. Олардың ішінде: өмір сүру, бостандық және қауіпсіздік құқығы; құлдықтан және еркінсіздік жағдайынан бас бостандығы құқығы, жеке басының өміріне қол сұғылмауы құқығы және мүлікті иелену құқығы, сонымен қатар, дінге сену, сөйлеу, бейбіт жиналыстар құқықтары және орын ауыстыру бостандығы, негізсіз қылмыстық қудалаудан қорғаумен байланысты бірқатар құқықтар және басқалары. 22-29 аралығындағы баптар Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды, соның ішінде әлеуметтік қамтамасыз ету, еңбек ету құқығы, білім алу, мәдени өмірге қатысу құқықтары және басқалары. Адамның құқықтары мен бостандықтарын бекіте отырып, Декларация, әрбір адам қоғам алдындағы міндеттерге ие болады деп белгілейді, сондықтан да, азамат өзінің құқықтары мен бостандықтарын іске асыру барысында кейбір қажетті шектеулермен кездесуі мүмкін. Мұндай шектеулер заңмен ғана орнатылуы тиіс және де тек қана басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мақсатында, адамгершілік, қоғамдық тәртіп және жалпы әл-ауқат талаптарын қанағаттандыруды қамтамасыз ету мақсатында бекітілуі тиіс.

Адамның құқықтарының Жалпыға ортақ Декларациясы келісім-шарт болып табылмайды, және де ол өздігінен декларация ретінде, міндетті күшіне ие болмайды. Сондықтан да, Декларацияда көзделген құқықтарға 1966 жылғы пактілерді қамтамасыз етуге бағытталған заң күшін беру қажеттігі туындаған. Жоғарыда аталғанның негізінде, адам құқықтары жөніндегі халықаралық пактілер - жалпы танылған адам құқықтары мен бостандықтарын бекітетін келісім-шарттар, оларға қатысушы-мемлекеттер жалпы танылған адам құқықтары мен бостандықтарын толық көлемде жүзеге асыру үшін шаралар қабылдау бойынша ресми келіседі. Халықаралық пактіде көзделген азаматтық және саяси құқықтардың тізімі, сонымен қатар, Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары жөніндегі Халықаралық пактіде көзделген экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар тізімі, орадан бұрын қабылданған Жалпыға ортақ декларациясында көзделген тізімдерге қарағанда ұзын әрі нақты болып келеді. Пактілерде осы аталған құқықтарды жүзеге асыру үшін нақты қадамдар көзделген.

Адамның құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық конвенциясы біздің континентіміздегі адам құқықтарын тиімді қорғау механизмінің негізі болап табылады. Конвенцияда көзделген құқықтар, өздерінің мазмұны жағынан Адам құқықтары жөніндегі Халықаралық пактіде анықталған құқықтармен ұқсастықтары көп. Конвенция, Пакт сияқты, азаматтық және саяси адам құқықтарын ғана қорғайды. Ол саяси декларация емес, іс жүзінде қолданылатын құқық болып табылады. Конвенцида бекітілген мемлекеттің құқықтары өзінің азаматтарына кепілдік бере алады, өйткені Конвенцияға қатысушы-мемлекеттер мемлекетаралық шағымдар (хабарламалар) жүйесіне тәуелді болуға міндеттенеді, сонымен қатар, Конвенцияның 25-бабына сәйкес арнайы өтініш жасалған жағдайларда, олар, Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сотпен қарастырылатын жеке хабарламалар (петициялар) жүйесіне келіседі.

4. Адам құқықтары жөніндегі негізгі құжаттардың тізімі - 2 мин.

Осы бөлімнің мақсаты: адам құқықтары саласындағы халықаралық келісімдерді қабылдау сатыларын көрсету; оқытушының адам құқықтары жөніндегі құжаттар туралы шағын-дәрістерге дайындалуы.

Оқытушы оқушыларды құжаттардың құрастырылған тізімдеріне назар аударып, оларды қабылдау мерзімі бойынша құжаттарды атап беруді ұсынады. Жауаптары тақтаның немесе ватманның бетінде бекітіледі.

5. Оқытушының шағын-дәрістері - 3 мин.

Осы бөлімнің мақсаты: адам құқықтары жөніндегі құжаттарды қабылдау тарихы туралы ақпаратты беру, сонымен қатар адам құқықтары жөніндегі халықаралық келісімдердің ұлттық заңнамамен ара-қатынастыры туралы ақпарат беру.

Төменде келтірілген және қосымша материалдарды пайдалана отырып, дәрісті дайындау және өткізу ұсынылады.

Адамазат тарихында тұңғыш рет әрбір адамның теңдігі, бостандығы, бақытты болу құқығы 1776 жылғы Тәуелсіздік Декларациясында, 1789 жылғы Адам және азамат құқықтарының Декларациясында (Франция) бекітілген болатын. Алайда осы ғасырдың басын дейін адам құқықтары әрбір нақты мемлекеттің құқығымен ғана реттелген болатын.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ұлттар Лигасы аясында құлдықпен және құлдарды саудаға салумен күресуге бағытталған, сонымен қатар, әйел адамдар мен балаларды саудаға салудың алдыналуына және жоюына бағытталған бірқатар халықаралық келісімдер жасалды. Екінші дүниежүзілік соғыстың тәжірибесі адамның құқықтары мен бостандықтарын халықаралық қауымдастық деңгейінде қорғау мүмкіндігін туғызатын ережелерді бекіту қажеттегін көрсетті. Бұл 1945 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымын құрғаннан кейін және оның адам құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттердің ынтымақтасуын дамыту негізін қалайтын Жарғысын бекіткеннен кейін мүмкін болды. Біріккен Ұлттар Ұйымының аясында Адам құқықтары жөніндегі Билль қабылданған болатын, оның құрамына включающий Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясы; Адамның азаматтық және саяси құқықтары жөніндегі халықаралық пакт; Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары жөніндегі халықаралық пакт, Адамның азаматтық және саяси құқықтары жөніндегі халықаралық пактіге № 1 Қосымша хаттамасы және № 2 Қосымша хаттамасы кіреді. Алғашқы Қосымша хаттама был 1966 жылы қабылданған болатын, алайда ол тек 10 жыл өткеннен кейін - қатысу-мемлекеттердің қажетті санымен ратификацияланғаннан кейін ғана күшіне енген болатын. Хаттаманың негізгі қаулысы болып, осы Хаттамаға қатысатын мемлекеттер «Пактіде көзделген кезкелген құқықтарды қатысушы-мемлекет бұзуының салдарынан жәбірленгенін хабарлаған осы мемлекеттің юрисдикциясына жататын тұлғалардан алынған хабарламаларды қабылдау және қарастыру бойынша Комитеттің құзыретін тануы» болып табылады (1-бап), («Комитет» -

БҰҰ адам құқығы жөніндегі Комитеті). Екінші Қосымша хаттама 1989 жылы қабылданған. Оның мақсаты өлім жазасынан бас тарту болып табылады. Бірінші Хаттамаға Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық пактіні бекіткен барлық мемлекеттер қосылды. Ал Екінші Хаттамаға қосылу біртіндеп жүзеге асырылуда, мысалы, Беларусь Республикасы оны әлі де бекітпеген. Еуропалық континенттегі тағы бір маңызды орган болып, аясында адам құқықтарын қорғау жүзеге асырылатын Еуропа Кеңесі (1949 жыл) болып табылады, оған қатысушы-мемлекеттер 1950 жылы Адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық конвенциясын қабылдаған. Адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық конвенциясының негізінде онымен жария етілген құқықтарды қорғау бойынша тиімді әрі ықпалды механизм құрылды. Алайда, Еуропа Кеңесінің мүшелігіне әлі де еуропалық мемлекеттердің барлығы кіркен жоқ, сондықтан да бұл Конвенция, мысалы, Беларусь Республикасында қолданылмайды. Жоғарыда аталған құжаттарда басқа, адам құқықтары саласындағы көптеген басқа да келісімдер әрекет етеді (мысалы, Нәсілдік кемсітудің барлық нысандарын жою жөніндегі халықаралық конвенциясы, 1965 жыл, Әйел адамдарға қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою жөніндегі халықаралық конвенциясы, 1979 жыл, және т.б.).

Адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттардың нормаларының ұлттық Конституцияларда көзделген нормалармен ара-қатынасы туралы маңызды болып табылады. Халықаралық құжаттарда жария етілген құқықтар жалпыға ортақ болып табылады, олар барлық мемлекеттердің азаматтары үшін қолданылады. Мұндай құқықтар халықаралық келісімдерге қатысушы-мемлекеттер сақтауға міндетті жалпыға ортақ стандарт болып табылады. Ал Конституциялардың нормалары белгілі бір мемлекеттің азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын неғұрлым толық және нақты бекітілуін білдіреді. Конституция олардың қолданылуына кепілдік береді. Өйткені, мемлекеттің Конституциясы – бұл жоғары күші бар заң, яғни мұндай бекітілу, осы мемлекетте қабылданатын барлық басқа да заңдар Конституцияда көзделген құқықтар мен бостандықтарды сақтайтынын білдіреді. Сонымен қатар, мемлекетте, Конституцияның ережелерін жетілдіретін, мұнда көзделген құқықтардың әрекет етуіне ықпал ететін арнайы заңдар қабылданады. Мұндай заңдар арқылы аталған құқықтар мен бостандықтар күнделікті өмірде жүзеге асырылады. Мысалы, Беларусь Республикасы Конституциясының 46-бабында әрбір адамның жағымды қоршаған ортаға құқығын бекітеді, осы құқықты іске асыру мақсатында тәдірибе жүзінде Беларусь Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңы қабылданған. Керісінше болған жағдайларда, мұндай заңдардың күші жойылуы тиіс. Егер де қанда-да болмасын құқық халықаралық құжатпен көзделген және мемлекет осы құжатты орындауға міндеттенген жағдайларда, бірік мемлекеттің Конституциясында бұл құқық болмаған жағдайларда, бәрі бір осы мемлекеттің азаматтары бұл құқықтарға ие болады, өйткені, халықаралық құжаттар мемлекеттің барлық заңдарына қатысты басым күшіне ие болады. Сонымен қатар, ұлттық заңға қарама-қайшылықтары туындаған жағдайларда, халықаралық нормалар қолданылады. Мұндай ережелердің сипатталған мысалы ретінде Беларусь Республикасының қолданыстағы Конституциясының 8-бабының 1-бөлігін келтіруге болады, оның негізінде келесі норма бекітілген: «Беларусь Республикасы халықаралық құқықтың жалпы танымал қағидаларының басымдылығын таниды және оларға заңнаманың сәйкес келуін қамтамасыз етеді». Алайда, құқықтық тәжірибенің дамуының осы сатысында өз құқықтарын қорғай үшін ұлттық Конституциясы мен заңдардың баптарына сілтеме жасау ұсынылады, өйткені біздерде өз мүддесін қорғау үшін халықаралық құжаттарға тікелей сілтеме жасау тәжірибесі жаңадан дамып келе жатыр.

6. Халықаралық және ұлттық құжаттардың мазмұнын салыстыру Конституций (өзіндік жұмыс) - 15 мин.

Осы бөлімнің мақсаты: оқушыларды құжаттардың мазмұнымен таныстыру, олардың мазмұнын ұлттық Конституциялардың мазмұндарымен салыстыруды үйрету.

А. Сынып оқушылары белгіленген әдістердің біреуімен 4 топқа бөлінеді. Әрбір топ ұлттық Конституцияны және адам құқықтары жөніндегі құжаттардың біреуін алады (жұмысқа барлық оқушыларды тарту үшін Конституциялар мен құжаттардың бірнеше даналарын әзірлеп қоған дұрыс). Оқушылар екі құжаттың мазмұндарын өзара салыстыру туралы және ортақ баптарды табу туралы, сонымен қатар Конституцияларда жоқ халықаралық құжаттардың баптарын белгілеу туралы тапсырма алады. Жұмыстың қолайлығы үшін және уақытты үнемдеу үшін, салыстырылуға жататын халықаралық құжаттардың және ұлттық Конституциялардың бөлімдерін оқушылар үшін алдынала анықтаған дұрыс болады. Конституцияларда, адам құқықтары мен бостандықтарына арналған тарауды немесе бөлімді белгілеу ұсынылады (Беларусь Республикасының Конституциясы – II тарауы. Жеке тұлға, қоғам, мемлекет). Азаматтық және саяси салттар туралы Халықаралық пактіде – 3-бөлім; Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары жөніндегі Халықаралық пактіде – 3-бөлім; Адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияның 1-тарауы; Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының толық мәтіні..

Жауаптары ватманның бетінде жазалуы тиіс. Оқушыларды, топтың өкілі топтың жұмысы нәтижелерінің тұсаукесерін жасауы туралы алдынала ескерту қажет (13 мин).

Б. Топтардың өкілдері ватмандарды іледі және олардың мазмұнын басқа оқушыларға түсіндіреді (2 мин).

В. Топтар өкілдерінің назарын, оқушылардың жауаптарында ұсынылған құжаттардың баптарын егжей-тегжейлі салыстыруы болмауы мүмкіндігіне назар аударамыз, сондай-ақ бұны бөлінген уақыт ішінде жүзеге асыруы мүмкін болмайды, өйткені толық ашатын талдауды жасау осы сабақ бөлімінің мақсаты болып табылмайды. Оқушылардың жұмысының нәтижесі құжаттардың мазмұнын салыстыру және негізгі адам құқықтары халықаралық құжаттарда да, ұлттық Конституцияларды да бекітілгенін түсіну болып табылады. Сонымен қатар кейбір адам құқықтары халықаралық құжаттарда бекітіліп, ұлттық Конституцияларда бекітілмеуі мүмкін, немесе тек қана ұлттық Конституцияларда бекітілуі мүмкін, бастысы – осы құқықтардың бұзылуы мемлекет тарапынан қорғалуы.

7. Топтардың жұмысының нәтижелері бойынша талқылау жүргізу - 11 мин.

Осы бөлімнің мақсаты: оқытушының оқыған дәрісіне, сонымен қатар, қарастырылатын құжаттарда және Конституцияларда көзделген құқықтарға қайта оралу. Сонымен қатар, осы бөлімде оқытушы, дәрісте құралған ақпаратты меңгеру дәрежесін анықтау мүмкіндігіне ие болады.

А. «үш орындық» (10 мин). Талқалауды өткізу үшін арналған сұрақтар : 1. Ұлттық заңнамада және адам құқықтары жөніндегі негізгі халықаралық құжаттарда қандай құқықтар көзделген? 2. Неліктен Ұлттық заңнамада және адам құқықтары жөніндегі негізгі халықаралық құжаттарда бірдей нормалар көзделеді? 3. Құқықтардың қайсылары ұлттық заңнамаға енгізілмеген және неліктен?

Б. Оқытушының қажеттігі туындаған жағдайларда адам құқықтары жөніндегі құжаттардың мәтіндерін қайдан табуға болатыны туралы сұраққа тоқталуын ұсынылады. (1 мин.)

8. Тексеріс жүргізу (шағын-сынақ) - 4 мин.

Сынақтың сұрақтары мен варианттарын оқып шығуға немесе таратып беруге болады. Бұның алдында барлық жұмыс материалдары тақтаның бетінен немесе өшіріледі немесе қабырғадан алынып тасталады.

1. Бүгінгі сабақтың барысында Адам құқықтары жөніндегі қандай негізгі халықаралық құжаттар туралы айтылды:

- а) Бала құқықтары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы;
- б) Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық пакт;
- в) Адамның құқықтарының Жалпыға ортақ Декларациясы;
- г) Еуропалық әлеуметтік хартиясы;
- д) Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары жөніндегі Халықаралық пакт;
- е) Әйел адамдарға қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою жөніндегі халықаралық конвенциясы;
- ж) Адамның құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық конвенциясы.

2. БҰҰ аясында қабылданған Адам құқығы жөніндегі тұңғыш халықаралық құжатты атаңыз.

3. Қандай құжаттар Адам құқықтары жөніндегі Билльді құрайды?

4. Адамның құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық конвенциясы қандай органмен қабылданған?

5. 1966 жылы қандай құжаттар қабылданған?

6. Неліктен кейбір құқықтар халықаралық құжаттарда да және Конституцияларда да көзделген?

Сынақтың жауаптары:

- 1) б, в, д, ж;
- 2) Адамның құқықтарының Жалпыға ортақ Декларациясы;
- 3) Адамның құқықтарының Жалпыға ортақ Декларациясы; Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық пакт; Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары жөніндегі Халықаралық пакт, Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық пактіге №1 Қосымша хаттама және №2 Қосымша хаттама ;
- 4) Еуропа Кеңесі;
- 5) Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық пакт; Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары жөніндегі Халықаралық пакт.
- 6) Адамның негізгі құқықтарын Конституцияға енгізу оларды іске асыруға мүмкіндік туғызады, сонымен қатар, белгілі мемлекетте олардың сақталуына кепілдік беруге, және мемлекетте қабылданатын заңдарда оларды қорғауға және жетілдіруге мүмкіндік туғызады.

Түсініктемелер сөздігі:

Пакт (*лат.* келісім-шарт) – мәселелердің әр-түрлі топтары бойынша екі немесе одан да көп мемлекеттер арасындағы келісім.

Конвенция (*лат.* келісім-шарт, келісім) – бұл қанда да болмасын арнайы сұрақ жөнінде, ұқсас мәселе мемлекеттер арасындағы келісім немесе келісім-шарт.

Декларация (*лат.* өтініш, хабарлама) - қандай да болмасын қағидалар жария етілетін халықаралық құжат.

Конституция - азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары, сонымен қатар мемлекеттік құрылыс негіздері бекітілген мемлекеттің негізгі заңы.

Құқық нормасы – заңда көзделген жүріс-тұрыс ережесі.

Ұлттық заңнама – белгілі мемлекеттің аясында қолданылатын заңдардың жиынтығы (белгілі мемлекетте қолданылатын барлық заңдар).

Халықаралық құжат – белгілі мәселелер бойынша бірнеше елдер және/немесе халықаралық ұйымдар арасындағы келісім.

Қойылатын сұрақтар:

1. Қандай халықаралық құжаттарды білесіз?
2. Адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттардың ұлттық заңнамамен ара-қатынасы қандай?
3. БҰҰ аясында қабылданған Адам құқығы жөніндегі тұңғыш халықаралық құжатты атаңыз.
4. Қандай құжаттар Адам құқықтары жөніндегі Билльді құрайды?
5. Адамның құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық конвенциясы қандай органмен қабылданған?
6. 1966 жылы қандай құжаттар қабылданған?
7. Неліктен кейбір құқықтар халықаралық құжаттарда да және Конституцияларда да көзделген?

№3 бағдарламаның жоспар-конспектісі.

«Адам құқығы - менің құқығым. Қауіпсіз жүріс-тұрыс және серіктестік»

Сабақтың атауы, мақсаты және ұзақтығы	Сабақтың мазмұны	Ескертпелер
<p>1. Өзара танысу. Қатысушыларды тренинг мақсатымен таныстыру. Топта жағымды психологиялық ортаны құру. Уақыт ұзақтығы: 1 сағат шамасында</p>	<p>А. Өзара танысу, амандасу. «біздің әрқайсымыз көпшілік адамдармен араласамыз (класстастарымызбен, оқытушылармен, ата-аналармен және т.б.). Өзімізді әрқашан бірдей сезінеміз бе? Сізді туған күніңізбен құттықтаған кезде қандай сезімде болсаңыз? Ал оқытушы сізге негізсіз ұрысып жатқан кезде қандай сезімде боласыз? Сіз басқа адамдар үшін қорқыныш, үрей, сенімсіздік, қысылу, ұялу сезімде болдыңыз ба? Бұл сезім сізге ұнады ма? Іс жүзінде әрбір адам өзін қауіпсіз сезінуге, қорықпауға, ыңғайсыздықты сезінбеуге құқылы. Сіз үшін не жақсы болатынын тандай аласыз және өзіңіздің сезіміңізге сенімді бола аласыз. Ешкімнің сізді қорлауға, қорқытуға, мазақтауға немесе сіздің еркіңізге қарсы әрекеттерді жасатуға құқығы жоқ. Сабақтардың барысында біз бұл туралы әңгіме қозғаймыз, тәжірибемен алмасамыз және өзіміздің қауіпсіздігімізді қорғауға және басқа да балаларға көмек көрсетуге үйренеміз.</p> <p>Б. «Жұмысты бастамас бұрын, біздің танысуымыз қажет». <i>Предлагается жаттығу «Доп-есім», «Тоңба».</i></p>	<p>Сұрақтарды қойған кезде, 4-5 оқушының жауап беруіне мүмкіндік беру қажет. Егер де балалар жауап беруге қиынсынса, немесе ұялса, онда қойылған сұраққа өзіңіз жауап бере аласыз. Топта жұмыс істеу ережелерімен байланысты барлық сұрақтарға жауап беру қажет; егер де балалар ережелердің жүйесін өздері толықтырғаны жақсы. Ережелердің қорытынды жүйесін үлкен парақта жазған немесе әрбір сабақтың алдында ілген дұрыс. Әрбір жаттығуды қысқаша талқылау қажет.</p>

	<p>В. «Біз өзімізді осында жақса сезінуіміз үшін әсер ететін кейбір ережелер туралы келісейік». Содан соң, Назар аударудың, Мен-ой білдірудің, Бағалаусыздықтың, Күпиялылықтың, Мақұлдаудың ережелері қолайлы насындарда айтылады. <i>«Аралар мен жыландар», «Піл, тышқан, жылан» немесе мақсаттары ұқсас басқа да ойындар ұсынылады.</i></p>	
<p>2. Менің құқықтарым</p> <p>Оқушылардың баланың құқықтары туралы көзқарастардың қалыптасуы. Топ ішіндегі қарым-қатынасты нығайту. Уақыт ұзақтығы: екі екі саған шамасында. Қажеттігіне қарай сабақты екі бөлікке бөлуге болады.</p>	<p>А. Кездесуді <i>«Мейірімдіктің торабы» жаттығуынан бастау қажет.</i> Егер де қатысушылардың біреуі шаршаған немесе ренжіген болса, одна оған қатысты <i>«Күш шеңбері» жаттығуын қоладыну қажет.</i></p> <p>Б. <i>Келесі сатыда оқушыларға «Адам құқықтары» тақырыбы бойынша мый сілкінісін жүргізу ұсынылады</i> (егер де топ үлкен болса, қатысушыларға екі топқа бөлінуді ұсынуға болады). Қатысушыларға «заң» және «бостандық» ұғымдарына түсініктемелерін құрастыру және олардың өзара ара-қатынасын көрсету ұсынылады. Талқылаудан 10-15 минут өткеннен кейін топтар өздерінің жұсытарының нәтижелерін көрсетеді. Жаттықтырушының мақсаты алаңған нәтижелерінің мәліметтерін топтастырып жинақтау және оларды жүйелеуге көмек көрсету. Адам құқығы туралы Декларациясынан және РФ Конституциясынан ірі әріптермен жызып алаңған үзінділерді аладынала дайындау қажет. «Сіз үшін топтың құрамында жұмыс істеу оңай болда ма? Жолдастарыңыздың ой-пікірін әрқашан тыңдадыңыз ба, ал олар сіздің ой-пікіріңізді әрқашан тыңдады ма? Бір-бірімізді қалай тыңдайтынымызды тексерейік және тыңдау барысында қандай сезімде болатынымызды көрейік». <i>Выполняются и обсуждаются жаттығудың «Бұзылған телефон», «Жалған пікір».</i></p> <p>В. Содан соң, мый серпілісі барысында екі топпен балалар құқықтарын атау бойынша бір мезгілде жұмыс жүргізіледі.</p> <p>Г. Сабақтың келесі ақпараттық білімінің алдында «Біз әр-түрліміз - құқықтарымыз бір» тезисін талқылау қажет. Еденде екі үлкен шеңбрдің суреті салынады. Қатысушыларға әр-түрлі белгілер бойынша екі топқа дереу бөліну қажет (жынысы, сурет салу қабілеті, көзінің түсі, аға-</p>	<p>Егер де бірінші сабақтың барысында қарсыласатын құбылыстарды анықтаған жағдайларда, осы құбылыстарды жасаушыларды кішігірім топтарға бөлген кезде араластыру қажет. Топтағы балалармен Адам құқығы туралы Декларациясынан алынған үзінділермен жұмыс істеу кезінде қосымша түсініктемелер беруге болады және тұжырымдарды ауыстаруға болады. Елеулі зияткерлік кемшіліктері бар балалармен жұмыс істеу барысында сабақты ауқымды ақпараттық-түсініктемелік әдістерімен өткізу қажет және ақпараттық блоктарды белсенді жаттықтырушы-ойындармен араластыру қажет. Кейде, мый серпілісінен немесе адам құқықтарын талқылау кезінде мүлдем бас тартуға болады. Топтың құрамындағы балалармен «Біз әр-</p>

	<p>інілерінің болуы, иттің болуы және т.б.). Тағы бір пайдалы жаттығу - «Адамды тап».</p> <p>Д. Сабақтың келесі бөлігінде бала құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету – ересек адамдардың міндеті туралы талқыланады. Балаларға келтірілген бала құқықтарын, олар іс жүзінде іске асырылуына байланысты әртүрлі белгілермен бояуды ұсыну қажет. Қатысушылардың назарларын өздері дербес білдіре алатын құқықтарға аудару өте маңызды (мысалы, қадір-қасиетті, жеке басының қол сұғылмауын, хат алмасу құпиялылығын, діни наным бостандығын кемсітетін әрекеттерді болдырмау құқығы және басқалары). Қорытынды сабақтың барысында оқушыларға олар өздерінің алған әсерлерімен бөлісуін ұсыну қажет.</p>	<p>түрліміз - құқықтарымыз бір» тезисын талқылауды «Мен бес ... қыз аттарын, ел атауларын, мамандықтарды, әуестікті білемін» ойынынан бастау қажет. Адамдарды топқа бөлудің кезкелген өлшемдерін қосуға болады. Ақыл-ойының дамуында проблемалары жоқ жасөспірімдермен осы тезисті талқылау барысында, керісінше, жыныс белгілеріне, жасына, ұлтына байланысты кемсіту мәселелерін көтеруге болады. Жастардың қосмәдениеттерінің тақырыптарын, соның ішінде, кемсітуге (скинхедтер және т.б.) негізделген тақырыптарын пайдалануға болады.</p>
<p>3. Менің денем. Қатысушылардың назарын кенеттен немесе қарым-қатынастар кезінде пайда болатын өзінің дене сезіміне аудару. Уақыт ұзақтығы: бір сағаттан екі сағатқа дейін.</p>	<p>А. «Біз бүгін, өзіміздің денеміз әртүрлі жағдайларда қалай сезінетіні туралы әңгіме қозғаймыз. Өзіңіздің ішкі дүниеніңізді тыңдаңыз: кім жеңілдікті сезінеді? Кімнің қолы тоңады? Кімнің басы ауырады? Кімнің тыныс тарылды? Кімге жылы? Адам тіпті қалыпты жағдайда қаншалықты әртүрлі сезімде болатынына назар аударыңыз. Біздің денеміз жақсы жағдайда немесе нашар жағдайда екені туралы бізге хабарлайды. Біз бөлме температурасын өлшеуші құралға қарамай-ақ бөлмедегі ауа ыстық па салқын ба екенін сезіміз. Біз сағатқа қарамауымыз және тамақ туралы ойламауымыз мүмкін, бірақ біздің ас қазанымыз тамақтану уақыты келгені туралы өз уақытында хабарлайды. Енді ұшқыштар, жүзушілер, секірушілер қаншалықты жаңа сезімдер сезінетінін көз алдыңызға елестетіңіз. Кейде, сіздің сезіміңіз өзгеруі үшін, сіз ерекше</p>	<p>Осы сабақтың барысындағы жұмыс қатысушылардың дене сезімдеріне назар аударуын талап етеді. Осыған сабақтарды жүргізу шарттарына қойылатын бірқатар талаптар байланысты болады (осы талаптарды ЕТ мен бастапқы сыныптарда оқытын оқушыларға қатысты ерекше мұқияттылықпен сақтау қажет). Сабақты жылы және жақсы желдетілген үй-жайда өткіз қажет. Егер де тренингтер лагерь жағдайында</p>

	<p>жағдайда екеніңізді елестету жеткілікті болып табылады. Көзалдыңызға өзіңіздің салмақсаздық жағдайында екеніңізді елестетіңіз және сіздің денеңіз жеңілдеп қалады. Секіріңіз, отырыңыз, доп ойнаңыз: доп қалай ұшады? Қаншалықты биікке секіре аласыз? Енді сіздің денеңіз өзгергенін елестетіңіз. <i>«Өзіңді сезін», «Ауа шары» жаттығулары орындалып, талқыланады.</i></p> <p>Б. «Біздің әр-қайсысымыз «жеке өзі» әртүрлі зесімдерді сезінді. Біз басқа адамдармен қарым-қатынаста болған кезде де, біздің денеміз бізге көптеген белгілерді береді. Осындай белгілерге назар аударайық». <i>«Броундық қозғалыс», «Пантомима» и «Мүсіндер» жаттығулары орындалып, талқыланады.</i></p> <p>Туындайтын сезімдердің айырмашылығын және қатысушылардың назарын, адамның қозғалысы – қарым-қатынас жасаудың тағы бір әдісі екеніне аудару қажет.</p> <p>Г. «Жеке кеңістік» жаттығуы жүргізіледі. Бұның барысында арнайы тағайындалған қазылар алқасы көріністердің қатысушыларының проксемикасын және пантомимикасын бағалайды (қатысушылар, қазылар алқасы нақты нені қадағалап отырғанын білмеуі тиіс). Сонымен қатар, жаттығуның мәнісі туралы ешкімді ескертпей-ақ, жаттығуды орындағаннан кейін қызықтыратын бөліктер туралы еске түсіруді сұрауға болады. Негізінен сенімдіктің, ашықтықтың, басқыншылдықтың, қызушылықтың, қорғаудың, сонымен қатар, өзара әңгімелесуші адамдар арасындағы ара-қашықтықтың жағдайына талдау жүргізіледі. Қатысушылар өздерінің әңгімелесушілеріне қатысты қандай сезімде болғанын талқылауға болады.</p>	<p>ұйымдастырылған болса, онда осы сабақты тамақ ішкеннен кейін жуық шамамен бір сағаттан кейін өткізу қажет. Оны тікелей спорт жарысынан немесе саяхаттан кейін жоспарламаған дұрыс.</p>
<p>4. Мен басқалардың арасындамын. Балалардың әлеуметтік құзыреттелегі н нығайту арқылы балалардың қауіпсіз</p>	<p>А. Қатысушылар алдындағы сабақтан алған әсерлерімен бөліседі, сонымен қатар меңгерілген әдістерді өмірде іс жүзінде пайдалануға тура келгені туралы айтады. <i>«Тоңба» жаттығуы немесе басқа да белсенді ойын жүргізіледі.</i></p> <p>Б. часатысушылар дайындықсыз бірнеше көріністерді ойнайды, ондағы рольдер әрбір көрініс алдында оларға таратылған парақтарда жазылған. Мысалы: <i>«Дүкен» көрінісі: қатысушылар кезекпен кезекте</i></p>	<p>Осы сабақ негізінен жастары кіші мектеп оқушыларымен және ЕТ балалармен жүргізіледі, сонымен қатар, егер де осы оқу мекемесінің бағдарламасында ӨҚН болмаған жағдайларда жүргізіледі. Қатысушылар жеткілікті</p>

<p>тәжірибесін нығайту. Уақыт ұзақтығы: 2 сағат.</p>	<p>тұруы тиіс және өзінің роліне сәйкес әрекеттер жасауы тиіс. Рольдердің мысалдары: «Дөрекі сатушы», «Кезексіз өтіп кетуге ұмтылған ер адам», «сатып алуға асыққан ер бала», «Қатыгез иті бар қарт әйел адам», «Сәбиі бар ана», «Әңгімешіл қыздар». Топтың құрамы арасынан шыққан өкіл басқалардың ролі туралы алдынала білмей-ақ, дүкенде қажетті заттарды сатып алуға тырысып, өзін әдепті ұстап, және басқа адамдар да оны ренжітпеуі үшін тарысуы тиіс. Мүмкіндігінше, қатысушылар күнделікті өмірде кездесуі мүмкін бірқатар жағдайларды қарастыруы тиіс. Сонымен қатар, бір мезгілде, оларға әр-түрлі мекемелерде (поликлиникада, қаапайым дүкенде және супермаркетте, поштада, вокзалда) және қоғамдық көлікте өздерінің жүріс-тұрыс ережелері түсіндіріледі, сонымен қатар осы мекемелердің қызметкерлерінің міндеттері түсіндіріледі. В. Қатысушыларға қауіпсіз жүріс-тұрыс туралы Әдістемеліктер таратылады (1-қосымшаны қараңыз). Балаларға міндетті түрде Әдістемеліктің әрбір тармағы бойынша, әсіресе, «Пайдалы телефон» парағы бойынша толық түсіндіру қажет.</p>	<p>әлеуметтік құзыреттілікті анықтаған жағдайларда, ал тренингті өткізу мерзімі шектелген жағдайларда, №6 сабаққа ауыса беруге болады. №5 сабақтың бір бөлігін, егер де қатысушыларды 3-5 адамнан тұратын топтарға бөлу және әрбір топқа бір жаттықтырушыны қою мүмкіндігі болған кезде «дала жағдайында» өткізуге болады. Топ дүкенге немесе поликлиникаға баруы мүмкін, метромен бірнеше станция жүруі және т.б. мүмкін)</p>
<p>5. Қауіпті жағдай. Қауіпті жағдайларда дене және эмоционалды қ сезімдерді белсендіру. Уақыт ұзақтығы: 2 сағат.</p>	<p>А. Сабақты кезкелген белсенді ойыннан бастау қажет, содан соң, қатысушылармен соңғы кездесуден кейін болған оқиғаларды топпен қарастыруға болады. Жаңалықтармен 5-10 минут алмасқаннан кейін мазмұнды бөлікке ауысуға болады. «Сіздің өміріңізде көптеген қызықты оқиғалар болған. Оларды нақтылап есіңізге түсіру қиынға соқты ма? Оларды есіңізге түсірген кезде дәл сонда йсезімде болдыңыз ба? Бүгін біз тәжірибелерімізбен көп алмасатын боламыз және әр-түрлі жағдайларда алған әсерлерімізді еске түсіреміз. Бұл қауіпсіз жүріс-тұрысты меңгеруді бастау үшін қажетті блып табылады. Басқа адамның кінәсімен өзіңізді нашар сездіңіз бе? Неліктен сіз өзіңізді солай сезіндіңіз? Келесі сөз тіркестерін құрастырып көріңіз: «Саша мені семіз деп атаған кезде, мен ренжимін, өйткені бұл - кемсіту», «Коля мағын темекіні шегуді ұсынған және десаудыққа зиян емес деген кезде, мен оған қатысты сенімсіздік сездім де,</p>	<p>ЕТ балалармен жұмыс істеу барысында Б және Г сталарын мидың серпілісі нысанында емес, ақпараттық түрде жүргізу қажет, онда қысым түрлерінің және кедергілердің тізімдері бар плакаттарды көрсету қажет. Егер де сабақтың екінші сатысы тез өткізіліп жатқан болса, осы тақырып бойынша ойын өткізуді ұсынуға болады. Қатысушылар әр-түрлі бөлмелерге тарайды, содан соң оларға бір адамның әр-түрлі суреттері таратылады. Бірінші топтың</p>

	<p>ашуландым,себебі мені алдағанды ұнатпаймын». Қатысушылар «Мен-хабарламалар» құрастыру бойынша жаттығуы тиіс.</p> <p>Б. Қатысушыларға мидың серпілісі әдісімен, бір адам екінші адамға қасым жасай алатын неғұрлым көп құралдарды бөліп шығаруды ұсыну қажет (жасөспірімдермен жұмыс істеу барысында «зорлық-зомбылық» терминін пайдалануға жол беріледі). Топты екі шағын топтарға бөлуге болады, оның бір жартысы дене қысымын, зорлық-зомбылығын, ал екінші жартысы денемен байланысты емес қысымды немесе зорлық-зомбылықты атауын ұсыныңыз (яғни психологиялық, экономикалық және т.б.) Топтың жұмысының нәтижелері жаттықтырушының көмегімен талқыланады және жүйеленеді. Әрбір қысым түрінің қарама-қарсысында аданың қандай құқығы бұзылғаны жазылады.</p> <p>В. Қатысушыларға, оларға қатысты қысым жасалған жағдайларды еске түсіру және сипаттау ұсынылады. Бұның алдындағы сатының нәтижелері пайдаланылады. Қысым жасалған оқиғаны сипаттағаннан кейін олар қандай сезімде болғанын және қандай шара қолданғысы келгенін түсіндіру ұсынылады. Әрбір қатысушыны қолдау қажет, және де оған кезкелген сезімін білдіру құқығы бар екенін түсіндіру қажет. Бұл саты «Маскалар театры» <i>жаттығуымен аяқталады.</i></p> <p>Г. Осы сатаның барысында қатысушы сипаттаған жағдайларда қажетті әрекеттерді жүзеге асыру үшін кедергі болған кедергілерді талқылап, жүйелеу қажет. Балалардың назарын «Ересек адамдарға құлақ асу кедергілеріне», «әдептілік кедергілеріне» аудару қажет.</p>	<p>алдында осы адамды ұлы ғалым деп таныстарады, ал екінші топқа – қылмыскер ретінде. Содан соң әрбір топтың қатысушылары осы адамның сипаттамаларын жазады. Айырмашылықтары бірлесіп талқыланады.</p>
<p>6. Мен әрекет етемін. Балаларда қауіпсіз жүріс-тұрыс әдістерін қалыптастыру ; бірі-біріне және топта көмек</p>	<p>А. Балаларға, 4-сабақта айтылған бірқатар жағдайларды ойнау ұсынылады. Егер де оқиғалардың көп түрлері қамтылғаны жақсы болады. Оқиғаны топтастырудың мысалы: Мен - құрдас, Мен – бейтаныс ересек адам, Мен - ата-аналар, Мен – таныс ересек адам. Немесе: көше, үй, менің пәтерім, мектеп және т.б. Жүріс-тұрыстың мүмкін түрлері, әрбір түрдің жағымды және жағымсыз жақтары талқыланады. Егер де Қауіпсіз жүріс-</p>	

<p>көрсету сезімін ынталандыру. Уақыт ұзақтығы: бір жарым сағаттан екі сағатқа дейін.</p>	<p>тұрыс жөніндегі Әдістемеліктер бұның алдында өткізілген сабақта таратылмаған болса, таратыңыз. Ойнатылған оқиғалардың барысында қатысушылар қандай сөздік және денелік белгілер қолданғанын талқылау қажет. Бұның алдында жасалған жазбаларды пайдалануға болады. Өзара көмек көрсету және басқа адамдарға көмек алу үшін жүгіну мәселелеріне назар аудару қажет. Саты <i>«Вампир» жаттығуымен аяқталады.</i> Б. Сабақтың соңғы сатысында оқушыларға «Кедергілер» түсінігін қайта еске салу қажет. Және де жүріс-тұрыстың әр-түрлі стратегияларын құрастырған кезде қандай кедергілерден өткенін талқылау қажет. Жыныстық қатынас сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттер ақарабана назар аудару қажет (егер де ол бұдан бұрын талқыланды болса); қатысушылар жыныстық органдарға қол тигізуге және баланы жыныстық қатынас сипаттағы әрекеттерге тартуға ешкімнің құқығы жоқ екенін түсіндіру қажет. Мұндай жағдайларда ата-аналарға, оқытушыларға жүгіну қажеттігі туралы талқыланады. Қорытынды сабақта <i>«Күрес» жаттығуы өткізіледі.</i></p>	
<p>7. Қорытынды. Уақыт ұзақтығы: 1 сағат.</p>	<p>А. Қатысушылар тренингтен алған әсерлерімен бөліседі. Оларды, тренинг барысында қандай сезімде болғаны туралы, қандай жаңа ақпарат алғандары туралы, қандай мәселелер туралы талқалау қажеттігі туралы қысқаша шығарма жазуды ұсыну қажет. Шығармаларда меңгерілген ұғымдарды көрсету қажет. Б. Жаттықтырушы қатысушыларға алғыс білдіреді де, оларға кері байланыс ұсынады.</p>	

Ескертпе: Осы кестеде ЕТ бегіленуі қолданылған (ерекше топ, ерекше қажеттіліктері бар балалардың тобы).

Тренинг үшін арналған жаттығулар

Жаттығудың атауы, мақсаты және уақыт ұзақтығы	Жаттығудың өткізілуі	Талдау объектісі
<p>Топтағы қысымды босаңсыту, қауіпсіздік ортаны және жұмысқа дайындық ортаны құру. «Доп-есім». Уақыт ұзақтығы: 3-5 минут.</p>	<p>Қатысушылар шеңбер құрып отырады. Әрқайсысы өзінің есімін атайды, содан соң, келесі қатысушының есімін атап, допты оған лақтырады.</p>	<p>Қатысушылардың сезімі:</p>
<p>«Аралар мен жыландар» Уақыт ұзақтығы: 10-12 минут.</p>	<p>Қатысушылар екі топқа бөлінеді, әрқайсысында іздеуші тағайындалады. Іздеушілер бір уақытта бөлмеден шығады, ал басқа қатысушылар бөлмеде араны және жыланды іздеушілері үшін екі тұмарды жасырады (басқа да заттарды пайдалануға болады) Іздеушілер бөлмеге кіркен соң, топтардың қолауымен, өздерінің тұмарларын іздей бастайды. Қолдау ретінде аралар ызылдай алады, ал жыландар ысылдайды, олардың дыбысының қаттылығы іздеушінің тұмарға қашықтығына байланысты болады («ыстық-суық ойынында сияқты»).</p>	<p>Қатысушылардың сезімі: не оңай болды, не қиын болды, қолдау қаншалықты көмек берді, қолдау жасау жақсы ма, басқалай қолдау көрсету ниеті болды ма</p>
<p>«Тоңба» Уақыт ұзақтығы: 5 минут.</p>	<p>Жаттықтырушы қатысушылар бір-біріне барынша жақын тұруды ұсынды және топ - ыдыстың бетіндегі тоңба деп елестетуді ұсынды. Содан соң, жаттықтырушы жариялайды: “Мен тоңбаны тоназытқышқа қойдым”, ”Мен тоңбаны күнге шығардым” және т.б. Қатысушылар тиісті жағдайды көрсетіп, сезінуі тиіс. Суды әр-түрлі күйінде көрсетіп, ашылған және құраған гүлді және т.б. көрсетіп, жаттығуды жалғастыруға болады.</p>	

<p>«Піл, тышқан, жылан» Уақыт ұзақтығы: 2-3 минуты.</p>	<p>Жаттықтырушы жануарлардың атауларына сәйкес келетін күйлерді көрсетеді: піл – қолдар жоғары көтеріледі, тышқан – адам тізесін бүктеп отыр, жылан – адам қайта тұрып, қолдарын сыртқа жаяды. Қатысушылар қозғалыстарды жаттықтырушының артынан бірнеше рет қайталайды, содан соң, ол жалған қимылдармен алдай бастайды. Қатысушылардың мақсаты - жаттықтырушымен көрсетілген қимылдарды емес, <i>аталған</i> қимылдарды жасау.</p>	<p>Қатысушылардың сезімі:</p>
<p>Осы сатының аясында «Мафия», «Бұзылған телефон», «Бұлақ», «Шарадалар» және т.б. ойындарды ойнауға болады.</p>		
<p>Ұжымдық байланыстарды ынталандыру, ашықтық ортаны құру «Мейірімдіктің торабы» Уақыт ұзақтығы: 3-5 минут.</p>	<p>Қатысушылар қатарынан тұрып, қолдарынан ұстайды. Әрқайсысының мақсаты – дауыстап мақтау сөзін айту, жағымды Мен-хабарлама немесе келесі қатысушыға жақсы тілек айту, содан соң оны ұстап тұрған қолды көтеру. Қатысушылардың шынжыры көтерілген кезде жаттықтырушы тапсырманы ауыстырады.</p>	<p>Қатысушылардың сезімі: қиындықтар туындады ма, шынжырдың басқа жерінде болғыңыз келді ме, хабарламаларды алған және жіберген кезде қандай сезімде болдыңыз.</p>
<p>«Адамды тап» Уақыт ұзақтығы: 10-12 минут</p>	<p>Қатысушылар өздерінің арасынан ерік білдіруші-табушы тұлғаны тағайындайды, ол есіктің сыртына шығады. Қалған қатысушылардың қатарынан «Үлгі» тағайындалады, оны барлық қатысушылар сипаттауға тырысады, ол үшін өсімдіктердің, жануарлардың, ыдыстардың және т.б. атауларын атайды. Тапсырма берілген адам өзін-өзі сипаттайды. Қатысушылар шеңбердің ішінде сипаттамалардың атауын дайындайды, мысалы: «Ол мысыққа ұқсайды», «Ол кофе қайнатқышқа ұқсайды» және т.б. Ерік білдіруші есіктің арғы жағынан бөлмеге кіреді. Қатысушылар, шеңбердің ішінде отырып, өздерінің сипаттамаларын кезекпен береді. Ерік білдіруші табушы тұлғаның мақсаты жұмбақталған адамды табу, үш рет әрекеттенуге болады.</p>	<p>Әр-түрлі рольде болған қатысушылардың сезімі: сипаттамаларды табуға және ойлауға оңай ма, басқа рольде болғыңыз келді ме, күтпеген сипаттамалар болды ма және т.б.</p>

<p>«Жалған пікір» Уақыт ұзақтығы: 3-7 минут.</p>	<p>Қатысушылар жұп болып бөлінеді де, бір-біріне үш пікір айтады: екеуі шындық, біреуі жалған. Серіктің мақсаты – пікірдің қайсысы жалған екенін атықтау.</p>	<p>Серіктердің сезімі: табу оңай болды ма, қиындықтар болды ма, өмірде ұқсас сезімде болдыңыз ба.</p>
<p>Маскалар театры Уақыт ұзақтығы: 7-12 минут.</p>	<p>Қатысушылар екі топқа бөлінеді. Бір топтың мүшелері шеңберді құрады, онда барлығы орталыққа арқаларымен қарап тұруы тиіс. Қалғандары өздеріне шеңберден жұбын таңдайды және таңдап алынған адамға қарап тұрады. Жоғарыда аталғанның негізінде, екінші топ сыртқы шеңберді құрайды. Жаттықтырушының тапсырмасы бойынша шеңбер баяу сағат бағытымен қозғалады, ал ішкі шеңбер қозғалыссыз қалады. Сыртқы шеңбердің әрбір қатысушысы, ішкі шеңбердің біреуінің алдында болған кезде бет әлпетін көрсетеді (ашу, қуаныш, қорқыныш және т.б.) Ішкі шеңбердегі серіктің мақсаты көрсетілген бет әлпетті қайталау. Қатысушылар бір немесе екі рет орындарын ауыстырады (яғни әркім ішкі және сыртқа шеңберде болуы тиіс).</p>	<p>Қатысушылардың сезімі: қиындықтар болды ма, өзіңіздің сезіміңізді, көңіліңізді көрсеткіңіз келді ме, серіктердің ішінде кім дәлме –дәл «айна» болды, бет әлметін ауыстыру оңай болды ма, өмірді осы жаттығуға ұқсас жағдайлар болда ма</p>
<p>Басқа адамдардың тарапынан көмек көрсету, қолдау сезімінің туындауы «Вампир» Уақыт ұзақтығы: 10-12 минут.</p>	<p>Топ мүшелерінің біреуі басқаларды қудалайтын вампир ролін ойнайды. Ойынның қатысушысы вампирдан құтыла алады, егер басқа біреумен көздерімен кездесіп, осы адамға тән жақсы қасиетті айтса. Содан кейін, жәбірленушіні құтқарған қатысушысы өзі жәбірленуші болып қалады, енді ол өзіне құтқарушыны іздестіреді.</p>	<p>Қатысушылардың сезімі: қандай қиындықтар болды, кімнен көмек сұрағыңыз келді, құтқарушының ролінде болған қалай екен, өмірде осындай жағдайлар болды ма, сіз көмек сұрамайтын танысыңыз бар ма, және бірінші кезекте көмек сұрайтын достарың бар ма.</p>

<p>«Альпинисттер» Уақыт ұзақтығы: 2-3 минуты</p>	<p>Қатысушылар қатарға тұрып қолдарын алға созады. Оладың біреуі қатардан тыс қалады да, баяу оның бойымен, созылғын қолдарға тіреліп жылжиды. Қатарда тұрған қатысушылардың мақсаты - қозғалып келе жатқан «альпинистке» кезкелген нысанда. «Альпинист» ретінде барлық қатысушылар болуы мүмкін.</p>	<p>Қатысушылардың сезімі: қандай қиындықтар болды, кімнен көмек сұрағыңыз келді, құтқарушының ролінде болған қалай екен, өмірде осындай жағдайлар болды ма, сіз көмек сұрамайтын танысыңыз бар ма, және бірінші кезекте көмек сұрайтын достарың бар ма.</p>
<p>Күштің шеңбері Уақыт ұзақтығы: 5-8 минут.</p>	<p>Қатысушылардың ішінен оған көмек пен қолдау қажеттігін сезетін бір қатысушысы тағайындалады. Қалғандары қолдарын ұстап, оны қоршайды, және барынша тығыз шоғырланып, ортада тұрған қатысушысы үшін қауіпсіздік сезімін тудырады. Ол «Мен қауіпсіздіктемін» деп айтқаннан кейін, қатысушылар кезекпен оның жанына жақындап, оған өздерінің қимылдарымен жағымды көңілдерін білдіреді.</p>	<p>Қатысушылардың сезімі: қандай қиындықтар болды, кімнен көмек сұрағыңыз келді, құтқарушының ролінде болған қалай екен, өмірде осындай жағдайлар болды ма, сіз көмек сұрамайтын танысыңыз бар ма, және бірінші кезекте көмек сұрайтын достарың бар ма.</p>
<p>Қатысушылардың көңілін өзінің дене сезімдеріне аудару «Ауа шары» Уақыт ұзақтығы: 5-10 минут.</p>	<p>Жүргізуші қатысушылар көз алдарына оның айналасында ауа шары орналасқанын елестетуге ұсынады, және өзінің «жаңа» денесімен жанаспай, бөлменің ішінде жүруді ұсынады. Дене нысанын ауыстаруға болады (мысалы, алмұрт тәрізді қабықта қозғалу, инеліктері бар қабықта қозғалу). Сонымен қатар, қатысушыны бірқатар әрекеттер жасауын ұсынуға болады: үстелге қол жеткізу, қаламсапты алу, орындықтар арасынан жүгіріп өту және т.б.</p>	<p>Дене сезімі: қозғалу қиындығы, жеңілдік, ыңғайсыздық, қысылу, тәжірибеден алынған ұқсастықтар.</p>
<p>«Өзінді сезін...» Уақыт ұзақтығы: 2-6 минут.</p>	<p>Қатысушыларға олар өздерін әртүрлі адамдар, жануарлар, заттар ретінде елестетіп, өзінің денесін, қимылдарын, сезімдерін сезінуді ұсынады</p>	<p>Толығырақ: дене сезімі. Дененің әртүрлі бөліктерінің сипаттамасын пайдалануға болады.</p>

<p>Қатысушылардың көңілін өзінің айналасындағы адамдармен араласуына аудару</p> <p>«Пантомима» Уақыт ұзақтығы: 6-10.</p>	<p>Қатысушылар жұптарға бөлініп, 2-3 минут ішінде сөзсіз кезкелген немесе тапсырылған тақырыпқа қарым-қатынас жасау ұсынылады. Тіпті, жабық көзбен қолдың көмегімен араласуға болады.</p>	<p>Көңіл-күй және дене сезімі: қиындықтар, «табыстар», тақырыптың «тереңдігі»</p>
<p>«Мүсіндер» Уақыт ұзақтығы: 5-10 минут</p>	<p>Қатысушылар жұптарға бөлініп, кезекпен бірі-бірін әр-түрлі сезімдегі «мүсіндерді» жасау үшін пайдалануы тиіс.</p>	<p>Өзінің идеясын «мүсінге» жіберу кезіндегі сезімі, қиындықтар, көріністер, дене сезімі</p>
<p>«Броундық қозғалыс» Уақыт ұзақтығы: 1-3 минуты.</p>	<p>Қатысушылар бөлменің ішінде үнсіз қозғалуы тиіс, олар қандайда бағытты ұстанбай, және басқа да қатысушылармен соқтығыспай жүруі қажет.</p>	<p>Басқа да серіктермен жанасқан кездегі сезімдер</p>
<p>«Борьба» Уақыт ұзақтығы: 2-4 минуты.</p>	<p>Қатысушылар жұптарға бөлініп бір-біріне беттерімен қарап, алақандарымен тіреледі. Қатысушылардың мақсаты – серіктермен тірелу.</p>	<p>Толығырақ: серіктердің сезімі</p>
<p>«Жеке кеңістік» Уақыт ұзақтығы: 15-20 минут.</p>	<p>Қатысушылар кезекпен топтың алдына шығады. Жаттықтырушы жұпқа «кездесок кездесу тақырыбын» береді: «Сен метрода кездесок әкеңді, құрбыңды, оқытушыны, жігітті кездестірдің» және т.б. Қатысушылар топтың алдында 1-2-минуттық еркін әңгімені ойнауы тиіс.</p>	<p>Сезімдер мен дене сезімі. Серіктер арасындағы қарым-ұатынас кезінде олардың қимылдарын, ара-қашықтықтарын, таладау қажет. Жеке кеңістік пен ыңғайлы ара-қашықтық түсінігі енгізіледі.</p>

Бағдарламаны апробациялау жөніндегі ұсыныстар және кейбір жас белгілеріне байланысты топтармен жұмыс істеу жөніндегі тәжірибелік ұсыныстар

Кіші топ

Жас мәлішері: 6-8 лет.

Қиындықтар:

1. Жалпы кейбір жаттығулар мен сабақтарды талықлау барысында *Сезімдерді сөзбен сипаттаудың жетіспеушілігі*. Осы қиындықты жою үшін нақтылайтын сұрақтар қажетті болады; қосымша құралдар ретінде сызбанұсқалық көріністері бар немесе адамдардың әр-түрлі көңіл-күйіндегі суреттері бар плакаттарды пайдалануға болады.
2. *Әлеуметтік жағдайды талдау қабілетінің жетілдірілмеуі*. Аталған қасиет осы жастағы балалар үшін, жалпы, қалыпты және тиесілі болып табылады. Оның дамуы

көбінесе отбасындағы тәрбиеге және баланың жалпы парасаттылық деңгейіне байланысты болады. Өздерінің әрекеттерінің ықтимал нәтижелері мен салдары туралы дұрыс бағалау қабілеті барлық балаларға тән бола бермейді.

Бейнелеу мысалы

Ойын барысында келтірілетін мысал оқиға: бала өзінің кіреберісіне кірмек болған кезде оған бейтаныс ер адамды көреді.

Балалардың берген жауаптары: қатысушылардың көпшілігі мұндай жағдайларда, кіреберіске қашу қажет деп санайды. Бірақ, ересек адам бала терген кодты көретініне немесе баланың артынан жүгіретініне назар аударылмайды.

Оқиғаны қарапайым талдау қабілетін қалыптастыру мақсатында. Тренингтерді өткізу барысында бала неліктен басқа да шараларды емес, нақты осы шараларды қабылдағаны туралы, оның әрекеттері айналасындағы адамдарға ұнады деп санайды ма, қандай жағдайларда ол осылай жасайды, қылығын өзгертуге кедергі не болатыны туралы және т.б. қосымша сұрақтар қою қажет. Бейтаныс адамдардың тарапынан төнетін қауіптілік туралы айтқан кезде, құқықбұзушы зұлым адамдардың мүмкін әрекеттерін және тәуекел жағдайларды талқылап, олардың көрінісін көрсету қажет.

3. Ересек адамдарға тәуелді болу қажеттілігі туралы тұрақты пікірінің қалыптасуы немесе «Құлақ салу кедергісі». Аталған стереотип отбасыларда да, мектептерде де қолданылады, және де зұлым ниеті адаммен жеке қарым-қатынаста болған кезде өзін-өзі қорғау үшін елеулі кедергі болып табылады. Ересек адамның ерекше немесе қауіп төндіретін әрекеттерін орын алған жағдайға қатысты баланың әдеттегі түсінбеушілігін туғызады. Бала қорқыныш-үрей сезімде болғанына және туындаған жағдай қауіпті екенін түсінуіне қарамастан, оның санасында қалыптасқан «ерсіз қылықтарға» тиым салудан аттап кету қиынға соғады.

Бейнелеу мысалы

Ойын барысында келтірілетін мысал оқиға №1: Бала ата-аналарынсыз көшеде келе жатады. Оның жанына бейтаныс ересек адам жақындайды да, оны дәріханаға дейін шығарып салуды, немесе қарт әйелдің сөмкесін апарысуға көмек көрсетуді өтінеді және т.б.

Балалардың әдетте алатын әсері: сұрау салынған балалардың үштен бір бөлігі бейтаныс адамның артынан еруге дайын; балалардың тек 10% осы кезде айналасында болған басқа да ересек адамдарға сілтеме жасауға, немесе тек қана сөзбен айтып көрсетуге, немесе мүлдем сөйлеспеуге дайын екен. Снымен қатар, ата-аналарының, құрдастарының қате үйретуінің, немесе «сары түсті» прессадан алынған үйретулердің кері әсері байқалады, мысалы: қыз балалардың біреуі қылмыскерді ауырып қалу қауіптілігімен қорқыту мақсатында, осындай жағдайда гриппен науқастанып қалғанын айту қажеттігін ұсынды.

Ойын барысында келтірілетін мысал оқиға №2: Бала үйінде жалғыз қалған. Бір кезде телефонға қоңырау шалынады; балаға бейтаныс абонент, өзін таныстырмай, ата-аналары үйде ма екенін және қашан келетінін сұрайды.

Балалардың әдетте алатын әсері: Балалардың тек бестен бір бөлігі осы сұраққа дұрыс жауап береді. Ал қалған жауаптарды келесідей бөлуге болады:

— қатысушылардың 20% оның ата-аналары үйде жоқ деп жауап беріп, телефонды қоюға дайын;

— қатысушылардың 20% қобалжып, жауап бермей, телефонды қояды;

— қатысушылардың 40% ата-аналары қайда кеткенін және қашан келетінін түсіндіріп беруге дайын.

Кейде балалар «Мына телефон...?» деген сұраққа жауап берген кезде өзінің үйінің телефонын айтып беретін жағдайлар да кездеседі. Сонымен қатар, сұрау салынған балалардың жартысынан артығы «ұмытшақ» бейтаныс адамға өз ата-аналарының есімдерін атап береді.

Тренингті өткізу барысында «құлақ асу кедергісі» туындаған кезде, мысал ретінде келтірілген жағдайларда қатысушыларда пайда болған сезімдерді нақтылап талдау қажет. Жағдайдың ыңғайсыздығын сезінуді, күлкілі немесе әдепсіз болып көріну қорқынышын сезінуді айтып, талқылау қажет. Балалар, қауіп төндіретін, ыңғайсыз жағдайлар – әдептілікті, тәрбиелікті көрсететін ауқыт емес екенін, ол денсаулыққа, өмірге қауіп төндіретін жағдай екенін түсінуі тиіс. Балаларға, қылмыстық ниеті жоқ, дұрыс ересек адам бейтаныс балаға ол көмек көрсетуі үшін немесе түсініктемелер беру үшін жүгінуі екіталай екенін ескерту қажет.

Балалардың Нақты «құрлақ асып, орындау кедергісін» мысал летінде келтірілген ойын жағдайын, олардың тәрбиелілігін тексеріп, шынай жауап беру ретінде қабылдайтын жағдайлардан ажырату қажет.

Орта топ

Жас мәлішері: 9-12 жас.

Қиындықтар:

1. Өзінің қуаттылығының шексіздігі туралы жалған сенімінің болуы

Осы жастағы көпшілік балалар, әсіресе, ұл балалар шексіз күшті және алғыр кинобейнелерге ұқсау қажеттілігін сезінеді. Мысал ретінде келтірілген ойындар барысында, қылмыскерден қауіп төнетін жағдайларда, балалар өздерінің әліне және мүмкіншіліктеріне асыра баға беріп, онымен күресуге ұмтылады. Балалар өздерінің әлсездегән қиын қабылдайды.

Мұндай қылықтар, тек өте белсенді және жеңілөйлы балаларға ғана емес, қиылшы балаларға да тән болады. Психологиялық тұрғыдан, осы жастағы балалар үшін бұл тиесілі қасиет болып табылады, және де қауіпсіз жүріс-тұрыс тренингтерді өткізу барысында осы жағдайларды ескеру қажет. «Қылмыскер»-актер ретінде жұмысқа денесі жақсы дамыған 15-17 жасар жоғарғы сынып оқушысын немесе ересек адамды тарту қажет.

2. Қылмыскердің әрекеттерінен «әмбебап құралды» іздестіру

Мұндай қасиеттерді қыз балалардан да, ұл балалардан да байқауға болады. Әрине, жоғарыда аталғанның негізінде, оның жасына тән өмірлік меселелерді «сиқырлы», нысаналы шешімдерді табуға ұмтылумен көрінеді: сондықтан да жасы кіші жасөспірімдерде салттарға, басқа әлемге, экстрасенстік қабілеттерге сенімі кең тараған. Әлеуметтік қауіптіліктен кепілдікті іздестіру келесідей сұрақтарда әдетте байқалады: «Егер де қылмыскердің көзіне тура қараған кезде, қылмыскер тиіспейтіні рас па».

Бірінші түріндегі қиындықтардың туындаған кезде сияқты, мұндай жағдайларда да статистикалық мәліметтерді пайдала отырып, қауіп төніп тұрған жағдайларды нақты қарастыру қажет. Тағы бір пайдалы мысал, ойында мысал ретінде келтірілген жағдайларда әрбір бала қылмыскердің ролін ойнағаны және де «магиялық» құралдардың тиімділігін өзі сезінгені дұрыс болып табылады.

3. Өзіне-өзі сенімсіздік және жүйелі қарым-қатынас қабілетінің дефициті

Қауіпті жағдайда сәттілікті кепілдік беретін магия құралдарымен меңгерудегі жоғарыда келтірілген қажеттілік, әсіресе әлеуметтік қалыптаспаған жасөспірімдерде байқалады. Осы жағдайда, өз-өзіне төмен баға беретін физикалық басқыншыл және аса ұялшақ балаларға аса назар аудару талап етіледі. Балаларды, олардың «сиқырлы таяқшасы» пайдасаның болмау туралы және олардың шексіз күтілігінің негізсіз екені туралы сендіру жеткіліксіз болады: олардың өз-өзіне сенімділігін арттыру қажет және әлеуметтік қабілеттілігін арттыру қажет. Бұл орайда, қауіпті жағдайларда қауіпсіз жүріс-тұрыс қабілеті туралы ғана емес, сонымен қатар, күнделікті жанжалдарды, келіспеушіліктерді бейбіт жолымен шешу қабілеті туралы айтылуы тиіс.

Осы жастағы оқушылар тобының сыртқы аман-саулығына қарамастан, бірінші сабақтан бастап арнайы жаттығуларды және энергизаторларды орындау барысында жүйелі жүріс-тұрыстарын қалыптастыру қажет. Ұжымдық жоғырлануды және әрекеттесуді талап ететін тапсырмалар маңызды роль атақарады (мидың серпілісі, әртүрлі ұжымдық ойындар). Мұндай жаттығуларды сабақтың басында және соңында жүргізіп, талқылау қажет. Жұмыс барысында айналасындағыларды қолдау, олардың жетістіктерін көтермелеу, оларды қабалдау және мақұлдау қабілеттілігі мүлдем дамымағын балалар да анықталуы мүмкін.

Бейнелеу мысалы

Ойын барысында келтірілетін мысал оқиға №1: топтың әрбір қатысушысы өзінің серіктерінің жақсы қасиеттерін дауыстап сипаттайды.

Осы жастағы топтың оқушыларының жуық шамамен алтыншы бөлігі келесі сздерді айтып, тапсырмаларды орындаудан бас тартады: «Мен ол туралы жақсы еш нәрсе білмеймін». Қалғандары көбінесе сипаттама беру кезінде сараң сөздерді айтып шектеледі. Сөйтіп, ұл балаларды «батыл», «жақсы спортшы», «көңілді» деп сипаттайды; қыз балаларға қатысты үлгерімі жақсы, түрінің сүйкімді, сонымен қатар, жақсы киіну, сурет салу, билеу қабілетін атайды. Екі жыныстағы балалар бір-біріне қатысты «жақсы дос», «әділ», «шындықты айтатын», «мейірімді», «ақылды» деген сипаттамаларды сирек қолданады. Ұл балалар қыз балаларға қарағанда мақтау сөздерін сирек айтатыны байқалады.

Ойын барысында келтірілетін мысал оқиға №2: топтың қатысушылары, өздерінің серіктеріне қарап, бір-біріне мақсату сөздерін айтады.

Бұл жағдайда, бірінші жағдайға қарағанда, жасөспірімдер әлдеқайда ыңғайсызданып, қысылады. Үшінші тұлға ретінде өзінің класстастарына қатысты бірқатар жағымды сипаттамаларды атағаннан кейін, көптеген балалар тікелей сол балаға қатысты осы сөздерді қайталаудан бас тартады. Бұл әсіресе, жыныстары әр-түрлі және өзара келіспеушіліктері бар серіктерімен жұмыс істеу барысында байқалады. Автордың тәжірибесінде келесі жағдайлар да орын алған: балалардың 6 жұбы осы жаттығуды орындау барысында жалпы 5 оң сипаттама ғана берген. Жаттықтырушының балаларға қаншалықты олар бір-бірлерін мақтайтынына қатысты қойған сұрағына балалар, әдетте олар бір-біріне жақсы сөздер айтпайтынын және олар өзара жиі араздасатынын айтты.

Аталған жаттығу құрдастарының тарапынан көрсетілетін қолдау қаншалықты қажет екенін көрсетеді. Аталған топтың жұбындағы бір қыз өзінің серігін достық қатынастарды сүйгіш және қиын жағдайларда әрқашан қол ұшын беруге дайын деп айтты; ал ол бала да қызға жақсы сөзбен жауап берді, және өзын ыңғайсыз сезінгені және қобалжығаны байқалды. Ойынды талқалау барысында сол ұл бала класстас қыздың мақтауын естігенде жағымды сезімде болғанын айтты.

Ойын барысында келтірілетін мысал оқиға №3: «Мен досымды кімге (неге) ұқсатамын?» деген сұраққа жазбаша түрде жауап береді.

Бұл жаттығуды орындау үшін, әрине, баланың ойлау қабілетінің қалаптасқанын талап етеді. Дегенмен, гимназиялық, жалпы білім беру, түзету-дамытушы сыныптарда осы жаттығуды орындаудың нәтижелерінің елеулі айырмашылықтары жоқ. Қыз балалар өздерінің құрбыларын ойыншықтармен, жануарлармен, гүлдермен, белгілі әйел жанды актерлармен және әншілермен ұқсатады. Ұл балалар өздерінің достарын соғыс туралы кинодағы және мультфильмдердегі батырлармен, кейде – жануарлармен ұқсатады. Ұл балалардың жазбалары орынсыз және қатыгез қалжындар, тіпті дөрекі сөздер ретінде ұсынылады (тапсырмада «дос» сөзі көзделгеніне қарамастан!). Жауаптардың соңғы санаты әлеуметтік бейімделудің ерекше қиындықтары бар балаларға тән; мұндай жазбалар бойынша «қалжын-басқыншының» айналасындағы адамдармен қарым-қатынастағы туындайтын мәселелердің сипатын анықтауға болады.

Ойын барысында келтірілетін мысал оқиға №4: қатысушыларға, олар өсіп, ұлы тарихи әрекеттер жасағанын, бүкіл әлемге әйгілі болғанын, және өмір-баянын жазуын ұсынылады. Өмір-баянның қысқаша мазмұнын олар ұжым алдында дауыстап айтуы тиіс.

Көбінесе, балалар, жеке ерекшеліктерді емес, өмірінің іс жүзіндегі жағын білдіретін формальдік жауап береді. Бейненің жағымды психологиялық сипаттамалары тысқары қалады. Бұл, адамның жеке басының жағымды ерекшеліктерінің саласы толық қарастырылмағанын немесе, әңгіме балаға немесе оның айналасындағы адамдарға қатысты екеніне қарамастан, осы жастағы топта жария ету қажетті еместігін білдіреді.

Тәжірибеде, тренингтердің қатысушылары жүргізушінің тарапынан қолдау көрсететін, достық қарым-қатынас сүйіспеншілігін білдіретін мысалдарды көрсету қажетті екенін көрсетеді. Боптағы жағымды, бір-біріне қатысты сенімнің арттыруына ықпал ететін мысал болып, сабақтың барысында кездесу, қоштасу, бірі-біріне алғыс білдіру көріністерді қолдану болып табылады.

4. Құқықтық білімінің болмауы

Әлеуметтік жүріс-тұрыстың құқықтық аспектілерін білмеуі қауіпті жағдайларда «жеңілу» кезінде көрінеді, мысалы, «бытыр» жүріс-тұрысымен сипатталатын балалар қажетті қорғану шектері түсінігімен таныс болмағанын көрсетеді. Дәл осы жастағы топтар үшін «заң», «құқық», «бостандық», «жаза», «әділдік», «құрметтеу» сияқты терминдерді талқылау аса қажетті болып табылады. Мидың серпілісі барасында қатысушылар дербес осы терминдердің ұғымдарын құрастырғаны дұрыс, ал тиісті нормативтік құқықтық құжаттар тек қана топтың жұмыс нәтижелерін талқылау барысында трылғаны дұрыс. Парасаттылық мәртебесі төмен балалармен жұмыс істеген кезде мұндай әрбір топқа жаттықтырушы-«бағыт берушінің» қатысуына жол беріледі. Кейіннен, алған білімдерін бекіту үшін «Жаңа заңды қабылдау», «Қазылар соты» атты кең тараған ойындарды өткізу пайдалы болып табылады.

Жоғары топ

Жас мөлшері: 13-15 лет.

Балалардың осы санаттағы топтармен жұмыс істеу барысындағы басты қиындық болып зорлық-зомбылық сипаттағы жүріс-тұрысты әлеуметтік жол берілген және қажетті құбылыстарға қатысты қалыптасқан стереотиптерінің болуы табылады.

Егер де бұның алдындағы топ үшін жауапты басқыншылдық және жағымды әлеуметтік жүріс-тұрыстың тапшылы болса, ал 13-15 жастағы жасөспірімдер үшін олар өздерін бекітудің негізгі әдісі ретінде белсенді жеке басқыншылдық тән. Осы жаста

басқа жанастағы адамдарға, басқа ұлттарға, жыныстық қатынас сипаттағы бағытталуына, нанымдарына қатысты кемсітушілік жүріс-тұрыс анық көрінетін болады.

Діни нанымынан нәсіліне байланысты кемсітушілік мәселелері азаматтану пәнінде қарастырылатын болса, ал әйел адамның құқықтарын шектеу мәселелері сирек талқыланады. Сондықтан да, дәл осы мәселе жасөспірімдердің тренингтік бағдарламасына бірінші кезекте енгізілуі тиіс.

Қатысушылардың пікірлерін және жазбаша жұмыстарының жазбаларын талай отырып, осы жастағы топтарды басым орын алатын келесі гендерлік пікірлерді айту қажет.

Ер адамның жылпы бейнесі:

- әлеуметтік және кәсіби жетістіктерге қол жеткізуі;
- мінезінің мығымдығы;
- ақылдық;
- батылдық;
- өзіне сенімділігі;
- денесінің мықтылығы.

Басқаша айтқанда, жасөспірімнің көзқарасы бойынша ер адам – ол өмір иесі, жеңімпаз, материалдық құндылықтармен қатар, әйел адамдардың тұтынушысы («...мен үшін жалғыз Capris», - деп әйел адамтуралы коллаждың кейіпкері айтады). Осыған байланысты, ер адамдар үшін жыныстық қатынас сипаттағы қызу және басқыншылдық жүріс-тұрыс тән деген ой-пікір түсіндіріледі.



Коллаж «Жаңа замандағы ер адамның бейнесі»

Әйел адамның жалпы бейнесі:

- сұлулық және сәнділік;
- мейірімділік;
- сыпайылық;
- жұмсақтық;
- балаларға сүйіспеншілік;
- үй шаруашылығын жүргізу қабілеті;
- адалдық.

Әйел адамға да кейде өркениеттің жетістіктері беріледі, бірақ олар әйел адамға негізінен үй шаруашылығын неғұрлым жақсы жүргізу үшін немесе «қызықтырушы» қасиеті үшін қажет болады. Ер адамға қарағанда, әйел адамға қатысты әлеуметтік және кәсіби белсенді субъектінің сипаттамалары өте сирек қолданылады.

Екі жыныстағы жасөспірімдердің пікірі бойынша әйел адамның жетістігі және «қалыптылағы» оның серігінің (жігіті, жұбайы, сүйетін адамы) болуымен анықталады. Бұл қателесушілік кең тараған. Мұндай пікірдің қалыптасуының салдарынан көбінесе жас қыз балалар ер адамдардың тарапынан бөлінген кезкелген көңілді қажетті әрі жағымды деп қабылдайды (соның ішінде, жыныстық қатынас сипатындағы санаттарға жататын дәмешілік пен қорлау), сонымен қатар, өзінің серігінен айырылмас үшін, «жалғыз қалмасы» үшін, қандай да болмасын қиын жағдайларға, қорлаушылыққа басын иеді. Сонымен қатар, жыныстық қатынас сипаттағы тәжірибеге неғұрлым ерте ие болу қажеттілігінде сенімділігі жиі кездеседі, ал мұндай тәжірибесі жоқ құрбыларына қатысты кемсіту белгілері жиі орын алады.



Коллаж «Жаңа замандағы әйел адамның бейнесі»

Бейнелеу мысалы.

7 сынып оқйшы қыздары мидың серпілісі әдісімен «Идеалды әйел адам» бейнесін және ерекшеліктерін сипаттайды; топтың бір өкілі аталған қасиеттердің тізімін жазып алады. Басқа да қасиеттердің арасында «бұл әйел адам сыйлы» деген сипаттама бар. Мидың серпілісі нәтижелерін талқылау барысында үлкен топтағы ер балалар «серік» ұғымына өздерінің толықтыруларын енгізеді:

- «оның мінезі жұмсақ болуы тиіс»;
- «ол тамақты жақсы әзірлеуі тиіс»;
- «ол қылмыса алатын болуы тиіс» және т.б.

Мидың серпілісі нәтижелерін талқылаудың соңында тағы бір ер бала сөз айтуын сұрайды: «Менің ойымша, егер де әйел адам осы аталған барлық талаптарға сәйкес келсе, оны автоматты түрде сыйлайтын болады, сондықтан сыйлау туралы тармақ мұнда артық болады деп санаймын» -деді.

Келтірілген жастық ерекшеліктері тренингтік жұмыс барысында ескерілуі тиіс. Талқылау үшін арналған негізгі тақырыптар - «Гендерлік стереотиптер мен гендерлік теңсіздік», «Серіктердің құқығы», «Серіктің жүріс-тұрысының меңгерілген әдістері», «Жыныстық қатынас сипатындағы қарым-қатынастыр мен жеке жауапкершілік», «Жанжалдарды жүйелі шешу», «Айырылысу туралы: өзара міндеттемелері және қарым-қатынастардың келісімі». Ер балалардың тұрақты, басқыншылдық, кемсітушілік пікірі қалыптасқан жағдайларда, аса назар аудару және оның себептерін анықтау қажет. Себептердің ішінде өзіне-өзінің сенімсіздігі, басқалардың ой-пікіріне бағынушылығы, «керемет» деп аталу ниеті сияқты себептер болуы мүмкін. Жүріс-тұрыстың балама нысандарын ашық және жариялы іздестіру қажет және де тиісті әдістерді құрастыру қыжет. Іс жүзінде, кейбір тақырыптарды жынысы бір балалар тобында талқылау тиімділігін көрсетеді, - бұл мәселені оқушылармен бірлесіп шешу қажет.

«Адам құқығы» семинарының курсы

Кіріспе

Адам құқығы – адамдардың адам ретінде лайықты өмір сүре алмайтын негізгі нормалар. Адам құқығы еркіндік, әділеттік және бейбітшілік негізіне жатады. Оларды сақтау жалпы алғанда адамдар мен қауымдастықтың жан– жақты дамуына мүмкіндік береді.

Адам құқығын оқыту – бұл адам құқығының неден тұратындығын ғана емес, адам құқығының мүддесіне не жасалуы керектігін оқыту.

Азаматтық бөлім сабағы оқушыларға адам құқығының не екендігін, адам құқығының маңыздылығын және оларды сақтау мен қорғау қажеттілігін түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, тренингтер балаларға басқаның пікірін тыңдауды, өз пікірін білдіруді, зорлық-зомбылықты қолданбай қабылданған тәртіпке сәйкес басқаны сендіруді оқытуға бағытталған.

Курс мақсаты:²⁰

-Негізгі құқықтық құжаттарды бекітілген адам құқығымен оқушыларды таныстыру.

-Толеранттықты, жеке шығармашылықты және оны ынталандыруға әсер ететін саяси мәдениетті қалыптастыру.

-Басқаны тыңдау икемділігін, өз пікірін дәлелдеп айтуға дағдыландыру.

1.	«Өзіңді таны – сонда сен әлемді жаулап аласың» танысу	1
2.	Бала, тұлға, адам. Адам құқығы, бала құқығы туралы	1
3.	Менің құқығым – сенің құқығың	1
4.	Құқық санаттары туралы сөйлесейік	1
5.	Әңгімені жалғастырамыз: Әйел құқығы	1
6.	Құқық бұзушылық. Қылмыс және Қылмыстық	1
7.	Жабылуы.	1
8.	Қорытынды	7

²⁰ Аталған курс «Алғашқы қадамдар» (Дағдарыстық орталықтар), «Барлығына арналған құқық» “Street Law – Kazakhstan” («Сорос-Казахстан» қоры), «Танымал гендерлік бірлік» (Алматы қ. ОБСЕ орталығы) бағдарламаларының материалдары негізінде дайындалды. «Парасат» экономикалық және азаматтық білім беру лагерінде сыннан өткізілді, 26 маусым-2 шілде 2003 ж.

1 Сабақ. «Өзінді таны – сонда сен әлемді жаулап аласың» танысу

Сабақ уақыты: 90 мин.

Сабақ мақсаты:

1. Топ жұмысы үшін жағымды жағдайды тудыру,
2. Қатысушылардың танысуы, аталған топ ережелерін қабылдау, болжал анықтамасы.

Дидактикалық материал: флиптер, маркерлер, түсті қағаздар

Сабақ әдісі:

Кіріспе - әңгіме

Танысу - «Атаулы гүл» ойыны

Болжал - Жалпы топпен жұмыс

Келісім – ой-талқы

Сабақ барысы:

1. Кіріспе - 10 мин.
2. Танысу - 20 мин.
3. Болжал - 10 мин.
4. Келісім - 20 мин.
5. Жаттығу «Отырыс» - 30 мин.

Өткізу тәртібі:

Кіріспе. Азаматтық құқықтану бағдарламасы және оның мақсаты туралы әңгіме.

«Атаулы гүл» ойыны.

Барлық қатысушылар есімдеріне сәйкес алфавит бойынша шеңбер жасап отырады. Ол үшін тренер алдын ала баланың атын «А» әрпінен басталатын баланың атын біліп алады да, оның сол жағынан бастап алфавит бойынша барлық қатысушылардың отыруын өтінеді. Балалар амалсыздан шеңберден өз орнын табу үшін бір-бірінің атын білуге мәжбүрлі болады. Қатысушылардың бірі (өз еркімен) барлығының атын айтады, әрбір қатысушы өз аттарының жапырақтар жабыстырылып гүл безендіріледі. Әрекет өзің туралы қысқаша әнімемен сүймелденеді.

Болжал.

Ой-талқысы тәсілі, бұл жұмысқа қатысқаннан қатысушылардың болжалын қағазға жазады (олар бір күндік қысқа мерзімге, сондай ақ барлық кезеңге арналған, мысалы, лагерь жұмысы).

Келісім.

Талқылауды және ереже қабылдауда Сіз келесі сөздерден бастауыңызға болады: «Үлкен жұмысты бастауға жиналған кез-келген адамдар тобы ең жоғарғы мүмкіндік нәтижесін алуға көмектесетін негізгі ережелер туралы келіседі. Сонымен қатар, келісімге қол қойып және біздің топтың толыққанды мүшесі болғаннан кейін, әрбір қатысушы сақтауы тиіс ережелері туралы келісімге келуі тиіс».

Келісім жасау кезінде ой талқысы әдісін пайдалануға болады: қағазға қатысушылар ұсынған жүріс тұрыс ережелері жазылады. Талқылаудан кейін әрбір қатысушы келісімнің соңына қол қояды.

«Отырыс» жаттығуы.

1. Келесі аяқталмаған сөйлемі бар қағаз бетін дайындау:

- Менен сұрағанды қалаймын
- Бәрінен бұрын мен жақсы көремін ...
- Мен болғым келеді...
- Мен өзімді бақытты санаймын, егер...
- Менің болашағым сияқты...
- Мен сенемін қашанда болса...

2. Аталған жаттығуды ағылшын дәрігері Коричердің келесі сөздерден бастауға болады: «Есеңгіреуден, психологиялық шаршаудан және депрессиядан ең үздік дәрі – бұл өзіңмен өзің асықпай және орнықты әңгімелесу». Біз әлі бір–бірімізді жақсы білмейміз. Бізде бір–біріміз туралы көбірек білуге мүмкіндік бар».

3. Әрбір қатысушыға аяқталмаған сөйлемі бар бір беттен таратыңыз.

4. «Сіздердің әрбіріңіздің сүйікті ісіңіз, сүйікті демалыс түрі, сүйікті киімдеріңіз, кітаптарыңыз, телебағдарламаларыңыз және т.б. бар. Үш минут ішінде Сіз аяқталмаған сөйлемді аяқтауыңыз керек» деген тапсырма беріңіз.

5. Уақыт біткеннен кейін қатысушыларға өз ықыластары бойынша өз жауаптарын оқуды ұсыныңыз. Егер кімде кім өз жауабын дауыстап оқығысы келмесе, оны қалдырып, әңгімені әрі қарай жалғастырыңыз. Топпен әңгіме анағұрлым ашық болуы тиіс.

2 Сабақ. Бала, тұлға, адам.

Сабақ уақыты: 90 мин.

Сабақ мақсаты:

1. Адам құқығы туралы түсінік беру
2. Адам құқығының құндылығын түсіндіру
3. Адам құқығы туралы негізгі құжаттармен танысу

Дидактикалық материалдар: флиптер, маркерлер, бала құқығы туралы конвенцияның қысқартылған нұсқасы, адам құқығының жалпыға бірдей декларациясының қысқартылған нұсқасы

Сабақ әдісі: «Ауызша ассоциация» жаттығуы, жалпы топпен жұмыс, мини-лекция, «Біз аралдамыз» жаттығуы, «Бірін бірі оқыту», «Жалпы галдеж» жаттығулар.

Сабақ барысы:

1. «Ауызша ассоциация» жаттығуы - 10 мин.
2. «Өмірдегі жағдай» жаттығуы - 25 мин.
3. Мини-лекция - 5 мин.
4. Ширату - 5 мин.
5. «Біз аралдамыз» жаттығуы - 20 мин.
6. «Бірін бірі оқыту» жаттығуы - 20 мин.
7. Қортынды жасау - 5 мин.

Өткізу тәртібі:

«Ауызша ассоциация» жаттығу – ой талқысы.

Қатысушыларға келесі сұрақтарды ойлануға және жауап беруге ұсынады: «Сізде «Адам құқығы» сөйлеміне қандай ассоциация пайда болады? Үлкен қағазға аталған сөйлемге қатысты ассоциацияларды қатысушылар жазады. Балалардан әрбір сөзге баға беруін өтіну. Қортынды шығару: «Адам құқығы - бұл ...».

«Өмірдегі жағдай» жаттығуы – аз және жалпы топтардағы жұмыс.

1. Қатысушыларға өмірлеріндегі адам құқығын бұзумен кездескен сәттерін еске түсіру ұсынылады. Қатысушылардың ықыласы бойынша бұл жағдай дауыстап айтқызылады. Қажет болған жағдайда олардың әрқайсысына мүмкіндік беру.
2. Барлығы өз тарихын айтып болғанда, төменде көрсетілген сұрақтарды қолданып талқылау жүргізу:
 - Сіз айтып отырған жағдай адамдардың немесе аз топтың арасында, жұмыста немесе үйде орын алған ба?
 - Бұған басқа адамдар қалай қарады: дұрыс, бұрыс?
 - Өз құқығыңызды қорғауда нені сезіндіңіз?
 - Қолдаудың қайнар көзі ретінде заңға жүгіндіңіз бе? Неліктен?
 - Жан жақтан қолдау сезіндіңіз бе? Сіз қалай ойлайсыз, аталған жағдайда қолдау не үшін қажет?
 - Сізге жағымды сәйкесті тәжірибе болды ма?
3. Қортынды шығару: «құқық» тілін үнемі қолданбайтынымызға қарамастан, өз өмірімізде өз құқымызды, басқа адамдардың құқықтарын қорғау қажеттілігімен қақығысып отырмыз.
4. Жаттығуға қатысқаны үшін рахмет айтыңыз.

Мини-лекция

Айтыңыз:

- 1) Адам құқығы бойынша негізгі құжаттарының, бала құқығы бойынша конвенцияның, адам құқығының жалпыға ортақ декларациясының шығу тарихы туралы;
- 2) «Декларация» және «Конвенция» ұғымдары және олардың негізгі ерекшеліктерін түсіндіру;
- 3) Құжаттың негізгі ерекшеліктері туралы айтыңыз.

«Біз аралдамыз» жаттығуы. Аталған жаттығу бірнеше кезеңдермен жүргізіледі:

1. Сценарийды оқыңыз: «Ешкім қоныстанбаған аралға тап болғаныңызды елестетіңіз. Тап болған арал тұрғындарының құқықтарын Сіздің дайындауыңыз қажет».
2. Әрбір қатысушы жеке өзі үш құқықты атау керек, оның пікірінше сол аралдың әрбір адамына кепілдік беруі тиіс.
3. Қатысушыларды 5-6 адамнан тұратын кішкене топтарға біріктіру керек. Олардың таңдаған құқықтарын талқылауды сұраңыз, сосын олардың пікірінше ең маңызды он құқықты таңдау керек. Әрбір топқа таңдаған құқықтарын жазу үшін флип және маркерлер беріледі.
4. Әрбір топ өз құқықтарының тізімімен таныстырады.
5. Олардың көрсетілу шегі бойынша қайталанбайтын барлық айтылған құқықтар кіретін жалпы тізім жасаңыз. Оларды таңбалар белгілеңіз.
6. Құқықтың жалпы тізіміне талқылау жасаңыз.
 - Бір-біріне қарсы болатын құқық тізімде кездеспей ме?
 - Олардың кейбірін топтастыруға болады ма?
 - Аталған тізімді Сізге таныс адам құқығы жөніндегі құжаттармен салыстыруға болады ма?
7. Қорытынды жасаңыз. Барлығына қатысқандары үшін алғыс білдіріңіз.

«Бірін бірі оқыту» жаттығуы

1. Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясының бір бабы көрсетілген кәртішке дайындаңыз және оларды кездейсоқ таңдау негізінде қатысушыларға таратыңыз: бір кәртішке бір қатысушыға. Егер, қатысушы саны мен АҚЖОД баптары сәйкес келмесе, онда бірнеше баптарды бір кәртішкеге біріктіру керек, немесе оларды бірнешеге қайталанбайтындай бөлу керек.
2. Өз кәртішкеңіздің мазмұнымен танысу және есте сақтау үшін уақыт анықтаңыз.
3. Тапсырма беріңіз: «Әрбіріңіз Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясының бір бабының білім иесі болып табыласыздар. Сіз алынған ақпаратты ең көп әңгімелесушілерге беруіңіз тиіс, бірақ бір уақытта бір «оқушыны» «оқытып», бір «оқытушыдан» «оқуыңыз» керек.
4. Қортынды бөлімді мына сөздермен бастаңыз: «Енді әрбіріңіз Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясында жазылған өз құқықтарын білесіздер. Осы құжатта бекітілген құқықтарды кім көп есіне сақтағанын тексерейік».

Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясының қысқартылған нұсқасы

1. Барлық адамдар тумасынан азат және қадір қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді. .
2. Әр адам нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным сенімдеріне, әлеуметтік тегіне қарамастан дискриминациядан еркін болып табылады.
3. Әр адам өмір сүруге, бостандықта болуға және оның жеке басына қол сұғылмауына құқылы.
4. Заң алдында жұрттың бәрі тең және де заң арқылы алаланбай, бірдей тең қорғалуға құқылы.
5. Әр адамның негізгі құқықтары бұзылған жағдайда (Конституциямен бекітілген) оны қалпына келтіруге құқылы.
6. Әр адам ісін алаламай әділеттілік талаптарға сай сот арқылы қарауға құқылы.
7. Қылмыс жасады деп айыпталған әр адам сот арқылы оның кінәсін толық анықталғанға дейін кінәсіз деп есептеуге құқығы бар.
8. Әр адам жеке және отбасылық өміріне өзгелердің өз бетінше араласуынан заңмен қорғалуына құқығы бар.
9. Әр адам заңмен өзгелердің озбырлық жасап баспанасына (мысалы, үйіне басып кіріп, оны өртеді), хат жазысып алысу құпиясына (мысалы, хатты иесінің келісімінсіз ашты) қол сұғуынан, ар намысы мен абырой беделіне нұқсан келтіруінен қорғалуға құқығы бар.
10. Әр адам әр мемлекеттің ішінде жүріп тұруына және өз қалауынша тұратын мекен жайды таңдауына құқығы бар.
11. Әр адам кез-келген елден, соның ішінде өзінің туған елінен, басқа елге қоныс аударуға және өз еліне қайтып оралуға құқылы.
12. Әр адамның қуғынға ұшыраған жағдайда, басқа елдерден баспана іздеп және сол баспаны пайдалануға құқығы бар.
13. Ерлер мен әйелдер некеге тұрып, отбасын құруға құқылы.
14. Әр адам дүние мүлікті иемденуге құқығы бар.
15. Әр адам ой-пікір, ар ождан және дін бостандығына құқығы бар, сонымен қатар өз дінін немесе наным сенімін өзгерту еркіндігі бар.
16. Әр адамның бейбіт жиналыстарға қатысу құқығы бар.
17. Әр адам өз елінде мемлекеттік қызметке тең дәрежеде қол жеткізуге құқылы.
18. Әр адам әлеуметтік қамсыздандырылуға құқығы бар (мысалы, зейнетақы алуға).
19. Әр адамның еңбек етуге, жұмыс түрін еркін таңдауға, әділ және қолайлы еңбек жағдайына құқығы бар.
20. Әр адамның жұмыссыздықтан қорғалуына құқығы бар.
21. Әр адамның тең еңбек үшін тең еңбек ақы алуына құқығы бар.
22. Әр адамның жасаған еңбегі үшін еңбек ақы алу құқығы бар
23. Әр адам демалуға, тынығуға құқылы.
24. Әр адам денсаулығын, әл-ауқатын қамтамасыз ететіндей, тамақты, киімді, баспананы, медициналық күтімді қамтитын өмір сүру деңгейіне құқылы.

25. Әрбір адам білім алуға құқылы (ата-аналар өздерінің балалары үшін білім беру түрлерін таңдауда артықшылық құқығы бар).

26. Әрбір адам өнерден рахат ләззат алуға құқылы.

3 сабақ. Менің құқығым – сенің құқығың

Сабақ уақыты: 90 мин.

Сабақ мақсаты:

1. Оқушылардың бір адамдардың құқықтары қайдан аяқталатынын, содан басқалардың құқықтарының туындайтынын түсініп алуына көмектесу.
2. Ереже қажеттілігін түсіндіру, құқықтар мен ережелер арасындағы айырмашылықты көрсету.

Дидактикалық материал: флиптер, маркерлер, «Кеменнің апатқа ұшырауы» тарихы, кәртішкелердің бірнеше жиынтығы, ойын тақталары

Сабақ әдісі: «не істеу керек?» жаттығу, «ливарптен» жаттығу, ой талқысы, жалпы топтағы талқылау.

Сабақ барысы:

1. «Не істеу керек?» жаттығу - 45 мин.
2. Ереже және құқық:
 - «Ливарптен» жаттығу - 15 мин.
 - Ой талқысы - 5 мин.
 - «Ереже немесе құқық» жаттығу - 5 мин.
3. м/ш элементтерімен жалпы топта талқылау - 15 мин
4. Қорытынды шығару - 5 мин.

Өткізу тәртібі:

«Не істеу керек?» жаттығу

Сабақты былай бастаңыз: «Адам құқықтары қақтығысқа түсетін және одан шығар жол дискуссия болуы мүмкін жағдайларға кейде адамдар тап болады».

1. Қатысушыларды 3-4 адамнан бірнеше топқа біріктіреді.
2. Әрбір топқа ойын тақтасы мен кәртішке жиынтығын бөліңіз.
3. «Кеменнің апатқа ұшырауы» тарихын оқыңыз. «Теңіз жұлдызы» туристік кемесі теңіз дауылына тап болып, айтарлықтай бүлінді: байланыстың барлық жүйесі істен шықты және апат белгісін жіберу мүмкіндігі болмады. Капитан жағаға жақын маңайдағы тұрғындар бекетіне баратын жолды жауып тастаған жартаспен қоршалған жағаға келіп тоқтады. Олар бірінің басында жапа шеккендердің апат белгісін жіберу мүмкіндігі болатын маяк

орналасқанын білді. Сіз өз жолдарын бастайтын аман қалған адамдардың үлкен тобының арасындасыз. Сізге қандай да бір азық-түліктің және алғашқы қажеттілік заттарының қорын сақтап қалу мүмкін болды, бірақ маякқа барар жолда сіздің бірлескен шешіміңізді талап ететін жағдайлардың қатары көбейіп отыр. Егер осы проблемалар тез шешілмесе, онда топтың бәрі қиналады да, Сіз еш уақытта мақсат дейін жете алмайсыз».

4. Ойын ережесін оқыңыз:

- Кәртiшкенi араластырыңыз және бетiн төмен қаратып қойыңыз.
- Бiр кәртiшкеден алып қойыңыз. Жағдайды оқыңыз. Әрбiр проблеманың екi шешiмi бар: «А» және «Б». Сiздiң тобыңыз бiреуiн таңдауы керек.
- Қабылданған әрбiр шешiм бойынша сәйкестi тақтаның ойын шаршысын төменнен бастап жоғары көтерiлiп құтқарушы маякқа дейiн бояңыз. Егер Сiз «А» шешiмiн таңдасаңыз, онда бiр шаршыны, егер «Б» - екi шаршыны бояңыз.
- Алдыңғысын шешкен жағдайда, онда келесi проблемаға өтiңiз.
- Сiз қандай да бiр белгiлi шаршы санын алуға ұмтылуға тиiстi емессiз. Әрқашанда алға жылжу мақсатында «Б» нұсқасын таңдауға тырыспаңыз. Шешiм нұсқасын жан- жақты ойлаңыз.

5. Егер кейбiр топтар басқаларына қарағанда тез шешсе, онда төменде келтiрiлген сұрақтарды талқылауды ұсыныңыз. Барлық топтар бiтiрген кезде, онда олардың алған ұпайларын есептеудi сұраңыз және келесi ақпаратты оқыңыз:

8 - 10 жүрiс. Сiздiң шешiмiңiз топтағы барлығының құтқару маягына дейiн тез келуге көмектестi, бiрақ кейбiр адамдар жолда адасып қалуы мүмкiн едi.

11 - 13 жүрiс. Сiз барынша тез қозғалуға ұмтылдыңыз, бiрақ Сiз белгiлi бiр топ мүшелерiнiң қажеттiлiктерiне назар аудармадыңыз.

14 -16 жүрiс. Сiз топтағы жеке мүшелерiнiң ұмтылысын басқалардың мүддесiнен жоғары қойдыңыз. Бұл маякқа жету жолында бiраз уақытты алды.

6. Сұрақтарға көшiңiз:

- Сiздiң тобыңызға қандай да бiр шешiмдi қабылдау қиын болды ма? Қайсысы? Нелiктен?
- Сiздiң шешiмдерiңiздiң арасында басқаларына қарағанда оңайы болды ма?
- Сiздiң шешiмдерiңiздiң арасында топтың көпшiлiгi келiскен шешiм болды ма?
- Сiздiң топта бiрыңғай пiкiрге келе алмаған шешiм болды ма?
- Сiздiң топта өз пiкiрiн таңған адамдар болды ма? Әрбiр қатысушы өз пiкiрiн айту мүмкiндiгiне ие болды ма? Сiз шешiм қабылдағанда қандай әдiстi қолданыңыз?
- Сiз қалай ойлайсыз, бұл жерде қандай құқықтар туралы айтылып отыр?
- Мұндай шешiм нақты өмiрде қалай жүзеге асады? Сiз шешiмнiң мұндай әдiсiн әдiлеттi деп санайсыз ба? Ол жақсы шешiмге алып келедi ме? Шешiм тағы да қалай қабылданады ?
- Жаттығуға қатысқан үшiн мiндеттi түрде алғыс жариялаңыз.

«Не істеу керек?» проблемалары

<p>1 Проблема</p> <p>Тобыңыздағы бір әйел өлең айтқанды жақсы көреді. Өкінше орай, ол барлық уақытта өлең айтады. Кейбіреулері бұған қарсы емес, бірақ басқаларын ыза қылады:</p> <p>А. Ештеңе жасамайсыз және қашанда оған өлең айтуға мүмкіндік бересіз</p> <p>Б. Басқа адамдар болғанда, өлең айтпауды талап етіңіз</p>	<p>2 Проблема</p> <p>Апат кезінде жарақат алған бірнеше адам алға қозғалуды қиындатады. Сіз маякқа жеткенше барлық азық-түлік қорларыңыз бітіп қалу қауіпінен қорқасыз.</p> <p>Сіз:</p> <p>А. жүріс қарқынын ақырындатасыз және басқалардың өміріне қауіп төндіресіз</p> <p>Б. оларды тастап кетесіз, мүмкін өлімге</p>
<p>3 Проблема</p> <p>Топтың көшбасшысы бойынша келіспеушіліктер туындайды. Топтың әр мүшесін тыңдау үшін көп уақыт алады.</p> <p>Сіз:</p> <p>А. Өз пікірлерін айтуға мүмкіндік беретін жүйені қолдайсыз.</p> <p>Б. Тез шешім қабылдауға әсер ететін бір көшбасшыға дауыс бересіз.</p>	<p>4 Проблема</p> <p>Мүгедек баласы бар отбасы оған тиісті деңгейде күтім жасай алмайтынын айтады. Бала бейнет шегеді.</p> <p>Сіз:</p> <p>А. Отбасына басқа адамның көмегін ұсынасыз.</p> <p>Б. Ештеңе жасамайсыз. Отбасының жеке проблемаларын өздерінің шешуіне қалдырасыз.</p>
<p>5 Проблема</p> <p>Сіздің тобыңыздағы бір әйел босанды. Ол бала ауру және жолда өліп қалуы мүмкін.</p> <p>Сіз:</p> <p>А. Сіз жолды жалғастыру үшін бала мен ана бекініп алғанша топты ұстай тұрасыз</p> <p>Б. Бала өмір сүруін жалғастырады деген үмітпен жолды жалғастырасыз</p>	<p>6 Проблема</p> <p>Қарт әйел қайтыс болады. Онда қызы таласып отырған көп ақша табылды.</p> <p>Сіз:</p> <p>А. Қызына ақшаны алуға рұқсат етесіз</p> <p>Б. Ақшаны кері тапсыруға мәжбүрлейсіз, осылайша тамақ сатып алуда артықшылықтарға жол бермейді.</p>
<p>7 Проблема</p> <p>Топ көгеріп кеткен суы бар тоғанды табады, оны қолдану өмірге қауіпті.</p> <p>Сіз:</p> <p>А. Осы суды ішуге рұқсат бересіз</p> <p>Б. Тоғаннан ішуге тиым саласыз</p>	<p>8 Проблема</p> <p>Кәрі жұптар, барлық топты өздерінің ұстап тұрғанын сезініп, оларға өздерін тастап кетуін өтінеді.</p> <p>Сіз:</p> <p>А. Қиындықпен күресуге көмектесесіз</p> <p>Б. Олардың ұсыныстарын қабыл аласыз</p>
<p>9 Проблема</p> <p>Топ көшбасыларының бірі ауырып қалды. Барлық топты ұстап тұрмау үшін, онымен біреу қалуы керек.</p> <p>Сіз:</p> <p>А. Егер олар қалап тұрса, адамдарға бас</p>	<p>10 Проблема</p> <p>Бір адам үнемі көшбасшы стилін сынайды. Оның ескертпесі басқаларға әсер етеді.</p> <p>Сіз:</p> <p>А. Оған одан әрі сынауға мүмкіндік</p>

<p>тартуға мүмкіндік беріңіз</p> <p>Б. Адамдардың қалуына мәжбүрлеу</p>	<p>береді</p> <p>Б. Үндемеуге мәжбүрлейсіз және оны топтардан бөлектейсіз.</p>
<p>11 Проблема</p> <p>Сіздің тобыңыздағы екі адам арасында дау пайда болды. Олар бүгін кешке төбелескелі жатыр.</p> <p>Сіз:</p> <p>А. Сіз төбелесуге мүмкіндік бересіз</p> <p>Б. Басқа адамдар қосылып кетпеуі үшін төбелеске мүмкіндік бермеңіз</p>	<p>12 Проблема</p> <p>14-жастағы бала өзін нашар ұстап, топтың қозғалысына бөгет жасайды. Ата-аналары онымен күресе алмайды, бірақ басқа адамның оны тәртіпке шақыруын жөн санамайды</p> <p>Сіз:</p> <p>А. Ата-аналар ниетін құрметтеу</p> <p>Б. Балаға басқа отбасын анықтау</p>
<p>13 Проблема</p> <p>Сіз азық-түлік қоры үшін жауапкершілік тағайындаған адамыңыз ұрлық үшін 6 ай түрмеде отырған. Бүгінге дейін ол өз жұмысын өте жақсы жасап отыр.</p> <p>Сіз:</p> <p>А. Оған сенесіз және оған жұмыс жасауға мүмкіндік бересіз</p> <p>Б. Тәуекел жасамайсыз және басқа біреуді тағайындайсыз</p>	<p>14 Проблема</p> <p>Біреу ұрлық жасап жүр. Бір әйелдің сөмкеден ақша алғанын байқап қалады.</p> <p>Сіз:</p> <p>А. Оның жасаған бір қылмысы үшін жазалайсыз</p> <p>Б. Басқаларға сабақ болсын деп оны өте қатал жазалайсыз.</p>
<p>15 Проблема</p> <p>Тауда кешке өте салқын болады. Кейбір адамдар кеме апатқа ұшырағанда жылы киімдерінен айырылып қалған.</p> <p>Сіз:</p> <p>А. Адамдарға барлық киімдерін өздеріне қалдыруға мүмкіндік береді, өйткені ерте ме, кешпе олардың киіп жүргендері тозып, басқасы қажет болады.</p> <p>Б. Басқалармен киім бөлісуге мәжбүрлейсіз</p>	<p>16 Проблема</p> <p>Бір әйел өзіне берілген тапсырманы орындаудан бас тартады, оның айтуынша бәрі сәтсіздікке ұшырайды. Ол терең депрессияда.</p> <p>Сіз:</p> <p>А. Оны жайына қалдырыңыз және ол нені қалайды соны жасауға мүмкіндік бересіз</p> <p>Б. Егер тапсырманы орындамаса, оны жазалаймын деп қорқытасыз.</p>

«Ливарптен» жаттығуы

Қатысушыларға кішкене ойнауға ұсыныс беріңіз және өте қызық ойын білетініңізді айтыңыз.

1. Алдымен қатысушыларды екі топқа біріктіріңіз және екі сапқа тұруды өтініңіз.
2. Әрбір саптың бірінші қатысушысына маркер беріңіз (немесе қандай да бір зат) және ойынды бастаңыз.
3. Қатысушылар реакциясы көрінеді: кейбірі түсінбейді, кейбірі күледі және кейбірі ашуланады. Бұған дайын болыңыз. Бірер минуттан кейін: «Маркерді саптың соңына жібересіз және оны қайта қайтарасыз» дегенді айтуды ұмытып кеткеніңізді айтыңыз.

4. Ойын басталып кеткен бойда тоқтатыңыз және маркерді сол иықтан беру керектігін қосып қойыңыз.
5. Ойын қайта басталған кезде, оны тоқтатып , ашуланғандарына және арыздарына қарамай, тағы да қандай да бір жаңа «ереже» қосып отырасыз, Мысалы: сол қолымен беру керекте, сол қолмен алу керек.
6. Бұл ойынды соңына дейін ойнауға мүмкіндік беру.
7. Бәрін отырғызып, келесі сұрақтарды сұраңыз.
 - Бұл ойын бағыты бойынша нені сездіңіз?
 - Не әділетті/әділетсіз болды? Неге?
 - Ойынның дұрыс болмаған жерін айтыңыз?
 - Ойын әділетті болу үшін не қажет?
8. Әрбір топқа әділетті болуы үшін ойын ережесін басқалардың құқығын бұзбай өздерінің табуын ұсыныңыз. Ойынды жаңа ереже бойынша ойнатыңыз. Ойынға қатысқандары үшін барлығына алғыс білдіріңіз рахмет айтыңыз.

Ой-талқысы

1. Ой-талқысы әдісімен ереженің жүзеге асуы маңызды болған жағдайда оның нақты өмір жағдайы немесе орын тізімінің жүзеге асыру ережесін құрастырыңдар.

2. Жазу сызбасы мынадай болуы мүмкін:

Ереже қажет ететін орындар?

Ереже не үшін қажет?

Үй

Дүкен

Мектеп

Көше қозғалысы

Мәдениет сарайы және т.б.

3. Қатысушылардан мына сұраққа жауап беруін сұрау: «**Ереже не үшін қажет?**»

«Ереже немесе құқық» жаттығуы

1. Қатысушыларды жұпқа біріктіру.
2. Жұптар саны бойынша таратылым материалдарын дайындау.
3. Тапсырма беріңіз: «Ережелер мен құқықтар келесі қабылдаулар болып табылатынын анықтау. Жауапты негіздеу қажет».

№	Қабылдаулар	Ереже немесе құқық?
1	Сыныпта Сіз тамақтанбауыңыз керек	
2	Барлық адамдар сәйкесті тұрғын үймен қамтамасыз етілуі керек	

3	Барлық мектеп оқушылары медициналық қызмет көрсетулерге қолжетімді болуы тиіс	
4	Велосипедпен тротуарда жүруге тиым салынады	
5	Барлық мектеп оқушылары демалыс күндері ақ қалпақ кию тиіс	
6	Сіз кездескіңіз келетін адаммен кездесу құқығына ие болмайсыз	

4. Ереже мен құқықтарды салыстыру мәселесіне талқылау жасау «біздің әрқайсысымыз туылғаннан бастап сәйкесті құжаттарды, яғни заңдарда жарияланған құқықтарға ие боламыз. Қазақстан Республикасында - бұл, бәрінен бұрын мемлекетіміздің бас заңы Қазақстан Республикасының Конституциясы. Сонымен қатар, бала құқығы жөніндегі Конвенция бізге бала құқығы бойынша кепіл береді және оларды қорғайды. Бірақ, маркерлермен ойынды бастағанда тек жалғыз құқықтар жеткіліксіздігіне көзіңіз жетті. Қоғам өмірін реттейтін ережелерде қажет. Ережелер мен заңдар арасында айырмашылықтар бар. Сіздің ойыңызша оның мағынасы қандай?». Жауаптарын флипқа жазыңыздар. Қортындысын шығарыңдар.

Тізім үлгісі:

Заң	Ереже
Мемлекет қабылдайды	Оған өкілеттілігі бар тұлға қабылдайды
Маңызды қоғамдық қатынасты реттеу	Қоғамдық қатынастың қандай да бір қысқа бөлігін реттейді (мектептің жүріс тұрысы ережесі)
Жоғарғы заң күшіне ие	Жоғарғы заңды күшке ие емес
Бұзғаны үшін түрмеге қамалады	Бұзғаны үшін – жойылған артықшылықтар (кітапхана пайдалануға тиым)

4 Сабақ. Құқық санаты туралы сөйлесейік

Сабақ уақыты: 90 мин.

Сабақ мақсаты:

1. Оқушыларды құқық санаттарымен таныстыру.
2. Қоғамдағы құқықтың жағымды ролін көрсету.

Дидактикалық материал: флиптер, маркерлер, таратылым материалдары

Сабақ әдістері: «Мен және менің құқығым» жаттығу, «Ойлануға арналған материалдар» жаттығу, «Мен өз құқығымды білемін» жаттығу, «Менің құқым бар...» әңгіме, рольдік ойындар

Сабақ барысы:

1. М/ш элементтерімен әңгімелесу- 15 мин.
2. «Ойлануға арналаған материалдар» жаттығу - 20 мин
3. «Мен өз құқығымды білемін» жаттығу - 25 мин.
4. Рольдік ойын «Әркімнің құқығы бар...» - 30 мин.

Өткізу рәсімі:

М/ш элементтерімен әңгімелесу.

Аталған тақырыпқа әңгімелесуді бастай отырып, құқықтар мен бостандықтар келесі санаттарға бөлінетінін айтыңыз: азаматтық (жеке), саяси және әлеуметтік-экономикалық.

Топқа қойылатын сұрақтар:

Қатысушылардың алғашқы үш сұраққа берілген жауаптарын флипқа жазыңыздар.

- Азаматтық (жеке) құқық санатына не жатады?
- Саяси құқық санатына не жатады?
- Әлеуметтік-экономикалық құқық санатына не жатады??
- Құқықтар мен бостандықтардың аса мәнге ие болатын қандай санаты бар? Неліктен?
- Ойлау, сөйлеу, дәлелдеу бостандықтарына құқықты қалай түсінесіздер? Оларды шектеу мүмкін бе?
- Бостандық дегеніміз не? (Бәрінен бұрын – бұл сайлау мүмкіндігі).
- Бостандық шектеусіз болу мүмкін бе?
- Бостандық және бассыздық – бұл бір нәрсе ме?

«Ойлануға арналаған материалдар» жаттығу

Оқушыларға бостандық туралы пікірлерді ұсыныңыздар, талқылаңыздар, олардың ішінде қайсысы бостандық туралы аса толық сипаттап отыр және неліктен?

Алдын ала бұл пікірлерді үлкен қағазға жазып алу ұсынылады (тренердің таңдауы бойынша).

<p>«Бостандық еркек пен әйелдің жүрегінде орналасқан, олар өлген кезде ешқандай конституция, ешқандай заң, ешқандай сот оны құтқара алмайды». (Лимед Хенд, американдық судья)</p>	<p>«Бостандықтағы адам тек бір нәрсені жасауға құқығы жоқ – шошқа секілді лас жерде аунамауы тиіс, тек өзіне өзі бетіне түкіретіндей әрекет жасауға құқығы жоқ». (Г. Ибсен, норвег драматургы)</p>
<p>«Тек ақымақтар ғана өз еркіндіктерін бостандық деп атайды». (Тацит, Рим тарихшысы)</p>	<p>«Бостандық, бұл саналы қажеттілік». (К.Маркс, неміс философы)</p>

«Заң аяқталған жерден тирандык басталады» (У. Питт, Ұлыбритания Премьер-министрі)	Бостандық - ешкімнің бостандығына залал келтірмейтін жағдайлар ғана. (Шығыс нақылы)
«Бостандық тек заңға тәуелді болудан тұрады». (В. Вольф, неміс төңкерісшісі).	«Бостандық тек заңға тәуелді болудан тұрады». (В. Вольф, неміс төңкерісшісі).
«Бостандықты жақсы көрмейтін адам жоқ, бірақ әділетті адам барлығы үшін, ал әділетсіз тек өзі үшін талап етеді». (Л. Берне, неміс саяси қызметкер).	«Бостандық заңмен рұқсат етілгендердің бәрін жасау құқығы» (Ш. Монтескье, француз ағартушысы, философ)

«Мен өз құқығымды білемін» жаттығу

1. Топ қатысушыларын біріктіру.
2. Әрбір топқа тапсырма беріңіз: «Қазақстан азаматтарының негізгі құқықтарын, бостандықтарын және міндеттерін қағаз бетіне бейнеленіздер: 1 топ - азаматтық (жеке құқық), 2 топ – саяси құқық, 3 топ – әлеуметтік-экономикалық құқық, 4 топ – азаматтардың міндеттері».
3. Әр топтың спикері топ жұмысымен таныстырады және түсіндіреді.
4. Жалпы топтағы талқылау, қортынды шығару.

«Бәрінің құқығы бар...» рольдік ойындар

1. Топ саны бойынша негізгі құқықтар мен бостандықтары жазылған кәртішке дайындау.
2. Қатысушылардың 3-4 адамнан тұратын кішкентай тобын біріктіру .
3. Кәртішкені жайып тастап, әр топқа кәртішкені өздері таңдауын ұсыныңыз.
4. Тапсырма беріңіз: «7-10 минут ішінде «.....» (кәртішкеге қараңыз) сөздермен аяқталуы мүмкін жағдайды ойлап тауып, ойнауы керек».
5. Әрбір топ өз сахналық көрнісін қояды.

Кәртішкелер

Әрбір адам өз дінін сақтауға құқылы.	Ешкім басқа біреудің құлы болып табылмайды.
Ешкім басқа азаматтың жеке өміріне араласуға, рұқсатсыз басқа үйге кіруге және бөтеннің хатын оқуға құқығы жоқ.	Әрбір адам мүлікті иелену құқығы бар, және ешкім оған тиесілі заттарды алып кете алмайды.
Еркек пен әйел кәмелетке толғаннан кейін үйленуге, күйеуге шығуға және өз отбасыларын құруға құқылы. Ешбір терілерінің түсі, ұлты, діні оған кедергі болмауы керек. Бірақ екеуі қашан үйленгілері келген кезде ғана үйлене алады!	Әрбір адам жұмыс жасауға және өзінің мүмкіндігіне және тілегіне сәйкес жұмыс таңдауға құқылы. Әрбір адам жұмыстың жақсы жағдайларын, нормалы жұмыс күнін иеленуге және ақы төленетін еңбек демалысын алуға құқылы. Бірдей жұмыс үшін барлығы тең ақы алуға тиіс.

<p>Әрбір адам қай жерде тұрғысы келсе, сол жерде тұра алады. Әрбір адам өз елінен кетуге және қайта оралуға құқығы бар!</p>	<p>Әрбір адам сотта кінәлі болып табылмайынша кінәсіз болып саналу құқығын иеленеді.</p>
<p>Барлық адамдар бостандық және теңдікпен дүниеге келеді, барлығы да бірдей құқықтар мен ар намысына ие болады. Барлық адамдарға ақыл ой берілген және олар бір бірімен ағалар мен әпкелері сияқты қатынаста болуы тиіс.</p>	<p>Әрбір адам өз елінің азаматы болу құқығы бар. Ешкім өз азаматтығынан айырылмауы тиіс немесе өз азаматтығын өзгерту құқығы бар.</p>
<p>Әрбір азаматтың билік органдарына сайлануға және сайлау құқығы бар.</p>	<p>Ешкімнің басқа адамды ренжітуге, кемсітуге және қатал жазалауға құқығы жоқ!</p>
<p>Әрбір адамның жеке пікірін иелену және не ойлайтынын айту құқығы бар.</p>	<p>Әрбір адамның мектепке барып, тегін білім алуға құқығы бар.</p>
<p>Барлық адамдар жиналып бірге топтар мен одақтар құруларына құқықтары бар. Ешкім адамды өз тілегіне қарсы одаққа кіруге мәжбүрлей алмайды.</p>	<p>Әрбір адам сотта қорғалуға құқығы бар. Заң бәріне бірдей және әрбірін қорғауы тиіс.</p>

5 сабақ. Әңгімені жалғастырамыз: Әйел құқығы.

Сабақ уақыты: 90 мин.

Сабақ мақсаты:

1. Жыныс белгілері бойынша дискриминация ұғымын түсіндіру, әйел құқығының ұғымы.
2. Зорлық-зомбылық проблемаларына жағымсыз қатынасты шығарады.

Дидактикалық материал: флиптер, маркерлер, таралым материалы

Сабақ әдісі: «Кейс-стади» жаттығуы, «Жабық есік алдында» жаттығуы, «Аквариум» жаттығуы.

Сабақ барысы:

1. «Кейс-стади» жаттығуы - 20 мин.
2. Ой-талқысы - 10 мин.
3. «Жабық есік алдында» жаттығуы - 30 мин.
4. «Аквариум» жаттығуы - 30 мин.

Өткізу рәсімі:

Аталған тақырыпты бастамас бұрын қатысушыларға Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясындағы және ҚР Конституциясындағы дискриминацияға байланысты баптарды көрсетіңіз. Ол үшін олар оны қолдарына ұстап отыруы керек. «Дискриминация» ұғымына анықтама беріңіздер.

Дискриминация (айырма) – бұл жынысының, ұлтының, мүліктік жағдайының, саяси және діни көзқарасының, нәсілінің белгілері бойынша қасақана құқықтарын бұзу.

«Кейс-стади» жаттығуы – жалпы топта талқылау.

1. Таралым материалдарын дайындау: әйел құқығын бұзу жағдайларын суреттеу және оны жалпы топқа оқып беру.
2. Оқып болғаннан кейін топқа келесі сұрақтарды қою:
 - Аталған жағдайда адам құқығын бұзу жүзеге асады ма?
 - Кімге қатысты бұзылып отыр?
 - Мұндай жағдайда нені ұсынуға болады?
 - Бұл дискриминация болып табылады ма?
3. Талқылаудан кейін «дискриминация» ұғымы анықтамасының тағы бір нұсқасын ұсыныңыз, бірақ Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық нысанын жою туралы Конвенциядан әйелдерге қатысты: **«Әйелдерге қатысты дискриминация»** отбасына

жағдайына тәуелсіз, әйелдер мен ерлердің тең құқығы негізінде саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық және басқа аймақтардағы негізгі бостандық пен адам құқығын жүзеге асыруды әлсіретуге немесе болдырмауға бағытталған жынысына байланысты кез-келген айырмашылық, жоққа шығару немесе шектеуді білдіреді».

Дискриминация мен Адам құқығын бұзу арасындағы шек өте жіңішке, тіпті мүлде көрінбейді: дискриминация бар жерде - адам құқығын бұзуда байқалады және керсінше.

Жағдай

Бірнеше жыл бұрын 19-жастағы Лена және басқа бірнеше қыз Қытайдағы аспаздық өнерді оқыту бағдарламасына қатысу келісім-шартына қол қойды. «Келісім-шартқа медициналық сақтандыру, тұрғын жай, тамақтану, барып келу жол ақылары кірген», - Лена айтты. Әйелдер қытайдың Джухай қаласына жеткізіліп, онда оларды бір ай бойы аспаздық өнерге оқытты.

«Төлқұжатты алып кеткенше барлығы тамаша болды, - деді ол, - оларды кейін қайтаруды талап еткенде, олар он бес мың доллар өтемақы сұрады». Ақыр соңында қыздарды жалдап алуға тиісті мейрамхана болмағаны түсінікті болды және қыздарға ешкім талап етілген қаржыны төлей алмады.

Қыздардың бірінің төлқұжатының он бес мың долларын төлеген курьерлік агенттік сатып алып, оны Макао жезөкше болуға сатып жіберген. Бұл уақыт аралығында қыздарды ұрып соққан, аш болған және қамап ұстаған. Қытай құқықбұзушылары оларға егер клубтар мен мейрамханаларда жезөкше болып жұмыс жасап әріптестік жасаған жағдайда төлқұжаттарын алатынын айтқан. Қыздар қашып шығып, Ресей елшілігіне және Қытай мэріне үйлеріне қайтаруға көмектесуін өтініп жүтінген. Ақыр соңында Рейсейлік еркектер көмектесуге келіскен, бірақ оның орнына оларға бірнеше ай бойы жыныстық қызмет көрсеткен. Қазір Лена үйде, психиатрдың бақылауында жүр. Оның айтуынша, енді ешкімге сенбейтінін және қару алып жүретінін айтқан.

Ой талқысында қатысушылар жиі қысым көрсетілетін әйел құқықтарын жазып алуы керек. Құқық бұзушылық ҚР орын алады. Қатысушылардан сұраңыз: «бала құқығы мен әйел құқығы неліктен жеке топқа бөлінеді?»

«Жабық есік алдында» жаттығуы

1. Таралым материалдарын дайындаңыз: «Әйел жұмыс жасамайды» мәтінде және әрбір қатысушыға таратыңыз.
2. Дауыстап оқыңыз және тапсырма беріңіз: «3 минут ішінде сипатталған жағдайға қатысушы әрбір адамның кінәлілік деңгейін анықтаңыздар»
3. Қатысушыларды 3-4 адамнан топқа біріктіріп, тапсырманы қайта беріңіз, бірлескен түрде әрбір қаһарманның кінәлілік деңгейін анықтайды.. Флип, топ саны бойынша кесте салып дайындаңыз:

Кейіпкерлер	1 топ	2 топ	3 топ	Қортынды
Ұры				
Ирина				
Көңілдесі				
Полицей				

Сергей				
Такси жүргізушісі				

4. Уақыт өткеннен кейін бірігіп талқылау нәтижесінде шешім өзгергендігін сұраңдар. Әрбір топ өз шешімін оқиды және түсіндіреді. Кестедегі анықталған топқа сандарды қойыңдар (кінәлілік деңгейі). Кінәліліктің орташа көрсеткішін шығарыңдар.

5. Қортындысын шығару. Қатысушылар көбіне ең кінәлі етіп Иринаны қояды. Оның бұл жағдайда кінәлі емес, құрбаны болып отырғанын түсіндіріңіз. Қандай да болсын себептерге қарамастан, басқа адам тарапынан ешкім зорлық-зомбылыққа ұшырамау құқығын иеленетінін атап көрсетіңіз.

Жабық есік алдында

Иринаны ұруға бәрінен бұрын кімнің кінәлі екенін оқыңдар және шешіңдер.

Жұма күні іссапарға кетіп бара жатқанда, Сергей Иринаға ескертті: «Мен саған бүгін кешкі сағат 7 телефон соғамын, сен үйде болуың керек. Ирина сүйісіп қоштасып, дүкенге кетті. Бірнеше уақыттан кейін Ирина өзінің көңілдесіне соғып кетуді шешті. Сол күні онымен біраз уақыт болып, бір сәтте сағат 6 болғанын түсініп, күйеуінің қоңырауына үлгерейін деп одан үйге апарып тастауын өтінді. Ал ол былай деп жауап берді: «Тыңда, біздің қатынасымыз осы төсекте бітеді. Егер, саған үйге бару керек болса, автобуспен бар». Ирина дүрбелеңмен такси шақырды, таксист оны басқа ақша болмағасын үйінен төрт орам жерден түсіріп кетті. Үйінен екі орам жерде оны тонап кетті; ұры оның сөмкесін үйінің кілтімен бірге алып кетті. Үйге қарай айқайлап жүгіріп бара жатқанда, Ирина кездейсоқ милиция қызметкерін кездестіреді «Мені тонап кетті, мен үйге кілтсіз кіре алмаймын. Егер сағат жетіде үйде болмасам, күйеуім мені ұрады», - деп айтты Ирина. «тонау туралы сіздің өтінішіңізді жаза алмаймын, - жауап берді милиция қызметкері, - ал басқаларының бәрі сіздің отбасылық проблемалар. Мен сізге күйеуіңізді ауыстыруға кеңес беремін». Осыдан кейін милиция қызметкері әрі қарай кетіп қалды. Ирина үйге жүгіріп келіп, есікті бұзуға әрекет жасады. Сағат 7 телефонның соққанын естіді. Ол құрбысында түнеп, таңертең Сергейге оның келерінде телефон соғуды шешті.

Келесі күні таңертең Ирина Сергейге телефон соғып, өзін кілті, әмианы бар сөмкесін тонап кеткенін түсіндірді. Сергей оның алып кету үшін құрбысына келді. Ол әйеліне шынайы жаны ашығандай болды. Үйге келгесін, Сергей ыза кернеп, Иринаны қатты соғып тастады.

Иринаны ұруға кімнің кінәсі көп, кімнің кінәсі аз? Әрбір санды бір рет пайдалана отырып, әрбір көрсетілген тұлғаның қасына 1 ден 6 дейінгі сандарды қойып шығуы керек (6 – бәрінен де кінәсі көп; 1 – кінәсі аз).

Ұры _____
Ирина _____
Көңілдесі _____
Милиция қызметкері _____
Сергей _____
Такси жүргізушісі _____

«Аквариум» жаттығу

1. Таралым материалдарын дайындау: мифтер және зорлық-зомбылық фактілері.
2. Аталған жаттығуды орындауға аудиторияны дайындау: аздаған топ қатысушыларының санына байланысты шеңбердің ортасына орындықтар қойып және оның айналасына да қою керек. Әрбір топ кезек бойынша ортадан орын алады. Қалғандары айналасындағы орындарға отырады.
3. 4-5 адамнан тұратын кішкентай топқа қатысушыларды біріктіріп, бір топты орталықтан орын алуға шықырып және зорлық-зомбылық туралы мифтердің біреуін таңдауды ұсыныңыз.
4. Жаттығу ережесін түсіндіріңіз: шеңбердің ортасында орналасқан топ қана талқылауды жүргізеді, қалғандары талқылау кезінде ештеңе айтпай тыңдайды.
5. Тапсырма беріңіз: «3 минут ішінде аталған бекітуді талқылаңыз және шешім шығарыңыз: Сіз онымен келісесіз бе немесе келіспейсіз бе. Шешімді дәлелдеңіз».
6. Мерзім өткеннен кейін, топтар қабылдаған шешімді түсіндіре отырып, айтады. Басқа қатысушылар қабылданған шешімді талқылауға қатысып, аталған проблемалар бойынша өз пікірлерін білдіреді. Әрбір мифке фактілерді оқыңыз.
7. Жоғарыда суреттелген сценарийді пайдаланып келесі топтарды шақырыңыз.
8. Қорытынды шығарыңыз.

6 сабақ. Құқық бұзушылық. Қылмыс және қылмыстылық.

Сабақ уақыты: 90 мин.

Сабақ мақсаты:

1. Құқықбұзушылық түсінігін қалыптастыру.
2. Оның қоғамға қарсы сипатын көрсету, тіке моралды және материалды залалы.
3. Қылмыс және қылмыстылық түсінігін беру.
4. Қылмыс табиғатын түсіндіру.

Дидактикалық материалдары: флиптер, маркерлер, құқық бұзушылық тізімі бар тақталар.

Сабақ әдісі: «Идеялар себеті», «Ой талқысы», «Аз топтардың жұмысы», «Құқық бұзушылықты анықтау» ойыны, ролдік ойындар, «Меню» ойыны.

Сабақ барысы:

1. «Идеялар себеті» - 5 мин.
2. Мини-лекция - 3-4 мин.
3. «Құқық бұзушылықты анықтау» ойыны - 10 мин.
4. Ой талқысы - 5 мин.
5. Ширату- 5 мин.
6. Рольдік ойындар - 25 мин.
7. Ой талқысы - 5 мин.

8. Аз топпен жұмыс - 25 мин.
9. Мини-лекция - 3-4 мин.
10. Қортынды шығару - 3 мин.


Өткізу рәсімі:

«Идеялар себеті».

1. Сурет салу үшін қатысушыларға қағаз бен маркерлер таратыңыз (фломастерлер, қарындаштар).
2. Тапсырма беріңдер: «құқық бұзушылық» сөзімен ассоциациялардың суретін салу.
3. Сосын әрбір қатысушы өз суреті туралы айтады.
4. Құқық бұзушылық анықтамасын шығару: «құқық бұзушылық – қоғамға залал келтіретін және заңды жауапкершілікке тарттыратын кінәлі құқыққа қарсы әрекет».

Мини-лекция - 5 мин.

Мини-лекцияда қатысушыларға қандай құқық нормаларына тәуелділігін хабарлайды, құқық бұзушылықтың бірнеше түрі айырмашылығы бар: әкімшілік, тәртіптік, азаматтық, құқықтық және қылмыстық.



Әкімшілік теріс құлық – мемлекеттік басқару тәртібіне қарсы құқық бұзушылық (ұсақ бұзақтық – азаматтарға тіл тигізу, қоғамдық орындардағы былапыт сөз, өрт қауіпсіздік ережесін бұзу және т.б.)

Тәртіптік теріс құлық – еңбектік, қызметтік, әскери немесе оқу тәртіптеріне қарсы құқық бұзушылығы.

Азаматтық-құқықтық теріс құлық – азаматтардың, заңды тұлғалардың және мемлекеттердің мүліктік сипаттағы құқық бұзушылығы (азаматтардың мүлігіне және тұлғаларға зиян келтіру), сонымен қатар ұйымдарға зиян келтіру.

Теріс құлық – жазаға тартуға жатпайтын, тек өтем алуды көздейтін қоғамға қауіп тудырмайтын құқыққа қарсы кінәлі теріс құлық.

Қылмыс – заңмен тиым салған қоғам үшін қауіпті, жазаны көздейтін, теріс құлық немесе әрекетсіздік.

«Құқық бұзушылықты анықтау» ойындары

1. Қатысушылардың назарына әртүрлі жағдайлар ұсынылады:
 - a) Тимур полицияға телефон соғып мектепке бомба қойылған деп хабарлады.
 - b) Жұмысшы себепсіз сылтаумен жұмысқа келмеуі.
 - c) Арман қорықтың ағашын сындырды.
 - d) Петр және Леонид өтіп бара жатқандарға тас лақтырды.
 - e) Тұрғын үйде орналасқан кафе таңғы сағат 5 ке дейін жұмыс жасайды.
 - f) 7 сынып оқушылары фильм көру алдында кинотеатрда спирттік ішімдіктерді ішкен.
 - g) Жүргінші қоғамдық көлікте жолақысын төлемеген.
 - h) Террорист ұшақты айдап кетуге тырысты.
 - i) Бағдат бөтеннің автокөлігіне кіріп, магнитофонын алып кетті.
 - j) Машруттық таксидың жүргізушісі мас күйінде бұралқы итті басып кетті.
 - k) Заң факультетінің үшінші курс студенті сол факультеттің бірінші курс студентіне марихуана сатуға тырысты.
 - l) Әкесі өз баласын төмен үлгеріміне байланысты қатты ұрып тастады.

Кезекпен оқу.

2. Тапсырма беріңіз: «қол көтеру ережесін пайдаланып, аталған жағдайдың қандай түрге жататынын анықтаңыздар (әкімшілік, тәртіптік, азаматтық-құқықтық және қылмыстық әрекет). Әрбір дұрыс жауап үшін - 5 ұпай. Ең көп ұпай жинаған адам жеңімпаз».

Ой талқысы.

- Оқушылардан мына сұраққа жауап беруін өтініңіз: «Құқық бұзушылықтың қандай салдары бар?»
- Шешім шығарыңдар.

Ширату

Сабак интерактивті элементтерге толы болғандығын еске алып, шаршауды басатын ширатуды қолдану орынды болып саналады. Ширатуды қатысушылардың өздері өткізуіне ұсыныс білдіруге болады, тек ең бастысы уақыт шегін бұзбауы керек. Ширату нұсқаары өте көп және олар қозғалыс дәрежесіне қарай үш түрге бөлінеді: қозғалыстың төмен деңгейі, орташа және жоғары. «Зип-Зап-Зуп» ойыны қозғалыс дәрежесіне қарай орташаға жатады және берілген тапсырмаға жақсы келеді:

1. Қатысушылар шеңбер жасап отырады немесе тұрады, біреуі ортада тұрады.
2. Шеңберде отырған адам (тұрған), сол жағында отырғанға және өзінің оң жағын таныстырады.
3. Ортада отырған адам, шеңбердегі біреуді көрсетіп «Зип», «Зап» немесе «Зуп» айтады.
 - егер «Зип» деп айтса, көрсетілген адам оң жақ көршісінің атын айтады;
 - егер «Зап» деп айтса, - өзінің атын айтады;
 - егер «Зуп» деп айтса, көрсетілген адам сол жақ көршісінің атын айтады;

- «Зип», «Зап», «Зуп» - барлығын айтса (ортада тұрғанның өзі қосылып) орындарын ауыстырады, орынсыз қалғандар шеңберге тұрады да, ойын жалғастырылады.

- егер шеңберде тұрған адам көршісінің атын айта алмаса немесе шатастырса, онда ол ортада тұрған адамды ауыстырады.

Рольдік ойындар.

1. Құқық бұзушылық түрлері көрсетілген кәртiшкелер дайындау: қылмыс, әкімшілік теріс құлық, тәртіптік теріс құлық, азаматтық –құқық теріс құлық.
2. Топтық қатысушыларды біріктіру.
3. Құқық бұзушылық түрлері көрсетілген кәртiшкелерді топтың таңдауына ұсыныңыз
4. Берілген кәртiшкемен анықталған ойын жағдайын ойнауға тапсырма беріңіз.
5. Әрбір топ жеке құқық бұзушылықты сахналауға дайындайды.
6. Қалған қатысушылар құқық бұзушылық түрлерін табуға жұмыстанады.
7. Қортынды жасаңыз және жазаны көздейтін заңмен тиым салынған аса қауіпті теріс құлық ретінде қылмысқа назар аудартыңыз.

Ой-талқысы.

- Қатысушыларға сұрақ қойыңыз: «Қылмыс несімен қауіпті?». Жауаптарын флипке жазып отырыңыз.
- Қортынды шығарындар: «Қылмыс қоғамға үлкен зиян алып келеді және қоғамға қарсы ашық көрінетін сипатты иеленеді».

Аз топтармен жұмыс:

1. Таралым материалдарын дайындаңыз: топ санына байланысты казустары бар кәртiшкелер.
2. Қатысушыларды 5 аз топқа біріктіріңіз және казустары бар кәртiшкелерді алуды ұсыныңыз.
3. Тапсырма беріңіз: «Өз казустарыңды оқыңыздар және неліктен қылмыс жасағанын анықтаңыздар?»
4. Талқылаудан кейін әрбір топ өз шешімін көрсетеді.
5. Қортынды жасаңыз. Шешім: қылмыстың жүзеге асу себебі бәрінен бұрын мыналар болуы мүмкін:
 - Жасаған әрекетіне адамның жеке жауапкершілігінің болмауы.
 - Әрекетсіздік, жалқаулық, рухани кедей және адамның жеке моральды сапасы: дөрекілік, қатыгездік, өр көкіректік және отбасы мен көшенің жағымсыз әсері және т.б.
 - Занды білмеу және оны құрметтемеу.
 - Жазасыздық, жасаған әрекеті үшін жазалаудың бұлтартпастық қағидасының болмауы.
 - Заңның жетілмегендігі.
 - Елдегі қолайсыз экономикалық және саяси жағдайы.
6. Таныстырудан кейін және қорытынды шығарғаннан кейін топқа мына сұрақты қойыңыз: «Біздің қоғамда қылмыспен қалай күреседі?». Ұсыныстарды флипке жазып, талқылаңыздар.

Бейнеттің үстінен кемсіту кешірілмеуі тиіс. А. П. Чехов.

Юрий мектепте оқыған жылдары оқуға жауапсыздықпен қарады, тәртіпті бұзды: сабақтан кешікті және кетіп қалды. Оқытушыларға, дөрекілік және қиқарлық танытты. Сабақта сыныпта жұмысқа кедергі келтіретін жағдай тудырып, көңіл көтеру. Ерте темекі тартты және үзілісте төбелес ұйымдастырды, физиологиялық әлсіз сыныптастарға өз үстемдігін көрсетуге тырысты. Жоғары сыныпта ішуді бастады. Нәтижесі – маскүнемдік төбелес, сыныптастар денсаулығына ауыр зақым келтірді.

Сот статистикасының мәлеметтері бойынша қылмыстың 70% дейін топпен жасалады. Кәмелетке толмағандар өз әрекетін былай деп түсіндіреді: «Барлығы барғасын мен де бардым», «оның қасында аса қауіпті теріс құлық жасалып жатқандықтан көрмей қалады деп ойладым», «жазаны ересектер тартады, менімен полицияның ісі болмайды, мен ештеңеге жауап бермеймін деп есептедім».

Жесұрынға мейірімділік пен даналықта жексұрын болып көрінуі мүмкін. Пәс аданың талғамы да лай.

У. Шекспир.

Байқалды: теріс құлық, сосын қылмыс жасайтындар бәрінен бұрын нашар оқитындар, кітапты аз оқитындар. Оларда бос уақыт көп, соның орнын толтыру үшін күдікті оқиғаларды іздейді. Фильмдердің ішінен зорлық-зомбылық пен қатыгездік эпизодтары көп боевиктарды айрықша көреді. Мұндай адамдарда жалқаулық дамиды, іш пысуға, жұмыс жасамауға дағдыланады, қуыс кеуде болады.

Бөтеннің әйелінің алдында соқыр болған, бөтеннің байлығын қуғанда ақсақ болған, маңайындағыларды жамандағанын естіген кезінде мылқау болған адам ұлы адам.

О. Хайям.

Ересек жас адамдар аулада қалай жеңіл ақшаны табу және оларды қандай серуендерге жіберу әдістерін талқылады. Ұрлықтың айбындылығы туралы әңгімелерге еліктірілген жасөспірімдер оларға құрметпен қарады. Бір күні жоспар жетілді: бір көршінің пәтерін тонап, заттарды сатып, сол арқылы ақша табу. Көмекші қылып 14-жастағы С. таңдады – оның кішкене бойы есікті ашу үшін жартылай ашық тұрған терезеден ішке түсуге мүмкіндігі бар. «Сен кәмелетке толмағансың, сондықтанда саған ештеңе болмайды», - деп түсіндірді олар. С. ұстауға полиция келген кезде, ол таңырқап былай айтты: «Мен кәмелетке толмағанымен, 14 жаста мұндай әрекет үшін қылмыстық жауапқа тартылатынын білмедім».

Жаман әрекеттің зияндылығы ол оңбаған жаңа қылықты ішінде сақтайды.

Ф. Шиллер.

22-жастағы Ж. заңдар жәй адамдар үшін әрекет етеді деп есептеген. Өз жиі құрдастарының компаниясында күліп, былай деп айтатын: «ақша үшін күні, түні жұмыс жасайтын түйе емеспін, ақшаны қанша керек болса, сонша табамын, мен үшін заң жоқ, мен-құрбан болатын адам емеспін, мен - аңшымын. Сәйкесінше, ол алдау-арбау, алаяқ, жалған істермен айналысқан. Ж. бірнеше жыл бойы уақыттарын түнгі клубтарда өткізіп, лайықты машина мініп, өз рақатына өмір сүрді. Жіп қанша ирендеседе, бәрінің соңы болады. Ж. әшкереленіп, ҚР кодексіндегі қылмыстық жауапкершіліктің 4 бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Адамда қаншама адамгершілік қасиеті болса, соншама айыбы бар. Адам айыпсыз дүниеге келмейді. Кім оған төзсе сол айыпкер болып қалыптасады.

Ежелгі үнді эпосынан.

16-жастағы К. жеңіл өмір сүрді, көршісіне тіл тигізсе - кешіреді, бөтеннің мүлкін бүлдірсе – ата-анасы өтейді, нәтижесінде наркотик дозасымен қолға түсті. Оның қатесін басқалар мойнына алды. Барлығына рұқсат екенін көрген, К. қылмыстық топқа кіріп, оның құрамында инкассаторға қарақшылық шабуыл жасады. Ол бұл әрекет кешіріледі деп түсінген.

30-жастағы Р. жұмыстан босап қалды: 10 жыл бойы еңбек еткен кәсіпорынын жауып тастады. Жұмыспен қамту бюроларындағы жұмыс табуға арналған ұмтылысы нәтижесіз болды. Кездейсоқ жұмыспен айналысты, үйде ауру әйелі, екі баласы, азғантай зейнетақысы бар анасы бар. Ақша жетіспеді: пәтер қарызы өсті, газ бен телефонын қиып кетті, жарық пен суды өшіреміз деп қорқытты. Танысын кездестірген, Р. өзінің қиын жағдайы туралы айтты, ал анау оған жұмыс тауып беруге уәде етті. Ол Р. жақсы ақшаға жүк тасымалдау керектігін айтты. Жұмыстың түнде жасалатыны Р. біртүрлі көрінді, алайда басқа таңдауы жоқ болды. Оның ұрланған затты таситыны анықталды.

Мини-лекция.

Заңдық жауапкершілік туралы қысқаша әңгіме

Кейбір міндеттемелерді немесе заңды орындамаған үшін заңдық жауапкершілік туындайды.

Заңдық жауапкершілік – бұл, міндеттемелерді орындамаған немесе заңды бұзғаны үшін мемлекеттің адамға қолданатын жаза түрі. Мемлекет алдындағы заңдық жауапкершілік баласы үшін ата-анасына жүктеледі. Заңдық жауапкершілік айыппұл және қалпына келтіру болып бөлінеді.

Айыппұл, қылмыс немесе теріс қылық үшін қолданылатын жазалау жауапкершілігі. **Айыппұл** жауапкершілігіне қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершіліктер жатады. Ол тек іс жүргізушілік нысанда болады және мемлекеттік орган және тұлғалардың актілерімен анықталады. Бұл қызметтің сатылары:

- Белгілі бір тұлғаны қылмыс немесе теріс қылық жасаған үшін айыптау;
- Құқық бұзушылық жағдайды зерттеу; шешім қабылдау және жаза таңдау;
- Өндіріп алуды немесе жазаны пайдалану.

Барлық санкциялардың жалпы мақсаты – құқықтық тәртіпті қорғау, құқық бұзушылықтың алдын-алу және жою. Мемлекеттің мәжбүрлеу шаралары бұл мақсатты екі әдіспен қол жеткізеді:

- 1) Бұзылған құқықты қалпына келтіру;
- 2) Түзету, қайта тәрбиелеу, қайталамалы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық бұзушының тұлғасына және құқықтық мәртебесіне әсер ету.

Санкциялар бұзылған құқықты қалпына келтіруге бағытталуы мүмкін. Егер кәсіпорын төрт ай бойы жалақыларын бермесе, онда оны сот тәртібімен өндіріп алуға болады. Сот жалақыларын төлетуге шешім шығарады. Егер бір көліктің жүргізуші иесіне 60 000 теңге материалдық залал келтірген екінші бір көлікпен соқтығысса, онда жөндеу құнын қалпына келтіруі керек. Егер адам өлсе, онда келтірілген шығынды қалпына келтіру мүмкін емес, тек жазалау санкциясы қолданылады. Қылмыс жасағаны үшін субъект бостандығын шектеу түріндегі белгілі бір қиындыққа төзуі керек. Жаза соттың үкіммен тағайындалған мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы болып табылады. Осылайша, жазалау қолданылады:

- Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында;
- Сотталғанды түзетуге;
- Сотталғандардың мен басқа да тұлғалардың қылмыс жасаудың алдын алуы.

Жаза адам ар-ожданын кемсіту немес физиологиялық бейнет әкелу мақсатын иеленеді.

Жазалау анықтамасында келесі қағидалар бар:

- 1) Кінәсіздік презумпциясы;
- 2) Қылмыс жазасының ұқсастығы;
- 3) Құқықбұзушылық субъектісінің кінәсі.

Қылмыстық жауапкершілік ҚІЖК нормаларымен қатаң реттеледі, жаза тек сот шешімімен анықталады. Жазаны өтеу, кешірім беру және рақымшылық жасау заңмен қатаң реттелген.

Әкімшілік жауапкершілік әкімшілік құқықбұзушылық жөніндегі заңнама негізінде жүзеге асады. Іс бойынша өндірісті қамтамасыз ету шаралары: тұлғаны әкімшілік ұстау, жеке тексерме, заттарды тексеру, заттардың құжаттарын алып қою.

Тәртіптік жауапкершілік еңбек, оқу, қызметтік және әскери тәртіптерді бұзғаны үшін қолданылады. Еңбек тәртібін бұзғаны үшін жұмысшылар, қызметкерлер және оқушылар кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшілігі тарапынан тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Өндіріп алуға дейін еңбек тәртібін бұзған адамнан түсініктеме талап етілуі керек. Заңнамада тәртіптік өндіріп алуға шағымдану, оларды қолдану уақыты және әрекеті, бастау тәртібі белгіленеді.

Қалпына келтіру жауапкершілігі – заңсыз бұзылған құқықты, мәжбүрлеп орындалмаған міндетті қалпына келтіру. Құқық бұзушы мемлекеттік органдардың араласуынсыз бұзылған құқықты қалпына келтіреді. Қалпына келтіру жауапкершілігі құқық бұзылған сәттен басталады және бұзылған тәртіпті қалпына келтірумен аяқталады.

Заңдық жауапкершілік қағидалары:

- Бастысы жазаның және құқықтық жауапкершіліктің бұлтартпауы. Әйтпегенде, құқықтық тәртіпке және азаматтық құқыққа, құқықтық беделге әжептәуір залал келтіріледі.

Статистика. 200 сотталғандардың тек 4% ғана қылмысты жасап жатқанда жауапкершіліктің сөзсіз болатынына және 34% жазалаусыз қалатынына сенген, 58% қатал жаза туралы ойламаған, 147 сұрау салған рецидивистердің 90 жауапкершіліктен қорықпаған (Әлеуметтік құқық, құқықтық сана және тұлғаның жүріс-тұрысы, 198 б.).

- Құқық қолданушылық қызметтің заңдылығы.
- Заңдық жауапкершіліктің негізділігі. Бұл іс жағдайын объективті зерттеу, дәлелдемелерді жинау және жан-жақты бағалау, тұлғаның кінәлілігі туралы шешімнің дәлелділігі, заңмен белгіленген белгілерге сәйкес жазаның нақты шаралары. Жағдайды ауырлатуды және жеңілдетуді жан-жақты зерделеу. Ешкім жасаған қылмысы үшін екінші рет қылмыстық немесе өзге де жауапкершілікке тартылмауы керек. Негізсіз және заңсыз жауапкершілікке тартудан сақтану керек.
- Жауапкершілікке тартылған тұлғаны қорғау құқығының және үдерістерінің жарыссөзі.
- Заңдық жауапкершіліктің өз уақыттылығы. Әкімшілік, мүліктік және тәртіптік – бұл бірнеше айдан бірнеше жылға дейін, ал қылмыстық - 1 жылдан 15 жылға дейін.
- Мақсаттылық және ізгілік. Бұл қайырымдылық көрсету үшін барлық жағдайларды есепке алу.

Заңдық жауапкершілік санаға және тұлға жүріс-тұрысына белгілі бір әрекеттер жасайды. Құқыққа жағымды қатынас әдетте жауапкершілікке сондай қатынасты ұсынады. Заңдық жауапкершіліктегі бұлтартпастық, заңдылық және әділеттілік азаматтардың өз заңды мүдделерін қорғау құралы ретінде қарастырылады.

Заңдық жауапкершілік әлеуметтік құндылықтардың қолжетімді индикаторының жанама көрсеткіші және құндылық әлеміндегі тұлғалардың алғашқы бейімділігінің факторы ретінде жүзеге асырылады. Ол қатынаста қорғалатын заңды жауапкершіліктің тұлғалық сана үдерісінде үлкен роль алады. Заңдық жауапкершілік көмегімен қоғамның негіздерін қорғайды. Заңдық жауапкершіліктің реттеуші мәні неде?

- Заңдық жауапкершілік құқықбұзушылыққа реакция ретінде, оның жүзеге асуы жағдайының құқық бұзушылыққа қарсы қоғамның өзін өзі қорғау құралы ретінде тартылған, бәрінен бұрын заңды жүріс тұрыс дәлелін қалыптастыру құралы болу. Жасалған қылмыстан кейін пайда болған жазалау мәні жеке қауіптен жоғары болып табылады.
- Субъектіге сөзсіз ұсынылатындығына қарағанда жазалаудың уәждемелі ролі жоғары
- Жазалаудың ынталандырушы ролі жоғары болған сайын, оны қолдану нәтижесінде құқық бұзушы көптеген игіліктерден соншама айырылады. Осылайша, құқықтық нормаларды бұзғаны үшін құқық субъектілері заңдық жауапкершілікке тартылады. Осынысымен, басқа әлеуметтік нормалардан ерекшеленеді.

7 Сабақ. Демократия. Азаматтық қоғам. Белсенді азамат.

Сабақ уақыты: 90 мин.

Сабақ мақсаты:

1. Демократияға, азаматтық қоғамға, белсенді азаматқа анықтама беру.
2. Азаматтар қалай пайда алып келетінін ұғынуға, оқушыларға белсенді азаматтық бағытты қалыптастыруға көмектесу.

Дидактикалық материал: флиптер, маркерлер, таратым материалдары- жағдай бейнеленген кәртішке, «Демократия қағидалары және «Демократияның артықшылықтары мен жетіспеушілігі» кестелері, « Иә - Жоқ - Мүмкін» кәртішкесі

Сабақ әдісі: Ой талқысы, мини-лекция, «Демократия дегеніміз не?», «Қосулар және азайтулар», «Әрекеттегі азаматтық қоғам», « Иә - Жоқ – Мүмкін» жаттығулары .

Сабақ барысы:

1. - 5 мин.
2. Мини-лекция - 10 мин.
3. «Демократия дегеніміз не?» жаттығу- 10мин.
4. «Қосулар және азайтулар» жаттығу- 15 мин.
5. «Әрекеттегі азаматтық қоғам» жаттығу- 25 мин.
6. «Иә - Жоқ – Мүмкін» жаттығу- 20 мин.
7. Қортынды шығару - 5 мин.

Өткізу рәсімі:

Ой талқысы

Қатысушыларға мына сұрақты қойыңыз: «Что вы понимаете под словом «демократия» сөзі астарынан нені түсінесіз?»

Жауапты флипта жазып, талқылауыңыз керек.

Айтылғандардан шешім шығарыңыз: «Демократия - бұл...»

Мини-лекция

«Демократия» сөзі, мүмкін, көптеген адамдарға танымал.

Сөздікте демократияға былайша анықтама берілген «басқарудың халықтық нысаны, онда халық жоғары билікке ие болады және оны тікелей немесе еркін сайлау жүйесінде сайланған өкілдері арқылы жүзеге асырады».

Демократия екі негізгі санатқа бөлінеді – тіке және өкілдік, бірақ, қиындықтары мен жан жақтылығы бар заманауи қоғам кезінде, негізгі шешім барлық адамдардың тікелей қатыстырылуы арқылы жәй дауыс берумен қабылданады. Демократияның аса таралған нысаны – өкілдік, онда саяси шешім қабылдау үшін азаматтар өкілдерін сайлайды, өкілдік демократия конституцияға сәйкес әрекет етсе, өкілдердің өкілеттіктерін шектеп, барлық азаматтарды негізгі құқықпен кепілдендіретін басқару нысанын конституциялық демократия болып табылады.

Мұндай қоғамда көпшілік басқарады, ал аз топтардың құқықтары осы мақсатта құрылған арнайы институттар арқылы заңмен қорғалады. Демократиялық қоғамда үкімет алуан түрлі қоғамдық ағзада қатар өмір сүретін көптеген институттардың бірі болып табылады. Ол барлық билікті тұтасымен иеленбейді, сонымен қатар – Үкімет билігі – оның өкілеттіктері - қатаң анықталған және заңмен шектелген, ал тұлға құқығы заңнан, адамдардың күнделікті өмірінен, пікірлерден салмақты тірек тауып алды.

Есте сақтау маңызды, демократия – бұл үдеріс, қатар өмір сүретін және серіктестік нысаны және ол отандастарынан толеранттықты, әріптестікке дайындықты және келісімге келуді талап етеді. Оның үздіксіз қызметін қамтамасыз ету оңай шаруа емес. Демократия емес, басқарудың қандай да бір жүйеде идеалды қоғам құра алмайды. Бірақ демократияның көкейкесті күші «Біз - халық» және бостандықты қорғайтын заңдар мен институттар шеңберінде бірі-бірімен әріптес бола отырып, өз өмірлік деңгейін өздері басқара алады және көтермелейді. Осылайша, демократиялық қоғамда үкімет күзіретті адамдарға емес, адамдарға -азаматтарға қызмет көрсетуі үшін қызмет жасайды.

Кез-келген елде демократияның енуі-бұл ұзақ үдеріс. Демократияның қызмет атқаруының және табысты дамуының аса маңызды факторлардың бірі ол белсенді азаматтық қоғамның болуы. Азаматтық қоғам ерекше жағдайға ие. Кейбір адамдардың айтуынша азаматтық қоғам айналысатын «жалпы игілік» бар.

Бұл дегеніміз, біздердің жасап отырған қандай да бір заттардың барлығына немесе ең аз дегенде көптеген адамдарға пайдасы бар. Мысалы, егер әрбір адам қоқысты тротуарға емес қоқыс жәшігіне салса, онда «жалпы игілікке» қызмет етеді, өйткені кез келгені өмірден аса таза және жағымды қоршаған органы ұтады.

Азаматтық қоғамның белсенді мүшесі болу – тек жеке өзінің мүддесін көксеу емес, бізді қоршаған адамдар мүддесінің қамын жеу болып табылады. Біздің жеке мүддеміз басқалардың мүддесіне қарама-қайшы, керсінше, әдетте біздің мүдде, ол бізді қоршаған басқа адамдар бақытты және бай болуы.

Көбіне «жалпы игілік» не екенін анықтау қиын, өйткені кейде олар өздерін жалпы игілік үшін жұмыс жасайтынын айтқан адамдар, басқалар үшін шешім қабылдағысы келеді және өздерінің пайымдауынша қоғамдағы үздік үлестерді біреулерге тану. Адамдар шыныменен олардың қоғамға көмектесіп жатқандығына сенуі мүмкін, бірақ олар жәй қателесуі мүмкін. «Қоғам» - бұл жеке адам емес, адамдардың жиынтығы. Нәтижесінде, әрбір адам өзіне не жақсы өзі біледі.

Бүгін азаматтық қоғам ретінде бәрінен бұрын әртүрлі институттарымен мемлекет және отбасы арасындағы кеңестікті толтыратын барлық қоғамдық топтар мен ұйымдардың жиынтығын түсінеміз. Бұл анықтама экономикалық және бейэкономикалық сипаттағы қызметтерден тұрады.

Мықты азаматтық қоғам талап етеді:

- Заң басымдылығын бекіту және сақтау
- Өз аяғымен мықты тұрған және іскер үкіметтік емес ұйым бар.
- Әртүрлі көзқарастарға пен әртүрлі адамдар топтарына кең таралған төзімділік. Бұл қоғамдағы плюрализмдеп аталады.
- Экономикаға артық басшылық етіп отырған қандай да бір адамдар тобының болмауы

«Демократия дегеніміз не?» жаттығу

1. Төменде көрсетілген кестесі бар флип дайындаңдар :

№	Демократия қағидалары	(+)
1	Адамдар дауыс беруге қатысуға болады	
2	Халық - өз өкілдері арқылы жүзеге асыратын мемлекеттік биліктің жалғыз тасымалдаушысы	
3	Шешім аз топтардың мүддесін ескеріп, көпшіліктің еркіне сәйкес қабылданады	
4	Азаматтар мемлекет ісін басқаруда тең	
5	Билік бұтақтары бір-бірінен тәуелсіз, тепе-теңдік және тежемелік жүйесі жұмыс жасайды.	
6	Адам құқығы – бұрыштың басында: «Мемлекет адам үшін, адам мемлекет үшін емес»	
7	Заң және сот алдында бәрі тең.	
8	Барығында тең мүмкіндіктер бар.	

2. Қатысушылардан жоғарыда келтірілген демократия қағидаларының тізімін қарастырып, олардың көзқарасы бойынша бес ең маңызды қағидаларды таңбамен (+) белгілеуді өтініңіздер.

3. Қортынды шығарыңдар.

Қосулар және азайтулар» жаттығуы.

Қатысушыларды 3-4 адамнан тұратын шағын топқа біріктіріңіз және әрбір топқа кестені таратыңыз:

Артықшылықтар	Кемшіліктер

1. Тапсырма беріңіз: кестеге басты артықшылықтар мен мүмкін болатын кемшіліктерді енгізіңіз және талқылаңыз.
2. Бұл тапсырма қалай орындалады, топтан талқылауын сұраңыз және әрбір бағаннан үш аса маңызды факторларды белгілеңіз.
3. Әрбір топ қабылдаған шешіміне негіздеп, өзінің жұмысымен таныстырады.
4. Жалпы топтың талқылау нәтижесінде жалпы тізім жасаңыз. Шешім қабылдаңыз.

Упражнение «Әрекеттегі азаматтық қоғам»

Бірінші кезең. Жеке жұмыс.

1. Әртүрлі пікірлердің сипаттамасын дайындаңыз.
2. Тапсырма беріңіз: «Әртүрлі пікірлерді саралаңыз және мұндай әрекеттен қоғам қандай пайда алатыны туралы шешім қабылдаңыз»
 1. **Ахмед:** «Мен өз машинамы жуамын, өйткені ол мен үшін ең құнды дүние. Мен машинамы өз ісіме және демалыстарда отбасын қаладан тыс жерлерге апару үшін пайдаланамын».
 2. **Айгуль:** «Күн сайын мен базарда киім сатамын. Мен суретші болғанмын, бірақ қазіргі жұмысымды артық көремін, өйткені ол ақша көп әкеледі, менің отбасыма ақша керек».
 3. **Бахыт:** «Мен бірнеше досыммен ауылда мектептің шатырын жабу жұмысын жасаймын. Бұл менің жұмысым емес, бірақ біз мұны өзіміз жасай аламыз. Үкімет қашан мұнымен айналысады деп күтудің қажеті қанша?»
 4. **Сергей:** «Менің ойымша, үкіметтің жұмысы жақсы мысал. Мен бухгалтермін, әрқашанда салықты төлеуді бақылып отырамын, соның арқасында біздің мектептер, ауруханалар және т.б. салу мүмкіндігіміз болады».
 5. **Акмарал:** «Біз – біздің қала тұрғындарының шағын тобымыз. Біз жиналып, отбасында жалғыз ата-аналары барларға қалай көмектесетінімізді айттық. Біз киіммен және тамақпен бөлісеміз деп шештік».

Екінші кезең. Шағын топтармен жұмыс.

1. Қатысушылардан 3-4 адамды шағын топтарға біріктіру
2. Тапсырма беріңіз: «Үкімет пен азаматтардың әртүрлі өзара қатынасын саралаңыздар және азаматтық қоғам пайдасына әсер ететін қандай қатынас екенін шешіңіздер»
 1. **Ольга:** «Балаларыма жақсы жұмыс табу үшін бар ынталарыңмен оқу керектігін айтамын. Сонымен қатар, оларға біздің үкімет біздің ата-анамыз сияқты қарайды, сондықтан ол не айтса соны жасауымыз керектігін де айтамын».
 2. **Разия:** «Біздің елдің барлық адамдары үкімет оларға көмектесетінін, тек азғана шыдамды болу керектігін түсінуі керек. Үкімет елімізді бай еткеннен кейін, бізде бәрі болады».

3. Даулет: «Біз үкіметті таңдаймыз, сондықтанда біздің қалауымызша жасауы тиіс. Бізде өзімізге жауапкершілік жүктеуіміз керек. Біз, азаматтармыз, сондықтанда қашан көмектеседі деп жәй отыра алмаймыз. Үкімет – біздің ата-анамыз емес. Тіпті, отбасында да кейде өзімізге оймен көмектесеміз».

4. Марина: «Азаматтардың қорғаны ретінде үкімет күшке ие. Ол әрқашанда қорғау үшін не қажеттілігін бізден көп біледі, бізді басқыншылардан қорғау үшін үкіметті сайлауымыз керек».

5. Шахир: «Үкімет бізге қызмет жасауы керек. Біз қажет нәрселердің бәріне құқылымыз, өйткені салық төлейміз. Біз қоғамға қызмет жасауға тиісті емеспіз. Ол үшін Үкімет бар».

«Ұстанымды ұста» жаттығу

1. Сабақ басталмас бұрын аудиторияның әр бөлігіне «Иә», «Жоқ», «Болуы мүмкін» сөздері жазылған тақталарды орналастыру.
2. Әртүрлі дәлелдемелерді дайында.
3. Жаттығу ережесін түсіндіріңіз: қандай да бір дәлелдемені оқығаннан кейін, қатысушылар өз пікірлеріне сәйкес «Иә», «Жоқ», «Болуы мүмкін» ұстанымды ұстауы тиіс. .
4. Бір минут ішінде құрылған топ өздерінің ұстанымын анықтайтын «Иә», «Жоқ», «Болуы мүмкін» кезектерін айту аргументтерін табуы тиіс, бастысы бір-бірін иландыру емес, белгілі бір көзқараста қандай да бір проблемаларды көру екендігін айту керек.
5. Келесі жаттығуды оқыңыз және рәсімдерді қайталаңыз, бірақ әрі қарай аргумент дайындауға топқа тек 30 секунд беріңіз. Жаттығуды тез орындауы керек – оның табысы осында.

Пікірлер тізімі

- Белсенділік – бұл, бәрінен бұрын жағдайды саралау икемділігі.
- Азаматтардың икемділігі – әрқашанда кез-келген мәселелер бойынша өз көзқарасын айтуға ұмтылу.
- Ақпараттылықсыз белсенділік – бұл жәй қарбалас.
- Белсенді - бұл «ақ қарға».
- Проблема шешуде белсенділік – жаңа проблемаларды туғызу.
Белсенділік өз проблемаларын біреудің емес, өзіміздің шешуімізге мүмкіндік береді

Пайдаланған әдебиеттер

1. Алексеева И.А., Новосельский И.Г. Балаға қатыгездік көрсету. Себептері, салдарлары, көмек. – М.: Генезис, 2006. – 256 б.
2. Алексеева Л.С. Отбасындағы балалардың зорлық-зомбылығы туралы. Әлеуметтік зерттеу. 2003. №4. 34-37 б.
3. Дронова Т.Н. және басқалары. Кішкентай адамның құқығын және ар-намысын қорғау: отбасы және бала бақша күшін біріктіру. Мектепке дейінгі білім мекемелерінің қызметкерлеріне арналған құрал. Челябинск: ИИУМЦ «Образование» баспасы, 2001. 227 б.
4. Карнейчик А.С., Смагина Л.И. Отбасы және балаларға зорлық-зомбылық көрсету. Отбасы: бұрын, қазір және келешек. Мн.: Мастаң әдебиеті, 2000. 61-67 б.
5. Кон И.С. Балаларды азғыру және жыныстық зорлық-зомбылық. Педагогика. 1998. N 5. 58-66 б.
6. И. Чуткова, С. Бузова, Э. Капитонова. Әйелдерге және балаларға қатысты зорлық-зомбылық: Беларусь Республикасы проблемаларды талдау және оны шешу жолдары, Минск, 2003. 166 б.
7. Отбасындағы зорлық-зомбылық: психологиялық оңалту ерекшеліктері. Оқу құралы Н.М.Платонова и Ю.П.Платонов редакциясының басшылығымен. СПб.: Речь, 2004. 154 б.
8. Зорлық – зомбылық және оның денсаулыққа зияны. Әлемдегі жағдайлар туралы баяндама Этьенна Г.Круга және басқалары редакциясының басшылығымен. Ағылшын тілінен аударма. М: «Весь Мир» баспасы, 2003. 376 б.
9. Подойникова Л.П. Балалар және отбасындағы зорлық - зомбылық: тарих және история и қазіргі заман. Психалогія, 2003. №2. 14-17 б.
10. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық салдары (алдын алу және емдеу): Әдістемелік ұсыныстар. Мн., 1999. 34 б.
11. Бақытты болуға құқық: балаларды жыныстық пайдаланудың алдын алу: Оқу әдістемелік құралы. А.А.Ананенко. Мн.: Адукацыя і выхаванне, 2002. 172 б.
12. Сафронова Т., Цымбал Е., Ярославцева Н. Қатыгездік төлемі: отбасындағы балаларға қатыгездік көрсетудің алдын алу проблемалары. Халықтық білім беру. 1995. N 5. 88-91 б.
13. Смагина Л.И., Пряхина М.В. Зорлық-зомбылық жағдайындағы мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтік-психологиялық қорғау. Проблемы выхавання. 2000. №3. 104-109 б.
14. Отбасымен әлеуметтік жұмыс: ересектер және балалар әлемі. Под. ред. Ж.И.Мицкевич редакциясының басшылығымен. Мн., 2002. 239 б.
15. Л.Я.Олиференко, Т.И.Шульга, И.Ф.Дементьева. балалардың тәуекел топтарын әлеуметтік педагогикалық қорғау: ЖОО студенттеріне арналған оқу құралы. Мекеме. М.: "Академия" баспа орталығы, 2002. 256 б.
16. Отбасындағы қауіпсіздік үшін әлеуметтік қызметкерлер. М.И.Либоракиной редакция басшылығымен оқу құралы. М., 1999. 144 б.
17. Фурманов И.А. Бала басқыншылығы: психодиагностика және түзету. Мн., 1996. 192 б.